

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

---

А. Н. ДОҒАЛОВ  
Н. С. ДОСМАҒАНБЕТОВ

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ

Оқулық

Алматы, 2014

УДК  
ББК  
Д

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»  
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

***Пікір жазғандар:***

**А. Б. Майдырова** – экономика ғылымдарының докторы, профессор;  
**Р. Ә. Байжолова** – экономика ғылымдарының докторы, доцент;  
**Т. С. Рахимбеков** – экономика ғылымдарының докторы.

**Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.**

**Экономикалық теория:** Оқулық. /А. Н. Доғалов, Н. С. Досмағанбетов/. – Алматы, 2014 – 360 б.

ISBN

Оқулықта экономикалық теория пәнінің негізгі мәселелері жан-жақты қарастырылған және оқыту жүйесінің кредиттік технологиясына негізделіп жазылған. Тақырыптық мәселелер теориялық тұрғыдан ғана емес, өзін-өзі тексеру сұрақтары, жаттығулар, есептер, графиктер мен кестелер, тест тапсырмалары, статистикалық деректер және негізгі ұғымдар көмегімен де жатық түсіндірілген.

Оқулық экономистер даярлайтын жоғары оқу орнының студенттеріне және басқа да мамандықтар бойынша оқитын білім алушыларға, оқытушыларға, сондай-ақ, экономикалық теорияны өз бетінше оқитын оқырман қауымға арналған.

УДК  
ББК

ISBN

© Доғалов А. Н.,  
Досмағанбетов Н. С., 2014.  
© ҚР Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2014

## КІРІСПЕ

«Экономикалық теория» оқулығы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Экономикалық теория кафедрасы оқытушыларының бірқатар жылдар бойы оқып келе жатқан дәріс курсының және тәжірибелік сабақтарының негізінде дайындалған.

Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің барлық тұрпаттарының бүгінгі жағдайы мен даму үрдістерін ашып көрсететін қазіргі экономикалық теорияны баяндау осы аталған оқулықтың негізі болып табылады. ХХІ ғасыр жекелеген елдердің ішіндегі және әлемдік масштабтағы барлық экономикалық қатынастар құрылымының маңызды түрде өзгеруімен сипатталады. Экономикалық қатынастар бара-бара өркениеттік және әлеуметтік бағытталған сипатқа ие болып отыр. Дамыған елдерде аралас экономика және халық шаруашылығын басқарудың жаңа жүйесі қалыптасқан, мұнда мемлекет көптеген әлеуметтік-экономикалық қызметтерді орындайды. Қазақстан және бұрынғы социалистік мемлекеттер 20 жылдан астам уақыттан бері өз экономикаларының жаңа ұлттық құрылымдарын жасай алды.

Оқулықта экономикалық ой-пікірлердің өткенгі және қазіргі дамуының барлық жетістіктерін жалпылама түрде көрсететін экономикалық теорияның пәніне деген қазіргі заманғы көзқарас сипатталады. Оқулық көптеген аса көрнекті ойшылдардың экономикалық ілімдер тарихынан сыр шертеді. Онда олардың жетістіктері мен шешілмеген мәселелері көрсетілген экономикалық теорияның негізгі бағыттары қарастырылған.

Оқулықта экономикалық өмірдің барлық жақтарын қамтитын көптеген мәселелерді шешудің жаңа теориялық әзірленімдері көрсетілген. Оларға, жекелеген тұрғыдан алып қарағанда, өндіріс пен тұтыну дамуының үш сатысы (индустрияға дейінгі, индустриалдық және индустриядан кейінгі) туралы бөлімдер, меншік категориясының экономикалық мағынадағы тұрпаттары, еркін нарықтық экономикада табыстарды бөлу мәселелері жатады. Қазіргі нарықтық экономиканың негізгі сұрақтары – нарықтар жүйесінің сипаттамасы мен типтеріне, әлеуметтік институт ретіндегі нарықтың анықтамасына, бәсекелестік күрес тәртіптерінің ережелеріне және монополист-фирмалардың мінез-құлықтарына, монополиялық қызмет пен бәсекелестікті мемлекеттік реттеудің тәжірибесін талдауға аса маңызды түрде көңіл бөлінген.

Сонымен қатар, оқулықта қазақстандық экономиканың қазіргі жағдайына ерекше назар аударылғандығын да атап өткен жөн. Меншік қатынастарын өзгерткен, нарықтық экономиканы қалыптастырған, шаруашылық құрылымды қайта құрған және экономиканы басқаруды жетілдіре түскен экономикалық реформалардың объективтік қажеттілігі, мазмұны және жүзеге асырылуы ашып көрсетілген. Сондай-ақ, жалақы деңгейі мен қарқыны туралы мәселелер, инфляция, жұмыссыздық, экономикалық дағдарыс, бюджет және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да жақтарына қатысты мәселелер қарастырылған, экономикалық байланыстардың тәжірибелік ұйымдастырылуына маңызды орын берілген. Коммерциялық іс-әрекеттің қағидалары, кәсіпкерліктің қызметтері, өндірістік және сауда фирмаларында, банк ісінде пайда табудың және оны бөлудің тетіктері, жалақыны ұйымдастырудың нысандары, менеджмент пен фирманы басқарудың әдістері және басқалары қарастырылған. Осылардың барлығы аса күрделі экономикалық жағдайларда болашақ мамандардың тәжірибелік жұмыстары үшін өте қажетті болып табылады.

Оқулықтың барлық тақырыптарында соңғы нақты материалдар мен статистикалық мәліметтер берілген. Көптеген әлемдік және отандық белгілі ғалым-экономистердің еңбектері, соның ішінде Нобель сыйлығы лауреаттарының еңбектері кенінен пайдаланылған.

Жалпыға мемлекеттік білім берудің стандарттарына сәйкес оқулықта дәріс курстарының және тәжірибелік сабақтарды жүргізудің тақырыптары, сондай-ақ, қосымша машықтандыру тапсырмалары және тест сұрақтары ұсынылған.

Авторлар осы оқулықты жақсарту бойынша сыни ескертулер мен ұсыныстарға алдын ала өз алғыстарын білдіреді.

## **ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСІ**

**Мақсаты:** экономикалық теория ғылымының зерттеу пәнін, аясын, объектісі мен субъектісін, зерттейтін негізгі мәселелерін, әдістерін, құрылымын, атқаратын қызметтерін және экономикалық теорияның ғылым ретінде қалыптасуын жан-жақты қарастыру.

### **Талқылау сұрақтары:**

- 1.1. Экономикалық теорияның зерттеу пәні мен әдістері;
- 1.2. Экономикалық заңдар және экономикалық категориялар;
- 1.3. Экономикалық теорияның қалыптасуы мен тарихи даму кезеңдері;
- 1.4. Экономикалық теорияның құрылымы және атқаратын қызметтері.

**Негізгі ұғымдар:** экономия, саяси экономия, меркантилизм, физиократизм, классикалық саяси экономия, марксизм, неоклассикалық теория, маржинализм, кейнсиандық мектеп, монетаризм, институционализм, қоғамдық таңдау теориясы, экономика, экономикалық теория, экономикалық теорияның зерттеу пәні, экономикалық теорияның зерттеу аясы, экономикалық теорияның зерттеу объектісі мен субъектісі, экономикалық заңдар, экономикалық категориялар, экономикалық теорияның әдістері, экономикалық саясат, позитивті талдау, нормативті талдау, т.б.

### **1.1. Экономикалық теорияның зерттеу пәні мен әдістері**

Адамзат баласының даму тарихында терең қозғаушы күш ретінде материалдық игіліктерді өндіру үдерісі табылған. Қоғам тек осы өндірістік үдерістерді жүзеге асыру және үнемі үздіксіз жаңартып отыру арқылы ғана тіршілік ете алады және дами алады. Сондықтан *экономика кез келген қоғамның іргетасы болып табылады*. Адамзат әрқашанда экономикамен және экономикалық таңдау жағдайында өмір сүреді. Демек, осының негізінде ғана экономикалық саясат, ғылым мен білім, дін, өнер сияқты салалар жұмыс істей алады.

Қазіргі уақытта, экономика әрбір адамның өміріне дендеп кірді және адамдардың өздері экономика жайлы көбірек білуге ұмтылып келеді.

Экономика дегеніміз не? «Экономия» ұғымы және одан туындайтын «экономика» сөзі ежелгі гректің «ойкос, экос» – үй, үй шаруашылығы және «номос» – заң, заңдылық деген сөздерінен құралады. Олай болса, **экономика** – бұл шаруашылықты басқару ережелері мен заңдылықтары. Ал, **экономикалық ғылым** – шаруашылықтың даму заңдылықтары туралы ғылым.

Экономикалық ғылымды, яғни экономикалық теорияны зерттеудің мақсатты түрде бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге болады:

**Экономикалық теорияның зерттеу пәні** – бұл экономикалық субъектілердің нарықтағы өмір сүру ерекшеліктері мен тәртіптері.

**Экономикалық теорияның зерттеу аясы** – бұл адамдардың экономикалық әрекеттері жүзеге асырылатын экономикалық орта.

**Экономикалық теорияның зерттеу объектісі** – бұл экономикалық құбылыстар мен экономикалық мәселелер, экономикалық қатынастар мен экономикалық үдерістер.

**Экономикалық теорияның зерттеу субъектісі** – бұл адам, үй шаруашылығы, фирма, мемлекет және сыртқы орта.

Экономикалық теория адамдардың экономикалық мінез-құлықтарын зерттейтіндіктен, олардың нарықтағы іс-әрекеттері материалдық және материалдық емес игіліктерді өндірумен, бөлумен, айырбастаумен және тұтынумен байланысты болып табылады. Осыған карап, біз экономикалық теорияны адамдардың шешім қабылдау заңдылықтарын зерттейтін **гуманитарлық**, әрі **қоғамдық** ғылым деп біле аламыз.

Экономикалық теорияның зерттеу пәніне қатысты көптеген анықтамалар бар. Солардың негізгілерін төмендегідей қарастыруға болады.

**Экономикалық теория** – адамдардың шексіз қажеттіліктерін қоғамның шектеулі ресурстары арқылы қанағаттандыру үшін материалдық және материалдық емес игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну бойынша ғылым саласы.

**Экономикалық теория** – шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану жолындағы адамдар арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды және олардан туындайтын экономикалық мәселелерді зерттейтін қоғамдық ғылым.

**Экономикалық теория** – байлық туралы ғылым.

Американ экономисі Пол Самуэльсон экономикалық теорияны барлық экономикалық ғылымдардың патшайымы деп атаған. Осы тұрғыда, экономикалық теорияны зерттеу шаруашылық өмірде

адамдардың экономикалық іс-әрекеттерін танып білуге және барлық уақытта экономикалық заңдардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Экономикалық теорияның пәні нені және қандай құбылыстарды зерттейтіндігін түсіндірсе, оның зерттеу әдістері экономикалық құбылыстарды қалай зерттейтіндігін түсіндіреді. Кез келген басқа ғылымдар сияқты экономикалық теория қоршаған ортаны танып білудің және зерттеудің жалпы және ерекше әдістерін қолданады.

Экономикалық теория әдістерінің алғашқы ғылыми әзірлемелері ежелгі грек ғалымы Аристотельдің еңбектері арқылы танылды. Ол экономикалық ғылымды танып білудің негізгі қағидаларын қалыптастырды. Аристотельмен жасалған анализ, синтез, индукция, дедукция, аналогия және басқа да таным әдістері бүгінгі күнге дейін экономикалық құбылыстар мен үдерістерді талдауда кеңінен қолданылып келеді. Әрине, бұл жерде экономикалық теория пәнінің дамуы мен әрі қарай күрделенуі барысында оны танып білудің әдіс-тәсілдері үнемі жетілдіріліп отырады. Экономикалық ғылымның әдісі деп кең мағынада, біз экономикалық үдерістердің нақты ақиқаттылығына жету жолдарының және экономикалық құбылыстарды зерттеу құралдарының, айла-амалдарының жиынтығын айтамыз.

Экономикалық теория адами, қоғамдық ғылым ретінде қоршаған ортаны және өмір тіршілігін танып білудің көптеген әдістерін қолданады.

### **Экономикалық теорияның жалпы әдістері:**

**1. Ғылыми абстракция** – бұл зерттеліп отырған құбылыстардың ең маңызды жақтарына және қасиеттеріне көңіл бөлу. Экономикалық теорияның бұл әдісі заңдылықтарды құруда экономикалық құбылыстарды жеңілдетіп көрсетеді.

**2. Анализ** – бұл зерттеліп отырған объектіні жекелеген бөліктерге бөліп талдап көрсету. Мысалы, нарықтық сұраныстың қалыптасу заңдылықтары оның анықтайтын әртүрлі факторлар – баға, тұтынушылардың табысы, олардың талғамы және тағы басқаларын зерттеуден тұруы мүмкін.

**3. Синтез** – бұл зерттеліп отырған объектінің жекелеген элементтерін біртұтас жүйеге біріктіріп көрсету. Мысалы, нарықтық сұранысты және оның қарқынын түсіну тек оның құрамына кіретін жекелеген бөліктерін (баға, тұтынушылардың табысы және талғамы, т.б.) қарастыру арқылы ғана мүмкін болады. Анализ бен синтез экономикалық құбылыстарды танып білудің өзара байланысқан екі жағын көрсетеді.

**4. Индукция** – бұл жекелеген құбылыстар мен деректерден жалпы қорытынды шығару. Мысалы, тұтынушы үшін тұтынылатын әрбір қосымша игіліктің пайдалылығы төмендей береді. Бұдан мынадай қорытындыға келуге болады, берілген тауарды тұтынушы адам сол тауарды оған баға төмендеген жағдайда ғана әрі қарай сатып алуға дайын екендігін көруге болады.

**5. Дедукция** – бұл жалпыдан жекеге қарай өту. Мысалы, мынадай жалпы қорытынды: әскери адамдар өте сымбатты келеді. Көшеде азаматтық киімде келе жатқан адамды оның сымбаттылығына қарап, оны әскери лауазымға қатысы бар екенін байқауға болады.

**6. Эксперимент** – бұл сараптама жүргізу. Көптеген ғылымдар сараптама жүргізуді танымның негізгі әдісі ретінде қолданады. Ол тәжірибеде алға шығарылған ғылыми болжамның дұрыстылығын бағалауға мүмкіндік береді. Алайда, экономикалық теорияда бұл әдістің кеңінен қолданылуы шектелген. Экономикалық эксперимент – экономикалық құбылыстарды аса қолайлы жағдайларда жасанды түрде сипаттау және оны әрі қарай тәжірибе жүзінде қолдану. Экономикалық эксперименттердің бір кемшілігі болып олардың барлық ықтимал нәтижелерін нақты болжауға болмайтындығы табылады.

**7. Гипотеза** – бұл алдағы уақытқа ғылыми болжам жасай алу. Ғылыми дәлелдемелер мен қорытындылар үлгілерді зерттеу негізінде қалыптасып отырады, яғни экономикалық шынайылықтың құбылыстары арасындағы байланыстардың түйінін келтіріп отырады. Мысал ретінде, қандай да бір нарықта қалыптасқан баға сол нарық жөнінде барлық қол жетімді ақпараттарды бере алатын «тиімді нарық гипотезасын» келтіруге болады. Мұндай болжамның шындығы немесе жалғандығы оны экономикалық шынайылықтың нақты деректерімен салыстыру жолымен тексеріледі.

**8. Аналогия** – бұл экономикалық құбылыстарды басқа экономикалық емес мысалдар арқылы түсіндіру және ұқсату. Мысалы, экономикадағы ақша айналымы жүйесін адам организміндегі қан айналымына ұқсатуға болады.

**9. «Әртүрлі тең жағдайларда» әдісі** – бұл қандай да бір құбылысқа бір фактор әсер еткенде басқа факторларды тұрақты деп қарастыру. Бұл экономикалық құбылыстар арасындағы функционалдық байланыстарды анықтау үшін экономикалық зерттеулерде қолданылатын аса маңызды ұстаным болып табылады. Мысалы, біз сұранысқа тауар бағасының қалай әсер ететінін білгіміз келсе, онда оған әсер ететін басқа факторларды тұрақты деп болжауымыз керек.



## **Экономикалық теорияның ерекше әдістері:**

**1. Экономикалық-математикалық үлгілеу** – экономикалық теорияда аса кеңінен қолданылатын зерттеу әдісі. Негізінен, нарықтың дамуын сипаттайтын нақты сандық заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін және әртүрлі өзгермелі факторлардың әсерін көрсететін жекелеген көрсеткіштердің сапалық бағалануын білдіретін әдіс болып табылады. Экономикалық үлгілер – экономикалық құбылыстардың себептерін, олардың өзгеру заңдылықтарын және сол өзгерістердің салдарларын анықтауға мүмкіндік беретін шынайылықты қарапайым түрде суреттеу.

**2. Шекті талдау.** Бұл әдіс экономикалық іс-қимылдың өзгерістерін зерттейді, экономикалық субъектілер өз мақсаттарына жетуі барысында іске асырған шығындарын табыстарымен салыстырып отырады, яғни олар іс-әрекеттері (игіліктерді өндіру, оларды сату және сатып алу) нәтижесінде қосымша шығындары қосымша алынатын табыстарына тең болғанға дейін өз пайдаларын және пайдалылықтарын мейлінше арттыра береді.

**3. Функционалдық талдау.** Бұл әдісте алдымен зерттеліп отырған құбылыстың типтік сипаты, содан кейін осы құбылыстың сипатына әсер ететін факторлар анықталады. Зерттеліп отырған құбылыс пен оған әсер ететін факторлар арасындағы өзара байланыс функция арқылы түсіндіріледі. Функциялық шама өзгермелі болып табылады, яғни ол шама оған әсер ететін факторлар арқылы өзінің нәтижесін өзгертеді. Мысалы, егер  $y$  –  $x$ -тің функциясы болып табылса, онда ол былай жазылады:  $y = f(x)$ , мұнда  $y$  –  $x$ -тің функциясы болса, ал  $x$  – функцияның аргументі болады.

**4. Баланстық әдіс.** Бұл әдіс бірқатар нарықтардың (әсіресе, шикізат нарықтарының) өзгеру жағдайларын болжау үшін қолданылады. Оның мәні сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін орнатудан көрінеді. Өткен жылдардың берілген мәліметтері негізінде алдағы жылдарға өндіріс пен тұтынудың болжамдық балансы жасалады. Мұнда өткен жылдардағы шикізат қоры, ішкі тұтыну деңгейі және өнім көлемі есепке алынады.

**5. Экстрополяция.** Бұл әдіс зерттеліп отырған экономикалық құбылыстың өткенгі және бүгінгі даму заңдылықтарын талдауға және оны болашақта қолдануға негізделеді. Бұл жерде берілген құбылысқа тән сипатты негізгі арақатынастар, пропорциялар және өсу қарқыны болашақта үлкен сеніммен маңызды түрде орын алады деп болжанады. Олай болса, экономикалық жағдайларды болжау

мақсатында қолданылатын экстрополяция әдісі өткеннің тәжірибесін есепке алуды қарастырып, оны экономикалық дамудың объективті заңдылықтары ретінде сипаттайды.

## **1.2. Экономикалық заңдар және экономикалық категориялар**

Зерттеліп отырған құбылыстардың мәні экономикалық заңдар мен экономикалық категорияларда нақты көрініс табады.

**Экономикалық заңдар** – бұл адамдар өмірінде үнемі тұрақты түрде қайталанып отыратын себеп-салдарлық байланыстар мен құбылыстар. Экономикалық заңдар қоғамдық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну бойынша экономикалық қатынастардың даму заңдары болып табылады.

Қоғамның даму заңдары – экономикалық заңдар мен табиғат заңдарының ортақ белгілері мен айырмашылықтары болады. Бұларға тән ортақ белгілері болып экономикалық заңдар табиғат заңдары сияқты объективтік заңдар ретінде табылуы, яғни адамдардың еркі мен санасынан тыс тәуелсіз жаратылып, әрекет етеді. Ал айырмашылықтары – экономикалық заңдар адамдардың іс-әрекеті мен қызметін билейтін заңдар. Олар адамдардың еңбек әрекеттерінің үдерісінде туып, осы үдерістер арқылы жүзеге асырылады. Табиғат заңдары (мысалы, бүкіләлемдік тартылыс заңы) болса, адамдар қоғамынан тыс жағдайда да әрекет ете береді.

Экономикалық заңдар (табиғат заңдарынан ерекшелігі) ұзақ мерзім бойы өмір сүретін мәңгілік заңдар емес. Экономикалық заңдар тарихи тұрғыда белгілі бір кезеңде туып, өзгеріп, жойылып кетіп отырады. Экономикалық заңдардың жойылуы адамдар санасынан тәуелсіз, қоғамдағы объективтік экономикалық жағдайлардың өзгерісімен тікелей байланысты болып табылады. Экономикалық заңдар объективтік сипатқа ие болғандықтан, адамдар осындай заңдарды талдап, танып біле алады және өздерінің экономикалық өмірлерінде пайдалана алады. Адамдар экономикалық құбылыстар мен үдерістердің мәніне терең үңіле отырып, олардың даму заңдарын ашып, әрекет ету тетіктерін ұғынып отырады. Қоғам саналы түрде осы заңдардың талабын жүзеге асырады.

Сонымен, экономикалық заңдардың объективтік сипаты – олар жекелеген индивидтердің, фирмалардың немесе мемлекеттің еркінен, санасынан және қалауынан тыс орын алады және әрекет етеді. Мұндай заңдарды экономикалық ғылымның көмегімен танып білуге болады,

бірақ оларды сол экономикалық ғылыммен жасауға болмайды. Экономикалық заңдарды анықтау экономикалық теорияның аса маңызды қызметтеріне жатады және олардың тәжірибелік маңызы зор болып табылады, себебі осындай заңдарды талдаудың негізінде тиімді экономикалық саясатты қалыптастыруға болады.

Экономикалық теория экономикалық заңдармен қатар экономикалық категорияларды да зерттейді.

**Экономикалық категориялар** – бұл экономикалық құбылыстардың аса маңызды жақтарын және қоғам өмірінің нақты жағдайларын теориялық тұрғыдан сипаттайтын жалпылама ұғымдар мен логикалық түсініктер (мысалы, сұраныс, ұсыныс, тауар, баға, пайда, қаржы, несие, меншік, нарық, жалақы, бәсеке, т.б.).

Экономикалық заңдардың жиынтығы қоғамның даму заңдылықтарын сипаттайтын экономикалық заңдар жүйесін құрайды. Осындай жүйені құрайтын заңдарды негізгі және негізгі емес деп бөлуге болмайды. Қоғам өмірін талдауда экономикалық заңдардың барлығы дерлік маңызды және өзара байланысты болып табылады. Тек бір ғана заңды пайдаланудан болған қателіктер барлық жүйені бүлдіріп, қоғамдық өмірдің тепе-теңдігін жояды.

Қолданылу мерзіміне қарай барлық экономикалық заңдар төмендегідей түрлерге бөлінеді:

**1. Арнайы экономикалық заңдар** – шаруашылық жүргізудің нақты бір белгілі нысандарын дамытумен байланысты заңдар.

**2. Ерекше экономикалық заңдар** – олардың іс-әрекет жүргізу жағдайлары сақталатын нақты бір тарихи дәуірлерге тән заңдар.

**3. Жалпы экономикалық заңдар** – адамзаттың барлық тарихи дәуірлеріне тән заңдар. Олар барлық дәуірлерді біртұтас тарихи үйлесімді үдеріс етіп байланыстырады. Бұған мәселен, қоғамдық еңбек бөлінісі заңы және басқа да заңдар жатады.

Экономикалық заңдар өз алдына жеке дара өмір сүріп әрекет ете алмайды, ал экономикалық прогресс өзімен-өзі алға қарай дами алмайды. Ол үшін адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттер қажет.

### **1.3. Экономикалық теорияның қалыптасуы мен тарихи даму кезеңдері**

Экономикалық ғылымның ұзақ және аса бай тарихы бар. Экономикалық ілімдерді жүйелеудің ең алғашқы белгілі талпыныс-

тары **Аристотель** (б.з.д. 364-322) мен **Платон** (б.з.д. 428-348) сияқты ежелгі грек ойшылдарымен байланысты. Олар өз зерттеулерінде экономикалық өмірдің негізгі мәселелерін қарастырған. Аристотель экономиканы байлық туралы ғылым ретінде анықтап, құн, баға және ақша теориясына өте көп үлес қосты.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «экономика» термині ежелгі грек сөзі, оны алғаш рет грек жазушысы және тарихшы **Ксенофонт** (б.з.д. 430-355) қолданған. Шын мәнінде, бастапқы мағынасында «**экономия**» сөзі орын алған, ол үй шаруашылығын жүргізудің өнері туралы ғылым ретінде сипатталды. Алайда, уақыттың өзгеруіне байланысты экономикада жаңа ұғымдар пайда болды. Мемлекеттер қалыптасып, қоғамдық еңбек бөлінісі мен айырбас қатынастары дами бастады. Осыған орай, біртұтас мемлекеттің халық шаруашылығын басқару қажеттілігі туындады. Осы кезде француз экономисі **Антуан де Монкретьен** (1575-1621) 1615 жылы «Саяси экономия трактаты» атты еңбегін жариялайды. Онда ол сауда қатынастарын жан-жақты дамыту арқылы экономикалық саясатты жүргізуді ұсынады. Сөйтіп, экономия сөзі саяси экономия деп аталатын сөз тіркесіне айналды. «**Саяси экономия**» – бұл кең мағынасында халық шаруашылығын мемлекет тұрғысынан басқару туралы ғылым. Сол уақыттағы осы ғылым тұрғысында экономистер мемлекеттің ұлттық табысын арттыратын шешімдерді және шаруашылық жүргізудің негізгі мәселелерін алға тартты.

**МЕРКАНТИЛИЗМ.** Экономикалық теориядағы алғашқы мектеп – меркантилизм. Бұл бағыт ұлттық табыстың негізгі көзі деп байлық ретінде саналатын алтын мен күмісті жинау мәселесін қарастырды. Бұлар байлықтың көзі тек саудада деп түсінді, яғни сырттан бағалы металдарды арзанға сатып алып елге жинай беру және оларды басқа елдерге қымбатқа сату. Меркантилизмнің басты өкілдері болып жоғарыда аталған А. Монкретьен, ағылшын экономисі **Томас Мэн** (1571-1641), **Уильям Стаффорд** (1554-1612), француз экономисі **Жан Батист Кольбер** (1619-1683), орыс экономисі **Иван Посошков** (1652-1726) саналады. Меркантилистер экономикалық теорияның ғылым болып қалыптасуына айтарлықтай өз үлестерін қосты. Сонымен, **меркантилизм** – бұл байлықтың сыртқы сауда нәтижесінде жасалатынын түсіндіретін және айналыс аясын зерттейтін экономикалық теорияның бір бағыты.

**ФИЗИОКРАТТАР.** Бұл мектептің негізін француз ғалымдары **Франсуа Кенэ** (1694-1774) мен **Анн Тюрго** (1727-1781) салды.

Физиократтар экономикалық ғылымда айтарлықтай бетбұрыс жасады. Олар бірінші болып өндіріс аясына көңіл бөлді. Олардың ойынша, байлықтың көзі сауда емес, өндіріс. Өндіріс ретінде олар ауыл шаруашылығы саласын ғана жақтады, яғни ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың еңбегі арқылы ұлттық табыс жасалады, ал жер табиғаттың берген сыйы, олай болса, жерден алынған өнім ғана қосымша пайданы арттыра алады деп дәріптеді. Бұл жерде ауыл шаруашылығынан басқа экономиканың салалары (өнеркәсіп, сауда, т.б.) «өнімсіз» деп саналды. Физиократтардың жеткен жетістігі болып олардың алғаш рет ұлттық экономика шеңберінде (әсіресе, Кенэнің Францияның ұлттық шаруашылығын зерттеуі) ұдайы өндіріс үдерістерін зерттеуі табылады. Сонымен, **физиократизм** – бұл пайда табудың жолы, ең алдымен, ауыл шаруашылығы саласында қалыптасатын және өндіріс аясын зерттейтін экономикалық теорияның бір бағыты.

**КЛАССИКАЛЫҚ САЯСИ ЭКОНОМИЯ.** Саяси экономияның қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлесті ағылшын экономистері **Уильям Петти** (1623-1687), **Адам Смит** (1723-1790), **Давид Рикардо** (1772-1823), **Джон Стюарт Милль** (1806-1873), француз экономисі **Жан Батист Сэй** (1762-1832) қосты. Классиктер (бұларға «классиктер» деген атақ берген Карл Маркс еді) физиократтарды сынап отырып, байлықтың қайнар көзі тек ауыл шаруашылығының еңбегі арқылы ғана емес, барлық өндіріс салаларындағы еңбекпен алынатындығын қадап айтты. Бұл бағыт шеңберінде еңбек құнының теориясы жасалып, барлық саладағы және бүкіл халықтың еңбегі өндіріс үдерісіне қатыса отырып ең тиімді нарықтық айырбас нысандарын жүзеге асырады деген ойлар дамыды. Классикалық саяси экономияның өкілдері ең алдымен, экономикалық еркіндікті және бәсекелестікті қолдады, мемлекеттің экономикаға араласуын жақтамады, яғни бұлар «экономикалық адам» ұғымын қалыптастырды. Классикалық саяси экономия уақытында экономикалық ғылым өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Бұл бағытты әрі қарай жалғастырушы мектептер пайда болды. Сонымен, **классикалық саяси экономия** – бұл еңбекті барлық тауарлар мен қызметтердің соңғы құны деп санайтын және еңбек құнының тұжырымдамасы арқылы қоғамның барлық топтарының табыс көздерін анықтауды қарастыратын экономикалық теорияның ең басты бағыттарының бірі.

**МАРКСИЗМ.** Басты өкілдері неміс экономистері **Карл Маркс** (1818-1883) пен **Фридрих Энгельс** (1820-1895) еңбек құнының

теориясы негізінде классиктердің тұжырымдамаларын жалғастырып нарықтық шаруашылықты тереңірек зерттеді. Маркс «капитализм» ұғымын қалыптастырды. Бұлардың ойынша, тек жалдамалы жұмысшылардың еңбегі ғана қоғамның байлығын жасайды. Ал капиталистердің пайдасы жұмысшылар табының төленбеген еңбегін білдереді. К. Маркс экономикалық теорияға қоғамдық-экономикалық формация, ұдайы өндіріс, экономиканың циклдік дамуы, жалдамалы жұмысшылардың еңбегі, рента теориясы, социализм, тауарға сіңген еңбектің екі жақтылығы, т.б. жаңалықтарды алып келді Кейіннен, марксизм теориясын **В. Ленин** мен **Г. Плеханов** дамытты.

**НЕОКЛАССИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ.** XIX ғасырдың екінші жартысында экономикадағы барлық зерттеулер жекелеген нарықтық субъектілердің нақты қарым-қатынастарын қарастыруға бағытталады. Ғалым-экономистер шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін зерттеуге талпыныс жасай бастайды. Осыған байланысты экономикалық ғылымның аты өзгерді: «саяси экономия» термині «экономикс» ұғымымен алмастырылады. Экономикалық ғылым өзінің жаңа атауын ағылшын экономисі Альфред Маршаллдың 1890 жылы шыққан «Экономикс принциптері» еңбегіне байланысты өзгертті. Олай болса, бұл бағыттың негізін салушылар ағылшын экономисі **Альфред Маршалл** (1842-1924) мен **Артур Пигу** (1877-1959) болды. Бұл бағыт негізінде экономикалық теория шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану ғылымы ретінде қарастырылады. Маршаллдың басты назарында тұтынушылар мен өндірушілер өздерінің әл-ауқаттылық дәрежелерін қалайша арттыратындығы туралы мәселелерді талдау жағдайы тұрды. Оның ойынша, әл-ауқаттылықты максималдау тек еркін бәсекелестік жағдайында ғана болуы мүмкін және осы тұрғыда ғана нарық тепе-теңдікке келе алады.

Неоклассиктердің жасаған негізгі талдау құралдары, бүгінде әлемдік экономикалық ғылымның «алтын қорына» жатады. Ол талдау құралдары шекті талдау, сұраныс икемділігі, нарықтардың өзара тәуелділігі, уақыт факторын ескеру арқылы қысқа және ұзақ мерзімдер арасындағы айырмашылықты көрсету, фирма теориясындағы өндіріс ауқымы тиімділігін талдау, т.б. болып табылады. Неоклассиктердің еркін бәсекелестікті жақтауы және мемлекеттің рөлін бағаламауы (ол тек «**түнгі күзетші**» қызметін атқарады) тұрғысынан экономикалық теория XX ғасырдың соңына дейін бірнеше онжылдықтар бойы микроэкономикалық талдау шеңберінде дамып келді.

**МАРЖИНАЛИЗМ.** Маржинализм теориясы арқылы экономикалық теорияның микроэкономикалық негіздері әрі қарай дами түсті. Бұл

бағыттың негізін қалаушылар: **Карл Менгер** (1840-1921), **Евгений Бем-Баверк** (1851-1914), **Фридрих Визер** (1851-1926), **Леон Вальрас** (1834-1910), **Вильфредо Парето** (1848-1923), **Август Фридрих фон Хайек** (1899-1992), **Людвиг фон Мизес** (1891-1973) болды. Осы ғалымдардың еңбектерінде «шекті пайдалылық» теориясының негізгі қағидалары қалыптасты. Бұлар құндылық, баға, айырбас, шығын, сұраныс және ұсыныс туралы көзқарастары арқылы экономикалық ғылымға төңкеріс алып келді. Маржиналистер экономикалық талдаудың негізіне экономикалық субъектілердің шаруашылық қатынастарын зерттеуде субъективтік бағалаулардың теориясын енгізді.

Неоклассиктер мен маржиналистер әрдайым нарықтық экономиканың өзін-өзі реттеушілік сипатына мән бере отырып, еркін бәсекелестіктің бұзылған тепе-теңдігін автоматты түрде қалпына келтіре алу мүмкіндігіне ие екендігін және осы арқылы теңгерімді қарқынды, дағдарыссыз дамуды қамтамасыз ете алатындығын қолдады. Ғалымдар мемлекеттің экономикаға араласуына қарсы болды, шаруашылықты шектен тыс реттеудің қауіп-қатері бар екендігін ескертті.

Дегенмен, ХХ ғасырдың бірінші жартысында батыс елдерінде өрши түскен дағдарыстық құбылыстар әлемдік экономикалық тоқырауға алып келді, ол тарихта 1929-1933 жылдары АҚШ-та орын **«Ұлы депрессия»** деген атпен белгілі болды. Бұл жерде шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауымен қатар неоклассикалық бағыттың микроэкономикалық теориясы мен талдауы да күйзеліске ұшырады, яғни олар экономикалық дағдарыстың шығу себептерін және одан шығудың жолдарын түсіндіре алмады. Бұл жерде нарықтың өзін-өзі реттеушілік тетігі мен мемлекеттің экономикаға араласпауы туралы көзқарастар экономикалық теорияның осы тұстағы жаңа бір бағыты – кейнсиандық теориямен қатты сынға алынды. Енді осы бағытқа кеңірек тоқталамыз.

**КЕЙНСИАНДЫҚ ТЕОРИЯ.** Бұл бағыттың негізін қалаушы, ағылшынның көрнекті ғалым-экономисі **Джон Мейнард Кейнс** (1883-1946) болды. Кейнс өзінің 1936 жылы шыққан «Жұмыспен қамтудың, ақшаның және пайыздың жалпы теориясы» деген басты еңбегінде экономикалық мәселелерді реттеудің макроэкономикалық негіздерін жасай отырып, микроэкономикалық талдау шеңберінде шешіле алмайтын көптеген сұрақтарға жауап бере алды. Осы теория негізінде экономикалық теорияның екінші құрамдас бөлігі – макроэкономика

калыптасты. Кейнстің бұл еңбегі оны және оның теориясын әйгілі етті.

Кейнс неоклассикалық ілімнің негізгі қағидаларынан бас тарта отырып нарық өзін-өзін реттей алмайтын тетік екенін дәлелдеді. Мұндағы Кейнстің басты идеясы болып экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі табылады. Өйткені таза нарық жағдайында экономиканың күрделі мәселелері, атап айтсақ, жұмыссыздық, инфляция, экономиканың кезендік ауытқуы, әлеуметтік қамсыздандыру, халықтың әл-ауқаттылығын жақсарту сияқты күрделі мәселелер өздігінен шешілуі мүмкін емес, осыларды реттеу үшін мемлекет нарыққа міндетті түрде араласады. Кейнс ең алдымен, экономиканың қозғаушы күші деп ұсынысты емес, сұранысты бірінші орынға қояды, олай болса, ол жиынтық сұранысты көтеру және қолдау үшін мемлекеттің бюджет-салық және ақша-несие саясаттарын жүргізуді ұсынды. Кейнстің макроэкономикалық теориясын **Элвин Хансен, Пол Самуэльсон, Джон Хикс, Евсей Домар және Рой Харрод** сияқты ғалымдар әрі қарай дамытып, неокейнстік бағыттың негізін қалады.

**МОНЕТАРИЗМ.** Экономикалық ой-пікірдің бұл ағымы жаңа көзқараспен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өмірге келді. Монетаризмнің негізін американ экономисі, Нобель сыйлығының лауреаты **Милтон Фридмен** (1912-2006) қалаған. Бұл бағытта макроэкономикалық саясаттың ортасында ақша мәселесі орын алады. Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты бағыты ретінде ақша-несие саясатын жүргізудің негізі қарастырылады. Мемлекеттің бұл жердегі міндеті болып инфляциямен және басқа да мәселелермен күресу үшін банктік несие пайызын және ақша массасын бақылап отыруы табылады. Фридменнің монетаризм саласындағы жеткен жетістіктері Кейнстік талдауды сынға алумен байланысты, оның ойынша, шаруашылық өмірдегі күрделі өзгерістер ең алдымен, ақша массасымен және ақша импульстерімен тығыз байланысты болып табылады.

**ОҢТАЙЛЫ КҮТІМДЕР ТЕОРИЯСЫ.** Бұл басқаша, жаңа классикалық макроэкономикалық теория деген атпен белгілі болып ХХ ғасырдың 70-жылдары қалыптасты. Бұлар макроэкономика саласына микроэкономикалық талдаудың құралдарын қолдануды ұсынды. Жаңа классиктер **оңтайлы күтімдер** гипотезасын алға тартты, оның авторы болып американ экономисі, Нобель сыйлығының лауреаты **Роберт Лукас** (1937 жылы туылған) саналады. Осы гипотезаға сәйкес, болашақ баға күтулері барлық экономикалық субъектілер үшін мінез-



құлық танытудың ең маңызды себептері болып табылады. Осыған байланысты, үнемі өзгеріп отыратын экономикалық жағдайларға сәйкес және қолдағы бар нақты ақпараттарға сүйене отырып, олар алдағы болашақ уақытқа қарап шешімдер қабылдап отырулары тиіс.

**ҰСЫНЫС ЭКОНОМИКАСЫ ТЕОРИЯСЫ.** XX ғасырдың 70-80-жылдары танымал болған бұл бағыттың негізін американдық экономисі **Артур Лаффер** (1941 жылы туылған) салған. Бұл теория 70-жылдары орын алған энергетикалық дағдарыстан кейінгі талдау әдістері негізінде нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің айтарлықтай әлсіреуіне байланысты орын алды. Неоклассикалық батыстық бағыт экономиканы сауықтырудың жаңа әдістерін іздестірумен болды. Лаффердің және оның жақтастарының көзқарастары тұрғысынан, экономикалық дамудың факторы деп сұранысты емес, ұсынысты қолдау және кәсіпкерлердің инвестициялық қызметін ынталандыру керек дейді. Негізгі қағидасы болып мемлекеттің экономикаға араласуын барынша төмендеті отырып, жеке кәсіпкерлікке көмек беру табылады. Мемлекеттік қаржылар басты құрал ретінде қарастырылады, яғни салық мөлшерлемелерін төмендету жолымен кәсіпкерлікті дамытуға маңызды түрде көңіл бөлінеді. Лаффердің теориясы және оның тәжірибелік қорытындылары сол кездегі АҚШ Президенті Рональд Рейганның **«Рейганомика»** атты мемлекеттік саясатында көрініс тапты.

**ИНСТИТУЦИОНАЛИЗМ.** «Институционализм» термині «заң негізінде орнатылған тәртіп немесе дәстүр» дегенді білдіреді. Институционалдық-әлеуметтік бағыт қазіргі экономикалық теорияда маңызды орын алады. Бұл теорияның негізгі өкілдері: американдық экономистер **Торстейн Веблен** (1857-1929), **Джон Коммонс** (1862-1938), **Уэсли Митчелл** (1874-1948), **Джон Гэлбрейт** (1908 жылы туылған). Бұлар экономикалық мәселелерді дәстүрлі емес әдістер арқылы зерттейді. Неоклассиктердің «экономикалық адам» мәселесін «әлеуметтік адам» ретінде қарастырды. Бұл жағдай олардың пікірінше, институттар арқылы реттеледі, яғни ол институттарға мемлекет, отбасы, адамгершіліктік және құқықтық нормалар, корпорациялар, кәсіподақтар, басқа да экономикалық құбылыстар мен тетіктер жатады. Сонымен қатар, институттар адамдар сақтайтын заң нормаларының жиынтығы ретінде өзіне қоғамдық пікір, сән-салтанат, жоғары білім, еркін бәсекелестік, жеке меншік, несие сияқты құбылыстарды да жатқызады. Сонымен, **институционализм** – бұл адамдардың экономикалықтан басқа, әлеуметтік, мәдени, саяси, адамгершіліктік, құқықтық құндылықтарын зерттейтін ерекше бағыт.

Институционализм теориясынан негізгі екі бағыт тарайды: неоинституционализм және қоғамдық таңдау теориясы.

**Неоинституционализм** бағыты меншік құқығының экономикалық теориясы деп аталады. Негізін салушы болып американдық экономист, Нобель сыйлығының лауреаты **Рональд Коуз** (1911 жылы туылған) табылады. Бұл бағыт трансакциондық шығындар теориясына аса мән бере отырып, нарықтық қатынастарды дамытудағы меншік құқығының жаңа ролін қалыптастырды және өндірісті нарықтық тұрғыдан тиімді үйлестірудің шығындарын анықтауды алға тартты.

**Қоғамдық таңдау теориясы** экономикалық және саяси құбылыстардың өзара байланысын зерттейді. Американдық экономистер, Нобель сыйлығының лауреаттары Джеймс Бьюкенен (1919 жылы туылған) мен Кэннет Эрроу (1921 жылы туылған) осы теорияның негізін қалаушылар болып табылады. Қоғамдық таңдау теориясы саясат қызметін экономикалық талдауды ұсынады. Саясат саласы ерекше нарық ретінде қарастырылады, бұл жерде саясат басындағы қоғамдық лауазымды тұлғалар жеке индивидтер мен фирмалар сияқты өздерінің жеке пайдасын басшылыққа ала отырып маңызды шешімдер қабылдайды. Сонымен қатар, атқарушы және заң шығарушы билік органдары басқару шешімдерін қабылдай отырып, әл-ауқаттылықты арттыруға тырысады.

Соңында, экономикалық ғылымның әртүрлі бағыттары мен ілімдеріне және олардың ерекшеліктеріне қарай отырып, біз қазіргі экономикалық теорияның жай ғана заңдар мен нормалардың қалыптасқан жиыны емес екенін, оның әртүрлі экономикалық жүйелерді зерттеуде туындайтын сұрақтарға жауап бере алатын танып білудің икемді және үнемі жетілдіріліп отыратын құралы ретінде түсіне аламыз.

#### **1.4. Экономикалық теорияның құрылымы және атқаратын қызметтері**

Экономикалық теория шеңберінде экономикалық талдаудың негізгі екі деңгейі ажыратылады және осы арқылы экономикалық теория ғылымы екі бөлімге бөлінеді:

**1. Микроэкономика** – бұл шектеулі ресурстар мәселесін жекелеген экономикалық агенттердің (үй шаруашылығы, фирмалар, т.б.) нарықтағы тәртіптері мен мінез-құлықтары тұрғысынан зерттейтін экономикалық теорияның бір саласы. Микроэкономикада

қолданылатын негізгі ұғымдар: сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке, өндіріс факторлары, т.б.

**2. Макроэкономика** – бұл экономикалық мәселелерді біртұтас жүйе ретінде зерттейтін және агрегатталған өлшемдерді қолданатын экономикалық теорияның бір саласы. Макроэкономикада қолданылатын негізгі ұғымдар: жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс, жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, инфляция, жұмыссыздық, т.б.

Бұдан басқа, экономикалық талдаудың позитивті (оң) талдау және нормативті (реттеушілік) талдау деген түрлері де бар:

**1. Позитивті экономикалық талдау** – бұл қазіргі экономиканың дәл өзін сипаттайтын нақты қалыптасып отырған құбылыстар мен деректер негізінде алынған шындық жайттар. Талдаудың бұл түрі субъективтік бағалауға ие болмайды.

**2. Нормативті экономикалық талдау** – бұл қандай да бір елдің экономикасы туралы субъективтік бағалауларды қарастыру негізінде экономикалық саясатты іске асырудың кепілдемелері. Талдаудың бұл түрі кезінде орын алатын субъективтік бағалаулар экономика үшін қолайлы немесе қолайсыз болуы мүмкін.

Позитивті және нормативті талдаудың арасындағы айырмашылық оларда субъективтік бағалаулардың орын алуынан көрінеді. Бұл айырмашылықты дәлме-дәл көрсете білген ағылшын экономисі Джон Невилл Кейнс (Джон Мейнард Кейнстің әкесі) болды. Оның ойынша, позитивті экономикалық ғылым не бар деген сұраққа жауап береді. Ал нормативті экономикалық ғылым экономика қандай болуы керек және мақсаттарға жету үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап іздейді.

Экономикалық құбылыстар мен мәселелердің күрделілігі экономикалық ғылымдардың жіктелуіне алып келеді. Олай болса, экономикалық теория барлық экономикалық ғылымдарды үшке бөліп көрсетеді:

**1. Жалпы экономикалық ғылымдар**, оларға экономикалық тарих, экономикалық ілімдер тарихы және басқа да ғылымдар кіреді.

**2. Қолданбалы экономикалық ғылымдар**, оның өзі екіге бөлінеді: а) функционалдық экономикалық ғылымдар: қаржы, несие, банк ісі, маркетинг, бухгалтерлік есеп және т.б., ә) салалық экономикалық ғылымдар: ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, сауда, өнеркәсіп, т.б.

**3. Біріктірілген экономикалық ғылымдар**, оларға экономикалық география, экономикалық құқық, экономикалық информатика, математикалық экономика және басқалары жатады.

Кез келген ғылым сияқты экономикалық теория бірнеше қызметтерді атқарады. Экономикалық теорияның экономикалық ғылымдар жүйесіндегі рөлін ескере отырып, оның төмендегідей қызметтерін бөліп көрсетуге болады.

**Экономикалық теорияның атқаратын қызметтері:**

**1. Танымдық қызметі** – экономикалық заңдарды, құбылыстарды зерттеу және түсіндіру. Бұл қызметі арқылы экономикалық теория экономикадағы нақты құбылыстарды зерттей отырып, экономикалық үдерістер туралы жалпы ғылыми мағлұматтар беріп отырады.

**2. Практикалық қызметі** – іс жүзінде зерттелген объектілерді қолданып, экономикалық саясаттың негізін жасау.

**3. Болжамдық қызметі** – экономикалық дамудың жалпы ғылыми болжамын жасау.

**4. Дүниетанымдық қызметі** – ғылыми тұрғыда қоғам өміріне қажетті экономикалық көзқарастар жүйесін құру.

**5. Әдіснамалық қызметі** – барлық экономикалық ғылымдар үшін теориялық және әдіснамалық негіз жасау.

**6. Сыншыл қызметі** – әртүрлі экономикалық теориялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ашып көрсету.

Сонымен, экономикалық теория ғылымының адамға, оның қажеттілігі мен мүддесіне, олардың шектеулі ресурстар жағдайында тиімді шешім қабылдау мәселелеріне ерекше көңіл бөлетіндігіне көз жеткіздік. Экономикалық теория ғылымы адамдарды ең жақсы жағынан өмір сүруге ынталандырады және осы үшін тиімді экономикалық саясатты жүргізуді қарастырады. Жалпы экономикалық теория шаруашылық жүргізудің барлық түрлерін, қағидаларын, ережелерін, заңдылықтарын және ресурстарды тиімді пайдаланудың тиімді бағыттарын қалыптастырады.

**Әдебиеттер тізімі**

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы

- редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
5. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
  6. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
  7. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
  8. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
  9. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
  10. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
  11. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
  12. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
  13. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
  14. Шеденов Ө. Қ. Экономикалық ілімдер тарихы. Оқулық. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2006. – 316 б.
  15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
  16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
  17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
  18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
  19. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.

## Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. «Экономия», «саяси экономия», «экономикс», «экономикалық теория» ұғымдарының айырмашылықтарын көрсетіңіз?
2. Экономикалық теорияның зерттеу пәні болып не табылады?
3. Экономикалық теорияның зерттеу объектісі мен субъектісі болып не табылады?
4. Экономикалық теорияның зерттеу әдістеріне не жатады?
5. Позитивті және нормативті экономикалық талдауға анықтама беріңіз?
6. Экономикалық заңдар мен экономикалық категорияларға сипаттама беріңіз?
7. Экономикалық теорияның экономикалық ғылымдар жүйесіндегі алар орны қандай?
8. Экономикалық теорияның атқаратын қызметтері қандай?
9. Экономикалық теорияның ғылым болып қалыптасуындағы экономикалық мектептердің рөлі қандай?
10. Экономикалық теорияның қалыптасуы мен тарихи даму кезеңдері қандай?

## Тәжірибе сабағының жоспары:

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** Экономикалық теорияның зерттеу пәнін, нысанын, әдістерін, қызметтерін және тарихын талқылай отырып, бұл пәнді не үшін оқу керектігін түсіну және оның қазіргі экономикалық ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтау. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 1.1. Экономикалық теорияның зерттеу пәні, объектісі, субъектісі және әдістері;
- 1.2. Экономикалық заңдар және экономикалық категориялар;
- 1.3. Экономикалық теорияның ғылым ретінде пайда болуы және қалыптасу кезеңдері;
- 1.4. Экономикалық теорияның құрылымы және атқаратын қызметтері.

## Студенттің өзіндік жұмыстары

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін экономикалық теорияның негізгі талдау ерекшеліктерін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау арқылы қол жеткізу.

### 1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (гlossарий).

### 2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.

### 3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:

Мен экономикалық теорияны не үшін оқимын?

Экономикалық теорияның ғылым болып қалыптасуындағы қазақ экономикалық ой-пікірлерінің рөлі мен орны;

Қазіргі экономикалық теорияны оқудың жеке адам үшін маңызы;

Қазіргі экономикалық теорияны оқудың бизнес үшін маңызы;

Экономикалық теорияның экономикалық саясатпен байланысы.

### 4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):

1) Экономикалық теориядағы адам мәселесі.

2) Экономика ғылымы бойынша Нобель сыйлығы және оның лауреаттары.

3) Қазіргі экономиканың негізгі элементтері.

### 5. Жаттығулар:

1) Мына ұғымдардың сәйкес анықтамаларын табыңыз:

а) – елдің шаруашылығын зерттейтін ғылымдардың жиынтығы;	А. Экономикалық эксперимент
ә) – экономикалық үдерістер мен заңдардың мәнін ашатын ғылымдар;	Ә. Экономикалық категория
б) – әлемдік шаруашылықтың пайда болуы мен даму заңдылықтарын сипаттайтын ғылым;	Б. Еңбек
в) – тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үдерісінде туындайтын қатынастар;	В. Кейнстік теория
г) – экономикалық үдерістер мен құбылыстарға қатысты объективтік, себеп-салдарлық байланыстар мен өзара тәуелділіктер;	Г. Меркантилизм
ғ) – экономикалық әрекеттердің тиімділігін тексеру мақсатында экономикалық салада ғылыми негізде жүргізілетін тәжірибе;	Ғ. Позитивті экономикалық теория
д) – зерттеу әдістері туралы ғылым;	Д. Индукция

е) – байлықты ақшамен байланыстыратын ғылым;	Е. Маржинализм
ж) – ақша факторлары басты рөл ойнайтын экономиканы тұрақтандыру теориясы;	Ж. Жалпы экономикалық ғылымдар
з) қоғамның экономикалық өмірінің аса жалпы және маңызды жақтарын сипаттайтын логикалық түсініктер;	З. Материалдық емес өндіріс
и) – жекеден жалпыға қарай ой қорытындылаудың беталысы;	И. Өндірістік қатынастар
к) – экономикалық құбылыстар мен үдерістерді ғылыми дәлелдеуге бағытталған ғылым;	К. Экономикалық заңдар
қ) – нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық негіздемесі;	Қ. Жеке экономикалық ғылымдар
л) – адамның табиғатқа оны өзгерту мақсатында ықпал ету үдерісі;	Л. Экономика
м) – материалдық емес сипаттағы қызметтерді ұсыну мақсатында рухани құндылықтарды жасау үдерісі;	М. Монетаризм
н) – экономикалық басқарудың салалық ерекшеліктері мен қызметтерін зерттейтін ғылым;	Н. Методология
ң) – өз зерттеулерінде негізінен шекті шамаларды қолданатын теория.	Ң. Интерэкономика

**2) Мына тұжырымдамалардың қайсысы микроэкономикаға және макроэкономикаға жататындығын анықтаңыздар:**

- а) үкімет бағаларды реттеу саясатын жүзеге асырады;
- ә) ұзақ уақыт бойы құрғақшылықтың салдарынан Қазақстанның орталық аймақтарында егін шықпай қалды;
- б) Қазақстанда минималды жалақы деңгейі 20 000 теңгені құрайды;
- в) бюджет тапшылығын жою инфляцияны төмендетудің бір жолы болып табылады;
- г) салықтарды төмендету елдегі іскерлік белсенділіктің жандануына мүмкіндік береді;
- ғ) шәкіртақының мөлшері студенттің жанұясының орташа табысына немесе студенттің жеке табысына тәуелді болып келеді;
- д) ұлттық ақша бірлігінің айналымға жіберілуі және оның айналымдылығы сыртқы экономикалық қызметті ырықтандырудың, экономиканың ашықтылық дәрежесінің элементі болып табылады.



## 6. Тест тапсырмалары:

### 1. Экономикалық теориядағы бірінші мектеп:

- A) Классикалық саяси экономия B) Меркантилизм C) Физиократизм
- D) Маржинализм E) Марксизм

### 2. Экономикалық теория нені зерттейді?

- A) Адамның табиғатқа, затқа қатынасын
- B) Адамның қоғамға қатынасын
- C) Өндіргіш күштерге қатынасын
- D) Қоғамдық өндірістегі адамдар арасындағы қатынастарды
- E) Адамдардың қарым-қатынастарын

### 3. Институционализм бағытының негізгі өкілдері кімдер?

- A) Дж. Кейнс, Р. Харрод. B) А. Маршалл, Л. Вальрас, А. Пигу.
- C) У. Петти, А. Смит, Д. Рикардо D) Т. Веблен, У. Митчел,
- Д. Гэлбрейт E) К. Менгер, У. Джевонс.

### 4. Экономикалық теориядағы талдау әдісі – бұл:

- A) Біртұтас құбылыстарды жекеленген құрамдас бөліктерге бөліп, олардың әрбіреуін зерттейтін тану әдісі
- B) Құбылыстың жекелеген бөліктерін біртұтас біріктіруге негізделген тану әдісі
- C) Белгілі құбылыстың қасиеттерін белгісіз құбылыстарға ауыстыруды көрсететін тану әдісі
- D) Модельдерді зерттеу негізінде қалыптасқан ғылыми қорытындылар мен шешімдер
- E) Зерттеу объектісінде бастыны белгілеуде және мәнсіз кездейсоқ, өткінші, жекелеген құбылыстардан тазартып, олардағы берік, тұрақты, типтік қасиеттерді тауып, зерттеу әдісі

### 5. Төмендегі аталған мектептердің қайсысы ең алғаш рет өндіріс үдерісін талдауды өзінің пәні ретінде қарастырды?

- A) Меркантилизм B) Физиократтар C) Классикалық саяси экономия
- D) Марксизм E) Маржинализм

### 6. Экономикалық заңдар деген не?

- A) Өндірістік қатынастардың тұрақты ішкі байланыстары
- B) Экономика туралы үстіртін ұғым
- C) Экономикалық құбылыстың мән-мазмұнын анықтайтын ғылыми ұғым
- D) Экономикалық қатынастар мен іс-әрекеттерді реттейтін қылмыстық және азаматтық заңдар жүйесі
- E) Себеп-салдарлық байланыстар

7. «Физиократия» түсінігі нені білдіреді?  
А) Табиғат билігін В) Сыртқы сауданы С) Индустриализмді  
D) Сауда еркіндігін Е) Экономикалық талдауды
8. Төмендегі мектептердің қайсысы сыртқы сауда және елге ақша жинаумен байланысты қызметтерді экономикалық теорияның пәні деп есептеді:  
А) Меркантилизм В) Физиократтар С) Классикалық саяси экономия  
D) Марксизм Е) Маржинализм
9. Дж.М. Кейнстің «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» атты еңбегі қай жылы жарыққа шықты?  
А) 1956 жылы В) 1938 жылы С) 1941 жылы D) 1936 жылы Е) 1969 жылы
10. Экономикалық құбылыстар арасындағы тұрақты қайталанатын байланыстар – бұл:  
А) Экономикалық теорияның пәні В) Экономикалық заңдар  
С) Экономикалық категориялар D) Экономикалық саясат  
Е) Экономикалық ойлау
11. Экономикалық тарих экономикалық ғылымдардың қай түріне жатады?  
А) Интегралды экономикалық ғылымдарға  
В) Қолданбалы экономикалық ғылымдарға  
С) Жалпы экономикалық ғылымдарға  
D) Ерекше ғылымдарға  
Е) Қоғамдық тарихи ғылымдарға жатады
12. Физиократтардың негізгі тұжырымдамалары:  
А) Өндіріс аясын зерттеу, бірақ өндіріс аясы түсінігіне ауыл шарушылығын жатқызады  
В) Байлық сыртқы сауда жасау нәтижесінде жинақталады  
С) Еңбек барлық тауар құндылықтарының негізі мен өлшемі  
D) Экономикалық құбылыстарды зерттеу үшін шекті шаманы қолдану  
Е) Реттелмелі экономика – мемлекеттің араласуы
13. Төмендегі әдістердің қайсысы экономикалық теорияның жалпы әдісіне жатады?  
А) Экономикалық-математикалық модельдеу В) Экстрополяция  
С) Функционалдық әдіс D) Баланстық әдіс Е) Абстракция
14. Төмендегі түсініктердің қайсысы экономикалық теория пәнінің анықтамасына қатысты емес?  
А) Ресурстарды тиімді қолдану  
В) Шектелмеген экономикалық ресурстар

- С) Қажеттіліктерді максималды қанағаттандыру  
D) Материалды және рухани қажеттіліктер  
E) Мұқтаждықтың жиілігі
- 15. Экономикалық теорияның әдістеріне не жатпайды?**  
A) Дедукциялық әдіс B) Индукциялық әдіс C) Формалды ойлау  
D) Экономиканы математикалық моделдеу әдісі E) Талдау әдісі
- 16. Экономикалық құбылыстардың елеулі жақтарын көрсететін жалпы ұғымдар – бұл:**  
A) Экономикалық теорияның пәні B) Экономикалық заң  
C) Экономикалық категория D) Экономикалық саясат  
E) Экономикалық ойлау
- 17. Экономика біртұтас жүйе ретінде зерттелгенде, ол қандай талдауға жатады?**  
A) Микроэкономикалық B) Макроэкономикалық C) Позитивтік  
D) Мемлекеттік E) Нормативтік
- 18. «Көрінбейтін қол» қағидасын кім ашты?**  
A) А. Смит B) Д. Рикардо C) Аристотель D) В. Ленин E) А. Маршалл
- 19. Төмендегі мәселелердің қайсысы тек микроэкономикалық деңгейде шешіледі?**  
A) Толық еңбекпен қамту деңгейіне қалай жетуге болады  
B) Төлем балансын қалай реттеуге болады  
C) Инфляциядан қалай құтылуға болады  
D) Экономикалық өсуді қалай ынталандыру қажет  
E) Жекелеген субъектілер деңгейінде ресурстарды қалай тиімді бөлуге болады
- 20. Экономикаға мемлекеттің араласуы қажет деп санайтындар:**  
A) Классиктер B) Кейнсшілдер C) Физиократтар  
D) Маржиналистер E) Институционализм өкілдері
- 21. Микроэкономика нені зерттейді?**  
A) Барлық экономика масштабындағы өндірісті  
B) Шаруашылықта еңбекпен қамтылғандардың санын  
C) Бағаның жалпы деңгейін  
D) Жекелеген экономикалық агенттердің дербес экономикалық шешім қабылдауларын  
E) Мемлекеттегі инфляция көлемін
- 22. Экономикалық теория қызметіне жатпайтын қызметті таңдаңыз:**  
A) Танымдық B) Тәжірибелік C) Методологиялық  
D) Делдалдық E) Сыншыл

23. «Саяси экономия трактаты» еңбегін кім және қай жылы жазды:  
А) А. Монкретьен 1665 жылы В) А. Смит 1776 жылы  
С) А. Монкретьен 1615 жылы D) Ф. Кенэ 1694 жылы  
Е) Дж. Кейнс 1936 жылы
24. Төмендегі шарттардың қайсысы экономикалық теория пәнінің анықтамасына тән емес?  
А) Ресурстарды тиімді пайдалану В) Материалдық және рухани қажеттіліктер С) Шексіз өндірістік мүмкіндіктер D) Ресурстардың шектеулілігі  
Е) Қолдағы ресурстарды ұтымды пайдалану
25. Жекеден жалпыға қорытынды шығаруға негізделген тану әдісі – бұл:  
А) Экстраполяция В) Индукция С) Абстракция  
D) Дедукция Е) Логика
26. Жекелеген экономикалық агенттердің (индивидтердің, үй шаруашылықтарының, фирмалардың және басқаларының) іс-әрекеттерін және олардың нарықтағы тәртібін зерттейтін экономикалық ғылымның саласын біз не деп атаймыз?  
А) макроэкономика В) микроэкономика С) ұйымдық тәртіп  
D) экономикалық ілімдер тарихы Е) экономикалық теория негіздері
27. Төмендегі аталған мектептердің қайсысы өндіріс үдерісін (барлық салалардың аясын қамту) талдауды экономиканың зерттеу пәні ретінде қарастырды?  
А) Меркантилизм В) Физиократтар  
С) Классикалық саяси экономия D) Марксизм Е) Маржинализм
28. Экономикалық теорияның пәні қандай мәселені зерттейді:  
А) Нарық жағдайындағы адамдардың іс-әрекеттерін  
В) Саяси шешімдерді қабылдау үдерісіндегі адамдардың қызметтерін  
С) Шектеулі экономикалық ресурстарды тиімді пайдалану үрдісіндегі адамдардың іс-әрекеттері мен тәртіптерін  
D) Меншік қатынастарындағы адамдардың қызметтерін  
Е) Осы аталған мәселелердің барлығын зерттейді
29. Маржинализм теориясының мәнін ашып қарайтын болсақ, бұл теория негізінен:  
А) Экономикалық заңдарды қолданбайды  
В) Шекті шамаларды қолданады

- С) Экономикалық категорияларды жалпы-жиынтық көрсеткіштер деп қарастырады
- Д) Экономикадан гөрі саясатты бірінші орынға қояды
- Е) Жүйелік бағыттарды қолданады

**30. Экономикалық теорияның танымдық қызметі:**

- А) Іс жүзінде зерттелген объектілер теориясын құру
- В) Экономиканың және жалпы қоғам дамуының ғылыми болжамын жасау
- С) Экономикалық заңдарды, құбылыстарды зерттеу және түсіндіру
- Д) Ғылым негізінде қоғам өміріне белгіленген көзқарастар жүйесін құру
- Е) Экономикалық ғылымдар жүйесі үшін теориялық және методологиялық негіз болу

**31. Классикалық саяси экономияның негізгі тұжырымдамалары:**

- А) Өндіріс аясын зерттеу, бірақ өндіріс аясы түсінігіне ауыл шарушылығын жатқызады
- В) Еңбек барлық тауар құндылықтарының негізі мен өлшемі, қоғамның барлық топтарының табыс көздерін анықтау
- С) Экономикалық категорияларды зерттеу үшін шекті шаманы қолдану
- Д) Байлық сыртқы сауда жасау нәтижесінде жинақталады
- Е) Реттелмелі экономика – мемлекеттің араласуы

**32. Жеткіліксіздік дегеніміз не?**

- А) Еңбек факторының қоғамға жеткіліксіздігі
- В) Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ете алмау құбылысы
- С) Бюджет тапшылығының белгілі бір уақытқа дейін орын алуы
- Д) Нарықта тауар тапшылығының орын алуы
- Е) Адами қажеттіліктерді толық қанағаттандыру мүмкін еместігі туралы тұжырымдама

**33. Экономикалық теория ғылым ретінде қашан қалыптасты?**

- А) XV-XVI-ғасырларда
- В) XVI-XVII-ғасырларда
- С) XIX-ғасырдың соңы мен XX-ғасырдың басында
- Д) XX-ғасырда
- Е) XIX-ғасырда

**34. Нормативті экономика дегеніміз не?**

- А) Елдің экономика туралы бағалау пікірлері
- В) Деректер негізінде экономикалық әрекеттерді болжау
- С) Бұл экономиканың дәл өзі
- Д) Экономикалық игіліктер туралы дұрыс шешім қабылдау
- Е) Жекелеген субъектілер шеңберінде ресурстарды тиімді пайдалану

- 35. Дедукция – экономикалық теориядағы тану әдісі ретінде қалай сипатталады?**
- A) Жалпы ережелер мен деректерге сүйене отырып жеке қорытынды шығару
  - B) Құбылыстарды алдын ала талдау және болжап білу
  - C) Көптеген мәліметтерді қарастыру тұрғысынан ортақ пікір қалыптастыру
  - D) Көптеген деректерді зерттеуде маңызды фактілерге көңіл бөлу
  - E) Теория негізінде қоғам өміріне тән көзқарас қалыптастыру
- 36. Индукция әдісі қалай сипатталады?**
- A) Жалпы ережелер негізінде жеке қорытынды шығару
  - B) Фактілерді бақылау және жинақтау
  - C) Теорияны фактілер арқылы тексеру
  - D) Болашаққа лайық деп танылатын экономикалық болжам
  - E) Көптеген жеке деректерді зерттеу нәтижесінде жалпы қорытынды жасау
- 37. Ғылымдардың қайсысы қолданбалы экономикалық ғылымдарға жатады?**
- A) Математикалық экономика B) Психология C) Экономикалық құқық
  - D) Маркетинг E) Экономикалық ілімдер тарихы
- 38. Аристотельдің хрематистика атты шаруашылық жүргізу саласы нені сипаттайды?**
- A) Қоғам үшін заңдар жасау мәселесін
  - B) Баю, пайда таба білу шеберлігін
  - C) Тұрғындардың экономикалық сауатын ашуды
  - D) Тіршілік ету игіліктерін бөлу және тұтыну қатынастарын
  - E) Үнемдей білуді және барды бағалай білуді
- 39. Белгілі бір шаруашылық түрінің нақты тарихи даму заңдары – бұл қандай заңдар?**
- A) Ерекше экономикалық заңдар
  - B) Жалпы экономикалық заңдар
  - C) Айрықша экономикалық заңдар
  - D) Тарихи экономикалық заңдар
  - E) Құн заңдары.
- 40. Экономикалық теориядағы «адам моделінің» классикалық бағыты:**
- A) Мұнда экономикалық адам толық ұтымдылық жағдайында болады

- В) Мұнда экономикалық адам шектеулі ұтымдылық жағдайында болады
- С) Мұнда экономикалық адам органикалық ұтымдылық жағдайында болады
- Д) Мұнда адам моделі экономикалық тұрғыдан қарастырылмайды
- Е) Мұнда адамның экономикалық бағыты «экономикалық империализм» тұрғысынан қарастырылады

## 2-тақырып

### ЭКОНОМИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

**Мақсаты:** қоғамдық өндірістің экономикалық мәнін түсіну, экономикалық теорияның негізгі базалық түсініктері: қажеттіліктер, ресурстар және игіліктер ұғымдарын кеңінен қарастыра отырып, экономикалық таңдау мәселесін шешу.

#### Талқылау сұрақтары:

- 2.1. Қоғамдық өндіріс, оның қазіргі экономикалық жүйедегі орны мен рөлі;
- 2.2. Негізгі экономикалық түсініктер: қажеттіліктер, ресурстар, игіліктер. Маслоу пирамидасы;
- 2.3. Шектеулілік және экономикалық таңдау мәселесі. Үнемділік;
- 2.4. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы және оның экономикалық мәні.

**Негізгі ұғымдар:** экономиканың негізгі үш мәселесі, өндіріс, қоғамдық өндіріс, өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну, қажеттіліктер, Маслоу пирамидасы, ресурстар, технология, игіліктер, шектеулілік, экономикалық таңдау, балама шығындар, өндірістік мүмкіндіктер қисығы, т.б.

#### 2.1. Қоғамдық өндіріс, оның қазіргі экономикалық жүйедегі орны мен рөлі

Экономикалық теория қоғамдық ғылым ретінде шектеулі ресурстар мен мүмкіндіктер жағдайында мынадай сұрақтарға жауап беруі тиіс:

1. **Не өндіру керек?** – қандай тауарлар мен қызметтер өндірілуі тиіс?
2. **Қалай өндіру керек?** – қандай ресурстарды және технологияны пайдалану арқылы өндірілуі тиіс?
3. **Кім үшін өндіру керек?** – шығарылған тауар немесе қызмет кімге арналады, олар қалай бөлінеді, оларды кімдер сатып алады?

Қоғамның қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру мәселесін шеше отырып, экономикалық теория экономикалық таңдау мәселесімен соқтығысады, яғни осы жерде экономикалық теория **2 аксиомаға** сүйенеді:



## 1. АДАМДАРДЫҢ ШЕКСІЗ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ;

## 2. РЕСУРСТАРДЫҢ ШЕКТЕУЛІЛІГІ.

Өндіріс адам өмірінің және қоғамның негізі болып табылады. Өндіріс адамның табиғатқа деген ықпал ету үдерісін білдіреді. Өндірістің түпкі нәтижесі болып табылатын қоғамдық өнім және оның қозғалысы негізгі **4 сатыдан** өтеді:

1) **өндіру** – пайдалы өнімдерді, материалдық және рухани игіліктерді жасау үдерісі.

2) **бөлу** – өндірілген өнімде әрбір адамның үлесін анықтау.

3) **айырбастау** – бір өнімді басқа бір өнімге айырбастау үдерісі.

4) **тұтыну** – жасалған игілікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолдану.

Қоғамдық өндіріс екіге бөлінеді:

1. **Материалдық өндіріс**, бұған өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, материалдық-техникалық жабдықтау, қоғамдық тамақтандыру, құрылыс, су шаруашылығы және басқалары жатады.

2. **Материалдық емес өндіріс**, бұған денсаулық сақтау, білім беру, көлік, байланыс, мәдениет, несие мекемелері, қоғамдық ұйымдар, басқару органдары және басқалары жатады.

Сонымен, **өндіріс** – бұл қоғамдық сипатқа ие бола отырып адамзат баласының өмір сүруі үшін қажетті материалдық және материалдық емес игіліктерді өндіру үдерісі.

Қоғамдық өндіріс үнемі үздіксіз жаңартылып отырады, ол үдерісті **ұдайы өндіріс** деп атайды. «**Ұдайы өндіріс**» терминін экономикалық ғылымда алғаш рет физиократ Ф. Кенэ өзінің «Экономикалық кесте» (1758 ж.) еңбегінде қолданған болатын. Ол жасалатын өнімнің қозғалысы меншіктенушілер, өндіруші-шаруалар және барлық қалған топтар сияқты қоғамның үш табы арасында орын алады деп қарастырады.

Ұдайы өндірістің тұрпаттарын келесідей негізгі өлшемдері бойынша бөліп көрсетуге болады:

1) алынған табысты қолданудың сипатына байланысты;

2) өндіріс факторларын қолданудың саны мен сапасына байланысты.

Бірінші өлшемі бойынша қоғамдық ұдайы өндірістің жай, тарылған және ұлғаймалы деген тұрпаттарын көрсетуге болады.

**Жай ұдайы өндіріс** – бұл өндірістің жыл сайын бұрынғы, өзгеріссіз ауқымын қайталап отыру. Бұл қоғамның барлық өндірілген өнімді тұтынуға жұмсайды, ал өндірістің өзі бұрынғы көлеммен

және шамамен жаңартылып отырады дегенді білдіреді. Жай ұдайы өндіріс қоғам дамуының артта қалуымен, жабық жүйе бойынша ғылыми-техникалық ілгерілеудің төмен қарқынымен және техниканың дамуының төменгі деңгейімен түсіндіріледі. Ұдайы өндірістің осындай типі Азияның, Латын Америкасының бірқатар елдерінде және көптеген африкандық елдерде байқалады.

**Тарылған ұдайы өндіріс** – бұл өндірістің қысқартылған, төмендетілген мөлшеріндегі үдерісін жаңартып отыру. Ұдайы өндірістің осындай типі ұзаққа созылған терең әлеуметтік-экономикалық дағдарысты басынан кешкен елдерге тән.

**Ұлғаймалы ұдайы өндіріс** – бұл өндіріс үдерісінің жыл сайын кеңейтілген ауқымында жаңарып отыруы. Ұлғаймалы ұдайы өндірістің дамуы қоғамның капитализмге өтуімен байланысты орын алды, яғни мұндағы негізгі мақсат болып пайда табу табылады. Мұнда алынған табыс тауар өндірушілердің тек жеке тұтынуларына ғана емес, сонымен қатар, оның бір бөлігі қосымша өндірістік ресурстарды сатып алуға да жұмсалып отырады. Өндіріске қосымша ресурстарды тарту есебінен ғана келесі өндірістің деңгейі кеңейтілген өлшемінде жаңартыла алады. Ұлғаймалы ұдайы өндіріс өндірістің әрбір жаңа ұдайы өндірушілік кезеңінде аса жоғары (алғашқыларымен салыстырғанда) деңгейде жаңарып отыруын білдіреді. Осыған байланысты, нәтижесінде адамдардың тұтынудың аса жоғары дәрежесіне өтуі және қоғамның әл-ауқатының өсуі қамтамасыз етіледі.

Екінші өлшеміне сәйкес, экономикалық теорияда ұдайы өндірістің экстенсивті, интенсивті және аралас типтері орын алады.

**Экстенсивті ұдайы өндіріс** – бұл бұрынғы технологиялық негізін өзгертпей қосымша ресурстарды тарту есебінен өндіріс ауқымын кеңейту үдерісі. Экстенсивтендірудің бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге болады: жұмысшылар санын арттыру, жұмыс күнін созыру, инвестициялар мен капитал салымдары көлемін өсіру, жаңа жер телімдерін игеру, шикізат өндіруді арттыру және т.б. Ұдайы өндірістің таза экстенсивті типінің болашағы болмайды, себебі ол ресурстардың шектеулілігі мәселесімен соқтығысады. Сәйкесінше, осындай ұдайы өндіріс өздігінше экономикалық үлгі болып табылады және экстенсивті ұдайы өндірістің классикалық түрі орын алмайды.

**Интенсивті ұдайы өндіріс** – техника мен технологияны сапалы түрде жақсарту есебінен өндіріс көлемін ұлғайту үдерісі. Ұдайы өндірістің мұндай типі үшін мынадай жолдар тән: техниканы жаңарту, барлық ресурстарды аса тиімді қолдану, материалдық ресурстарды үнемдеу, жұмыскер кадрлардың біліктілігін көтеру, еңбек тәртібін

нығайту, басқаруды жетілдіру, ғылым мен инфрақұрылымды дамыту, т.б.

Тәжірибе жүзінде таза күйінде интенсивті ұдайы және экстенсивті ұдайы өндірістер орын алмайды. Олар бір-бірімен өзара байланыста болады және бір-бірін толықтырып отырады, олай болса, нақты шаруашылықта аралас ұдайы өндірістің типі орын алады.

**Аралас ұдайы өндіріс** – бұл бір уақытта экономикалық ресурстардың санын арттыру және техника мен технологияны жетілдіру есебінен өндіріс ауқымын кеңейту үдерісі.

## **2.2. Негізгі экономикалық түсініктер: қажеттіліктер, ресурстар, игіліктер. Маслоу пирамидасы**

Экономикалық ғылымның жоғарыда аталған негізгі үш мәселесіне жауап бере алатын басты ұғымдар орын алады. Бұл ұғымдар экономикалық теорияның базалық түсініктері болып табылады, яғни олар:

- 1. Қажеттіліктер;**
- 2. Ресурстар;**
- 3. Игіліктер.**

Енді осыларға кеңірек тоқтауымыз қажет.

Кез келген экономикалық мәселелер қажеттіліктерді зерттеуден басталады. Экономикалық ғылымның бастамасы ең алдымен, экономикалық қажеттіліктер және олардың қанағаттандырылу тәсілдері болып табылады.

**Қажеттіліктер** – бұл экономиканың субъектілеріне белгілі бір экономикалық қызметті атқаруға итермелейтін ішкі ниеттер мен ынта-жігерлер немесе басқаша сөзбен айтқанда, адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге және жеке бір индивидтің, фирманың және тұтастай қоғамның дамуына қажетті заттар мен нәрселерге деген жетіспеушіліктен туындайтын мұқтаждықтар.

Қажеттіліктер қанағаттандыруды талап етеді, өмір сүруді және организмді дамытуды қамтамасыз етеді, адамның жеке басын дамытуды қалайды. Адамдардың қажеттіліктері алуан түрлі болып табылады. Американдық ғалым, әрі социолог **Абрахам Маслоу** өзінің «**қажеттіліктер пирамидасы**» үлгісінде қажеттіліктерді кеңінен зерттейді. Бұл үлгіге сәйкес, «төменгі сатыдағы» материалдық қажеттіліктерден бастап, «жоғарғы сатыдағы» рухани қажеттіліктер төмендегідей орналасады:

**1. Физиологиялық қажеттіліктер:** тамақ, су, киім-кешек, баспана, ұрпақты өмірге әкелу, т.б.

**2. Қауіпсіздікке деген қажеттіліктер:** аурудан сақтану, дау-жанжалдан, қорқыныш-үрейден сақтану, т.б.

**3. Әлеуметтік қажеттіліктер:** сүйіспеншілік, махаббат, достық, кейбір топтардың мүшесі болу, өзара мүдделі адамдардың қарым-қатынасы, т.б.

**4. Өзін-өзі сыйлау мен қадірлеуге деген қажеттіліктер:** мақсатқа жету, өзін таныту, басқа адамдардың сый-құрмет көрсетуі, қоғамда өз орнын табу, т.б.

**5. Өзін-өзі мадақтауға деген қажеттіліктер:** өз қабілеттіліктерін іске асыру, өз мүмкіндіктерін дамыту және оларды белсенді түрде қолдану, өзара түсіністік, т.б.

Қажеттіліктерін осындай жіктемесін олардың басқаша түрлерімен: материалдық және рухани қажеттіліктер, рационалды және иррационалды қажеттіліктер, абсолюттік және ақиқат қажеттіліктер, нақты, жете түсінілген, жете түсінілмеген, қате түсінілген және басқа да қажеттіліктермен толықтыруға болады.

Саналы түрде жете түсінілген қажеттіліктер еңбекке деген ынта-жігерді тудырады. Мұндай жағдайда қажеттіліктер өзінің нақты нысанына ие болады.

Қоғамның кез келген қажеттілігі игіліктер арқылы қанағаттандырылуы тиіс.

**Игіліктер** – бұл қажеттіліктерді қанағаттандыратын құралдар; өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық қызметінің объектісі. Олар шексіз (мысалы, ауа, күннің нұры, жел энергиясы) және шектеулі көлемде болып келеді. Шектеулі көлемдегі игіліктерді экономикалық игіліктер деп атайды. Яғни, **экономикалық игіліктер** – экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыра алу қасиетіне ие материалдық және материалдық емес заттар мен қызметтер. Ал экономикалық игіліктердің ерекше түріне тауар немесе қызмет көрсету жатады. **Тауар немесе қызмет көрсету** – нарықтық экономикалық жүйеде сатылатын және сатып алынатын материалдық және материалдық емес экономикалық игіліктер. Адамдардың экономикалық қажеттіліктері көбінесе игіліктерді өндіру мүмкіндігінен асып кетіп отырады. Сондықтан да, жетпеген тұтынушылық игілікті өндіру үшін жанама экономикалық игілік – ресурстар қажет.

**Ресурстар** – бұл қандай да бір экономикалық қажеттілікті қанағаттандыруы тиіс экономикалық игіліктерді (тауарлар мен

қызметтерді) өндіруде қолданылатын ресурстардың барлық түрлері немесе басқа игіліктерді өндіруде қолданылатын игіліктер. Сондықтан оларды өндіріс факторлары деп атайды. Қазіргі уақытта, олардың негізгі түрлеріне еңбек, капитал, жер, кәсіпкерлік қабілет және ақпарат жатады.

Экономикалық теорияда өндіріс факторларын талдаудың маңызы өте зор. Осыған сәйкес, өндіріс факторларына деген екі ғылыми көзқарас қалыптасқан: олар – маркстік және маржиналистік.

1. Маркстік тұжырымдама өндірістің үш факторын бөліп көрсетеді: 1) адамның еңбегі; 2) еңбек заттары; 3) еңбек құралдары. Адамдардың еңбек үдерісінде өңдеуге түсетін табиғат заттарын **еңбек заттары** деп атайды. Олардың екі түрі орын алады, біріншіден, табиғаттың тікелей берген заттары (балық, мұнай, газ, т.б.), екіншіден, өңдеуге түскен еңбек заттары (шикізат). **Еңбек құралдары** деп адамдардың солардың көмегімен еңбек затына ықпалын білдіретін құралдарын айтады. Еңбек құралдарына машиналар, станоктар, жабдықтар, құрал-саймандар, өндірістік ғимараттар, жолдар және басқалары жатады. Еңбек заттары мен еңбек құралдары бірігіп жиынтығында өндіріс құрал-жабдықтарын құрайды. Ал өндіріс құрал-жабдықтарын және өндірістік тәжірибесі бар, еңбек құралдарын іс-әрекетке икемдеп қосатын адамдарды қоғамның **өндіргіш күштері** деп атайды.

2. Маржинализм тұжырымдамасы бойынша, өндіріс факторлары төртке бөлінеді: 1) еңбек; 2) капитал; 3) жер; 4) кәсіпкерлік қабілет.

**Еңбек** – бұл өндіріске тартылатын жұмыс күшінің жиынтығы ретінде қарастырылатын адамның интеллектуалдық және физикалық іс-әрекетінің жиынтығы.

**Капитал** – өндіріс құрал-жабдықтарының жиынтық кешенінің материалдық формасы ретінде саналатын машиналар, құрал-саймандар, қоймалар, көлік және байланыс құралдары, т.б.

**Жер** – бұл табиғи байлықтар, жердің қыртысы, пайдалы қазбалар, орман және су ресурстары, жыртуға жарамды жерлер түрінде қарастырылатын табиғи ресурстардың жиынтығы.

**Кәсіпкерлік қабілет** – өндірісті ұйымдастыру және оған бақылау жасау бойынша шешуші әрекет ретінде қарастырылатын ерекше фактор.

Қазіргі кездері осы аталған өндіріс факторларының қатарына менеджмент пен ақпарат ресурстарын қосады. **Менеджмент** – бұл идеялар, модельдер, инновациялық өнім үлгілері, технологиялар, ұйымдастыру нысанында көрінетін ерекше ресурс. **Ақпарат**

технологиялық жанарудың қозғаушы күші, өндіріске жаңа идеяларды және жобаларды енгізудің көзі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, қазіргі экономистер өндіріс факторларына сәйкесінше, экологиялық факторды және уақытты жатқызады. **Экологиялық фактор** бұл жерде экономикалық өсудің импульсі ретінде қоршаған ортаның ластануымен байланысты өндіріс мүмкіндігінің шектеулілігін түсіндіреді. **Уақыт факторы** да өндірісте қолданылатын және оның тиімді жұмсалуын көрсететін шектеулі ерекше ресурс ретінде көрінеді.

### **2.3. Шектеулілік және экономикалық таңдау мәселесі.**

#### **Үнемділік**

Уақыттың әрбір нақты кезеңінде экономикалық ресурстардың шектеулілігі мәселесі орын алады. **Ресурстардың шектеулілігі** – барлық экономикалық қажеттіліктерді бір мезетте қанағаттандыру мүмкін еместігінің көрсеткіші. Ресурстардың шектеулілігі қоғам алдында экономикалық таңдау мәселесін туындатады. Ол әр өндірістің ресурстың шегінің болуымен және экономикалық мақсаттардың көп болуымен түсіндіріледі. Сондықтан ресурстар шектеулі болғандықтан оларды тиімді пайдалану қажет.

**Экономикалық таңдау** – берілген шығындар деңгейінде қоғамның қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыру мақсатының орындалуы кезінде бірдей балама нұсқалардың ішінен ең жақсысын таңдап алу. Кез келген қоғамның алдында әрдайым шектеулі ресурстардың ахуалы мен бағытын анықтау мәселесі тұрады. Пайда болған мәселелерді шешудің ең жақсы нұсқаларын таңдап соны жүзеге асыру барысында экономикалық субъект экономикалық рационалдылыққа және ұтымды шешім қабылдауға жүгінеді.

**Экономикалық рационалдылық** немесе **ұтымды шешім қабылдау** – бұл ұтымды субъектінің өз алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген шығындар деңгейінде немесе ең аз шығынмен максималды нәтижелілікке жетуіндегі ұтымды шешім қабылдау әрекеті мен мінез-құлқы. Сондықтан экономикалық теорияда әрбір шаруашылық жүргізуші субъект аса жоғары нәтижеге жетуіне тырысады: тұтынушы өз қажеттіліктерін максималдауды, фирма өз пайдасын арттыруды, мемлекет халықтың әл-ауқатын көтеруді мақсат етеді.

Экономикалық таңдау мәселесі үнемдеу мәселесімен тығыз байланысты болып келеді. **Үнемдеу мәселесі** дегеніміз – берілген

экономикалық субъектінің берілген қажеттілікті қанағаттандыруға игіліктерді дұрыс ойластырып және шектеп жұмсауынан туындайтын мәселелер, демек соның нәтижесінде басқа да қажеттіліктерге осы игілікті жеткізе алу. Алайда, балама қажеттіліктерді шектеулі игіліктермен қанағаттандыруды түсіндірген кезде экономикалық әрекеттердің шығындары туралы айтып өтуіміз керек, себебі кез келген экономикалық қызмет шығындарсыз орындалмайды. Нақты өмірде адамдар үнемі баламалы (баламалы) шығындармен кезігіп отырады. Бір өнімді өндіре отырып біз екінші бір өнімді өндіруден бас тартуымыз қажет. Ұтымды субъект болашақ шығындарын есепке алып қоймай, сонымен қатар, ол оңтайлы экономикалық таңдау жасау үшін қолданыла алмаған және жіберіп алған өндірістік мүмкіндіктер шығындарын да есепке алуы қажет. Яғни, **баламалы шығындар** – бұл жіберіп алған немесе қолданыла алмаған мүмкіндіктер шығындары, бір өнімді өндіру барысында құрбан болған және таңдауға ие болмаған балама нұсқалардың сол өнімді өндірудің құнымен өлшенген шығындары.


#### **2.4. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы және оның экономикалық мәні**

Экономикалық таңдау кезінде баламалы шығындарды есептеу экономикалық талдаудың маңызды принциптерінің бірі болып есептелетіндігі бізге белгілі.

Енді баламалы (баламалы) шығындарды график арқылы, яғни өндірістік мүмкіндіктер қисығы арқылы көрсетуге болады. Бұл қисық – екі секторлы экономикалық модель. Берілген өндірістік ресурстар қорын және белгілі деңгейдегі технологияны пайдаланып, осы ресурстан дайын өнім өндіргенде бір ғана баламалы игіліктің өндірісін кеңейтуге болады, бірақ осы уақытта басқа игіліктің өндірісі азаяды. Және де бұл кезде ресурстардың өндірістік құрылымдарының баламалы мүмкіндіктері өте көп болады.


**Өндірістік мүмкіндіктер** – технологиялық дамудың белгілі бір деңгейінде қолдағы бар ресурстардың барлығын аса толық және тиімді пайдалана отырып экономикалық игіліктерді өндірудегі қоғамның мүмкіндіктері. Жоғарыда атап өткеніміздей, өнімнің мүмкін шығарылымын өндірістік мүмкіндіктер қисығы сипаттайды. Мысалы, қоғамда тек қана екі игілік өндіріледі: тұтыну заттары және инвестициялық тауарлар. Оны *2.1-суретінен* көруге болады.

Осы суретке сәйкес, А нүктесінде – ресурстардың барлығы тұтыну заттарын өндіруге жұмсалады. Е нүктесінде – ресурстардың барлығы инвестициялық тауарларды өндіруге жұмсалады. D нүктесі – тиімсіз өндірісті білдіреді. N нүктесі – мүмкін емес өндірісті сипаттайды. А, В, С, Е нүктелерінен өтетін қисықты біз **өндірістік мүмкіндіктер қисығы** – ресурстарды толық пайдалану кезіндегі баламалы нұсқаларды сипаттайтын қисық деп атаймыз.



2.1-сурет. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы

Өндірістік мүмкіндіктер қисығы оңға (мәселен, N нүктесіне) немесе солға (D нүктесіне) жылжиды. Егер қоғамда тұтыну заттарына және инвестициялық тауарларға сұраныс өссе онда өндірістік мүмкіндік ұлғайып қисық оңға (параллельді түрде) жылжиды, яғни бұл экономиканың дамығандығын білдіреді немесе керісінше, экономикалық дағдарыс жағдайында екі тауарға сұраныс бірдей төмендесе, онда фирманың (немесе мемлекеттің) өндірістік мүмкіндіктері тарылып қисық параллельді түрде солға жылжиды.



2.2 сурет. Өндірістік мүмкіндіктер қисығының жылжуы

Алайда, өндірістік мүмкіндіктер қисығының параллельді түрде жылжуы міндетті емес. Екі тауарға сұраныс бір уақытта төмендеуі немесе өсуі мүмкін емес. Мәселен, инвестициялық тауарларға сұраныс төмендеп (немесе артып), тұтыну заттарына сұраныс көлемі өзгермей сол күйінде қалуы мүмкін (2.2 а-сурет). Немесе керісінше, тұтыну



заттарына төмендеп (немесе артып), инвестициялық тауарларға сұраныс көлемі өзгермей сол күйінде қалуы мүмкін (2.2 ә-сурет).

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С. Микроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 321 бет.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ә. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ә. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.

14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасьян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасьян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Экономиканың негізгі үш мәселесі қалай шешіледі?
2. Қоғамдық өндірістің мәні неде?
3. Қоғамдық өндірістің түрлері мен тұрпаттары қандай?
4. Қоғамның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастары қандай?
5. Ресурстар мен өндіріс факторларының түрлері қандай?
6. Ресурстардың шектеулілігі мәселесі дегеніміз не?
7. Экономикалық таңдау мәселесі қалай туындайды?
8. Экономикалық субъектілер экономикалық ұтымдылыққа қалай ұмтылады?
9. Экономикалық тиімділік дегеніміз не?
10. Өндірістік мүмкіндіктер қисығының экономикалық мәні неде?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** Қоғамдық өндірістің мәнін түсіну, экономиканың негізгі базалық түсініктері арқылы экономикалық теорияның негізгі сұрақтарына жауап беру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 2.1. Қоғамдық өндірістің экономикалық мәні;
- 2.2. Қажеттіліктер, ресурстар, игіліктер. Маслоу пирамидасы;
- 2.3. Шектеулілік және экономикалық таңдау мәселесі;
- 2.4. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы және оның экономикалық мәні.

### Студенттің өзіндік жұмыстары

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (гlossарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Экономикалық ресурстар және олардың шектеулілігі;

Қазіргі қоғамдық өндірістегі адамның орны мен рөлі;

Ғылыми-техникалық прогрестің қоғамдық өндіріске әсері;

Ғылыми-техникалық прогрестің мәні және оның дамуы.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Қоғамның өндіргіш күштері және өндірістік қатынастар.

2) Экономикалық тиімділік және балама шығындар.

**5. Жаттығулар:**


1) а) «не өндіру керек» мәселесі тек ресурстардың шектеулілігі жағдайында ғана туындайды және ол жеке бизнеске ғана тән құбылыс;

ә) «қалай өндіру керек» мәселесі еңбекке қабілетті халықпен толық қамтылған қоғамда орын алмайды;

б) «кім үшін өндіру керек» мәселесі орталықтандырылған қоғам үшін өзекті болып табылмайды.

Осы әрбір пунктке өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

**2) Өндірістік мүмкіндіктер қисығын қарастырыңыз:**



Осы суретке қарап мыналардың экономикалық мағынасын түсіндіріңіз:

1. А, В, С, D нүктелері нені сипаттайды?

2. А нүктесінен В нүктесіне, В нүктесінен С нүктесіне, С нүктесінен А нүктесіне, және А нүктесінен D нүктесіне қозғалу нені сипаттайды?

### 3) Экономикада көліктер мен станоктар өндіріледі.

Көліктер	5	4	3	2	1	0
Станоктар	0	7	13	18	22	25

Табу керек:

- а) қосымша бір көлік өндірудің балама шығындарын;
- ә) қосымша бір станок өндірудің балама шығындарын.

### 6. Тест тапсырмалары:

#### 1. Материалдық емес өндіріс саласын көрсетіңіз:

- A) Құрылыс B) Ауыл шаруашылығы C) Өнеркәсіп
- D) Денсаулық сақтау E) Материалдық-техникалық жабдықтау

#### 2. Барлық экономикалық ресурстарды төмендегі категориялардың қайсысына жатқызуға болады?

- A) Тұтыну, жинақтау және салықтар B) Жалақы, рента, пайыз, пайда
- C) Капитал мен кәсіпкерлік D) Жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік қабілет
- E) Шексіз энергия мен білім

#### 3. Қоғамдық өнім деп:

- A) Халық тұтынатын тауарларды айтамыз
- B) Ұлттық өнімді сатудан түскен табысты айтамыз
- C) Қоғамда белгілі бір уақыт ішінде өндірілетін материалдық игіліктерді атайды
- D) Мемлекетімізге қажетті өнімді атайды
- E) Бөлшек саудамен қоғамдық тамақтану саласындағы тауарларды айтады

#### 4. Ұдайы өндіріс – бұл:

- A) Халыққа қажетті өнімдер өндірісі
- B) Үнемі қайталанып және жанғырып отыратын өндіріс
- C) Алдағы уақытта өндірілетін өндіріс
- D) Жыл сайын өндіріліп отыратын өнімдер тобы
- E) Еңбек және өнім айырбастау қатынастары

- 5. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы нені көрсетеді:**  
А) Шаруашылықтың өндіруі тиіс екі тауарының нақты мөлшерін  
В) Екі тауардың мүмкін комбинацияларының ең жақсысын  
С) Қолда бар ресурстардың нақты мөлшеріне сәйкес тауарлардың балама комбинацияларын  
D) Өндіріс факторлары өнімділігінің төмендеу заңы жүзеге асқан уақытты  
E) Аталғандардың ешқайсысын көрсетпейді
- 6. Мыналардың қайсысы жеке тұтынуға жатады:**  
А) Саябақтар В) Университеттер С) Тұрғын үйлер  
D) Бала-бақшалар E) Кинотеатрлар
- 7. Экономикалық таңдау мәселесі қандай сұрақтарды шешеді?**  
А) Не, қашан және қалай В) Қанша, қандай түсте және қандай көлемде  
С) Қашан, не және қалай D) Не, қалай және кім үшін  
E) Кімге, қайда және қанша
- 8. Егер қоғам шығындарды азайтып кірістерді максималдауға тырысса, онда экономикалық мақсат неде?**  
А) Экономикалық тиімділікте В) Толық жұмысбастылықты қамтамасыз етуде  
С) Экономикалық өсуде D) Экономикалық еркіндікте E) Экономикалық қауіпсіздікте
- 9. Еңбек өнімділігі қандай қатынаспен өлшенеді?**  
А) Өнімнің нақты көлемінің жұмыс уақытына қатынасымен  
В) Капитал шығынының еңбек шығынына қатынасымен  
С) Өнімнің нақты көлемінің халық санына қатынасымен  
D) Жұмыс уақытының нақты өнім көлеміне қатынасымен  
E) Капитал шығынының өнімнің нақты көлеміне қатынасымен
- 10. Белгілі бір нәтижеге немесе қалаулыға жету үшін бас тартуға тура келетін нәрсе:**  
А) Бұл – баламалы шығындар болып табылады  
В) Әртүрлі себептерге байланысты пайда табудан бас тарту  
С) Ол – трансакциондық шығындар болып табылады  
D) Салық төлеуден жалтару деген сөз  
E) Заңдылықты уақытша мойындамау
- 11. Төмендегілердің қайсысы өндіріс факторларына жатпайды?**  
А) Жер В) Еңбек С) Сауда D) Кәсіпкерлік қабілет E) Капитал
- 12. Ұлғаймалы ұдайы өндіріс:**  
А) Айналымдағы ақша санының көбеюі

- В) Барлық көбею мөлшерінде өндірістің жаңаруы  
С) Материалды игіліктердің болуымен байланысты жаңарту  
D) Өндіріс пен тұтыну арасындағы өзара байланыс  
E) Баға деңгейінің өсуі
- 13. Қоғамның қарапайым өндіргіш күштеріне не жатады?**  
A) Жоспарлау B) Жер, су, қазба байлықтары  
C) Инфрақұрылым және оның элементтері D) Жұмыс күші және өндіріс құрал-жабдықтары E) Өндірісті қоғамдастыру формасы
- 14. Капитал – ол қоғамның бүкіл өндірістік қатынастар жүйесін қамтитын көрініс ретінде сипатталады. Бұны кім тұжырымдаған?**  
A) Д. Рикардо B) К. Маркс C) М. Фридмен  
D) О. Бем-Баверк E) Дж. М. Кейнс
- 15. Мыналардың қайсысы маржинализм топтамасына жатады?**  
A) Еңбек, жер, капитал және кәсіпкерлік қабілет  
B) Жеке фактор мен заттық фактор  
C) Жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтары  
D) Еңбек, жер және капитал  
E) Өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар
- 16. А. Маслоу бойынша қажеттіліктер пирамидасындағы үшінші сатыда қандай қажеттіліктер орын алған?**  
A) Өмірдегі мақсатты анықтау қажеттілігі  
B) Әлеуметтік байланыстағы қажеттіліктер  
C) Қауіпсіздікке байланысты қажеттіліктер  
D) Физиологиялық қажеттіліктер  
E) Әлеуметтік мәртебеге жету қажеттілігі
- 17. Өндірістік мүмкіндіктер қисығының сыртында жатқан нүктелер нені сипаттайды?**  
A) Қоғамның берілген тауарларды әріқарай өндіре алмайтындығын көрсетеді  
B) Бұған сәйкес қоғам өз қолындағы ресурстарды толық пайдаланады  
C) Қоғам экономикалық ресурстарды толық пайдаланбайды дегенді білдіреді  
D) Қоғамның ресурстарды тиімді пайдаланатындығын сипаттайды  
E) Қоғам ресурстарды мүлдем қолданбайды дегенді көрсетеді
- 18. Адамның өмір сүруінің негізі болып не табылады?**  
A) Оның тәжірибесі B) Оның мәдениеті C) Оның ақыл-ойы мен білімі

D) Қажеттіліктер E) Қоғамдық өндіріс

**19. Шектеулі ресурстар жағдайында:**

- A) Таңдау мәселесі туындайды
- B) Қажеттіліктер дұрыс қанағаттандырылмайды
- C) Өндірісте сарқылмайтын ресурстар басым болады
- D) Пайда мәселесі қиындайды
- E) Ресурстар сапасына қарай ғана пайдаланылады

**20. Өндірістік қатынастар дегеніміз не?**

- A) Табиғи және материалдық ресурстарды пайдаланудағы қатынастар
- B) Адамның адамға деген қатынасы
- C) Материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үдерісіндегі адамдар арасындағы қатынастар
- D) Адамды адаммен қанаудағы қатынастар
- E) Технологияны пайдаланудағы қатынастар

**21. Экономикалық тиімділік дегеніміз – бұл:**

- A) Пайдаланылмаған мүмкіндіктердің артуын болдырмау
- B) Минималды шығындар мен максималды табыстардың теңесуі
- C) Минималды шығындардың максималды табыстардан көп болуы
- D) Ресурстарды толық пайдаланудағы баламалы нұсқаларды көрсету
- E) Алынатын нәтижелер мен өндірістік шығындардың қатынасы

**22. Қажеттіліктер дегеніміз – бұл:**

- A) Тұтынушылар мен сатып алушылардың қарым-қатынастары
- B) Бір нәрсені керек ету немесе белгілі бір затқа деген мұқтаждық
- C) Сатып алушылық қабілет
- D) Белгілі бір затты немесе игілікті сатуға деген мұқтаждық
- E) Адам мен заттың арасындағы қатынастар

**23. Өндіріс дегеніміз – бұл:**

- A) Материалдық игіліктерді өндіру үдерісі
- B) Еңбек заты мен қаражаты
- C) Ғылыми-техникалық прогресстің нысаны
- D) Басқару нысаны
- E) Материалдық игіліктерді иемдену нысаны

**24. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты дегеніміз не?**

- A) Өндірістің қоғамдық қалыпты жағдайында тауарды өндіруге жұмсалатын уақыт
- B) Еңбек өнімділігі

- C) Бір дана өнімді өндіруге жұмсалатын уақыт  
D) Әрбір жұмысшының еңбек шығынымен анықталатын уақыт  
E) Тауарды өндіруге жұмсалатын еңбектің жиынтық шығындары
- 25. Өндірістің басты мақсаты неде?**  
A) Қажеттіліктерді қанағаттандыруда. B) Өнім көлемін арттыруда.  
C) Максималды пайда табуда. D) Шектеусіз ресурстарды көбірек пайдалануда. E) Уақытты үнемдеуде.
- 26. Егер қолданылатын ресурстардың көлемі артса, онда:**  
A) Өндірістік мүмкіндіктер қисығы өз траекториясын өзгертеді  
B) Өндірістік мүмкіндіктер қисығы оңға жылжиды  
C) Өндірістік мүмкіндіктер қисығы солға жылжиды  
D) Өндірістік мүмкіндіктер қисығының сыртында жатқан нүктелер көбейеді  
E) Өндірістік мүмкіндіктер қисығының ішінде жатқан нүктелер көбейеді
- 27. Махаббат, достық қарым-қатынас сияқты қажеттіліктер Маслоу пирамидасының нешінші сатысында орын алған?**  
A) Үшінші сатысында B) Бірінші сатысында C) Төртінші сатысында  
D) Екінші сатысында E) Бесінші сатысында
- 28. Өндіріс әдісі дегеніміз не?**  
A) Қоғам дамуының белгілі бір кезеңі үшін сипатталатын экономикалық жағдай.  
B) Материалдық және материалдық емес мәдениеттің сатысы  
C) Қоғамдық-экономикалық формация  
D) Өндіріс қаражаттарының жиынтығы  
E) Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігі мен қарым-қатынасы
- 29. Өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну – бұл ненің қозғалысы:**  
A) Қоғамдық өнімнің B) Кез келген жеке игіліктің  
C) Кәсіпорынның ішкі ресурстарының D) Қоғамдық өндірістің  
E) Өндірістік қатынастардың
- 30. Өндіріс факторы мен шығарылатын өнім көлемінің арасындағы өзара байланыс қалай белгіленеді?**  
A) Өндірістік мүмкіндіктер қисығымен B) Шығарылған өнімнің жалпы көлемінің қисығымен C) Өндірістік функциямен  
D) Ұсыныстың икемділігімен E) Жалпы шығындар қисығымен
- 31. Жай ұдайы өндіріс дегеніміз – бұл:**  
A) Тұрақты көлемде жыл сайын жаңарып отыратын ұдайы өндіріс  
B) Алтын өндіруді ұлғайтумен байланысты ұдайы өндіріс



- С) Жаңа ресурстарды игерумен байланысты ұдайы өндіріс  
D) Қол еңбегіне негізделген ұдайы өндіріс  
E) Жеке тұтынуды арттыруға негізделген ұдайы өндіріс
- 32. «Жіберіп алған мүмкіндіктер шығындарын» қандай шығындар деп атаймыз?**
- A) Шекті шығындар B) Баламалы шығындар C) Тұрақты шығындар  
D) Өзгермелі шығындар E) Баламасыз шығындар
- 33. Қажеттіліктер дегеніміз не?**
- A) Сатып алушылық қабілеттіліктер  
B) Бір нәрсеге немесе затқа деген мұқтаждық  
C) Сатушылар мен сатып алушылардың өзара қатынастары  
D) Пайда табуға деген құлшыныстар  
E) Тиімді сұраныс
- 34. Өндіріс тиімділігі немен анықталады?**
- A) Тапқан пайда мөлшерімен  
B) Алынған нәтижелер мен жұмсалған шығындардың арақатынасымен  
C) Еңбек өнімділігімен  
D) Ресурстардың тиімді пайдаланылуымен  
E) Өндіріс барысында дұрыс шешім қабылдаумен
- 35. Қай кезде өндіріс мүмкіншіліктер қисығы екі тауардың түрлі комбинацияларын көрсетеді:**
- A) Өндіріс ресурстарды толық пайдаланбаған кезде  
B) Барлық қолда бар ресурстарды толық пайдаланған кезде  
C) Пайдаланылған ресурстардың мөлшері өзгерген кезде  
D) Өндіріс технологиясы өзгерген кезде  
E) Барлық ресурстардың тиімсіз пайдаланылған кезде
- 36. Экономикалық теория мынадай екі аксиомаға негізделеді, олар қайсысы?**
- A) Шексіз қажеттіліктер және шектеулі ресурстар  
B) Ресурстарды үнемдеу және тиімді пайдалану  
C) Микроэкономика және макроэкономика  
D) Экономикалық категория мен экономикалық заңдар  
E) Шектеулі мұқтаждықтар мен шектеусіз табиғи игіліктер
- 37. Өндірістің түпкі мақсаты неде?**
- A) Өндірісті ынталандыруда B) Тұтынуда C) Өнімдердің сапасын арттыруда  
D) Пайда табуда E) Шығындарды азайтуда

- 38. Экономикалық игіліктер ұғымын алғаш кім ғылымға енгізген?**
- A) Италиян экономисі А. Пезенти
  - B) Ағылшын экономисі А. Пезенти.
  - C) Ағылшын экономисі У. Петти
  - D) К. Маркс
  - E) А. Маршалл.
- 39. Маркстік теория бойынша жеке факторға не жатады?**
- A) Технология B) Қосалқы бөлшектер C) Еңбек құралдары
  - D) Еңбек заттары E) Жұмыс күші
- 40. Мына нұсқалардың ішінен еңбек, капитал және жер факторларын таңдаңыз?**
- A) Жұмыс күші, ғимарат және су
  - B) Жұмыс күші, газ және орман
  - C) Ой еңбегі, қол еңбегі және құрал-жабдықтар
  - D) Дарындылық, таланттылық және тапқырлық
  - E) Адам ресурсы, материалдық және қаржы ресурстары

### *3-тақырып*

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТИПТЕРІ. МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫ**

**Мақсаты:** әртүрлі өлшемдеріне байланысты экономикалық жүйелердің типтеріне тоқталу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталу, меншік қатынастарын зерттеу және Қазақстанның өтпелі экономика жағдайындағы ерекшеліктеріне тоқталу.

### **Талқылау сұрақтары:**

- 3.1. Экономикалық жүйелердің мәні, әртүрлі жіктелу өлшемдері, түрлері және ұйымдастыру үлгілері;
- 3.2. Меншіктің мәні мен мазмұны, түрлері мен нысандары, объектілері мен субъектілері;
- 3.3. Қазақстандағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағыттары.

**Негізгі ұғымдар:** экономикалық жүйе, дәстүрлі экономикалық жүйе, жоспарлы экономикалық жүйе, нарықтық экономикалық жүйе, аралас экономикалық жүйе, постиндустриалдық қоғам, меншік, меншік құқығы, меншік нысандары, меншік субъектісі, жекешелендіру, мемлекет иелігінен алу, т.б.

### **3.1. Экономикалық жүйелердің мәні, әртүрлі жіктелу өлшемдері, түрлері және ұйымдастыру үлгілері**

Кез келген қоғам экономиканы ұйымдастыру және оның мәселелерін шешу үшін өз қарамағында әртүрлі құрылымдарды, тетіктерді және институттарды қолдана алады. Осындай механизмдердің бірсыпыра жиынтықтарын экономикалық жүйелер арқылы қарастыруға болады.

**Экономикалық жүйелер** – экономиканың өзара байланысқан элементтерінің жиынтығы. Экономикалық жүйелердің жіктелу өлшемдері бойынша әртүрлі сыныптамасы бар:

#### 1. Ашықтылық дәрежесі бойынша:

**1.1. Жабық экономикалық жүйе** – бұл барлық іскерлік белсенділік операциялардың ел ішінде ғана жүргізілуі орын алатын экономиканың ұйымдастырылуы.

**1.2. Ашық экономикалық жүйе** – бұл экономиканың халықаралық экономикалық қатынастар жағдайында белсенді түрде жұмыс жасауы, бұл жерде ұлттық валютамен қатар шетел валютасы қолданылады.

2. Меншік қатынастары бойынша:

**2.1. Дәстүрлі экономикалық жүйе** – ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрлерге негізделген қатынастар.

Бұл жүйенің сипатты белгілері:

- өнімді өндіру, бөлу және айырбастау салттарға, дәстүрлерге негізделеді;
- элеуметтік-экономикалық артта қалушылық, ұдайы өндіріс қарқынының тым төмен болуы;
- техникалық прогресстің шектелуі;
- халық санының өсуінің өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқынынан тұрақты түрде артып отыруы;
- сыртқы қарыздың маңызды түрде орын алуы;
- мемлекеттің және қарулы күштер құрылымының жоғары рөлі.

**2.2. Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйе** – орталықтандырылған жоспарлауға, өндірістің барлық факторларына мемлекеттік меншіктің орын алуына негізделген қатынастар.

Сипатты белгілері:

- өндіріс құрал-жабдықтарына деген мемлекеттің меншіктің орын алуы;
- экономиканы орталықтан жоспарлау;
- өндірушілердің монополиялануы;
- ресурстардың орталықтандырылған қоры.
- ынталандырудың нарықтық жүйесінің болмауы.

**2.3. Нарықтық экономикалық жүйе** – жеке меншікке, жеке мүддеге, еркін бәсекелестікке негізделген қатынастар.

Сипатты белгілері:

- өндіріс факторларына деген жеке меншіктің орын алуы;
- кәсіпкерліктің еркіндігі және таңдау мүмкіндігінің болуы;
- шаруашылық субъектілерінің дербестілігі;
- шаруашылық субъектілерді жеке мүдделеріне сай ынталандыру;
- өндірушілер арасындағы, тұтынушылар арасындағы бәсекелестік, бұл ешкім нақты экономикалық билікке ие болмауы тиіс.

**2.4. Аралас экономикалық жүйе** – нарықтық тетіктер мен экономиканы мемлекеттік реттеудің үйлестірілуі орын алатын қатынастар.

Сипатты белгілері:

- әміршіл экономика мен нарықтық экономиканың ұштастырылуы;
- көптүрлі меншіктің болуы;
- күшті кәсіподақ қозғалысының орын алуы;
- мемлекеттік реттеу мен түзету рөлі белсенді болып табылады.

3. Өнеркәсіптік төңкерістің және ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейі бойынша:

**3.1. Индустириалдыққа дейінгі жүйе** – қол еңбегіне негізделген натуралдық шаруашылық басым түрде орын алатын және ауыл шаруашылығына негізделген жүйе.

**3.2. Индустириалдық жүйе** – тауар-ақша қатынастарының дамуымен байланысты ірі машиналы өндіріске негізделген жүйе.

**3.3. Постиндустириалдық жүйе** – басты саласы – экономикалық-өндірістік емес (қызмет көрсету) сала болып табылатын және ақпарат басты ресурс ретінде саналатын жүйе.

### **3.2. Меншіктің мәні мен мазмұны, түрлері мен нысандары, объектілері мен субъектілері**

Меншік категориясы кез келген экономикалық жүйені ұйымдастырудың іргетасы болып табылады. Меншік ұғымы тарихи категория ретінде алдымен, жермен, содан соң өндіріс құрал-жабдықтарын иемденумен, пайдаланумен және оларды жалға берумен байланыстырылады. Осы тұрғыда, меншікті молайтуда өндіруші адамның еңбегіне және оның еңбек өнімділігінің басымдылық рөліне ерекше мән беріледі, өйткені ол барлық байлықтың және пайда табудың қайнар көзі ретінде саналады.

Меншік теориясына сүбелі үлесті У. Петти, Ф. Кенэ, А. Смит, Д. Рикардо, П. Прудон, К. Маркс, Р. Коуз және А. Алчиан сияқты ғалымдар қосты.

Маркс бойынша, меншік – бұл өндіріс құрал-жабдықтарын иемденумен байланысты қатынастар деп қарастырылады. Ал Коуздың пікірінше, кез келген ресурстар өздігінен меншікке айнала алмайды, тек ресурстарды қолдану арқылы ғана меншіктің кешенді құқықтарын анықтауға болады. Бұл меншіктің мазмұнын білдіре отырып, осы меншік құқығына қатыстылардың барлығы сол меншіктің кімге қатысты екенін және өзара пайдалы іс-әрекетті орындауға қол жеткізу үшін сол адамдардың бір-бірімен қалайша келісе алатындығын сипаттайды.

Осындай көзқарастарға қарап, меншікті меншік объектілерінің қатыстылығы жөніндегі адамдар арасындағы экономикалық

катынастар деп түсінуге болады. **Меншік нысаны** меншік объектілерінің кімге тиесілі екендігін көрсетеді.

Кейбір отандық әдебиеттерде, **меншік құқығы** деп белгілі бір тұлғаларға материалдық және материалдық емес игіліктердің тиістілігін бекітетін және осы құқықтарды қорғайтын заң нормаларының жиынтығын айтады. Экономиканың негізгі үш іргелі мәселесі – не, қалай және кім үшін өндіреміз сұрақтарын шешу экономикалық агенттердің өндіріс құралдарына деген меншік құқығына тәуелді болып табылады. Осыған байланысты, кез келген меншік иесі болып табылатын тұлға өз қалауы бойынша меншік объектісін иемденеді, пайдаланады және билік етеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншікке қатысты мынадай ұғымдар айтылады:

**1) Иемдену** – мүлікті іс жүзінде иелену мүмкіндігінің заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі.

**2) Пайдалану** – белгілі бір игіліктен оның пайдалы қасиеттерін алудың және одан пайда таба алудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі.

**3) Билік ету** – мүліктің тағдырын айқындаудың заңмен қамтамасыз етілуі.

Ағылшын заңгері **А. Оноре** 1961 жылы алғаш рет меншіктің толыққанды кешенді құқықтарын ұсынды. Оны «**бір буда құқық**» немесе Оноре тізбесі деп атайды және ол 11 элементтен құралады:

**1. Иемдену құқығы**, қандай да бір игіліктің жағдайын бақылау құқығы;

**2. Пайдалану құқығы**, игіліктерден оның пайдалы қасиеттерін алуға деген құқығы;

**3. Билік ету құқығы**, игіліктерді пайдалануды кім және қалай шешетіндігі жөніндегі құқығы;

**4. Табыс алуға деген құқығы**, игіліктерді пайдаланудан қандай да бір нәтижеге жете алу құқығы;

**5. Егемендік құқығы**, игілікті шеттету, тұтыну немесе жою құқығы;

**6. Қауіпсіздікке деген құқығы**, яғни игілікті қанаудан және сыртқы ортаның зияндылығынан қорғау құқығы;

**7. Игілікті мұрагерлікке беру құқығы;**

**8. Игілікті иеленудегі мерзімсіздік құқығы;**

**9. Сыртқы ортаға зиян келтіретін әдістерді қолдануға қарсылық жасау құқығы;**

**10. Жауапкершілікке жазалау түрін қолдану құқығы**, яғни қарызды төлеуге игіліктермен жазалау мүмкіндігі;

**11. Қалдықтық сипат құқығы,** яғни бұзылған құқық шараларын қалпына келтіруді қамтамасыз ету институтының өмір сүру құқығы.

Сонымен, меншіктің экономикалық категория ретіндегі мәні мынаған келіп саяды, яғни **меншік** – бұл адамдар арасындағы материалдық және рухани игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну салаларындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық қатынастар.

Меншік қатынастары меншік объектілерін иемдену жөнінде меншік субъектілерінің арасында қалыптасып отырады. **Меншік субъектілері** – бұл олардың арасында меншік қатынастары туындап отыратын тұлғалар, оларға жеке индивидтер, отбасы, әлеуметтік топтар, ұжым, халық, мемлекет және басқару органдары жатады. **Меншік объектісі** – бұл осылар арқылы меншік қатынастары туындап отыратын қандай да бір заттар немесе құралдар, т.б. Меншік объектілеріне: жер, ғимараттар, табиғи ресурстар, өндіріс құрал-жабдықтары, мүлік, ақшалар, бағалы заттар, ақпарат, жұмыс күші, білім, құнды қағаздар, ұлттық құндылықтар, т.б. жатады.

Меншіктің 2 түрі ажыратылады: жеке меншік және мемлекеттік меншік. Олардың әрқайсысының бірнеше нысандары бар.

**Жеке меншік** – бұл бір тұлғаның немесе отбасының мүліктің немесе ресурстың иесі болып табылуы. Жинақтау сипаты бойынша жеке меншік еңбектік және еңбектік емес болып бөлінеді. **Еңбектік жеке меншік** жалақы есебінен және кәсіпкерлік қызметтен келіп түсетін табыс арқылы анықталады. **Еңбектік емес жеке меншік** мүлікті мұраға қалдыру есебінен, бағалы қағаздардан, депозиттерден алынатын табыстар және басқа да табыс көздері арқылы анықталады. Жеке меншіктің ерекше нысаны болып **ұжымдық меншік** табылады. Ұжымдық меншіктің мысалына кооперативтік меншік және акционерлік меншік жатады. **1) Кооперативтік меншік** деп бірігіп қызмет істеуі үшін сол кооператив иелерінің еңбегі мен өндіріс құрал-жабдықтарын біріктіру жолымен қалыптасатын ұжымдық меншіктің бір түрін айтады. **2) Акционерлік меншік** – бұл акцияларды сату нәтижесінде қалыптасатын меншік.

**Мемлекеттік меншік** – бұл субъектісі мемлекет болып табылатын меншіктің түрі. Меншіктің бұл түрін басқаруды және оған билік етуді мемлекеттік билік органдары жүзеге асырады. Мемлекеттік меншіктің басты ерекшелігі болып оның бөліске түспейтіндігі ретінде саналуы табылады.

Мемлекеттің меншіктің дамуы негізінен әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйеде орын алады. Әдетте, оның үлесі меншік

түрлерінің жалпы құрылымында 90%-ға дейін жетеді. Мәселен, бұрынғы КСРО-да мемлекеттік меншіктің үлесі 88%-дан асты. Алайда, нарықтық экономикасы дамыған елдерде мемлекеттік меншіктің үлесі 5%-дан 30%-ға дейін ауытқып отырады.

Экономикада мемлекеттік меншіктің басым болуы нақты өмірде жағымсыз жайттарға алып келуі мүмкін: мемлекеттік монополиялардың пайда болуы, мемлекеттік өндірушінің тұтынушыға деген үстемдігінің орын алуы, арзан тауарлар түрлерінің жойылып кетуі, тауар тапшылығының пайда болуы, сұраныстың қанағаттандырылмауы. Осыдан барып мынадай тұжырым жасалады, яғни бұл жерде мемлекеттік меншікті жою емес, оның монополиялық үстемдігін жою туралы әңгіме қозғау керек.

### **3.3. Қазақстандағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағыттары**

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасының әміршіл-әкімшіл жүйеден нарықтық экономикалық жүйеге көшуі меншік қатынастарын өзгертудің заңды қажеттілігін туындатты. Бұл үдеріс мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру арқылы жүзеге асырылды. Қазақстанда мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісінің басталуы – мемлекеттік меншіктің үлесін азайтуға, оның монополиялық үстемдігін жоюға бағытталады.

**Мемлекет иелігінен алу** – бұл мемлекеттік кәсіпорындарды тікелей шаруашылық жүргізуші субъектілерге шаруашылық жүргізу және оларға сәйкес өкілеттіліктерді беру арқылы түрлендіру.

**Жекешелендіру** – бұл заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттен мемлекеттік меншік объектілерін, сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың өзгертілуі арқылы құрылған акционерлік қоғамдардың акциялар үлесін алуы.

Жекешелендіру экономиканы қайта құрудың аса маңызды элементі болып табылады. Өйткені жекешелендірудің бірқатар артықшылықтары бар:

1. Микроэкономикалық артықшылықтары:
  - капиталды инвестициялау;
  - өзіндік құнды төмендету және тиімділікті көтеру;
  - жаңа басшылық;
  - жаңа технологиялар.
2. Макроэкономикалық артықшылықтары:



- бәсекелестіктің күшеюі;
  - қаржылық тұрақтылық;
  - капитал нарығының дамуы;
  - әлеуметтік бағдарламалар;
  - тікелей шетел инвестицияларын тарту.
3. Шетелдік инвесторлар үшін пайдалы болуы:

- жаңа нарықтар;
- тәуекелдің төмендеуі;
- нарыққа кірудегі ең төменгі тосқауылдардың болуы;
- тұтынушылар үшін пайдалылығы.

### **Жекешелендірудің түрлері:**

**1. Кіші жекешелендіру** – жұмысшылар саны 200 адамға дейінгі мемлекеттік меншіктің шағын объектілерін жекешелендіру.

**2. Жаппай жекешелендіру** – жұмысшылар саны 200 адамнан асатын орта кәсіпорындарды жекешелендіру. Басқаша, бұл купондық жекешелендіру деп аталады.

**3. Жеке жобалар жекешелендіру** – жұмысшылар саны 5000 адамнан асатын ірі және стратегиялық маңызы бар мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру.

**4. Жеке жекешелендіру** – мемлекеттік меншік объектілерін жекелеген бөліктерге бөліп жекешелендіру.

**5. Қарапайым кездейсоқ жекешелендіру** – мемлекет тарапынан бақылау орын алмайтын жекешелендірудің түрі.

Әлемдік тәжірибеде жекешелендірудің алғашқы үш түрі аса кең тараған деп жиі айтылады.

### **Жекешелендірудің әдістері:**

**1. Аукциондар**, бұлар конкурстар жариялау арқылы қандай да бір мүлікті сату және сатып алу тәсілдерін қарастырады. Бұл жерде үміткерлер қатысатын ашық сауда коммерциялық конкурс арқылы жүргізіледі. Коммерциялық конкурс – максималды бағасы ұсынылып, сатып алушы қойылған шартты толық орындауға келіскен жағдайда мемлекеттік меншік объектілерін сату.

**2. Акцияларды сату**, яғни кәсіпорын капиталындағы үлестерді сату. Бұл жерде тендерлер жарияланып, үміткерлер қатысатын жабық сауда инвестициялық конкурс арқылы жүргізіледі. Инвестициялық конкурс – коммерциялық конкурсқа ұқсас, бірақ жеңіс өлшемдері жекешелендіру объектісінің инвестиция мерзімі мен мөлшері болып табылатын сауда-саттық.

**3. Жалға берілген кәсіпорындардың мүлкін сатып алу.** Бұл жерде кәсіпорындарды сату аукциондар арқылы ашық сауда

тәсілдерімен жүргізіледі және сатып алушыға максималды баға қоюдың талабы ұсынылады.

Қазақстанда кең көлемді жекешелендіру 1991 жылы басталды. Бұл үдерістің негізгі бағыттары үш кезеңнен өтті. Үкіметтің бағдарламалары бойынша 31 мың кәсіпорынды мемлекетсіздендіру және жекешелендіру жоспарланды.

1991-1992 жылдарға арналған мемлекетсіздендіру мен жекешелендірудің алғашқы ұлттық бағдарламасы мемлекеттік меншікті басқа нысандарға айналдыруды, азаматтардың мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктерін (акцияларын) сатып алуды мақсат етіп қойды.

1993-1995 жылдарға арналған екінші ұлттық бағдарлама кіші, жаппай және жеке жобалар бойынша жекешелендірудің түрлерін қарастырып, нарықтық экономикаға көшуге жағдай жасауды мақсат етті.

1996-1998 жылдарға арналған үшінші ұлттық бағдарлама негізінен жекешелендіру үдерісін аяқтау арқылы экономикада жеке сектордың басымдылығына қол жеткізіп, оны бекітуді мақсат етті.

**Бірінші кезең.** Кіші жекешелендіру 1991-1992 жылдары жүргізілді. Бұл кезеңде сауда, қызмет көрсету аясындағы кіші және орта кәсіпорындардың 50%-ы жекешелендірілді. Мемлекеттік меншіктің мөлшері мен құрамын белгілеу, меншік құқығын беру тетіктерін әзірлеу шаралары жүзеге асырылды.

**Екінші кезең.** Үлкен және жаппай жекешелендіру 1993-1996 жылдары жүргізілді. Бұл кезеңде орта және ірі кәсіпорындар жекешелендірілді. Бұл кезең кіші жекешелендіру бағдарламасының аяқталуын, жаппай жекешелендіру және жеке жобалар бойынша жекешелендіруді белсенді іске қосуды көздеді. Бұл жерде жаппай жекешелендірудің мынадай артықшылықтарын көрсетуге болады, біріншіден, жаңа жұмыс орындарын құру есебінен жұмысбастылықты көтеруге жағдайлар туындайды, екіншіден, жаппай жекешелендіру шаралары үлкен мемлекеттік шығындарды талап етпейді. Сонымен қатар, жаппай жекешелендіру мемлекеттің халыққа ұлттық мүлікті қайтару шарасын мақсат тұтып, кәсіпорындарды кең көлемде қайта құрылымдауды, оларды басқаруды жетілдіруді және қаражаттардың қосымша көздерін қамтамасыз етуді қарастырады. Республиканың жұмысқа жарамды халқының 17%-ның тағдыры жаппай жекешелендірудің нәтижелеріне тәуелді болып табылды.

**Үшінші кезең.** Жеке жобалар бойынша 1997-2000 жылдары жүргізілген жекешелендіру жекешелендірудің аяқталу кезеңі деп

аталады. Күтілген оң нәтижелері: экономикалық тиімділіктің өсуі, кәсіпорындарды басқаруды жетілдіру, жекешелендірілген кәсіпорындардың және олардың өндірген тауарларының бәсекелік қабілеттілігін көтеру.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
5. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
6. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
7. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
8. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
9. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
10. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
11. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
12. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.

13. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
14. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
15. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
16. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
17. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
18. Гукасьян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасьян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова. - 6-е изд. - СПб.: Питер, 2006.- 234с.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Экономикалық жүйе дегеніміз не?
2. Экономикалық жүйелердің түрлері?
3. Экономикалық жүйеге тән сипатты белгілері қандай?
4. Меншіктің әртүрлі категориялары қандай?
5. Меншік нысандары мен субъектілері?
6. Меншіктің құқықтары қандай?
7. Өтпелі экономиканың заңдылықтары қандай?
8. Жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу дегеніміз не?
9. Қазақстандағы жекешелендірудің негізгі бағыттары қандай?
10. Жекешелендірудің Қазақстандағы нәтижелері қандай?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** экономикалық жүйе мен меншік ұғымдарының экономикалық мәнін толық талқылау. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 3.1. Экономикалық жүйелер: мәні, жіктелімдері, үлгілері;
- 3.2. Меншік: мәні, мазмұны, түрлері, объектілері, субъектілері;

### 3.3. Қазақстандағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағыттары.

#### Студенттің өзіндік жұмыстары

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (гlossарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің шетелдік тәжірибесі;

Қазақстандағы меншік қатынастарының дамуы;

Интеллектуалдық меншік теориясы;

Меншік құқығы теориясы және трансакциондық шығындар.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Экономикалық жүйелердің артықшылықтары мен кемшіліктері.

2) Аралас экономиканың үлгілері.

3) Шведтік социализм.

4) Экономикалық жүйенің қазақстандық үлгісі.

**5. Жаттығулар:**

1) Дәстүрлі, әміршіл-әкімшіл, нарықтық және аралас экономикалық жүйелер үшін тән ортақ экономикалық мәселелер бар ма? Егер бар болса, өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

**2) Кестені толтырыңыз:**

Жағдайлар	Құқықтар	Иемдену	Пайдалану	Билік ету
1. Сіз жер телімін сатып алдыңыз және өз күрегіңізбен қажетті құдықты қазасыз.				
2. Сіз құдықты қазу үшін жұмыскер жалдайсыз.				
3. Сіз жер телімін жалға бересіз.				
4. Жалға алушы (арендатор) осы жер теліміне қосымша жұмыскерлерді жалдайды.				

## **6. Тест тапсырмалары:**

### **1. Нарықтық экономиканың негізгі белгісі:**

- A) Мемлекеттік меншіктің басымдылығы B) Орталықтан жоспарлау
- C) Жеке экономикалық мүдде D) Экономикалық қызметтің қатаң жоспарлануы E) Мемлекеттік жоспарды орындау қажеттілігі

### **2. Қазақстанда екінші жекешелендіру кезеңі қай жылдары өтті?**

- A) 1990-1991 жж. B) 1991-1992 жж. C) 1993-1995 жж.
- D) 1996-1998 жж. E) 2000-2001 жж.

### **3. Меншіктің экономикалық мәнін беретін анықтаманы таңдаңыз:**

- A) Қайтарымсыз табиғи ресурсты иемдену
- B) Биліктік мүмкіншілікті жүзеге асыру
- C) Адамның тауарды жеке мақсатқа пайдалануы
- D) Жинақталған интеллектуалдық әлеуетті пайдалану
- E) Қарама-қарсы экономикалық көзқарастағы субъектілердің өндіріс жағдайына байланысты қатынасы

### **4. Барлық экономикалық жүйелердің шешетін мәселесі:**

- A) Инвестиция жетіспеуі B) Өндіріс пен тұтыну сәйкессіздігі
- C) Баға тұрақсыздығы D) Ресурстардың шектеулілігі E) Еңбек өнімділігінің өсуі

### **5. Постиндустриалдық қоғамның негізгі экономикалық саласы:**

- A) Ауыл шаруашылығы. B) Машина жасау. C) Қызмет көрсету.
- D) Өндіріс саласы. E) Машина жасау және құрылыс саласы.

### **6. Жеке меншік қалай сипатталады:**

- A) Ресурстармен бұйрық берудің және жеке таңдаудың еркіндігі
- B) Жеке топтардың пайдасы үшін байлықтарды қайта бөлу
- C) Кәсіпорынның аздаған акция пакетін иеленуі
- D) Әр адамның өзінің жұмыс күшінің меншігі
- E) Барлық жауаптар дұрыс

### **7. Игілікті пайдалануды кім және қалай жүзеге асырады деген шешім қабылдау құқығы – бұл:**

- A) Пайдалану құқығы B) Басқару құқығы C) Тәуелсіздік құқығы
- D) Иелену құқығы E) Жүзеге асыру құқығы

### **8. Тендер дегеніміз не?**

- A) Мүлікті кепілге қою арқылы несие алу
- B) Өнімнің сапасын анықтауға байланысты арнайы құжат
- C) Белгілі бір жұмыстарды немесе тауарды жеткізу бойынша тапсырыстарды ұсынудың және жүзеге асырудың ерекше формасы

- D) Банктегі салымдардың бір түрі  
E) Айырбас үшін өндірілген еңбек өнімі
- 9. Жекешелендірудің негізгі түрлері қандай?**  
A) Шағын, жаппай және жеке жобалар бойынша  
B) Шағын, орта және ірі  
C) Ашық түрде және жабық түрде  
D) Конкурс, аукцион және жалға беру бойынша  
E) Қарапайым және күрделі
- 10. Егер кез келген мүлікті жалға алса, онда жалгер:**  
A) Мүліктің тұтыну құнын пайдаланады  
B) Мүліктің толық иегері болып табылады  
C) Берілген мүліктің құндылығына билік етеді (оны сата алады)  
D) Мүліктің әлеуетті иесі болып табылады  
E) Аренда келісім шартында белгіленген жағдайларға байланысты ол мүліктің иесі болып табылады
- 11. Реформа дегеніміз – бұл:**  
A) Бір нәрсені өзгертіп қайта құру  
B) Мемлекеттік экономикалық жүйені жойып жіберу  
C) Айналымдағы ақшаны қысқарту  
D) Жұмысшыларға еркіндік әперетін экономикалық жүйе  
E) Өндіріс орындарына жаңа қорлар енгізу
- 12. Аралас экономиканың негізгі ерекшеліктері:**  
A) Әміршіл экономика мен нарықтық экономиканың ұштастырылуы  
B) Көптүрлі меншіктің орын алуы  
C) Күшті кәсіподақтар қозғалысы  
D) Мемлекеттік реттеу және түзету рөлінің белсенді болуы  
E) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 13. Барлық экономикалық жүйелердің көкейкесті мәселесі:**  
A) Инвестициялар B) Өндіріс C) Тұтыну  
D) Шектеулілік E) Жұмыссыздық
- 14. «Не, қалай және кім үшін» деген мәселелер қандай экономикалық жүйеге тән:**  
A) Әміршіл-әкімшіл B) Нарықтық C) Дәстүрлі  
D) Аралас E) Кез-келген
- 15. Қандай салаларда көбінесе мемлекеттік сектор басым болады?**  
A) Бөлшек саудада B) Ауыл шаруашылығында  
C) Жеңіл өнеркәсіпте D) Қонақ үй бизнесінде  
E) Шикізат өндірумен байланысты салаларда

- 16. К. Маркс бойынша меншік дегеніміз – бұл:**  
А) Адамның затқа қатынасы В) Заттардың арасындағы қатынастар  
С) Заттың пайдалылығы D) Ұрлық E) Тауар өндірушілердің арасындағы қатынастар
- 17. Ақпараттық ресурстар мен қызмет көрсету салаларының дамуы – бұл:**  
А) Индустриалдық қоғамның басты артықшылығы  
В) Еркін бәсекелестік нарықтық жүйенің басты артықшылығы  
С) Аралас экономикалық жүйенің басты мәселесі  
D) Кез келген экономикалық жүйенің басты кемшілігі  
E) Постиндустриалдық қоғамның басты ерекшелігі
- 18. Әміршіл-әкімшіл жүйеге байланысты артықшылықтарды көрсетіңіз:**  
А) Адамдық және материалдық ресурстардың басымды бағыттарға икемделуі  
В) Жеке кәсіпкерлікті шектеу, не тыйым салу  
С) Ресурстардың тұрақты тапшылығы  
D) Бәсекенің болмауы  
E) Бітпеген құрылыс көлемінің өсуі
- 19. Индустриалды қоғамның басты белгісі:**  
А) Өндіргіш күштердің дамуының жоғарғы деңгейі В) Ірі машиналы өндіріс  
С) Құқықтық мемлекет D) Демократия E) Тұтынудың жоғарғы деңгейі
- 20. Жоспарлы экономикалық жүйе қазіргі уақытта қандай елдерге тән:**  
А) Еуроодақ елдеріне В) Сингапур мен Гонконгқа  
С) Оңтүстік Кореяға D) Солтүстік Корея мен Куба еліне E) Ресейге
- 21. Меншіктің заңдық тұрғыдағы мазмұны қалай сипатталады?**  
А) Мүліктік қатынастармен В) Табиғи жағдайларға деген қатынастармен  
С) Өндіріс нәтижелеріне байланысты қатынастармен D) Пайда табу бойынша қатынастармен  
E) Өндіріс құрал-жабдықтары бойынша адамдар арасындағы қатынастармен
- 22. Нарықтық экономикалық жүйенің басты ерекшеліктері:**  
А) Жеке меншіктің басымдылығы В) Таңдау еркіндігінің болуы  
С) Бәсекелестіктің орын алуы D) Жеке қызығушылық  
E) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 23. Экономикада өмір бойы жалдану жүйесі қандай елге тән:**  
А) Швецияға В) Жапонияға С) Германияға  
D) АҚШ-қа E) Қазақстанға



- 24. Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша меншіктің келесідей нысандары бар:**
- A) Жеке меншік және мемлекеттік меншік
  - B) Мемлекеттік, ұжымдық, өзіндік меншік
  - C) Мемлекеттік, жеке және аралас
  - D) Мемлекеттік, аралас және біріккен
  - E) Мемлекеттік, кооперативтік, жеке меншік
- 25. Аукцион дегеніміз не?**
- A) Мүлік сатушы сатып алушыны өзі таңдап алады
  - B) Бәсекелестік негізде өтетін ашық сауда
  - C) Акцияларды купон иелеріне таратып беру
  - D) Мүліктерді алдын-ала сатып алу E) Жәрменке
- 26. Төмендегілердің қайсысын интеллектуалды меншікке жатқызуға болмайды?**
- A) Ноу-хау B) Жоба-дизайн C) Ой
  - D) Құрал-жабдықтар E) Әдеби шығармашылықтар.
- 27. Дәстүрлі экономикалық жүйенің негізгі ерекшелігі қандай?**
- A) Саясат экономикадан басым болады
  - B) Көптүрлі меншіктің орын алуы
  - C) Көлеңкелі экономиканың басымдылығы
  - D) Артта қалған технология
  - E) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 28. Егер өндіріс жеке тұлға мүддесінде іске асса, онда бұл:**
- A) Ұжымдық меншік және ұжымдық иемдену
  - B) Жеке меншік және жеке иемдену
  - C) Қоғамдық меншік және қоғамдық иемдену
  - D) Жеке-ұжымдық меншік және жеке-ұжымдық иемдену
  - E) Жеке-мемлекеттік меншік және жеке-мемлекеттік иемдену
- 29. Меншікті қай тұрғыдан немесе қай жағынан сипаттауға болады?**
- A) Заңдық және экономикалық
  - B) Психологиялық және экономикалық
  - C) Моральдік және физикалық тұрғыдан
  - D) Заңдық және психологиялық
  - E) Экономикалық және пайдалы жағынан
- 30. У. Ростро бойынша экономикалық жүйенің бірінші стадиясы не?**
- A) Дәстүрлі қоғам B) Өтпелі қоғам C) Индустриалды қоғам
  - D) Жаппай тұтыну стадиясы E) Жабайы табиғат

**31. Экономикалық жүйе – бұл?**

- A) Не, қалай, кім үшін деген мәселелерді шешу үшін қоғамды ұйымдастыру әдісі
- B) Пайданы максималдандыру үшін қоғамды ұйымдастыру әдісі
- C) Қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу үшін құрылатын жүйе
- D) Фирманың әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру жүйесі
- E) Мемлекеттің экономикалық мәселелерді дұрыс шеше білу жолдары

**32. Индустриалдыقتан кейінгі қоғамның саласы қандай?**

- A) Металлургия B) Химия өнеркәсібі
- C) Құрылыс материалдарын өндіру D) Қызмет көрсету саласы
- E) Көлеңкелі бизнес

**33. Мемлекет иелігінен алу дегеніміз – бұл:**

- A) Шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекет қарамағындағы меншік нысандарын беру B) Меншік нысандарын мұрагерлікке беру C) Акциялар мен облигацияларды сатып алу D) Мүлікке толыққанды ие болу E) Заңды тұлғалардың мемлекеттен меншік нысандарын сатып алу қатынастары немесе келісімдері

**34. Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйеде:**

- A) Кәсіпкерлік дамымайды
- B) Экономикалық таңдау еркіндігі орын алады
- C) Дәстүрлер жақсы сақталады
- D) Күшті кәсіподақ қозғалысы орын алады
- E) Қоғамдық мәселелер көп жағдайда шешілмейді

**35. Жерді иемдену дегеніміз не?**

- A) Қалыптасқан дәстүрге байланысты жерді пайдалану
- B) Жерді жалдау
- C) Жер кадастры бойынша жердің бағасын анықтау
- D) Тұлғаның тарихи қалыптасқан жағдайлар негізінде жер телімін пайдалану құқығы
- E) Белгілі бір заңдық тәртіппен жерді пайдалану

**36. Қазақстанда алғашқы жекешелендіру қалай жүргізілді?**

- A) Жұмысшылар саны 200 адамға дейінгі объектілер жекешелендірілді
- B) Жұмысшылар саны 200 адамнан асатын объектілер жекешелендірілді
- C) Қызметкерлері 50 адамнан аспайтын объектілер жекешелендірілді

- D) Жекешелендіру купондарын қолдану арқылы орта кәсіпорындар жекешелендірілді
- E) Алдымен ірі стратегиялық өнеркәсіп салалары жекешелендірілді

**37. Меншік құқығы дегеніміз – бұл:**

- A) Игіліктердің белгілі бір тұлғаға тиістілігін бекітетін және осы құқықтарды қорғайтын заң нормаларының жиынтығы
- B) Меншік объектілерінің қатыстылығы жөніндегі адамдар арасындағы экономикалық қатынастар
- C) Меншік объектілерінің кімге тиесілі екендігін анықтау
- D) Экономиканың іргелі сұрақтарын шешу үшін субъектілердің меншік туралы қатынастарын жеңілдету
- E) Қоғамдағы барлық меншік объектілерін әділетті және шынайы бөлу мәселесін реттейтін заңдар мен құқықтар

**38. Жекешелендірудің қажеттілігі:**

- A) Жеке меншік топтарын құру
- B) Мемлекеттің экономикаға араласпауын қадағалау
- C) Шетел инвесторларын шектеу
- D) Кәсіпорындарды монополияландыру
- E) Мемлекеттің рөлін күшейту

**39. Экономикалық жүйедегі қоғам эволюциясының формациялық бағыты:**

- A) Марксизм теориясымен жасалған
- B) Неоклассиктермен жасалған
- C) Кейнстік теорияда кездеседі
- D) У. Ростоудың еңбектерінде орын алған
- E) Американ социологы Д. Белл теориясында орын алады

**40. Мына елдердің қайсысы қазіргі уақытта өз экономикасын жоспарлы және әміршіл-әкімшіл тұрғыдан ұйымдастырады?**

- A) Монғолия B) Қырғыстан C) Венесуэлла
- D) Сауд Арабиясы мен Кувейт E) АҚШ

## НАРЫҚТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ

**Мақсаты:** қоғамдық шаруашылықтың негізгі белгілерінің пайда болуын зерттеу және тауар мен ақша ұғымдарына кеңірек тоқталу.

### Талқылау сұрақтары:

- 4.1. Нарықтық шаруашылықтың негізгі белгілері. Натуралды және тауарлы шаруашылық;
- 4.2. Тауардың мәні, қасиеттері, формалары және әртүрлі теориялары;
- 4.3. Ақшаның мәні, болу тарихы, түрлері, қызметтері және әртүрлі теориялары.

**Негізгі ұғымдар:** қоғамдық шаруашылықтың нысаны, натуралды шаруашылық, тауарлы шаруашылық, тауар, тауардың қасиеттері, тұтыну құны, айырбас құны, құн, құн заңы, еңбек сипатының екі жақтылығы, қоғамдық қажетті жұмыс уақыты, еңбек өнімділігі, ақша, ақшаның қызметтері, сандық ақша теориясы, т.б.

### 4.1. Нарықтық шаруашылықтың негізгі белгілері. Натуралды және тауарлы шаруашылық

**Қоғамдық шаруашылықтың нысаны** – адамдардың шаруашылық қызметін ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі.

Қоғамдық шаруашылықты жүргізудің тарихи тұрғыдан қалыптасқан 2 әдісі бар:

1) **Натуралды шаруашылық** – қоғамның тек өз қажеттіліктері үшін ғана қажетті өнімдердің жиынтығын өндірумен айналысатын тұйық шаруашылық. Натуралды шаруашылықтың негізгі сипатты белгілері:

- экономикалық қатынастар жүйесінің тұйықтылығы;
- әмбебап қол еңбегіне негізделген өндірістің орын алуы;
- қоғамдық еңбек бөлінісінің жоқ болуы;
- өндіріс пен тұтынудың арасында тікелей экономикалық байланыстардың орын алуы;
- еңбек өнімдерінің айырбасқа түспеуі.

Натуралды шаруашылықтың иемденушілік және ұдайы өндірушілік болып бөлінеді. **Иемденушілік натуралды шаруашылық** –

терімшілік өнері басым болатын, еңбектің қарапайым құралдарын қолданумен, тұтыну деңгейіне кепілдеменің жоқ болуымен және табиғаттың дайын игіліктерін қолданумен байланысты сипатталатын шаруашылық. Кейіннен, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының пайда болуымен байланысты натуралды шаруашылықтың иемденушілік түрі ұдайы өндірушілікке айналды. **Ұдайы өндірушілік натуралды шаруашылық** – табиғаттың дайын игіліктері адам еңбегімен жасалған бірқатар «экономикалық игіліктермен» толықтырылып отыратын, тұтынудың минималды деңгейіне кепілдік беретін және өндіріс терімшілік пен аң аулаушылықты біртіндеп ығыстыратын шаруашылық. Мұндай шаруашылыққа от жағу, ысқылау, тасты қайрау, аралау, бұрғылау сияқты және басқа да әдістерді қолдану, еңбек құралдарының жаңа, аса күрделі түрлері тән болды. Ұдайы өндірушілік шаруашылық адамның табиғат күшіне деген тәуелділігін төмендетіп, материалдық игіліктердің үнемі жаңарып отыруына жағдай жасады.

**2) Тауарлы шаруашылық** – өнімдердің жеке тұтыну үшін емес, олардың айырбастау және сату үшін өндірілуін сипаттайтын шаруашылықтың дамыған түрі. Тауарлы шаруашылықтың негізгі сипатты белгілері:

- экономикалық қатынастар жүйесінің ашықтылығы;
- қоғамдық еңбек бөлінісінің дамуы;
- тауарлар айырбасының орын алуы;
- еңбектің мамандандырылуы;
- өндіріс пен тұтынудың арасындағы жанама экономикалық байланыстардың орын алуы;
- еңбек өнімдері нарыққа сату немесе айырбас үшін түседі және содан кейін тұтынылады.

Натуралды шаруашылық алғашқы қауымдық, құлиеленушілік және феодалдық өндіріс әдісінде басым болды. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауынан еңбек өнімінің бір бөлігі тауарға айнала бастады. Бұл мал шаруашылығының егін шаруашылығынан бөлінуінен туындап, еңбек өнімділігінің өсуіне және өндірушілердегі артық өнімнің құрылуына алып келеді. Ал бұл өз кезегінде, олардың арасында айырбасты тудыруға жағдай жасап, тауар өндірісінің дамуына түрткі болды. Кейіннен, қолөнердің егіншіліктен бөлінуі және сауданың оқшаулануы тұрақты айырбасқа, жеке меншіктің пайда болуына жол ашты.

Тауарлы шаруашылықтың пайда болуына негізінен үш жағдай әсер етті:

1. Терендетілген ең ірі еңбек бөлінісінің және жұмыс күшінің мамандандырылуы.

2. Жеке меншіктің пайда болуы.

3. Тауар өндірушілердің экономикалық жағынан оқшаулануы.

Сондықтан қазіргі нарықтық қатынастар кәсіпкерліктің еркін бәсекелестік пен жеке меншік жағдайында жоғары дамыған тауарлы шаруашылығының негізінде ғана дами түседі.

#### 4.2. Тауардың мәні, қасиеттері, формалары және әртүрлі теориялары

Тауар ерекше экономикалық игілік ретінде кез келген экономикалық жүйенің жасушасы болып табылады. Адам еңбегінің нәтижесі болып табылатын өнім тауарға айнала алады. Себебі ол өзінің ғана емес, басқа адамның тұтынуына арналады, айырбасқа және сату-сатып алуға бағытталады.

**Тауар** – бұл сатуға арналған және айырбас үшін өндірілген адам іс-әрекетінің нәтижесі. Тауардың 2 қасиеті бар:

**1. Тұтыну құны**, тауар осы қасиеті арқылы сатып алушылардың қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыра алу қабілетіне ие бола алады.

**2. Айырбас құны**, яғни тауардың зат бола отырып басқа бір затқа айырбастала алуы.

Тауардың осындай екі қасиетінің болуы оның табиғатының екі жақтылығын көрсетеді. Ол сол тауарға сіңген еңбектің екі жақтылығынан туындайды. Демек, кез келген тауар өндірушінің еңбегі екі жақты сипатқа ие болады: бірінші жағынан, бұл белгілі бір тұтыну құнын жасайтын пайдалы еңбек, ал екінші жағынан, бұл адамның жұмыс күші шығындары, оның нақты түріне тәуелсіз жалпы еңбегі.

Тұтыну құнын жасайтын еңбек **нақты еңбек** деп аталады. Мәселен, ағаш ұстасының нақты еңбегінің нәтижесі – үстел, тігіншінікі – көйлек және т.б. болып табылады. Бірақ ағаш ұстасы да, тігінші де нақты еңбек түріне тәуелсіз қаншама энергия жұмсай отырып, ақыл-ой және дене еңбегін шығындайды. Адамның осындай шығындары тұрғысында барлық еңбек бірдей және ол оның нақты түріне тәуелсіз болып табылады. Мұндай еңбекті **абстрактілі еңбек** деп атайды. Демек, нақты және абстрактілі еңбек – бұл тауарды жасайтын сол бір еңбектің екі жағы.

Нарық жағдайында тауардың құны жеке еңбек шығынымен емес, қоғамдық қажетті еңбек шығынымен және қоғамға қажетті жұмыс күшімен анықталады.

**Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты** – өндірістің қалыпты жағдайында және еңбек өнімділігі мен еңбек қарқындылығының орташа деңгейінде өнімді дайындауға кететін орташа уақыт. Бұл уақыт нарыққа әкелінген тауар массасымен анықталады. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты және тауардың құны еңбек өнімділігінің әсерінен тұрақты түрде өзгеріп отырады. Уақыт бірлігіне шаққандағы өндірілген өнімнің санын **еңбек өнімділігі** деп атайды және ол

$$E_0 \text{ (еңбек өнімділігі)} = Q \text{ (өнім саны)} / T \text{ (уақыт)}$$

формулымен анықталады.

**Еңбек қарқындылығы** – уақыт бірлігіне шаққандағы жұмыс күшінің шығындары. Оны еңбек өнімділігінен ажырата білу қажет.

Еңбек өнімділігінің артуы кезінде уақыт бірлігіне шаққандағы өнімдер саны артады, ал өнімнің құны төмендейді. Еңбек қарқындылығының артуы кезінде өнімдер саны адамның дене шығындарымен бірге өсіп, нәтижесінде өнімнің құны өзгеріссіз қалады. Осыған байланысты, тауардың нарықтық құны еңбектің жеке шығынымен және жеке жұмыс уақытымен анықталмайды, ол қоғамға қажетті орташа жұмыс уақытымен анықталады. Осыны **құн заңы** деп атайды.

Құн заңы тауар өндірісі жағдайында өндірісті реттеудің негізі болып табылады. Құн заңы тауардың құн бойынша айырбасталу үдерісінде көрініс табады. Ол тауардың қоғамға қажетті еңбегінің мазмұнымен өлшенеді. Тауарды құн бойынша сату және сатып алу заң ретінде күшіне енеді.

### **4.3. Ақшаның мәні, болу тарихы, түрлері, қызметтері және әртүрлі теориялары**

Тауарлы шаруашылықтың дамуы ақшаның пайда болуына мүмкіндік берді. Алайда, оның пайда болуы туралы әлі ортақ шешім жоқ.

Ұзақ жылдар бойы ақша символының қызметін сол кездерде тапшы және құнды болып табылатын тауарлар – мал, аң терісі, шай, темекі, балық, күріш және т.б. атқарды. Аймақаралық және халықаралық байланыстардың біртіндеп кеңеюіне байланысты адам баласы ақша ретінде алтын мен күміс сияқты бағалы металлдарды қолдана бастады. Өйткені олар тасымалдауға жеңіл және сақтауға қолайлы болып табылады. Алтын мен күміс монеталардың параллельді түрде айналыста жүруі **биметализм**, ал жалғыз металдың айналыста болуы **монометализм** деп аталады.

Әдетте, екі металл арасындағы құндық арақатынас мемлекет арқылы реттеліп отырды. XIX ғасырға дейін әрекет еткен мұндай жүйенің кемшілігі болып алтын мен күмістің нарықтық құны мен белгіленген құны арасындағы сәйкессіздіктің орын алуы табылды. Бұл салыстырмалы түрде қымбатырақ монетаның айналыстан шығып қалуына алып келді. Екі металлдың бірі екіншісінен арзанырақ болды және арзан металл екіншісін ығыстырып шығарады. Мысалы, алтынмен салыстырғанда күмістің құнсыздануы алтын монетаны тауарға айырбастаудың тиімсіздігіне әкелді.

Тауар айналымының өсуі жаңа ақшалардың пайда болуын қажет етті. Сөйтіп, тауар өндірісі мен айырбастың дамуы ақшаның да дамуына алып келді. Бастапқыда банкнота шығарушы банктер банкноталарды алтынға айырбастау міндеттемесін өз мойындарына алған. Бұл қағаз ақшаларға деген сенімділікті тудырды және ақша айналымының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Қағаз ақшалар алғаш рет XII ғасырда Қытайда пайда болды.

Монометаллизм жалғыз ғана металл айналым құралы қызметін атқаратын ақша жүйесі болып табылады. Бұл жағдайда сол металлға айырбасталатын басқа металлдардан жасалған монеталар да айналыста жүреді. Монометаллизм айналыстағы қандай металлдың негізгі болып табылуына байланысты күміс монометаллизм («күміс стандарт») және алтын монометаллизм («алтын стандарт») болып бөлінеді. «Алтын стандарт» алтын монометаллизмнің классикалық нышаны болып табылады.

**«Алтын стандарт»** - бұл негізгі валютаның рөлін алтын атқаратын, бірақ айналыста оған айырбасталатын ақша белгілері болатын ақша жүйесі. Алтын стандарттың негізгі үш нышаны бар: алтын монеталық, алтын құймалық және алтын девиздік.

**Алтын монета стандарты** жағдайында қағаз ақшалар белгілі бір көлемде алтыны бар ақшаларға еркін айырбасталады.

**Алтын құйма стандарты** кезінде ірі сомадағы банкноталар берілген жағдайда ғана құйма түріндегі алтынға айырбасталады (мысалы, Францияда XX ғасырдың 20-жылдары 215 мың франкіден кем емес сома 12,7 кг. салмақтағы алтын құймаға сәйкес келді; Англияда 1800 фунт стерлингке 12,4 кг. алтын құйма алуға болатын еді).

**Алтын девиз стандарты** банкнотаны тікелей алтынға емес, кейіннен алтын құймаларға айырбастайтындай етіп, басқа елдің валютасына айырбастау мүмкіндігін білдіреді.



Аталған алтын стандарт жүйесі бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін әрекет етті. Ал қазіргі кезде елдің алтын резервтері шетелдегі валюта биржаларындағы ұлттық валютаның құнын сақтау үшін керек.

Кез келген дамыған елде бүгінде ақша айналымы купюра, монеталармен ғана емес, банк есебіндегі құралдар арқылы да көрінеді. Оларды қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе олар арқылы қолма-қолсыз төлемді жүзеге асыруға болады.

Тауар құнының одан әрі дамуымен байланысты, **ақша** бүгінгі күні тауарлардың айырбасталуына ғана қызмет көрсететін техникалық құрал ретінде емес, ол жалпылама эквиваленттілік рөлін атқаратын абсолюттік өтімділікке ие ерекше тауар немесе тауарлардың тауары деп саналады. Кез келген тауар өзінің құнын ақшамен көрсете алады. Олай болса, ақшаның экономикалық категория ретіндегі мазмұнын оның атқаратын қызметтерінен көруге болады.

#### **Ақшаның атқаратын қызметтері:**

**1. Ақшаның құн өлшемі құралы ретіндегі қызметі.** Ақшаның бұл қызметі өндірілетін барлық тауарлардың құнын көрсете алады, нақтырақ айтсақ, тауар құнының ақшалай көрінісін бағалар деп атайды. Осы жерде бағалар сұраныс пен ұсынысқа байланысты тауар құнынан ауытқып отыруы мүмкін.

**2. Ақшаның айналым құралы ретіндегі қызметі.** Ақшалар осы қызметі арқылы қолма-қол нысанда нақты тауар айырбасына делдалдық жасайды. Айналымда жүрген нақты ақша белгілері осы қызметті атқарады.

**3. Ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі.** Бұл қызметті ақша тауарды несиеге (төлем мерзімін ұзарта отырып) сатқан кезде, ақшаны қарызға бергенде, салықты, жер рентасын, жалақыны, дивидендті, пәтер төлемін және басқа да төлемдерді төлегенде атқарады.

**4. Ақшаның жинақтау құралы ретіндегі қызметі.** Болашақ тұтыныстарды қанағаттандыру және ұзақ пайдаланылатын тауарларды (теледидар, жиһаз, білім алу, үй сатып алу, т.б.) сатып алу ақшалар бұл жерде өз айналысын тоқтатып қорланады. Бұл нарық жағдайында кездейсоқ жағдайлардан сақтану үшін әр адамға қандай да бір ақша резервінің болуын қажет етеді.

**5. Ақшаның «әлемдік ақшалар» ретіндегі қызметі.** Бұл жерде әлемнің дамыған елдерінің тұрақты валюталары (доллар, еуро, йена, рубль, т.б.) әлемдік ақшалар қызметін орындайды.

Қазіргі экономикада тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер үш әдіс арқылы жүзеге асырылады:

- а) қолма-қол ақша беру арқылы;
- ә) банктегі есепте жазу арқылы;
- б) бір тұлғаның екінші бір тұлғаға берешек екендігін куәландыратын құжаттар арқылы.

Осыған байланысты төлем құралдарының үш түрі орын алады:

- 1. Қолма-қол ақшалар (банкноталар, монеталар);
- 2. Чектер, ағымдық есептер;
- 3. Қарыз ақшалар (жеке тұлғалардың вексельдері, міндеттемелері).

Ақшаның экономикалық рөлі жоғарыда аталған қызметтерімен ғана шектеліп қоймайды, ақша массасының өзгерісі ұлттық өндіріс көлеміне, жұмысбастылық пен орташа баға деңгейіне де әсер етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
- 2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
- 3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
- 4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
- 5. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
- 6. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
- 7. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
- 8. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
- 9. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
- 10. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.

11. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Проспект, 2011. - 544с.
12. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
13. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
14. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
15. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
16. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
17. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
18. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова. - 6-е изд. - СПб.: Питер, 2006. - 234с.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Қоғамдық шаруашылықты жүргізудің нысандары қандай?
2. Қоғамдық шаруашылықтың негізгі белгілері қандай?
3. Игілік, өнім, тауар және қызмет ұғымдарының айырмашылықтарын көрсетіңіз?
4. Тауар туралы қандай теориялар бар?
5. Тауардың қасиеттері қандай?
6. Еңбек өнімділігі және еңбек қарқындылығы дегеніміз не?
7. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты қалай анықталады?
8. Ақшаның шығу тегі туралы көзқарастар қандай?
9. Ақшаның экономикалық категория ретіндегі мәні қандай?
10. Ақшаның атқаратын қызметтері қандай?
11. Ақшаның теориялары қандай?
12. Ақшаның сандық теориясы дегеніміз не?

## **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** тауар-ақша қатынастарының пайда болуын талқылап, тауар және ақша ұғымдарын жеке-жеке қарастыру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 4.1. Нарықтық шаруашылықтың негізгі белгілері. Натуралды және тауарлы шаруашылық;
- 4.2. Тауар: мәні, қасиеттері, формалары, әртүрлі теориялары;
- 4.3. Ақша: мәні, болу тарихы, түрлері, қызметтері, әртүрлі теориялары.

## **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

- 1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**
- 2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**
- 3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Тауар-ақша қатынастарының Қазақстанда қалыптасуы мен дамуы; Ақшаның шығуы мен пайда болу тарихы; Қазіргі электрондық ақшалар жүйесі.

- 4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Қызмет көрсету ерекше экономикалық игілік ретінде.
- 2) Еңбек құнының теориясы.

## **5. Жаттығулар:**

1) Сіздің қолыңызда 1 млн. долларға тең қолма-қол ақша бар, ал сіздің досыңызда құны 1 млн. долларға бағаланатын қаланың сыртында үйі бар. Кімнің мүлiгi аса жоғары өтiмдiлiкке ие болып табылады? Аса жоғары өтiмдi әдiспен мүлiктi сақтау әрқашанда ұтымды болып табыла ала ма?

2) Мына көрсетiлген жағдайлар ақшаның қандай қызметтерiн орындайды:

- а) банктегi Сiздiң депозитiңiз;

- ә) көлікті несиеге сатып алу;
- б) базардан көкөніс сатып алу;
- в) шәкіртақы алу;
- г) дүкенде сатылатын тұрмыстық техниканың прайс-парағы;
- ғ) жер телімін сату;
- д) студенттік асхананың тағам мәзірі.

### **6. Тест тапсырмалары:**

- 1. Экономикалық игіліктер дегеніміз – бұл:**
  - A) Айырбасқа арналған шикізат өнімдер
  - B) Тұтынуы өндіріспен сәйкес келетін материалдық қызмет нәтижесі
  - C) Қажеттілікті қанағаттандыратын тауарлар мен қызметтер
  - D) Өндіріс факторлары
  - E) Өндіргіш күштер
- 2. Тауарлы шаруашылықтың қалыптасуының негізгі себептері қандай?**
  - A) Қоғамдық еңбек бөлінісінің және айырбастың дамуы
  - B) Мемлекеттік басқарудың күшеюі
  - C) Қалдықсыз өндірістердің пайда болуымен байланысты
  - D) Несиелік ақшалардың дамуы
  - E) Ірі өндіруші – монополистердің пайда болуы
- 3 Өтімділік дегеніміз – бұл:**
  - A) Тарихи қалыптасқан ақша айналысын ұйымдастыру формасы
  - B) Ақша айналымының жылдамдығы
  - C) Қандай да бір активтің айырбас құралына тез айналуы
  - D) Ақшаның тез құнсыздануы
  - E) Ақша жүйесінің элементі
- 4. Тарихи қалыптасқан және мемлекеттің заңымен бекітілген ақша айналысын ұйымдастыру формасы:**
  - A) Ақша жүйесі B) Ақша айналымы C) Ақша массасы
  - D) Ұлттық валюта E) Ұлттық және шетел валюталары
- 5. Құн өлшемі – ...:**
  - A) Табыс B) Шығын C) Баға D) Тепе-теңдік баға E) Икемділік
- 6. Пәтер сатып алу үшін сіз коммерциялық банктен несиеленесіз. Бұл жерде ақша қандай қызмет атқарады?**
  - A) Құн өлшеуші B) Айналым құралы C) Төлем құралы
  - D) Жинақтау құралы E) Есеп құралы
- 7. Ақшаның толық анықтамасы:**
  - A) Адамдар арасындағы келісім өнімі
  - B) Тауар айырбасына түсетіннің барлығы

- С) Ликвидтілікке ие тауарлардың барлығы  
 D) Жалпы эквиваленттік пен абсолютті өтімділікке ие ерекше тауар  
 E) Өтімділігі жоқ тауарлар
- 8. Тауарлы шаруашылықтың қалыптасуына не себеп болды?**  
 A) Ресурстарды еркін айырбастау  
 B) Әртүрлі шаруашылық субъектілердің бар болуы  
 C) Машина өндірісінің қалыптасуы  
 D) Қоғамдық еңбек бөлінісі  
 E) Тұтынудың өсуі
- 9. Төмендегі келтірілгендердің қайсысы тауар болып келеді:**  
 A) Табиғаттың сыйлары B) Жер C) Айырбастауға арналған еңбек өнімі  
 D) Зауыт ішіндегі айналымның шикізаттары E) Жұмыс күші
- 10. Қызмет көрсету салаларында орын алатын бағаның түрі:**  
 A) Бөлшек сауда бағасы B) Көтерме сауда бағасы C) Тарифтер  
 D) Прейскуранттық бағалар E) Тарифтік бағалар мен прейскуранттық бағалар
- 11. Тарихта монометализмнің қандай түрлері болған?**  
 A) Мыс, күміс, алтын B) Күміс пен алтын C) Алтын, күміс, қола  
 D) Тек қана алтын болған E) Тек қана күміс болған
- 12. К. Маркс өзінің ғылыми зерттеуін неден бастады?**  
 A) Қосылған құнды талдаудан B) Тауарды талдаудан  
 C) Еңбектің құнын анықтаудан D) Ақшаның табиғатын зерттеуден  
 E) Экономикалық дағдарыстардың себептерін дәлелдеуден
- 13. Экономикалық игіліктер ұғымын алғаш кім ғылымға енгізген?**  
 A) Италиян экономисі А. Пезенти B) Ағылшын экономисі А. Пезенти  
 C) Ағылшын экономисі У. Петти D) А. Маршалл E) К. Маркс
- 14. Тауар дегеніміз не?**  
 A) Әртүрлі тұтынушылық құндар  
 B) Айырбас үшін өндірілген өнім  
 C) Белгілі игіліктердегі адамдардың қажеттілігі  
 D) Әртүрлі игіліктер мен қызметтердің құнын өлшеу құралы  
 E) Өндіріс шығынының бағасы
- 15. Қандай шарт нарықтық шаруашылықтың қалыптасып, қызмет етуіне кедергі болады?**  
 A) Қоғамдық еңбек бөлінісі

- В) Экономика субъектілерінің экономикалық бейімделуі
- С) Өндіру мен бөлуді қатаң басқару жүйесі
- Д) Кәсіпкерлік субъектілерінің тәуелсіздігі
- Е) Өндіріс

**16. Мыналардың қайсысы экономикалық игілікке жатпайды?**

- А) Сүңгуір қайық В) Демалыс және көңіл көтеру орындары
- С) Жел энергиясы Д) Білім беру Е) Су

**17. «Әлемдік ақшалар» – ақшаның қызметін:**

- А) Алтын мен күмістер атқарады В) Бағалы қағаздар атқарады
- С) Қолма-қол ақшалар атқарады Д) Дамыған елдердің валюталары атқарады Е) Әлемдегі барлық елдердің валюталары атқарады

**18. Натуралды шаруашылық кезінде өнім:**

- А) Айырбас жасау үшін өндіріледі
- В) Тек мемлекеттің арнайы тапсырыс үшін ғана өндіріледі
- С) Жеке тұтыну үшін өндіріледі
- Д) Сауда-саттық үшін өндіріледі
- Е) Жеке тұтыну үшін де, сату үшін өндіріледі

**19. Ақша экономикалық категория ретінде – бұл:**

- А) Жалпылама эквивалент қызметін атқаратын тауар
- В) Басқа тауарға қарай құнын анықтайтын тауар
- С) Алтынмен құнын анықтайтын тауар
- Д) Алтын және күміс
- Е) Тауар айырбасына қызмет атқаратын құрал

**20. Ақшаның қандай қызметі баға ұғымын білдіреді?**

- А) Құн өлшеу қызметі В) Қор жинау қызметі С) Әлемдік ақша қызметі Д) Төлем құралы қызметі Е) Айналыс құралы қызметі

**21. Экономиканы ұйымдастырудың формасы – натуралды шаруашылық, ол қалай сипатталады:**

- А) Еңбек өнімдері нарықта айырбас үшін өндіріледі
- В) Өндірушілердің интеграциясы, яғни бірігіп жұмыс істеуі орын алады
- С) Өнімдер өзіндік тұтыну үшін, яғни ішкі шаруашылықтар үшін өндіріледі
- Д) Өндірушілердің белгілі бір өнімнің түрін өндіруде мамандануы
- Е) Ешқандай дұрыс жауабы жоқ

**22. Айырбастың мақсаты не?**

- А) Эквивалентсіз айырбас жолымен пайда табу
- В) Өндірушінің өзі өндірмейтін қажетті игіліктерді тұтыну және қанағаттандыру

- C) Ішкі шаруашылық тұтыну мақсатында материалдық игіліктерді өндіру  
D) Өз еңбегімен өндірілетін игіліктерді тұтыну  
E) Барлық жауаптары дұрыс берілген
- 23. Тауардың құнына не жатады?**  
A) Тауар өндірісіне жұмсалған еңбек B) Тауардың пайдалы қасиеті  
C) Басқа тауарға айырбасталуы D) Тауардың сиректілігі  
E) Адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру қасиеті
- 24. Қандай да бір активтің айырбас құралына тез айнала алу қабілеті:**  
A) Өткізгіштік B) Өтімділік C) Қозғалғыштық  
D) Ақшаның айналу жылдамдығы E) Айырбас жылдамдығы
- 25. Доллар, еуро, йена, т.б. – бұлар:**  
A) Бұлардың құны бүгінгі күні төмендеп барады  
B) Бірін бірі толықтырып отыратын валюталар  
C) Ақшаның «әлемдік ақшалар» ретіндегі қызметін атқарады  
D) Бұлардың арасында қазір бәсеке күшті  
E) Әлемдегі ең тұрақты валюталар
- 26. Мануфактура дегеніміз не?**  
A) Өндірісте адамның қол еңбегі көптеп жұмсалатын және машинасыз еңбек бөлінісіне негізделген кооперация  
B) Өндірісте адамның еңбегі аса аз жұмсалатын, әрі техникалық еңбек бөлінісіне негізделген жай кооперация  
C) Өндірісте адамның еңбегі мүлдем қолданылмайтын және техникке негізделген ірі кооперация  
D) Өндірістің жаңа технологиялық әдісін сипаттайтын фабриканың аса сапалық түрі  
E) Ірі машиналы өндіріске негізделген фабрикалы өндірістік кооперация
- 27. Ақшаның металлдық теориясы қандай экономикалық мектеппен байланысты?**  
A) Аристотель мектебімен B) Маржинализм C) Меркантилизм  
D) Жаңа классикалық теория E) Кейнстік
- 28. Тауарлы шаруашылықтың қалыптасуына не себеп болды?**  
A) Машина өндірісінің қалыптасуы  
B) Жаңа қажеттіліктердің пайда болуы  
C) Қоғамдық еңбек бөлінісі  
D) Тұтынудың өсуі  
E) Ресурстарды еркін айырбастау



- 29. Мына көрсеткіштердің қайсысы ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметін сипаттайды?**  
А) Баға В) Өзіндік құн С) Капитал мен еңбек  
D) Сұраныс пен ұсыныс Е) Жалақы
- 30. Тарихта монометализмнің алтын металлына бағаланған түрі қай елде жүргізілген:**  
А) Англияда В) Голландияда С) Ресейде  
D) Ежелгі Римде Е) Қытайда
- 31. Ақшаның сандық теориясының теңдеуі:**  
А)  $MU = PY$   
B)  $MV = PY$   
C)  $MV = PV$   
D)  $M = PY/V$   
E)  $V = PY/M$
- 32. Ақшаның сатып алу қабілеті дегеніміз не?**  
А) Ақшаның тауарды сатып алу жылдамдығы  
B) Ақшаның құндылығы  
C) Ақша бірлігіне сатып алынатын тауар мен қызметтің мөлшері  
D) Ақша айналымының жылдамдығы  
E) Ақшаның қажеттілігі
- 33. Тарихта монометализмнің мыс металлына бағаланған түрі қай елде жүргізілген:**  
А) Қытайда В) Ресейде С) Ежелгі Римде  
D) Англияда Е) Испанияда
- 34. Ақшаның номиналистік теориясына сәйкес: «ақша дегеніміз – бұл...»:**  
А) Бағалылығын мемлекет бекітетін шартты белгі  
B) құны табиғатпен сипатталатын алтын мен күміс  
C) ұлттық валюталық қатынастар  
D) тауар айналымына қажетті санмен өлшенетін құралдар  
E) қазіргі заманғы электрондық ақшалар
- 35. Қызмет көрсету салаларында орын алатын бағаның түрі:**  
А) Тарифтік бағалар мен прейскуранттық бағалар  
B) Прейскуранттық бағалар С) Бөлшек сауда бағасы  
D) Тарифтер Е) Көтерме сауда бағасы
- 36. Несиелік ақшаларға не жатпайды?**  
А) Қолма-қол емес ақшалар В) Электронды ақшалар  
C) Пластикалық карточкалар D) Чектер Е) Қолма-қол қағаз ақшалар

- 37. Натуралды қоғамдық шаруашылықта мынадай сатылар орын алуы тиіс, яғни:**
- A) Өндіру-бөлу-айырбастау-тұтыну
  - B) Өндіру-бөлу-тұтыну
  - C) Өндіру-айырбастау-тұтыну
  - D) Өндіру-бөлу-айырбастау
  - E) Тұтыну-өндіру
- 38. Тауарлы қоғамдық шаруашылықтың сатылары мынадай болуы тиіс, яғни:**
- A) Өндіру-бөлу-айырбастау-тұтыну
  - B) Тұтыну-айырбастау-бөлу-өндіру
  - C) Құн-баға-бөлшек-көтерме баға
  - D) Қажеттілік-ресурс-технология-өнім
  - E) Өзіндік құн-үстеме құн
- 39. Ақшаның жинақтау құралы ретіндегі қызметі қай уақытта орындалады?**
- A) Ұзақ мерзімде пайдаланатын тауарларды (көлік, теледидар, станок) сатып алу кезінде
  - B) Қысқа мерзімде пайдаланатын тауарлармен айырбас жүргізу кезінде
  - C) Салықтарды төлеу кезінде
  - D) Дамыған елдердегі тұрақты валютаның түрін сипаттауда
  - E) Несиелік және электрондық ақшалардың айналымда азаюы кезінде
- 40. Өзіндік құн дегеніміз – бұл:**
- A) Жаңадан жасалған үстеме құн
  - B) Өнім өндірудегі кәсіпорын шығынының ақшалай көрінісі
  - C) Абстракциялық еңбек шығыны
  - D) Тірі еңбек шығыны
  - E) Жеке еңбек шығыны

## 5-тақырып

### НАРЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМ. СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС ТЕОРИЯЛАРЫ

**Мақсаты:** нарық ұғымына анықтама бере отырып, оның түрлеріне, қызметтеріне, принциптеріне тоқталу, оның негізгі элементтерін, соның ішінде сұраныс пен ұсыныс теориясын, икемділіктің мәнін жан-жақты талқылау.

#### Талқылау сұрақтары:

- 5.1. Нарықтың мәні, негізгі элементтері және әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты түрлері;
- 5.2. Нарықтың атқаратын қызметтері мен принциптері;
- 5.3. Инфрақұрылым және нарықтық инфрақұрылым;
- 5.4. Сұраныс пен ұсыныс: мәні, әсер ететін факторлары, заңдары, қисықтары. Нарықтық тепе-теңдік;
- 5.5. Икемділік ұғымы. Сұраныс пен ұсыныс икемділігі.

**Негізгі ұғымдар:** нарық, «көрінбейтін қол», нарықтың түрлері, нарық элементтері, нарықтың принциптері, сұраныс, сұраныс детерминанттары, сұраныс заңы, ұсыныс, ұсыныс детерминанттары, ұсыныс заңы, нарықтық тепе-теңдік, тепе-теңдік баға, тепе-теңдік көлем, артықшылық, тапшылық, икемділік, икемділік коэффициенті, сұраныс икемділігі, ұсыныс икемділігі, сұраныстың баға бойынша икемділігі, сұраныстың табыс бойынша икемділігі, сұраныстың қиылысқан икемділігі, т.б.

#### 5.1 Нарықтың мәні, негізгі элементтері және әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты түрлері

Жалпы нарық немесе рынок деген ұғымды классикалық саяси экономия бағытының негізгі өкілі Адам Смиттің (1723-1790 жж.) «көрінбейтін қол» қағидасымен байланыстыруға болады. Оның айтуынша, «**көрінбейтін қол**» – бұл сатушылар мен сатып алушылардың өзара әрекеттерін тиімділікке жетелейтін автоматты өзін-өзі реттеу механизмі, өндірушілердің пайдасын арттыруға және тұтынушылардың пайдалылығын максималдауға итермелейтін күш және мәжбүрлейтін бәсекелік күрес. Сондықтан классикалық бағытқа сәйкес, нарық өзін өзі автоматты түрде реттейтін механизм

деген тұжырым қалыптасқан. Нарық деген ұғымға бірнеше анықтама беруге болады.

**Нарық (рынок)** дегеніміз 1) тауарлар мен қызметтерді сату және сатып алумен байланысты барлық экономикалық қатынастар жиынтығы;

2) өзара айналым сферасын сипаттайтын тауар-ақша қатынастары;

3) сатушылар мен сатып алушылардың мүдделерін келістіріп отыратын сиқырлы құрал немесе тетік;

4) тауарлар мен қызметтер арқылы кез келген салада әрекетке түсетін экономикалық агенттердің кез келген жағдайда өзара үйлесім табуы;

5) сұраныс, ұсыныс және баға арқылы өзін өзі реттейтін механизм. Міне осы түсініктерге байланысты нарық жағдайында, сұраныс пен ұсыныстың бітпейтін өзара әрекеттестігі сипатталады.

Нарықтың пайда болу жағдайын ең алдымен мыналар анықтайды:

1) Қоғамдық еңбек бөлінісі.

2) Өндірушілердің дербестілігі және экономикалық таңдаудың еркіндігі.

3) Өндірушілердің жеке меншік шеңберіндегі экономикалық оқшаулануы.

Нарық құрылымының әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты түрлері орын алады:

1) Нарықтық қатынас объектілерінің экономикалық мүдделері бойынша:

- тауарлар мен қызметтер (игіліктер) нарығы;
- өндіріс факторларының нарығы, соның ішінде, еңбек нарығы, капитал нарығы және жер нарығы;
- қаржы нарығы;
- ақпарат нарығы.

2) Географиялық орналасуы бойынша:

- жергілікті нарық;
- аймақтық нарық;
- ұлттық нарық;
- дүниежүзілік нарық.

3) Бәсекенің шектелу деңгейі бойынша:

- жетілген бәсеке нарығы;
- монополиялық нарық;
- олигополиялық нарық;
- монополистік бәсеке нарығы.

- 4) Салалар бойынша:
  - автомобиль нарығы;
  - компьютер нарығы, т.б.
- 5) Сатылу сипаттамасы бойынша:
  - көтерме сауда нарығы;
  - бөлшек сауда нарығы;
  - фьючерстік сауда нарығы.
- 6) Заң нормаларына сәйкестігі бойынша:
  - ресми нарық;
  - ресми емес (көлеңкелі) нарық.

## **5.2. Нарықтың атқаратын қызметтері мен принциптері**

Нарықтың мазмұнын оның атқаратын қызметтерінен толық көруге болады. Нарықтың атқаратын негізгі қызметтері:

**1) Нарықтың ақпараттық қызметі** – нарықтың экономиканың қазіргі жағдайлары туралы маңызды мәліметтерді тарата алуы. Бұл жерде нарық арқылы өнім өндіруге кеткен шығындар, олардың бағаларының ауытқуы, сатылуы мен сатып алынуы сияқты ақпараттар үнемі ағылып отырады.

**2) Нарықтың делдалдық қызметі** – нарықтың тұтынушыға өзіне қолайлы сатушыны тауып беруіне және өндірушіге өзіне пайдалы сатып алушыны таңдай алуына мүмкіндік жасау қабілеті. Бұл жерде нарық арқылы сатып алушылар мен сатушылардың байланысы орнап екі жақты операциялар жасалынып отырады.

**3) Нарықтың баға белгілеушілік қызметі** – нарықтың тек қоғамға ғана қажетті шығындарды қабылдауды және төлеуді талап етуі. Бұл жерде нарық арқылы өнімдер мен қызметтерге баға белгілеу жүзеге асырылады. Баға сұраныс пен ұсыныстың әсерінен ауытқып отырады.

**4) Нарықтың реттеушілік қызметі** – нарықтың ақша қаражаттарының тиімсіз саладан тиімді салаға көшуін қамтамасыз етіп болашағы бар салалардың дамуына жағдай жасауы. Бұл жерде нарық арқылы қоғамдық өндірісті реттеу не, қалай және кім үшін деген мәселелерді шешу жолымен жүзеге асырылады.

**5) Нарықтың сауықтырушылық қызметі** – нарықтың қоғамдық өндірісті бәсекеге төтеп бере алмайтын, әлсіз, икемсіз және қабілетсіз кәсіпкерлерден тазарта отырып бәсекеге жарамды аса белсенділер мен тапқырларға жол ашып отыруы.

Нарықтың осындай қызметтері арқылы жұмыс істеу механизмі басты үш принципке негізделеді:

**1) Маржиналды (шекті) талдау принципі** – нарық субъектілерінің, тұтынушылар мен өндірушілердің өздерінің шектеулі мүмкіндіктері тең болғанша дейін қосымша пайда алуға және қосымша пайдалылықты сезінуге әрдайым ұмтыла беруін сипаттайтын мінез-құлықтың қағидасы. Бұл жерде оларға орташа шамалар емес, шекті шамалар шешуші әсер етеді.

**2) Баламалы (экономикалық) таңдау принципі** – берілген шығындар деңгейінде қоғамның қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыру мақсатының орындалуы кезінде бірдей баламалы нұсқалардың ішінен ең дұрысын және жақсысын таңдап алу. Бұл жерде нарық субъектілері тікелей шығындары мен жіберіп алған мүмкіндіктерін немесе алынбаған пайдаларын салыстырып отырады, яғни, осындай қағиданың орын алуы нарық субъектілерінің қолда бар мүмкіндіктерді тиімдірек пайдаланудың жолын іздеуге итермелейді.

**3) Экономикалық ұтымдылық принципі** – рационалды субъектінің өз алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген шығындар деңгейінде немесе ең аз шығынмен максималды нәтижелілікке жетуіндегі ұтымды шешім қабылдау әрекеті мен мінез-құлқы. Бұл жерде нарықтың әрбір субъектісі аса жоғары көрсеткішке жетуіне тырысады: тұтынушы өз қажеттіліктерін максималдауды, фирма өз пайдасын арттыруды, мемлекет халықтың әл-ауқатын көтеруді мақсат етеді.

Осы аталған принциптер негізінде нарық механизмі сұраныс пен ұсыныс сияқты қарама-қарсы күштерді және нарықтық бағаларды пайдалануға негізделген нарықтық тепе-теңдікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **5.3. Инфрақұрылым және нарықтық инфрақұрылым**

**Инфрақұрылым** – бұл қоғамдық өндірістің қалыпты жұмыс істеуі үшін фирмалардың қызметіне және тұрғындардың өмір-тіршілігіне әсер ететін шаруашылық ұйымдарының және коммерциялық емес мекемелердің кешенді жүйесі.

Экономикада инфрақұрылымның мынадай түрлері қалыптасқан:

**1. Өндірістік инфрақұрылым** – бұл өндірістік қызметтер мен халық шаруашылығындағы экономикалық айналымды қамтамасыз ететін салалар мен салаішілік салалардың жиынтығы. Өндірістік инфрақұрылымның құрамына өндіріске қызмет көрсететін көліктердің барлық түрлері, өндіріске қызмет көрсететін байланыс құралдары,

материалдық-техникалық жабдықтау, тауарлар қозғалысының жүйесі, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және өткізу, электр қуатының объектілері, т.б. кіреді. Инфрақұрылымның бұл түрі қоғамдық өндірістің тиімді жұмыс істеуі мен оны орналастыру үшін жалпы жағдайлар жасайды.

**2. Әлеуметтік инфрақұрылым** – бұл халықтың дұрыс өмір сүруі үшін материалдық, мәдени-тұрмыстық, рухани жағдайларды қамтамасыз ететін салалардың және салаішілік салалардың жиынтығы. Бұл әртүрлі қызмет көрсетулер мен рухани игіліктерді өндіру аясы. Әлеуметтік инфрақұрылымның құрамына мыналар жатқызылады: халыққа білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт, мәдениет пен өнер, бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету, жолаушылар көлігі, халыққа қызмет көрсету орталықтары, т.б.

**3. Нарықтық инфрақұрылым** – бұл ерекше нарықтар ретінде әрекет ететін және олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін институттардың өзара байланысқан жиынтығы. Нарықтық инфрақұрылымның құрамына мыналар жатады: банктер, сақтандыру компаниялары, тауар және қор биржалары, еңбек биржалары, сауда үйлері, көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындары, жәрмеңкелер мен көрмелер, аукциондар, делдалдық құрылымдар, сауда-өнеркәсіп палаталары, кедендік мекемелер, ақпарат орталықтары, жарнамалық агенттіктер, заң қызметтері, т.б.

#### **5.4. Сұраныс пен ұсыныс: мәні, әсер ететін факторлары, заңдары, қисықтары. Нарықтық тепе-теңдік**

**Сұраныс** – төлем қабілеттілігі бар қажеттілік. Сұраныс тұтынушылардың белгілі бір уақытта берілген баға бойынша тауарлар мен қызметтердің берілген көлемін сатып алуға деген дайындығын көрсетеді.

Сұраныстың мәнін толық түсіну үшін төмендегідей ұғымдарды енгіземіз:

**1. Сұраныс заңы** – игіліктің бағасы мен сол игілікті сатып алу көлемі арасындағы кері байланысты сипаттайтын нарықтық ұстаным. Игіліктің бағасы өскен сайын сатып алу көлемі азайып, тұтынушылардың сатып алушылық қабілеті төмендейді. Және керісінше, игіліктің бағасы төмендеген сайын сатып алу көлемі ұлғайып, тұтынушылардың сатып алушылық қабілеті артады.

**2. Сұраныс бағасы** – тұтынушылардың берілген игіліктің көлемін сатып алу үшін төлеуге дайын және төлей алатын максималды бағасы. Тұтынушылар бұл жерде игілікті сатып алуда өздерінің мүмкіндіктерін толық көрсете алуы керек, яғни нарықта қолындағы қаражатын толық жұмсай алуы тиіс.


**3. Сұраныс көлемі** – тұтынушылардың ағымдағы бағамен берілген уақыт бірлігінде сатып алғысы келетін игіліктерінің максималды саны. Нарық жағдайында тұтынушылар игіліктердің берілген жиынын тұтынады деген болжам жасалады.

**4. Сұраныс функциясы** – сұранысқа әсер ететін әртүрлі факторлардың өзгеруінен сол сұраныс көлемінің өзгеру сипатын бейнелейтін тәуелділік. Әрине сұранысқа әсер ететін маңызды фактор баға болып табылады. Сонымен қатар, сұранысқа әсер ететін бағалық емес факторлар да бар: а) тұтынушылардың табысы; ә) алмастырушы және толықтырушы тауарлардың бағасы; б) тұтынушылардың талғамы; в) алдағы уақытты немесе болашақты күту; г) нарықтағы тұтынушылардың саны, т.б. Сұранысқа және сұраныс көлеміне әсер ететін барлық факторларды **сұраныс детерминанттары** деп те атайды. Сұраныс барлық осы факторлардың функциясы болып табылады:

$$Q_D = f(P, I, Z, W, P_{sub}, P_{com}, N, B),$$

мұндағы,  $Q_D$  – сұраныс;  $P$  – баға;  $I$  – табыс;  $Z$  – талғамдар мен қалаулар;  $W$  – күтулер (waiting);  $P_{sub}$  – алмастырушы (субститут) тауарлардың бағасы;  $P_{com}$  – толықтырушы (комплементарлы) тауарлардың бағасы;  $N$  – сатып алушылардың саны;  $B$  – басқа да факторлар.


**5. Сұраныс қисығы** – сұраныс заңының графикалық көрінісі. Ол тұтынушылардың әртүрлі бағаларда сатып ала алатын игіліктерінің көлемін көрсетеді. Сұраныс қисығы теріс көлбеулі болып табылады.



5.1-сурет. Сұраныс қисығы



Сұранысқа әсер ететін факторларға байланысты сұраныс қисығы өзгеріске ұшырайды. Баға факторы әсер еткенде сұраныс көлемі өзгеріп қисықтың бойында өзгеріс орын алады. Мысалы, игіліктің бағасы өскенде сұраныс көлемі қысқарады немесе баға төмендегенде сұраныс көлемі артады. Бірақ біз баға өзгергенде бағалық емес факторларды тұрақты деп болжаймыз. Ал бағадан тыс факторлар әсер еткенде сұраныстың өзі өзгеріп, қисық оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, тұтынушылардың табысы өссе, онда сұраныс кеңейіп қисық оңға жылжиды немесе табыс қысқарса, онда сұраныс төмендеп қисық солға жылжиды. Бірақ біз бағалық емес факторлар өзгергенде бағалық факторды тұрақты деп болжаймыз. Осыларды төмендегі суреттерден көруге болады.



5.2-сурет. Сұраныс қисығының өзгеруі

Сонымен, сұранысқа бағалық фактор әсер еткенде сұраныс көлемі, бағалық емес факторлар әсер еткенде сұраныстың өзі өзгереді. Сондықтан сұраныс көлемінің өзгеруі мен сұраныстың өзгеруін шатастырмау қажет.

**Ұсыныс** – сатушылардың белгілі бір уақытта игіліктердің берілген көлемін белгілі бір баға бойынша нарықта сатуға деген даярлығы немесе сата алу қабілеті.

Ұсыныстың мәнін толық түсіну үшін төмендегідей ұғымдарды енгіземіз:

**1. Ұсыныс заңы** – игіліктің бағасы мен сол игілікті сату көлемі арасындағы тура байланысты сипаттайтын нарықтық ұстаным. Нарықта баға жоғары болғанда, сатушылар игіліктерді сату көлемін арттырады. Және керісінше, нарықта баға төмендегенде, сатушылар игіліктерді сату көлемін қысқартады.

**2. Ұсыныс бағасы** – сатушының нарық жағдайында берілген игіліктің көлемін сатуға дайын минималды бағасы.


**3. Ұсыныс көлемі** – нарықтағы барлық сатушылардың берілген уақыт мезетінде сатқысы келетін немесе сатуға дайын игіліктерінің жалпы саны.

**4. Ұсыныс функциясы** – ұсынысқа әсер ететін әртүрлі факторлардың өзгеруінен сол ұсыныс көлемінің өзгеру сипатын бейнелейтін тәуелділік. Өндірушілердің берілген игіліктерді сатуға дайындығы ұсыныс детерминанттарымен сипатталады. **Ұсыныс детерминанттары** деп нарық жағдайында ұсынысқа немесе сатушылардың сату қабілетіне әсер ететін бағалық және бағалық емес факторларды айтамыз. Ол факторлар мыналар: а) сол тауардың берілген уақыт мезетіндегі бағасы; ә) өндіріс факторларының (ресурстардың) бағалары; б) өндірісте қолданылатын технологияның сипаты; в) болашақ бағаны және тапшылықты күту; г) салықтар мен субсидиялардың көлемі; ғ) сатушылардың саны; т.б. Ұсыныс көлемі барлық осы факторлардың функциясы болып табылады:

$$Q_s = f(P, Pr, K, T, N, B),$$


мұндағы,  $Pr$  – ресурстардың бағалары;  $K$  – технология;  $T$  – салықтар мен субсидиялар;  $N$  – сатушылардың саны;  $B$  – басқа да факторлар.

**5. Ұсыныс қисығы** – ұсыныс заңының графикалық көрінісі. Ол сатушылардың әртүрлі бағаларда сата алатын игіліктерінің көлемін көрсетеді. Ұсыныс қисығы әдетте, оң көлбеулі болып табылады.



**5.3-сурет.** Ұсыныс қисығы

Ұсынысқа әсер ететін факторларға байланысты ұсыныс қисығы өзгеріске ұшырайды. Баға факторы әсер еткенде ұсыныс көлемі өзгеріп қисықтың бойында өзгеріс орын алады. Мысалы, игіліктің бағасы өскенде ұсыныс көлемі де өседі немесе баға төмендегенде ұсыныс көлемі қысқарады. Бірақ, біз баға өзгергенде бағалық емес факторларды тұрақты деп болжаймыз. Ал бағадан тыс факторлар әсер еткенде ұсыныстың өзі өзгеріп, қисық оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, ресурстардың бағасы төмендесе, онда ұсыныс кеңейіп қисық оңға жылжиды немесе ресурстардың бағасы өссе, онда ұсыныс төмендеп қисық солға жылжиды. Бірақ біз бағалық емес факторлар өзгергенде бағалық факторды тұрақты деп болжаймыз. Осыларды төмендегі суреттерден көруге болады.




5.4-сурет. Ұсыныс қисығының өзгеруі

Сонымен, ұсынысқа бағалық фактор әсер еткенде ұсыныс көлемі, бағалық емес факторлар әсер еткенде ұсыныстың өзі өзгереді. Сондықтан ұсыныс көлемінің өзгеруі мен ұсыныстың өзгеруін шатастырмау қажет.

Сұраныс пен ұсыныс тарапынан сатып алушылар мен сатушылардың ортақ мүдделерінің келістірілуі нарықтық тепе-теңдіктің орнауына алып келеді.

**Нарықтық тепе-теңдік** – берілген баға бойынша игіліктерге деген сұраныс көлемі оның сол игіліктің ұсыныс көлеміне тең болған кезіндегі орын алатын нарықтың қалыптасқан жағдайы. Нарықтық тепе-теңдіктің қалыптасуы үшін тепе-теңдік баға және тепе-теңдік көлем қажет. **Тепе-теңдік баға** – сатып алушылар мен сатушылардың өзара әрекеттері нәтижесіндегі сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасын теңестіретін ортақ баға. **Тепе-теңдік көлем** – сатып алушылар мен сатушылардың өзара әрекеттері нәтижесінде сұраныс көлемі мен ұсыныс көлемін теңестіретін ортақ сату және сатып алу көлемі.

Сұраныс пен ұсыныстың өзара әсерлесуін сипаттайтын нарықтық тепе-теңдікті төмендегі сурет сипаттайды.



5.5-сурет. Нарықтық тепе-теңдік


Суреттен көріп отырғанымыздай,  $E$  нүктесінде нарықтық тепе-теңдік орнайды. Мұндағы,  $P_E$  – тепе-теңдік баға, ал  $Q_E$  – тепе-теңдік көлем болып табылады. Нарықтық тепе-теңдік кезінде экономикалық субъектілер өз мақсаттарына жетеді, сатып алушылар да, сатушылар да ұтады, яғни тұтынушы өз қажеттіліктерін толық қанағаттандырады, ал фирмалар пайдасын мейлінше арттырады.

Алайда, нарық әрдайым өзінің тепе-теңдік жағдайынан ауытқып отырады, бұл қазіргі тәжірибеде нарықтық тепе-теңдіктің әрқашанда орындала бермейтіндігін білдіреді. Нарықтық тепе-теңдіктің ауытқуының екі түрі орын алады:

**1. Артықшылық** – нарықтық баға тепе-теңдік бағадан жоғары болғанда ұсыныс көлемінің сұраныс көлемінен артып кетуі.

**2. Тапшылық** – нарықтық баға тепе-теңдік бағадан төмен болғанда сұраныс көлемінің ұсыныс көлемінен артып кетуі.

Осыларды төмендегі сурет арқылы сипаттауға болады.



5.5-сурет. Нарықтық тепе-теңдік

Егер  $P_1$  нарықтық бағасы тепе-теңдік бағадан жоғары болса, онда тауарлардың артықшылығы орын алады. Ал егер  $P_2$  нарықтық бағасы тепе-теңдік бағадан төмен болса, онда тауарлардың тапшылығы орын алады.

Баға механизмі арқылы бұл екі құбылысты жоюға болады. Біріншіден, тауар артықшылығынан құтылу үшін сатушылар бағаны төмендетіп сату көлемін қысқартады, бағаның төмендеуі сатушылар үшін тиімсіз, ал сатып алушылар үшін тиімді. Олай болса, артық қалған тауарларды төмен бағамен тезірек сатып жіберу үшін сатушылар арасында бәсекелестік туындайды. Екіншіден, тауар тапшылығынан құтылу үшін сатушылар бағаны көтеріп сату көлемін ұлғайтады, бағаның көтерілуі сатушылар үшін тиімді, ал сатып алушылар үшін тиімсіз. Олай болса, тапшы тауарларды жоғары бағамен тезірек сатып алу мақсатында сатып алушылар арасында бәсекелестік туындайды.

## 5.5. Икемділік ұғымы. Сұраныс пен ұсыныс икемділігі

Экономикалық субъектілердің бағаның және табыстың өзгеруіне деген мүмкін реакцияларын зерттеуде икемділік теориясы маңызды рөл атқарады.

**Икемділік** – бір айнымалы өлшемнің өзгеруіне байланысты екінші бір айнымалы өлшемнің өзгеріске ұшырау реакциясының дәрежесі. Икемділіктің сандық мәнін есептеу үшін икемділіктің коэффициенті қолданылады. **Икемділік коэффициенті** бір айнымалының 1 пайызға өзгеруі нәтижесінде екінші бір айнымалының соған байланысты қанша пайызға өзгертінін көрсететін сандық көрсеткіш болып табылады. Икемділіктің мәні нөлден шексіздікке дейін өзгеріп отырады. Икемділік сұранысқа да, ұсынысқа да әсер етеді. Сұраныс икемділігінің үш түрі болады:

**1. Сұраныстың баға бойынша икемділігі** – тауар бағасының бір пайызға өзгергендегі сұраныс көлемінің салыстырмалы өзгеру реакциясының сезімталдылығын сипаттайтын көрсеткіштік коэффициент. Тәжірибелік мәні жағынан, икемділіктің абсолюттік шамалары емес салыстырмалы шамалары ғана маңызды болып табылады. Бұл айтпаса да түсінікті. Мысалы, біз «сникерстің» бағасы 10 теңгеге өсті десек, онда оның өзгеруін байқамау мүмкін емес, өйткені ол тауар үшін бағаның осылай өсуі өте маңызды болып табылады, сондықтан ол сұраныс көлемін айтарлықтай өзгертеді. Ал «Вольво» автокөлігіне баға 10 теңгеге өсті десек, онда оның өзгеруі тұтынушының сұраныс көлеміне мүлдем әсер етпейді. Сондықтан бағаның және сұраныс көлемінің өзгеруі салыстырмалы шамада мынадай формуламен беріледі:

$$E_p^D = \Delta Q\% / \Delta P\%,$$

мұндағы,  $E_p^D$  – сұраныстың бағалық икемділігінің мәнін көрсететін коэффициент;  $\Delta Q\%$  – сұраныс көлемінің салыстырмалы өзгеруі;  $\Delta P\%$  – бағаның салыстырмалы өзгеруі.

**Сұраныстың баға бойынша икемділігінің бес түрі бар:**

**1) Икемді сұраныс** – бағаның өзгеруіне қарағанда сұраныс көлемінің көбірек өзгеруін көрсететін жағдай, бұл жерде икемділіктің мәні 1-ден жоғары болады,  $E_p^D > 1$  (бұл сұраныс көлемінің бағаға қарағанда тез өсетіндігін немесе кемитіндігін білдіреді).

**2) Икемсіз сұраныс** - бағаның өзгеруіне қарағанда сұраныс көлемінің азырақ өзгеруін көрсететін жағдай, бұл жерде икемділіктің

мәні 1-ден төмен болады,  $E_p^D < 1$  (бұл сұраныс көлемінің бағаға қарағанда баяу өсетіндігін немесе кемітіндігін білдіреді).

**3) Бірлік икемді сұраныс** – бағаның және сұраныс көлемінің бір пропорцияда өзгеруін көрсететін жағдай, бұл жерде икемділіктің мәні 1-ге тең болады,  $E_p^D = 1$  (бұл бағаның қанша пайызға өзгерсе, сұраныс көлемінің де сонша пайызға өзгертіндігін білдіреді).

**4) Абсолютті (өте) икемді сұраныс** – бағаның өте аз өзгеруіне немесе мүлдем өзгермеуіне орай сұраныс көлемінің шексіз өзгеруін көрсететін жағдай, мұнда икемділіктің мәні шексіздікке ұмтылады,  $E_p^D = \infty$ .

**5) Абсолютті (өте) икемсіз сұраныс** – бағаның өзгеруі сұраныс көлемін мүлдем өзгерпейтінін немесе салыстырмалы өте аз өзгертетінін көрсететін жағдай, мұнда икемділіктің мәні нөлге тең болады,  $E_p^D = 0$ . Өте икемді және өте икемсіз сұраныстың түрлерін икемділіктің ең шеткі немесе сирек кездесетін жағдайлары деп атайды.

**2. Сұраныстың қиылысқан (тоғыспалы) икемділігі** – бір тауардың бағасының (X) пайыздық өзгеруіне байланысты сол тауарды алмастыратын немесе толықтыратын екінші бір тауарға (Y) деген сұраныс көлемінің пайыздық өзгеру дәрежесін көрсететін коэффициент. Бұл икемділіктің коэффициенті мына формуламен беріледі:

$$E_{x,y}^D = \Delta Q_y \% / \Delta P_x \%,$$

мұндағы,  $E_{x,y}^D$  – сұраныстың қиылысқан икемділігінің мәнін көрсететін коэффициент;  $\Delta Q_y \%$  – Y тауарына деген сұраныс көлемінің салыстырмалы өзгеруі;  $\Delta P_x \%$  – X тауары бағасының салыстырмалы өзгеруі.

Егер қиылысқан икемділіктің мәні ( $E_{x,y}^D > 0$ ) 0-ден үлкен немесе оң сан болса, онда бұл қарастырылып отырған X және Y тауарлары – бірін-бірі алмастырушы (субститут) тауарлар болып саналады (егерде, кофенің бағасы өсетін болса, онда оны алмастыратын шайға деген сұраныс артады). Егер қиылысқан икемділіктің мәні ( $E_{x,y}^D < 0$ ) 0-ден кіші немесе теріс сан болса, онда бұл қарастырылып отырған X және Y тауарлары – бірін-бірі толықтырушы (комплемент) тауарлар болып саналады (егер фотопенкаға баға өссе, онда оны толықтыратын фотоаппаратқа сұраныс көлемі төмендейді). Ал егер қиылысқан икемділіктің мәні ( $E_{x,y}^D = 0$ ) 0-ге тең болса, онда бұл қарастырылып отырған X және Y тауарлары өзара тәуелсіз тауарлар деп саналады, яғни бұл екі тауардың арасында ешқандай байланыс жоқ деген

сөз (мысалы, қаламға деген бағаның өсуі сүтке деген сұранысты өзгертпейді).

**3. Сұраныстың табыс бойынша икемділігі** – тұтынушы табысының пайыздық өзгеруіне байланысты тауарға деген сұраныс көлемінің пайыздық өзгеруін сипаттайтын сұраныстың сезімталдық дәрежесінің көрсеткіштік коэффициенті. Бұл икемділіктің коэффициенті мына формуламен беріледі:

$$E_1^D = \Delta Q\% / \Delta I\%,$$

мұндағы,  $E_1^D$  – сұраныстың қиылысқан икемділігінің мәнін көрсететін коэффициент;  $\Delta Q\%$  – тауарға деген сұраныс көлемінің салыстырмалы өзгеруі;  $\Delta I\%$  – тұтынушы табысының салыстырмалы өзгеруі. Әрине, бұл жерде табыс деңгейі сұранысқа әсер ететін маңызды факторлардың бірі болғандықтан, оның өзгеруінен тауарлардың әр типіне деген сұраныс әртүрлі жағдайда өзгеріп отырады. Егер табыстың пайыздық өзгеруі сұраныс көлемінің пайыздық өзгеруіне қарағанда кем болса, онда сұраныс табыс бойынша икемді ( $E_1^D > 1$ ). Егер табыстың пайыздық өзгеруі сұраныс көлемінің өзгеруіне қарағанда артық болса, онда сұраныс табыс бойынша икемсіз ( $E_1^D < 1$ ) болып табылады. Мысалы, біріншіден, табыс өскенде кәдімгі (қалыпты) тауарларға да сұраныс артады және ол кемімелі оң тәуелділікпен сипатталады. Яғни уақыт өткен сайын табыстың өсуіне қарағанда бұл тауарларға сұраныс баяу қарқынмен өсіп отырады. Сондықтан кәдімгі тауарлар үшін сұраныстың табыс бойынша икемділігінің мәні нөлден үлкен және 1-ден кіші (оң) болады:  $0 < E_1^D < 1$ . Кәдімгі тауарлардың мысалына тамақ, киім-кешек, тұрмыстық тұтыну заттары жатады. Екіншіден, табыс өзгергенде бірінші қажеттіліктегі тауарлар үшін сұраныс өзгермейді және табыс бойынша сұраныс өте икемсіз (нөлдік мәнді) болып табылады:  $E_1^D = 0$ . Бірінші қажеттіліктегі тауарлардың мысалына тұз жатады. Үшіншіден, табыс өскен сайын қымбат бағалы заттарға (сапалы) немесе ұзақ пайдаланылатын тауарларға сұраныс тез қарқынмен өседі. Мұндай тауарларға деген табыс бойынша сұраныс икемділігінің мәні әрқашанда 1-ден үлкен (оң) болып келеді:  $E_1^D > 1$ . Қымбат бағалы заттарға асыл тастар, қымбат автокөліктер, антиквариат бұйымдары, яхталар, тұрғын үйлер, т.б. жатады. Төртіншіден, табыс өскенде қалыпты емес немесе сапасыз тауарға (арзан) сұраныс төмендей береді. Мұндай тауарларға деген табыс бойынша сұраныс икемділігінің мәні әрқашанда 0-ден кіші (теріс) болып келеді:  $E_1^D < 0$ . Бұл тауарлар бағасы және сапасы төмен

жақын алмастырушылар болып табылады, яғни табыс өскенде тұтынушылар оның сапалы алмастырушыларын тұтына бастайды деген сөз. Сонымен, табыстың өзгеруіне байланысты осы аталған тауарларға деген сұраныс икемділіктерінің мәндерін график арқылы көрсете аламыз.

Ұсынысқа әсер ететін басты фактор баға болғандықтан, бұл жерде ұсыныстың бағалық икемділігі деген түрі қарастырылады. **Ұсыныстың баға бойынша икемділігі** – тауар бағасының бір пайызға өзгеруіне байланысты ұсыныс көлемінің салыстырмалы түрде қанша пайызға өзгертінін және соған орай сезімталдық реакциясын көрсететін сандық коэффициент. Ұсыныстың бағаға икемділігінің көрсеткіштік мәні мына формуламен беріледі:

$$E_p^s = \Delta Q\% / \Delta P\%,$$

мұндағы,  $E_p^s$  – ұсыныстың бағалық икемділігінің мәнін көрсететін коэффициент;  $\Delta Q\%$  – ұсыныс көлемінің салыстырмалы өзгеруі;  $\Delta P\%$  – тауар бағасының салыстырмалы өзгеруі.

Ұсыныстың баға бойынша икемділігінің де сұраныстікіндей негізгі 5 түрі бар:

**1) икемді ұсыныс** – бағаның өзгеруіне қарағанда ұсыныс көлемінің көбірек өзгеруін көрсететін жағдай (бұл ұсыныс көлемінің бағаға қарағанда тез өсетіндігін немесе кемитіндігін білдіреді), бұл икемділіктің коэффициенті бірден жоғары ( $E_p^s > 1$ );

**2) икемсіз ұсыныс** – бағаның өзгеруіне қарағанда ұсыныс көлемінің азырақ өзгеруін көрсететін жағдай (бұл ұсыныс көлемінің бағаға қарағанда баяу өсетіндігін немесе кемитіндігін білдіреді), бұл икемділіктің коэффициенті бірден төмен ( $E_p^s < 1$ );

**3) бірлік икемді ұсыныс** – бағаның да, ұсыныс көлемінің де бір пропорцияда немесе бірдей пайызға өзгертінін көрсететін жағдай (бұл бағаның қанша пайызға өзгерсе, ұсыныс көлемінің де сонша пайызға өзгертіндігін білдіреді), бұл икемділіктің коэффициенті 1-ге тең ( $E_p^s = 1$ );

**4) абсолютті (өте) икемді ұсыныс** – бағаның өте аз немесе мүлдем өзгермеуіне байланысты ұсыныс көлемінің шексіз өзгеруін көрсететін жағдай, мұнда икемділіктің мәні шексіздікке ұмтылады,  $E_p^s = \infty$ ;

**5) абсолютті (өте) икемсіз ұсыныс** – бағаның өзгеруі ұсыныс көлемін мүлдем өзгерпейтінін немесе салыстырмалы өте аз өзгертетінін көрсететін жағдай, мұнда икемділіктің мәні нөлге тең болады,  $E_p^s = 0$ .



## Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С. Микроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 321 бет.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ә. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ә. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.

14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Қрымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасьян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасьян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Адам Смиттің «көрінбейтін қол» қағидасын қалай түсінуге болады?
2. Нарықтың анықтамаларына сипаттама беріңіз?
3. Нарықтың негізгі элементтеріне не жатады?
4. Нарықтың атқаратын негізгі қызметтері қандай?
5. Нарықтың принциптері қандай?
6. Нарықтың әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты түрлері қандай?
7. Сұраныс және оған әсер ететін факторлар қандай?
8. Ұсыныс және оған әсер ететін факторлар қандай?
9. Икемділіктің түрлері қандай?
10. Икемділіктің тәжірибелік маңызы неде?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** Нарық туралы ұғымды оның элементтері, қызметтері, принциптері, түрлері арқылы кеңірек ашу. Нарықтық тепе-теңдікке жету тетіктерін қарастыру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 5.1. Нарық: мәні, элементтері, жіктелімдері, қызметтері, принциптері;
- 5.2. Инфрақұрылым және нарықтық инфрақұрылым;
- 5.3. Сұраныс: мәні, заңы, факторлары, қисығы;
- 5.4. Ұсыныс: мәні, заңы, факторлары, қисығы;
- 5.5. Нарықтық тепе-теңдік: тепе-теңдік баға, тепе-теңдік көлем, тапшылық, артықшылық;
- 5.6. Икемділік: мәні, көрсеткіштері, түрлері.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстандағы нарықтық қатынастардың даму кезеңдері;  
 Қазақстанда инфрақұрылым түрлерінің қазіргі даму жағдайы;  
 Нарықтық тепе-теңдіктің негізгі үлгілері;  
 Тұтынушының таңдауы және оған әсер ететін факторлар;  
 Пайдалылық және шекті пайдалылық теориясы;  
 Икемділіктің тәжірибелік маңызы.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктері.
- 2) Қазақстандағы нарықтық қатынастардың даму кезеңдері мен бағыттары.

**5. Жаттығулар мен есептер:**

**1) Етке деген сұраныс функциясы келесідей көрсетілген:**

$Q_D = 30 - P$ , мұнда  $Q_D$  – күніне сатып алынатын етке деген сұраныс көлемі (кг), ал  $P$  – 1 кг. еттің бағасы. Ұсыныс функциясы келесі теңдеумен берілген:  $Q_S = 15 + 2P$ , мұнда  $Q_S$  – күніне сатылатын еттің ұсыныс көлемі (кг).

Табу керек:

а) Еттің тепе-теңдік көлемі мен тепе-теңдік бағасын. График арқылы көрсетіңіз.

ә) Егер еттің бағасы 3 теңгеге дейін төмендесе, онда ет нарығында қандай жағдай орын алады?

2) а) тұз, ә) нан б) сабын, в) бриллиант, г) 8 Наурыз мерекесіне гүлдер,

ғ) темекілер, д) «Camel» темекісі, е) көлік сияқты тауарларға сұраныстың баға бойынша икемділігінің қандай болатындығын түсіндіріңіз.

3) Тауарға деген сұраныс мына формуламен берілген:  $Q_D = 30 - P$ , ал ұсыныс мына теңдеумен берілген:  $Q_S = 50 + 2P$ .

Табу керек:

1. Тепе-теңдік көлемді және тепе-теңдік бағаны;
2. Осы нарықтық жағдайды график арқылы түсіндіріңіз.

4) Нанға сұраныс пен ұсыныстың бағаға тәуелділігі төмендегі кестеде көрсетілген:

P	50	40	30	20	10	теңгемен
QD	1	2	3	4	5	данамен
QS	5	4	3	2	1	данамен

а) Нанға сұраныс пен ұсыныс қисықтарын салыңыз. Нан нарығындағы тепе-теңдік баға мен тепе-теңдік көлемді график арқылы анықтаңыз.

ә) Айталық, нарықта нанның бағасы 23 теңге болып бекітілді, олай болса, нарықта қандай жағдай орын алады, артықшылық па, әлде тапшылық па? Олардың көлемін анықтаңыз.

б) Айталық, нарықта нанның бағасы 43 теңге болып бекітілді, олай болса, нарықта қандай жағдай орын алады, артықшылық па, әлде тапшылық па? Олардың көлемін анықтаңыз.

в) Айталық, тұтынушының талғамы өзгерді, және ол нанды аз көлемде сатып алатын болды:

P	50	40	30	20	10	теңгемен
QD	0	1	2	3	4	данамен

Бірінші график арқылы сұраныс қисығының қалай жылжитындығын көрсетіңіз.

5) Төмендегі кестенің мәліметтеріне қарап, сұраныстың баға бойынша икемділігін және халықтың концертке билет сатып алудағы жалпы шығындарын, сонымен қатар сұраныстың баға бойынша

икемділігі мен билет сатып алудың жалпы шығындары арасындағы байланысты көрсетіңіз.

Баға, долл.	Сұраныс көлемі, мың дана	Сұраныстың баға бойынша икемділігі	Билетке кеткен жалпы шығындар, мың долл.
22,5	10		
20,0	20		
15,0	40		
12,5	50		
10	60		
5,0	80		
2,5	90		
1,0	96		
0,0	100		

#### 6. Тест тапсырмалары:

- 1. Өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін келістіріп отыратын құдырет не?**  
А) Экономика В) Қор биржасы С) Баға D) Ақша E) Банк
- 2. Тауардың баламалық құны былай өлшенеді:**  
А) Берілген тауарды өндіру үшін кеткен ресурстар шығындарымен  
В) Баға индексімен  
С) Берілген тауарды өндіру үшін кеткен ақша саныменен  
D) Берілген тауарды өндіру үшін басқа тауар өндіруден бас тарту арқылы  
E) Үнемделген ресурстар көмегімен
- 3. Нарықтың негізгі артықшылықтары қандай?**  
А) Қажетті мөлшерде және жоғары сапамен түрлі талаптарды қанағаттандыру қабілеттілігі  
В) Бағаны төмендету мақсатында бәсекені дамыту  
С) Өзгеретін жағдайға икемділік пен бейімделу  
D) Ресурстарды тиімді орналастыру  
E) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 4. Өзіндік құн дегеніміз – бұл:**  
А) Өткен еңбек шығыны  
В) Өнім өндірудегі кәсіпорын шығынының ақшалай көрінісі  
С) Жаңа құн  
D) Тірі еңбек шығыны  
E) Қоғамдық еңбек шығыны

5. **Тұтынушылар өз қаржысын алдымен қай нарықта жұмсайды?**  
А) Еңбек В) Жер С) Капитал  
D) Тауарлар мен қызметтер Е) Ақпарат
6. **Нарықтың негізгі кемшіліктерін атаңыз:**  
А) Қоғамдық проблемаларды шешпейді  
В) Қоғамның бай және кедей топтарына бөлінуінің күшеюі  
С) Іргелі зерттеулерді қамтамасыз етпейді  
D) Бағаның тұрақтылығы мен табыстың алынуына кепілдік бермейді  
Е) Аталғандардың барлығы дұрыс
7. **Төмендегілердің қайсысы нарықтың қызметіне жатпайды:**  
А) Ақпараттық В) Баға белгілеушілік С) Сынаушылық  
D) Сауықтыру Е) Реттеуші
8. **Инфракұрылым дегеніміз не?**  
А) Өндірістің қалыпты жұмыс істеуі үшін халыққа және фирмаларға қызмет көрсететін шаруашылық ұйымдар мен коммерциялық емес мекемелер жүйесі  
В) Экономикалық, құқықтық, моральдық, және басқа да аспектілері бар экономикалық субъектілердің өзара күресі немесе бақталастығы  
С) Негізінде сұраныс пен ұсыныс механизмі жататын өзін-өзі реттеуші жүйе  
D) Игіліктермен, қызметтермен, өндіріс факторларымен жұмыс істейтін заңды және физикалық тұлғалардың құрылған жүйесі  
Е) Жарнама және тауардың сапасы арқылы жүргізілетін бәсекенің бір түрі
9. **А. Смит «көрінбейтін қол» деп нені түсінген:**  
А) Еркін бәсекені  
В) Мемлекеттік реттеуді  
С) Салық салудың принциптерін  
D) Ақшаларды және олардың айналу шапшаңдығын  
Е) Адамдардың сана-сезімі мен ойлау қабілеттіліктерін
10. **Нарықтық экономика теориясының негізін қалаушы кім?**  
А) Аристотель В) Томас Ман С) Роберт Оуэн  
D) Адам Смит Е) Карл Маркс
11. **Нарық дегеніміз - бұл:**  
А) Тауарлар сататын жер  
В) Кәсіпорын тауарларын өткізуге қажетті экономикалық жүйе  
С) Кәсіпкерлікке молырақ пайда беретін сауда орны

D) Кәсіпорындар мен үй шаруашылықтарын ақша мен тауар арқылы кездестіретін экономикалық жүйе

E) Өнім өндіретін және тауарлар сататын жер

**12. Субститут-тауарлар дегеніміз қандай тауарлар?**

A) Бірін-бірі ауыстыратын тауарлар

B) Бірін-бірі толықтыратын тауарлар

C) Бағалары бірдей тауарлар

D) Бірінші қажеттілікті тауарлар

E) Шетелде өндірілген тауарлар

**13. Нарықтық экономиканың кемшілігі:**

A) Тиімді емес өндірілістің ығыстырылуы

B) Жоғары тиімділікті ынталандыру

C) Табысты еңбекке қарай шынайы бөлуі

D) Табиғатқа немесе экологиялық мәселелер бойынша шығындарды ескермеу

E) Айырбас жылдамдығы

**14. Фирмалар мен салалардың санының қысқаруы ұсыныс көлеміне қалай әсер етеді?**

A) Ұсыныс көлемі жоғарылайды

B) Ұсыныс көлемі төмендейді

C) Ұсыныс көлемі өзгермейді

D) Сұраныс төмендейді

E) Сұраныс өседі

**15. Нарықтың негізгі үш элементі:**

A) Баға, сұраныс және ұсыныс B) Баға, сапа және бәсеке

C) Сапа пайдалылық, қажеттілігі D) Сапа, саны, баға

E) Сапа, ұсыныс және сұраныс

**16. Төлем қабілеттілігі бар қажеттілік:**

A) Сұраныс B) Ұсыныс C) Баға D) Тепе-теңдік баға E) Тауар

**17. Тауар ұсынысының заңы – бұл:**

A) Инфляциялық күтімдер

B) Баға мен ұсыныс көлемі арасындағы тікелей байланыстылық

C) Заттың пайдалылығы

D) Нарыққа ұсынылған тауарлар мен қызметтердің көлемі

E) Тұтынушылардың ақша табу заңы

**18. Мына ұғымдардың қайсысы икемсіз сұранысты сипаттамайды?**

A) Сұраныс көлемі өзгерісінің бағаның өзгерісінен төмен болуы

B) Уақыттың өте қысқа болуы

- С) Бұл тауар тұтынушы үшін басты қажеттілік болып табылады  
D) Сол тауар үшін сатып алушылар табысының басым бөлігінің жұмсалуды  
E) Нарықта алмастырушы тауарлар санының көп болуы
- 19. Абсолютті икемсіз сұраныс қисығының графикалық түрі қандай болады?**  
A) Көлденең сызық түрінде B) Тік сызық түрінде  
C) Теріс көлбеулі қисық түрінде D) Оң көлбеулі сызық түрінде  
E) Теріс көлбеулі сызық түрінде
- 20. Сұраныс заңының мәні неде?**  
A) Ұсыныстың сұраныстан артуы бағаны түсіреді  
B) Тұтынушылардың табысы артқан сайын тауарды көбірек сатып алады  
C) Сұраныс қисығы оң бағытталады  
D) Тауар бағасы арзандағанда, сатып алу көлемі артады  
E) Ұсыныстың сұраныстан артуы бағаны өзгертеді
- 21. Егер тауарға деген сұраныс оның ұсынысынан көп болса, онда нарықта:**  
A) Бюджет тапшылығы орын алады  
B) Тауар өндірісі белгілі бір уақытқа дейін тоқтатылады  
C) Тауар артықшылығы орын алады  
D) Тауар тапшылығы орын алады  
E) Инфляциялық құбылыс байқалады
- 22. Сұраныстың табыс бойынша икемділігі дегеніміз – бұл...:**  
A) Сұраныс көлемінің пайыздық өзгерісінің табыстың пайыздық өзгерісіне қатынасы  
B) Ұсыныс көлемінің пайыздық өзгерісінің бағаның пайыздық өзгерісіне қатынасы  
C) Сұраныс көлемінің бағаның өзгеруіне орай реакциялық дәрежесі  
D) Ұсыныс көлемінің бағаның өзгеруіне байланысты реакциялық дәрежесі  
E) Сұраныс табыс бойынша икемділікке ие болмайды
- 23. Егер тауарға сұраныс пен ұсыныс қатар өссе, онда:**  
A) Тауардың жалпы саны көбейеді B) Баға өседі  
C) Баға тұрақты болып қалады D) Қоғамның әл ауқаты жақсарады  
E) Баға деңгейі төмендейді
- 26. Шеңберлі айналым үлгісіне сәйкес:**  
A) Үй шаруашылықтары ресурстар нарығында сатушы болады, ал тауарлар нарығында сатып алушы болады



- B) Үй шаруашылықтары әрдайым тауарды ақшаға айырбастайды
  - C) Кәсіпкерлер әрдайым тауарды ақшаға айырбастайды
  - D) Кәсіпкерлер тауар нарығында сатып алушы және ресурстар нарығында сатушы болады
  - E) Үй шаруашылықтары тауарды ешқашан ақшаға айырбастамайды
- 27. Мыналардың қайсысы сұраныстың бағалық емес факторларына жатпайды?**
- A) Тұтынушылардың қалауы мен талғамы B) Сән
  - C) Табыс мөлшері D) Шикізат бағалары
  - E) Нарықтағы сатып алушылар саны
- 28. Егер бағаның 10 пайызға төмендеуі ұсыныс көлемінің 10 пайызға төмендеуіне әкелсе онда ұсыныс:**
- A) Абсолютті икемді B) Абсолютті икемсіз
  - C) Бірлік икемді D) Икемсіз E) Икемді
- 29. Сұранысқа әсер етпейтін фактор:**
- A) Тұтынушы табысы B) Салық деңгейі
  - C) Балама тауардың бағасы D) Бағаның өзгерісі E) Мезгіл
- 30. Баға мен ұсыныс көлемі арасындағы пайыздық өзгеріс не деп аталады:**
- A) Ұсыныс икемділігі B) Сұраныс икемділігі C) Ұсыныс заңы
  - D) Икемсіз сұраныс E) Бірлік икемділік
- 31. Сұраныс заңының түсініктемесі:**
- A) Егер тауардың бағасы түссе, онда біздің сатып алуымыз арта түседі
  - B) Көптеген тауарлар уақыт өте өз орнын жаңа және қызығушылығы мол тауарларға береді
  - C) Шектеу заңы қажеттілік көлеміне қарамастан кей тауарлардың тұтыну шегін белгілейді
  - D) Көп жағдайда төмен бағалы тауар нарыққа осы тауарды жаңа сатып алушыларды әкелмейді
  - E) Нақты тауарды өндіруші шекті деңгейде төмен бағалы тауарын бірнеше данадан ұсынбайды
- 32. Мемлекет тепе-теңдік бағадан жоғары деңгейде X тауары бағасының шегін белгіледі. Осының салдарынан:**
- A) Осы тауардың тапшылығы орын алады
  - B) Осы тауардың артықшылығы орын алады
  - C) Тепе-теңдік баға осы деңгейге дейін көтеріледі
  - D) Осы тауардың ұсынысы төмендейді
  - E) Тауардың көлемі бәрібір өзгермейді

- 33. Сұраныс пен ұсыныс бағаның реттеушілік рөлін сипаттау үшін қандай нарықтарда қолданылады?**  
А) Тауарлар мен қызметтер нарығында В) Валюта нарығында  
С) Бағалы қағаздар нарығында D) Ресурстар нарығында  
Е) Кез келген нарықтарда
- 34. Ауа-райының қолайлылығына байланысты жүгері өнімін өсірудің артуы нені арттырады?**  
А) Жүгері бағасын В) Жүгеріге тұтынушы талғамын  
С) Ұсынысты В) Сұранысты Е) Шығынды
- 35. Баға мен сұраныс көлемі арасындағы пайыздық өзгерістер не деп аталады?**  
А) Сұраныс икемділігі В) Ұсыныс.икемділігі С) Икемділік  
D) Икемді сұраныс Е) Икемсіз сұраныс
- 36. Екі тауардың қиылысқан икемділігі нөлге тең. Бұл қандай тауарлар болуы мүмкін:**  
А) Компьютер мен сөмке  
В) Үстел мен орындық  
С) Сыра мен шырын  
D) Ет пен сыр  
Е) Ұялы телефонмен оның батареясы
- 37. Икемсіз ұсыныстың мәні, әдетте:**  
А) 0-ден кіші  
В) 0-ге тең  
С) 1-ге тең  
D) 1-ден үлкен  
Е) 1-ден кіші
- 38. Сұраныс қисығының сипаты қандай?**  
А) Оң көлбеулі  
В) Теріс көлбеулі  
С) Координат басынан дөңес  
D) Үшбұрышты  
Е) Көпбұрышты
- 39. Икемді сұраныс қисығы қандай болып келеді?**  
А) Көлденең В) Аса тіктеу С) Аса жатыңқы  
D) Оң бағытты Е) Тік сызықты
- 40. Сұраныс, ұсыныс және баға – бұлар...:**  
А) Нарықтың негізгі үш элементі болып табылады  
В) Нарықтың негізгі үш принципі болып табылады  
С) Нарықтың негізгі үш қызметі болып табылады  
D) Нарықтың негізгі категориялары болып табылады  
Е) Нарықтың тепе-теңдікті сипаттайды

## *6-тақырып*

### **ЖЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ЖЕТІЛМЕГЕН БӘСЕКЕ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ НАРЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

**Мақсаты:** нарық жағдайындағы бәсеке теориясына, оның түрлеріне, нарықтық құрылымдардың түрлеріне және олардың шарттарына кеңірек тоқталу, сонымен қатар әртүрлі бәсекелестік жағдайындағы баға мен өнім көлемін таңдау тетіктерін қарастыру.

#### **Талқылау сұрақтары:**

- 6.1. Нарықтық құрылымдар және олардың сипатты белгілері;
- 6.2. Жетілген бәсеке және оның орындалу шарттары;
- 6.3. Жетілмеген бәсекенің формалары: монополия, монополистік бәсеке, олигополия, т.б.;
- 6.4. Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайында баға мен өндіріс көлемін таңдау;
- 6.5. Монополияға қарсы саясат.

**Негізгі ұғымдар:** нарықтық құрылымдар, бәсеке, жетілген бәсеке, жетілмеген бәсеке, монополия, олигополия, монополистік бәсеке, монополия, екі жақты монополия, бағалық дискриминация, жарнама, бәсекелестікті қорғау, ашық монополия, жабық монополия, табиғи монополия, монополиялық билік, монополияның зардаптары, антимонополиялық саясат, т.б.

#### **6.1. Нарықтық құрылымдар және олардың сипатты белгілері**

Нарықтық құрылым көптеген белгілерімен ерекшеленетін күрделі ұғым ретінде саналады. Нарықтық құрылым бәсекелестіктің әртүрлі дәрежесімен анықталады.

**Нарықтық құрылым** – бұл фирмалардың салалық нарықта өзара әрекеттесу сипатын анықтайтын және нарықтық тепе-теңдіктің қалыптасу әдістерін көрсететін нарықтық ұйымдастыру белгілерінің жиынтығы.

Нарықтық құрылымның типі салалық нарықтың негізгі белгісі ретінде көрінетін ұсыныс тарапынан да, сұраныс тарапынан да әрекет ететін көптеген факторлармен анықталады. Нарықтық құрылымның

типін анықтайтын негізгі факторлардың бірнешеуін бөліп көрсетуге болады:

1. Өндірушілердің шоғырлануы;
2. Сатып алушылардың шоғырлануы;
3. Өнімді ерекшелендіру дәрежесі;
4. Нарықтық ақпараттың толықтылығы;
5. Салаға кіру және одан шығып кету мүмкіндіктері;
6. Өндірушілердің бағаға бақылау жасай алу дәрежесі;
7. Фирмалардың өзара әрекеттесу сипаты.

Осы факторларды ескере отырып, нарық құрылымын негізгі төрт түрін бөліп көрсетуге болады:

- Жетілген (таза) бәсеке;
- Абсолютті (таза) монополия;
- Монополистік бәсеке;
- Олигополия.

## **6.2. Жетілген бәсеке және оның орындалу шарттары**

**Жетілген бәсеке нарығы** дегеніміз – нарықтағы бағаға әсер ете алмайтын және оны өзгерте алмайтын, саны өте көп және көлемі жағынан шағын фирмалар жұмыс істейтін нарықтық құрылымның бір типі.

Жетілген таза бәсеке үлгісі нарықтық құрылымның бір тұрпаты ретінде бірқатар қатаң болжамдарға сүйенеді. Атап айтсақ, оның шарттары төмендегідей болып табылады:

1. Біртекті немесе стандартты өнім өндіретін және оны сататын сатушылардың саны және осы өнімді сатып алушылардың саны нарықта өте көп болады.

2. Фирмалардың салаға кіруі және одан шығып кетуі еркін және ол ешқандай тосқауылдармен шектелмейді.

3. Әрбір жеке фирманың нарықтық үлесі соншалықты мардымсыз болғандықтан олардың әрқайсысы бағаға бақылау жасай алмайды.

4. Сатушылар да, сатып алушылар да нарықтың әрекет ету жағдайлары мен бағалар туралы ақпараттарға толық ие бола алады.

Осындай нарықтық құрылымның аталған шарттарына байланысты оған жетілген бәсеке нарығы – бұл нарықтық бағаға әсер ете алмайтын, саны өте көп және көлемі жағынан шағын фирмалар әрекет ететін нарық құрылымының бір типі деп анықтама беруге болады.

Жетілген бәсекелес фирманың өніміне деген сұраныс қисығы баға бойынша өте икемді болып табылады. Ол абсцисса осіне параллельді түрде өтеді.

**Жетілген бәсеке нарығының артықшылықтары:**

1. Өнім өндіру технологиялық жағынан аса тиімді түрде жүзеге асырылады.
2. Ресурстар оңтайлы дәрежеде бөлінеді.
3. Кәсіпорындар тұрақты, әрі шығынсыз жағдайда жұмыс істейді.

**Жетілген бәсеке нарығының кемшіліктері:**

1. Нарықтың бұл типіне капиталдың үлкен бөлігіне ие бола алмайтын шағын кәсіпорындар тән болғандықтан, олар өнімділігі жоғары техника мен технологияны қолдануға қабілетсіз болып табылады;
2. Ғылыми-техникалық прогресстің дамуына үлес қоса алмайды, өйткені ұзақ мерзімде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу көп қаржыны талап етеді;
3. Қоғамдық игіліктерді өндіре алмайды.

Сәйкесінше, осы аталған артықшылықтар мен кемшіліктер тек жетілген бәсеке нарығына ғана тән болады алады, яғни осындай ерекшеліктер нарықтық құрылымдардың басқа да типтері үшін сипатты болып табылмайды.

**6.3. Жетілмеген бәсекенің формалары: монополия, монополистік бәсеке, олигополия, т.б.**

Жетілген бәсекенің жоғарыда аталған шарттарының ең болмағанда біреуі ғана бұзылатын болса, онда нарықта жетілмеген бәсекенің формалары орын алады.

Жетілмеген бәсеке жағдайында фирмалардың саны шектеулі болып табылады, мұндай нарықтық құрылымдар жетілген бәсеке нарығына қарағанда экономикалық жағынан тиімділігі төмен нарықтар ретінде саналады. Себебі, жетілмеген бәсеке жағдайларында фирма нарықтағы бағаны бақылай алады, оның нарықтағы белгілі бір үстемдігі орын алады және өнім көлемін жетілген бәсекеге қарағанда салыстырмалы түрде аз өндіреді.

Жетілмеген бәсекенің негізгі формаларын қарастырғанда кейбір жағдайларда сатушылар да және сатып алушылар да нарықтық билікке ұмтылып бағаға ықпал жасай алуы мүмкін.

Жетілмеген бәсекенің негізгі формалары:

**1. Монополия** – нарықта бір ғана фирма сатушы ретінде жұмыс істейтін бәсекелестіктің ең шеткі түрі.

Қарастырып отырған тауарды өндіретін тек бір ғана жеке фирма бар және осы ауыстыратын басқа тауарлар жоқ деп есептесек, онда мұндай нарық – **монополия**, ал фирма – **монополист** деп аталады. Монополист өзінің ерекше жағдайын пайдалана отырып, тауардың бағасын бәсекелес фирманың бағасынан әлдеқайда жоғары деңгейде белгілейді және бәсекелес фирмаға қарағанда тауарды аз мөлшерде ұсынады.

Монополияға тән сипатты белгілер немесе оның шарттары:

1. «Фирма» және «сала» түсініктері түйіседі;
2. Сатып алушыларда тауарды таңдауда мүмкіндіктері болмайды;
3. Таза монополист өнім шығарудың барлық көлемін бақылай отырып, бағаны кез келген бағытта өзгертеді және басқара алады;
4. Монополист берілген тауарды өндіретін жалғыз фирма болғандықтан, оның өніміне деген сұраныс қисығы бір мезгілде нарықтың да сұраныс қисығы болып табылады және ұсынылған тауардың бағасын анықтайды;
5. Таза монополия бәсекелестіктен биік кедергілермен (тосқауылдармен) қорғалады.

**Салаға кіруге қойылатын тосқауылдар** – бұл салаға кіргісі келетін жаңа фирмалардың кіру жолдарына қойылатын кедергілер. Егер салаға кіру тосқауылдары неғұрлым жоғары болса, онда монополиялық пайда соғұрлым тұрақты сипатта болады. Монополия жағдайында барлық кедергілер былайша екіге бөлінеді:

1. **Табиғи (экономикалық) тосқауылдар** – бұлар экономикалық себептерден туындайды (өндіріс масштабының тиімділігі, басты ресурстарды бақылау).
2. **Жасанды (заңды немесе құқықтық) тосқауылдар** – институционалдық жолмен құрылатын, мысалы, үкімет іс-әрекеттерінің салдарынан (патенттер, лицензиялар немесе монополисттің әділетсіз іс-әрекеттері) туындайды.

**Таза монополия** – бұл жетілген бәсекеге қарама-қарсы болып табылатын нарықтық құрылымның ең шеткі түрі.

Тағы бір айта кететін жайт, монополист-фирмалар өз өнімінің бағасына бақылау жүргізе алғандықтан, оларды *«баға іздеушілер»* немесе *«жетілмеген бәсекелес фирма»* деп те атайды. Яғни монополист жетілген бәсекелес фирмаға («баға қабылдаушыларға»)

қарағанда өз пайдасын максималды дәрежеге жеткізе алатын тиімді баға деңгейін іздейді және соны саналы түрде тағайындайды.

Нарықты монополиялаудың негізгі себептеріне байланысты монополияның мынадай түрлері болады:

1. **Жабық (жасанды) монополия** – бәсекелестіктен заңды шектеулер көмегімен қорғалған монополияның бір түрі.
2. **Табиғи (мемлекеттік) монополия** – белгілі бір өнімнің көлемін бір фирманың өндіруі және оны екі немесе одан да көп фирмаларда өндіргеннен гөрі арзанға түсетін өндіріс саласы.
3. **Ашық (кездейсоқ) монополия** – берілген тауарды өндіретін тек қана бір фирма болып және оның бәсекелестіктен ешқандай арнайы (заңдық шектеулер көмегімен) қорғанышы жоқ болатын жағдай.

Таза монополияның тауарына деген сұраныс қисығы теріс көлбеулі болады, сондықтан фирма өнім шығару көлемін бақылай отырып, бағаға ықпалын тигізе алады. Егер сатушы өз тауарының өндіріс көлемін өзгерту арқылы нарықтық бағаға әсерін тигізе алса, онда ол монополиялық билікке ие болады деп айта аламыз.

Кейбір жағдайларда таза монополия **бағалық дискриминация** саясатын жүргізе алады, яғни сатып алушылардың әртүрлі тобына сапасы да, шығындар деңгейі де бірдей тауарларды әртүрлі бағамен сата алады.

**Бағалық дискриминация** – монополист-фирманың сапалары бірдей болып табылатын берілген тауар немесе қызмет бірлігінің көлемін берілген шығындар деңгейінде әртүрлі бағалар бойынша әртүрлі тұтынушыларға сатуын немесе сата алуын сипаттайтын монополиялық тәжірибе.

#### **Бағалық дискриминацияны іске асырудың шарттары:**

1. Тұтынушының монополиядан сатып алған тауарын қайтадан сатып жіберуге мүмкіндігінің болмауы.
2. Қарастырып отырған тауарды тұтынатын сатып алушыларды сатып алу қабілетіне қарай түрлі топтарға бөлу мүмкіндігінің болуы.

**Монополиялық билік** – бұл фирманың нарықта сатылатын тауарының санын өзгерту арқылы өзінің тауарының бағасына ықпал ету қабілеті.

Таза монополия шын (толық) монополиялық билікке ие бола алады.

Егер нарықта ұқсас тауарларды өндіретін бір емес бірнеше өндірушілер болса, онда монополиялық биліктің деңгейі өте салыстырмалы болады.

Монополиялық биліктің қажетті алғышарты – фирма тауарының сұраныс қисығы төмен қарай көлбеулі болуы керек.

**Монополиялық биліктің сандық түрдегі сипаттамасын анықтау үшін төмендегі көрсеткіштер қолданылады:**

**1. Лернер индексі ( $I_L$ )** – монополиялық биліктің сандық мәнін анықтайтын негізгі көрсеткіш. Кезінде 1934 жылы ағылшын экономисі **Абба Лернер** алғаш рет монополиялық билікті анықтаудың осындай әдісін ұсынғандықтан, аталған көрсеткіш сол экономистің атымен аталады. Ол мына формуламен анықталады:

$$I_L = (P_m - MC) / P_m = 1 / E_p^d,$$

мұндағы,  $P_m$  – монополиялық баға,  $MC$  – шекті шығын,  $E_p^d$  – сұраныстың бағалық икемділігі.

Жетілген бәсеке жағдайында баға шекті шығындар шамасына тең және осы жағдайда Лернер индексі 0-ге тең болады. Баға шекті шығындардан асып кеткен жағдайда индекс нөл мен бірдің аралығында ( $0 < L < 1$ ) орналасқан оң мәнге ие болады. Индекс 1-ге жақындаған сайын фирма монополиялық биліктің үлкен көлеміне жақындайды.

**2. Херфиндаль-Хиршман индексі ( $I_{HH}$ )** – нарықтағы фирмалардың шоғырлану (концентрация) деңгейін анықтайтын және нарықтың барлық қатысушылары арасында нарықтық билікті бөлуді сипаттайтын көрсеткіш. Индексті есептеу үшін әрбір фирманың нарықтағы жеке үлестері бөлшек ретінде шаршының алынуы керек және мына формауламен анықталып, осы шаршылардың қосындысы арқылы алынады:

$$I_{HH} = S^2_1 + S^2_2 + \dots + S^2_n,$$

мұндағы,  $I_{HH}$  – шоғырлану (концентрация) көрсеткіші,  $S^2_1$  – ең ірі фирманың нарықтағы пайыздық үлес салмағы,  $S^2_2$  – көлемі бойынша келесі фирманың нарықтағы пайыздық үлес салмағы,  $S^2_n$  – ең кіші фирманың үлес салмағы.  $I_{HH}$  -дің ең жоғарғы шамасы – 10000, яғни оның мәні салада тек бір фирма болғанда 10000-ға тең болады, өйткені  $S^2_1 = 100\%$ . Егер салада 100 бірдей фирма болса, онда  $S^2_1 = 1\%$ -ке, ал  $I_{HH}$  100-ге тең болады.

**2. Монополистік бәсеке** – бұл салада өзіндік ерекшеліктері бар тауарларды өндіретін және өзара бәсекеге түсетін көптеген фирмалар болатын, сонымен қатар олардың ешқайсысының нарықтық бағаны бақылауға толық билігі болмайтын нарықтық құрылымның



бір түрі. Монополиялық бәсеке «таза монополия» жағдайына, сонымен қатар «жетілген бәсекеге» де ұқсайды.

Монополиялық бәсеке жағдайында фирманың сұраныс қисығы төмен қарай бағытталған, кемімелі, икемді болады. Сұраныс икемділігінің факторлары – бәсекелестер саны, өнімнің ерекшелену (дифференциациялану) деңгейі.

**Тауарды ерекшелендіру** (дифференциациялау) дегеніміз – фирманың нарықтағы өз билігін күшейту мақсатында тұтынушының көз алдында тауарын өзіне ұқсас тауарлардан қандай да бір белгімен айрықша көрсету әдістерін сипаттайтын нарықтағы мінез-құлықтық элементі, яғни ондай айрықша белгілерге: сапа, жарнама, сауда белгісі, сату шарттары, буып-түю және т.б жатады.

Монополиялық бәсеке нарығы моделінің ерекшеліктерін екі негізгі сипаты бойынша қарастыруға болады:

1. Монополиялық сипаттары бойынша:

- кемімелі сұраныс қисығы;
- бағаға әсер ете алу мүмкіндігі.

2. Бәсекелестік сипаттары бойынша:

- нарықты басқа ұсақ фирмалардың көпшілігімен бөлісу;
- іс-әрекеттері басқа фирмаларға тәуелді емес;
- өнім көлемін шектеу мақсатында келісімге келу мүмкіндігі жоқ.

Тауарды өзгешелендірумен байланысты шығарылатын қосымша шығындар осы салаға жаңа фирмалардың кіруіне кедергі болуы мүмкін.

Монополистік бәсеке нарығының монополия сияқты қоғам үшін экономикалық тиімсіздікке алып келетін әлеуметтік-экономикалық салдарлары бар. **Біріншіден**, тауарлар өндірісі үшін ресурстар толық қолданыла алмайды, яғни жоғарыда атап өткеніміздей, артық өндіріс қуаты пайда болады. **Екіншіден**, тұтынушылар тауарларды төменгі бағамен сатып ала алмайды, яғни оларға қажетті тауарлар тиісті деңгейінде өндірілмейді. **Үшіншіден**, тауарға тұтынушылық сұранысты бейімдеу үшін сол тауарға үнемі ерекшелік беріп жетілдіріп отыру қажет. **Төртіншіден**, тауарға тұтынушылық сұранысты бейімдеу үшін сол тауарға жарнама жасап отыруды қажет етеді.

**3. Олигополия** – шешім қабылдау кезінде өздерінің бәсекелестерінің мүмкін болатын іс-қимылдарын есепке алатын, бір-бірімен өзара тығыз қарым-қатынаста әрекет ететін фирмалардың саны шектеулі және санаулы болып табылатын жетілмеген бәсеке жағдайындағы нарықтық құрылымның бір типі.

Олигополия нарығы моделінің түрлері:

**1. Табиғи олигополия** – ұзақ мерзімдік ең төменгі орташа шығындармен барлық нарыққа өнімнің белгілі бір түрін бірнеше фирмалардың сатуымен ерекшеленетін олигополияның бір түрі.

**2. Таза (стандартталған) олигополия** – біртекті (стандартты) өнімді (мысалы, металл, шикі мұнай, т.б.) өндіруді жоспарлаған бірнеше ірі фирмалардың нарықта әрекет етуін сипаттайтын олигополия нарығының бір түрі.

**3. Ерекшеленген (дифференциацияланған) олигополия** – нарыққа әртүрлі (ерекшеленген) өнімдерді (мысалы, автомобиль, тұрмыстық техника, т.б.) бірнеше ірі фирмалардың шығарып сатуын сипаттайтын олигополия нарығының бір түрі.

**Олигополия нарығының негізгі ерекшеліктері:**

1. Нарықта басым фирмалар болады, олардың саны көп емес;
2. Олигополиялық фирмалардың нарықтық үлестері көп болады, сондықтан бағаға монополиялық билік жүргізе алады;
3. Осындай әрбір фирманың сұраныс қисығы төмен қарай бағытталған болады;
4. Олигополиялық нарықтың басты сипаты – фирмалар бір-бірімен тығыз байланыста және өзара тәуелділікте болады. Баға мен өнім көлемін анықтағанда әрбір фирма өзінің бәсекелестерінің ықтимал реакциясын ескеруге мәжбүр болады;
5. Салаға жаңа фирмалардың кіруіне айтарлықтай кедергілер қойылады.

Жалпы өзара байланыстың салдары:

- 1) сұранысты бағалау қиындығы;
- 2) шекті түсімді анықтауға болмайды;
- 3) тепе-теңдік баға ( $P^*$ ) мен тепе-теңдік сату көлемін ( $Q^*$ ) анықтау мүмкіндігі жоқ.

Нарық іс-әрекетінің осындай белгісіздігінен олигополия үлгісінің көптігі туындайды, олар кооперативтік және кооперативтік емес іс-әрекет модельдеріне бөлінеді.

**Кооперативтік емес іс-әрекет** – бұл әрбір жеке олигополист-фирмалардың бәсекелестерінің ықтимал шешімдері мен реакцияларын ескере отырып, баға мен өнім көлемі туралы мәселелерді өз бетінше дербес шешуін сипаттайтын бірікпеген қимылдары.

**Кооперативтік іс-әрекет** – бұл саладағы олигополист-фирмалардың біртұтас монополия құру мақсатымен баға, өнім көлемі және ықтимал пайда туралы мәселелерді өзара бірігіп шешуін сипаттайтын қимылдары.

#### **6.4. Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайында баға мен өндіріс көлемін таңдау**

Нарықтық құрылымның және бәсекелестіктің әртүрлі жағдайларында жұмыс істейтін кез келген фирманың іс-әрекеті пайда табуға және оны арттыруға негізделеді. Ол мақсатқа жету үшін фирмалар оңтайлы баға мен өндірістің тиімді көлемін таңдауы қажет. Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайында өндірілетін тауарлардың әртүрлі болуына байланысты фирмалар бағаны тағайындағанда оның өніміне деген сұраныс қисығымен әрдайым санасып отырады. Содан соң фирма пайдасын көтеретін өндірістің ең тиімді көлемін таңдауға ұмтылады.

**Жетілген бәсеке жағдайында** фирманың өніміне деген сұраныс абсолютті икемді болып табыла отырып, оның сұраныс қисығы шекті табыс қисығымен сәйкес келеді, бұл өз кезегінде фирманы нарықтық бағаны басшылыққа ала отырып шығарылым көлемі туралы шешім қабылдауға итермелейді. Фирма өз пайдасын шекті шығындар нарықтық бағаға тең болғандағы шығарылым көлемі кезінде максималдайды. Қысқа мерзімде жетілген бәсекелес фирманың ұсыныс қисығы өндірістің қысқа мерзімді шекті шығындарының орташа өзгермелі шығындармен қиылысуындағы жоғарғы кесіндісімен сәйкес келеді:

- өндірістің орташа шығындарынан жоғары баға кезінде фирма экономикалық пайда алады;

- бағаның өндірістің орташа шығындарына тең болуы кезінде фирма нөлдік пайда ала отырып, өзін-өзі өтеу жағдайында болады;

- фирма шығындарды ең аз деңгейге жеткізе отырып бағаның минималды орташа өзгермелі шығындарымен тең болғандағы шығарылым көлемін жүзеге асыруы қажет. Жетілген бәсекелестік жағдайында ұзақ мерзімді уақытта  $MC=MR=AC=P$  теңдігі сақталады. Тепе-теңдік жағдайында осы белгілі бәсекелестік саланың барлық фирмаларының шығындары бірдей болуы керек деген парадокс туындайды. Жетілген бәсеке нарығында салаға кіріп-шығу тосқауылдарының жоқ болуы ұзақ мерзімде нарықтық ұсыныстың ұлғаюы есебінен экономикалық пайданың жоғалуына себепші болып табылады. Жетілген бәсекелі фирманың және саланың ұзақ мерзімдегі тепе-теңдік жағдайы нарықтық баға өндірістің ұзақ мерзімдегі минималды орташа шығындарына тең болған уақытта орындалады, яғни фирмалар нөлдік экономикалық пайданы ғана ала алады.

Қысқа мерзімдегі нарықтық (салалық) ұсыныс бағаның әрбір жеке деңгейінде жекелеген фирманың қысқа мерзімдегі ұсыныс көлемдерін көлденеңінен қосу арқылы анықталады. Салалық ұсыныстың ұзақ мерзімдегі қисығы өндіріс факторларына деген бағалардың өзгеруіне байланысты қалыптасады және оның көлбеулігі мынадай болуы мүмкін: а) көлденең түзу сызықты, егер өндіріс факторларының бағалары салалық шығарылым көлемін кеңейту кезінде өзгеріссіз қалса; ә) жоғары бағытталған өспелі қисық түрінде, егер факторлардың бағалары өссе; б) төмен бағытталған кемімелі қисық түрінде болуы мүмкін, егер өндіріс факторларының бағалары төмендейтін болса. Жетілген бәсеке нарығы әрекет етудің мынадай шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді, яғни жетілген бәсеке жағдайындағы фирма баға шекті шығындарға және де өндірістің ұзақ мерзімдегі минималды орташа шығындарына тең болғандағы сату көлемін таңдайды. Жетілген бәсеке нарығы әрекет етуді қамтамасыз етудің аса тиімді әдісі болып табылады, яғни бұл жерде өндірістік ресурстарды аса ұтымды түрде пайдалану жүзеге асырылады және өндіріс үрдісі ең аз шығындармен және аса арзан тәсілдермен орындалады.

**Монополия жағдайында** фирманың билік жүргізуінің көзі болып нарыққа бақылау жасай алуы табылады, ол нарықты бақылау арқылы өзінің өндіріс көлемін реттей отырып, нарықтық бағаға әсер ете алады. Монополия жағдайында минималды орташа шығындармен өндіруге ынталандыратын нарықтық күштер болмағандықтан, монополист өндірістің кез келген көлемін таңдай алады. Пайданы максимизациялау ережесіне жүгіне отырып, монополист шекті табыс өндірістің шекті шығындарына тең болғандағы өндіріс көлемін таңдайды. Бұл жағдайда, сұраныс қисығының көлбеулігін ескере отырып, монополист бағаны бір өнімге кететін шекті шығындардан жоғары етіп тағайындайды, яғни осы баға оның өніміне деген сұраныс икемділігіне кері пропорционалды болып табылады. Монополистің өндіріс көлемі туралы шешім қабылдауы шекті түсім қисығының сипатын анықтайтын сұраныс икемділігінің өзгеруіне байланысты болса, онда баға мен ұсыныс көлемі арасында арақатынас орын алмайды, сондықтан монополия жағдайында ұсыныс қисығы болмайды. Әртүрлі тең жағдайларда монополистің ұсыныс көлемі жетілген бәсекелес фирмаға қарағанда төмен, ал бір өнімге деген монополиялық баға жетілген бәсекелес фирманың бағасына қарағанда жоғары болып табылады, осының салдарынан қоғамдың әл-ауқаты төмендейді.

**Монополистік бәсеке жағдайында** фирма пайданы максималдауды басшылыққа алатын болса, онда ол шығарылым көлемін өндірістің шекті шығындары оның шекті табысына тең болған кезде оңтайландыруы қажет. Монополистік бәсеке жағдайында жұмыс істейтін фирма өнімінің бағасы қысқа мерзімде оның орташа өзгермелі шығындарын және ұзақ мерзімді кезең үшін ұзақ мерзімді орташа шығындарды жауып отырғанша дейін шығарылым көлемін жүзеге асыра береді. Монополистік бәсеке жағдайында фирманың және саланың ұзақ мерзімдік тепе-теңдігі тауарды өндірістің ұзақ мерзімді орташа шығындарға тең болғандағы бағамен сатқанда орындалады, бұл салалық тосқауылдардың төмен болуына орай бәсекенің орын алуына себепші болып табылады. Сондықтанда фирма ұзақ мерзімдік тепе-теңдік жағдайында бола отырып, экономикалық пайда алу мүмкіндігінен айрылады. Монополистік бәсеке жағдайындағы фирмалар өз өніміне деген сұраныс қисықтарының көлбеулігімен санасады десек, онда олардың ұзақ мерзімдік тепе-теңдікке жетуі нарықтық бағалардың шекті шығындардан және өндірістің ұзақ мерзімді минималды орташа шығындарынан жоғары болуы кезінде қамтамасыз етіледі, ал бұл өз кезегінде артық өндіріс қуатының болуын сипаттайды.

**Олигополия жағдайында** фирмалар салалық пайда максималды болатындай шығарылым көлемін қамтамасыз етуді өз алдына мақсат етіп қояды. Өзара әрекеттесудің өзі кооперативтік стратегия формасында жүзеге асуы мүмкін, яғни бұл жағдайда бірігу фирмалардың баға мен өндіріс көлемі туралы өзара келісімге келуі арқылы қол жеткізіледі және әрекет ету кооперативтік емес стратегияны қолдану кезінде орын алуы мүмкін, яғни бұл жағдайдағы координация бәсекелік әдістер жолымен жүзеге асырылады. Кооперативтік іс-әрекеттер кезінде фирмалар біртұтас монополия ретінде мінез-құлық танытып, бағаны жоғары белгілейді және өнім көлемін де тым шектейді. Ал кооперативтік емес іс-әрекет кезінде фирмалардың мінез-құлқы жетілген бәсекеге ұқсас болып келеді және олардың пайдасы да кооперативтікке қарағанда төмен болады.

## **6.5. Монополияға қарсы саясат**

XIX ғасырдың аяғында Батыстың өнеркәсібі дамыған елдерінде, ең алдымен, АҚШ-та монополиялық күштерге белгілі тосқауылдар қоюдың қажеттілігі мойындала бастады. Біз білетініміздей,

монополиялық билік нарықты жаулап алу, нарықты бөлісу мен бағалар туралы ашық және құпия келісімдерге бару, жасанды тауар тапшылығын жасау сияқты әрекеттерден орын алады. Монополияға қарсы заңдылық экономиканың тиімді жұмыс істеуі үшін іскерлік белсенділік пен бәсекелестікті шектейтін осындай әрекеттердің қанат жаюына жол бермеуге бағытталады.

Монополияға қарсы бағытталатын заңдар әр елде әртүрлі болып табылады және олардың өзіне ерекшеліктері де бар. Мұндай ерекшеліктер мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қатысты экономикалық жағдайларының айырмашылықтарын көрсетеді.

Монополияға (тресттерге) қарсы жасалған ең алғашқы заңдылықтар АҚШ-та орын алды. Олар негізгі үш заңдылықтан құралып, «**үш кит**» деген атауға ие болды:

**1. Шерман заңы** (1890 ж.). Бұл заңмен сауданы құпия монополизациялауға тыйым салынады, кез келген салаға және бағалар туралы келісімдерге бақылау орнатылады.

**2. Клейтон заңы** (1914 ж.). Бұл заң бағалық дискриминацияға (кейбір жағдайларда қалыптасқан бәсекенің қалыптасқан ерекшелігіне қарай), өткізу саласында іскерлік белсенділіктің шектелуіне, бірігудің белгілі бір түрлеріне, басшылардың өзара байласуына тыйым салады.

**3. Робинсон-Пэтмэн заңы** (1936 ж.). Бұл заң сауда саласында іскерлік белсенділіктің шектелуіне, соның ішінде, бағалық дискриминацияға тыйым салады.

1950 жылы Клейтон заңына **Селлер-КефOVER түзетуі** қабылданды: заңсыз бірігудің түсінігі нақтыланды. Яғни активтерді сатып алу жолымен бірігуге тыйым салынды. Егер Клейтон заңы ірі фирмалардың көлденең бірігуіне тосқауыл қойса, онда Селлер-КефOVER түзетуі тігінен бірігуді (мысалы, өндіріс – өнімді өткізу) шектеді.

Еуропалық мемлекеттердің көбінде ұзақ уақыт бойы антимонополиялық заңдылықтар мүлдем болмады. Қабылданған бірқатар заңдар тәжірибеде өте сирек қолданылып, жеке немесе ұжымдық нарықтық билікті асыра пайдаланушыларға ғана бағытталды. Еуропалық мемлекеттердің үкіметтері оларда өндірістердің шоғырлану деңгейі АҚШ-қа қарағанда төмен деп болжады. Сондықтан Еуропада шоғырлану үдерісіне және картельдердің қалыптасуына жол берілді.

Антимонополиялық саясат нарықтық айырбасқа қатысушылардың арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталады. Мұндай реттеудің

екі бағыты орын алады: 1) іскерлік тәртіптің белгілі бір әділетсіз түрлерін шектеу немесе тыйым салу; 2) бәсекелестік нарықтық құрылымды қалыптастыру.

Қазіргі уақытта таза монополия нарығын мемлекет тарапынан реттеудің әлемдік тәжірибе тұрғысынан қалыптасқан бірнеше тәсілдері бар, яғни **монополиялық билікті қысқартудың негізгі тәсілдері** төмендегілер болып табылады:

**1. Монополияға қарсы заңдар** – фирмалардың қоғамға зардап шектіретін монополиялық билікті көбейтуіне қарсы бағытталған шаралар. Мұндай заңдылықтардың негізгі мақсаты – ірі фирмалардың бірігуіне, бәсекелестікті әлсіретуге, монополияны орнатуға, яғни олардың бірігуіне рұқсат бермеу арқылы құрылымдық салаларды реттеу.

**2. Табиғи монополияларды мемлекет тарапынан реттеу** (тікелей және жанама).

**3. Мемлекеттік меншікті қалыптастыру**, яғни жеке иеліктегі табиғи монополияны реттеудің орнына, мемлекет өзі монополияны иемденуші бола бастайды. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, пайдаға ұмтылу – фирманы кәсіби басқарудағы тіректі кепіл болып табылады.

Сонымен, монополиялық іс-әрекеттерді мемлекеттік реттеу салалық ұсынысты ұлғайту мақсатында жүзеге асырылады және ол монополиялық әрекеттерді жоюға бағытталған құқықтық нормалар, монополияның нарықтық билікті жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейтін экономикалық іс-шаралар сияқты әдістер арқылы жүргізіледі.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С. Микроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 321 бет.

5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономика. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров Ү. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.



## Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Бәсекелестіктің түрлері қандай?
2. Нарықтық құрылымдар және оларды анықтайтын факторлар қандай?
3. Жетілген бәсекенің шарттары қандай?
4. Жетілген бәсеке жағдайында баға мен өнім көлемін таңдаудың ерекшеліктері қандай?
5. Жетілмеген бәсекенің түрлері қандай?
6. Монополияның түрлері қандай?
7. Монополияның шарттары қандай?
8. Олигополия жағдайында шешім қабылдаудың ерекшеліктері қандай?
9. Монополистік бәсеке жағдайында өнімді ерекшелендіру мен жарнамалау қалай орын алады?
10. Антимонополиялық саясаттың негізгі бағыттары қандай?

## Тәжірибе сабағының жоспары:

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** бәсеке теориясын, соның ішінде жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайында шешім қабылдаудың негізгі үлгілерін кеңінен қарастыру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 6.1. Нарықтық құрылымдар және олардың сипатты белгілері;
- 6.2. Жетілген бәсеке және оның орындалу шарттары;
- 6.3. Жетілмеген бәсекенің формалары: монополия, монополистік бәсеке, олигополия, т.б.;
- 6.4. Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайында баға мен өндіріс көлемін таңдау;
- 6.5. Монополияға қарсы саясат.

## Студенттің өзіндік жұмыстары

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстанда бәсекелестік қатынастардың қазіргі даму жағдайы;  
Бәсекеге қабілеттілік және оны анықтайтын факторлар мен параметрлер;

Қазақстандағы антимонополиялық саясат;

Бәсекелестікті қолдау және тұтынушылар құқығын қорғау.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Монополия және екі жақты монополия.

2) Дуополия, дуопсония, олигопсония үлгілері

**5. Жаттығулар:**

1) Сіз жетілген бәсеке жағдайындағы фирма ретінде («баға қабылдаушы») жұмыс істейсіз. Егер қызанаққа деген нарықтық баға 50 теңге/кг деңгейінде болса, онда 100 кг қызанақты сату көлемі кезінде Сіздің шекті табысыңыз (MR) қандай болады? 1 кг кезінде? 20 кг кезінде қандай болады? Бұл кезде Сіздің орташа табысыңыз (AR) қандай болады?

2) Шығарылатын өнім бірлігінің нарықтық бағасы 70 теңгені құрайды. Өнім көлемі 12 бірлік болатын тиімді өндіріс кезіндегі орташа шығындар (AC) шамасы 80 теңгеге тең. Өндірістің осындай көлемі кезінде орташа өзгермелі шығындар шамасы 50 теңгені құрайды. Сіздің пікіріңізше, қысқа мерзімде жетілген бәсекелес фирма осындай экономикалық жағдайда қандай шешім қабылдауы керек: нарықтан кету керек пе, әлде қалған дұрыс па және неліктен? Осы экономикалық жағдайға графикалық талдау жасаңыз.

3) Сіз «таза» монополия жағдайында жұмыс істейсіз. Егер сіз бағаны 50 доллар деп бекітсеңіз, онда 1 дана өнім сатасыз; бағаны 45 долларға төмендетсеңіз – 2 дана өнім сатасыз. Сәйкесінше, әріқарай бағаны 5 долларға төмендете отырып, өнімнің қосымша бірлігін көбейтіп, өткізуді кеңейтесіз. Сіздің шекті табысыңыз (MR) қандай? Жалпы табысыңыз қандай (TR)? Кесте құрыңыз және жалпы табыстың графигін салыңыз:

P	Q	TR	MR
50	1	?	?
45	2	?	?
?	?		

## **6. Тест тапсырмалары:**

- 1. Таза бәсеке – бұл:**
  - A) Баға арқылы жүргізілетін бәсеке
  - B) Көптеген сатып алушылар мен сатушылардың бәсекелестігі
  - C) Даулы мәселелер бойынша келісім
  - D) Кәсіпорындар арасындағы бәсеке
  - E) Жалғыз сатып алушының сауда жүргізуі
- 2. Мына көрсетілген салалардың қайсысында монополиялық әрекеттер тиімді түрде жүзеге асырылуы мүмкін?**
  - A) Жеңіл өнеркәсіпте B) Тамақ өнеркәсібінде
  - C) Жылумен қамтамасыз ету орталықтарында
  - D) Жиһаз дайындау цехтарында E) Көтерме сауда нүктелерінде
- 3. Нарықтық ортада монополиялық билік болу үшін:**
  - A) Жеке өндіруші нарықтық бағаның өзгеруіне ықпал ете алуы керек
  - B) Жеке өндіруші нарықтық бағаның өзгеруіне ықпал ете алмайды
  - C) Жеке өндіруші өнім көлемін қысқартуы қажет
  - D) Жеке өндіруші өнім көлемін өсіруі қажет
  - E) Өндірушілер арасында бәсекелестік болмауы қажет
- 4. Олигополиялық бәсеке жағдайында:**
  - A) Бірнеше ірі фирмалар жұмыс істейді
  - B) Бірнеше сатып алушылар жұмыс істейді
  - C) Көптеген сатушылар нарықта орын алады
  - D) Әділетсіз бәсекенің формасы көп кездеседі
  - E) Тек бағалық емес бәсеке орын алады
- 5. Біртекті немесе әртүрлі тауарлар мен қызметтер өндіретін бірнеше ірі өндірушілері бар нарықтық модель қалай аталады?**
  - A) Олигопсония B) Олигополия C) Монополистік бәсеке
  - D) Монопсония E) Монополистік олигополия
- 6. Монополияның әрекеттері лицензиялаумен байланысты, өйткені:**
  - A) Нарықта ерекше өнім өндіріледі
  - B) Әртүрлі өнімдер өндіріледі
  - C) Біртекті тауарлар өндіріледі
  - D) Фирмаға қажетті өнімдер шығарылады
  - E) Адамға қауіпті өнімдер өндіріледі
- 7. Монополистік бәсеке нарығында фирма немен сипатталады:**
  - A) Әр түрлі өнім шығарады

- В) Бірнеше фирма қатысады  
С) Нарыққа еркін кіріп шыға алмайды  
D) Нарық туралы толық мәлімет болмайды  
E) Жалғыз сатушының болуы.
- 8. Монополия жағдайында салаға кіру:**  
A) Тосқауылдармен шектелген B) Қиындатылған C) Еркін  
D) Ашық E) Кез келген фирмаға мүмкін
- 9. Монополист дегеніміз кім?**  
A) Жалғыз ғана сатып алушы B) Биржаларда келісім жасаушы тұлға  
C) Ұйымның басшысы D) Жалғыз ғана сатушы  
E) Банкке ақша салушы адам
- 10. Дуополиялық бәсеке қандай белгімен анықталады?**  
A) Өнімді жалғыз фирманың өндіруі  
B) Нарықта көптеген сатушылардың жұмыс істеуі  
C) Нарықта өнімнің белгілі бір түрін екі кәсіпорынның өндіруі  
D) Өнімнің белгілі бір түрін бірнеше фирмалардың өндіруі  
E) Нақты екі ғана ірі сатып алушының үстемдік жүргізуі
- 11. Сұраныс пен ұсыныс бағаның реттеушілік рөлін сипаттау үшін қандай нарықтарда қолданылады?**  
A) Тауарлар мен қызметтер нарығында B) Валюта нарығында.  
C) Бағалы қағаздар нарығында D) Ресурстар нарығында  
E) Кез келген нарықтарда
- 12. Монополистік бәсеке нарығында фирма:**  
A) Стандартты және сараланған тауарлар шығарады  
B) Сапалы тауарлар шығарады  
C) Ерекше тауарлар шығарады  
D) Әртүрлі тауарлар өндіреді  
E) Біртекті тауарлар өндіреді
- 13. Біртектес тауарларды әртүрлі тұтынушыларға әртүрлі бағамен сатуды не деп атаймыз?**  
A) Ғылыми-техникалық қақтығысу B) Бағалық дискриминация  
C) Бағалық емес дискриминация D) Өндірістік қақтығысу  
E) Бәсекелік дискриминация
- 14. Мына көрсетілген салалардың қайсысында монополиялық әрекеттер тиімді түрде жүзеге асырылуы мүмкін?**  
A) Бөлшек сауда B) Бөлмені жинастыру  
C) Су құбырларының желілері D) Аяқ киім шығару  
E) Сыртқы киімдер шығару

- 15. Жетілген бәсекелі фирманың өніміне деген сұраныс қисығының пішіні қандай болып келеді?**  
А) Оң көлбеулі болып келеді В) Тік сызық формасында  
С) Көлденең түрде D) Теріс көлбеулі болып келеді  
Е) Бастапқыда көлденең түрінде болады да, содан кейін тік сызық формасына айналады
- 16. Әртүрлі тауар өндіретін фирмалардың саны көп нарықтық құрылым:**  
А) Монополия В) Монополистік бәсеке С) Олигополия  
D) Таза бәсеке Е) Монопсония
- 17. Бағалық емес бәсекені жүргізудің түрлері қандай?**  
А) Жарнама  
В) Жәрмеңкелер ұйымдастыру  
С) Тауардың сапасын жақсарту  
D) Сатудан кейінгі қызмет көрсету деңгейі  
Е) Осы аталғандардың барлығы
- 18. Мына факторлардың қайсысы монополияның қалыптасып жұмыс істеуіне әсер етпейді?**  
А) Авторлық құқықтар В) Патенттер С) Лицензиялар  
D) Жақын алмастырушылары бар тауарларды өндіру және сату  
Е) Ресурстар мен шикізаттарға деген толық бақылау
- 19. Жетілген бәсекелі нарыққа сәйкес келмейтін шартты таңдаңыз:**  
А) Тауар мен қызметті жалғыз өндірушінің болуы  
В) Кез келген шаруашылық, нарықтың қызметіне деген еркіндіктің болуы  
С) Нарықтың ақпаратпен толық қамтамасыз етілуі  
D) Еркін баға белгілеудің болмауы  
Е) Сатып алушылар санының көп болуы
- 20. Белгілі бір өнімді бір ғана фирма сатып алатын экономикалық жағдай қалай аталады?**  
А) Монопсония В) Олигополия С) Монополия  
D) Дуополия Е) Олигопсония
- 21. Монополистік бәсеке нарығында:**  
А) Жекелеген тұтынушы өнімнің бағасына әсер ете алады  
В) Тауарлар дизайны және сатылу шарттары бойынша ерекшеленеді  
С) Бір сатушының әрекеті басқа сатушылардың әрекеттеріне әсер етпейді

- D) Жарнаманың рөлі мүлдем болмайды  
 E) Бір-біріне алмастырылмайтын тауарлар өндіріледі
- 22. А. Смит «көрінбейтін қол» деп нені түсінген:**
- A) Салық салудың жеңілдіктерін  
 B) Мемлекеттік реттеуді  
 C) Еркін бәсекелестікті  
 D) Адамдардың сана-сезімі мен ойлау қабілеттіліктерін  
 E) Ақшаларды және олардың айналу шапшаңдығын
- 23. Белгілі бір өнімді бір ғана фирма сатып алатын экономикалық жағдай қалай аталады?**
- A) Олигопсония B) Дуополия C) Монополия  
 D) Монопсония E) Олигополия
- 24. Монополияға қарсы пайда болған алғашқы заң:**
- A) Чемберлин заңы  
 B) Целлер-Кефорер заңы  
 C) Клейтон заңы  
 D) Шерман заңы  
 E) Робинсон-Пэтмен заңы
- 25. Пайданы барынша көбейту мәселесі қалай шешіледі?**
- A) Өнім көлемі  $MR=MC$  болғанда, пайда барынша көбейеді  
 B) Өнім көлемі  $MR=AR$  болғанда, пайда барынша көбейеді  
 C) Өнім көлемі  $MR=P$  болғанда, пайда барынша көбейеді  
 D) Өнім көлемі  $P=MC$  болғанда, пайда барынша көбейеді  
 E) Өнім көлемі  $MR=MC+P$  болғанда, пайда барынша көбейеді
- 26. Монополияның әрекеттері лицензиялаумен байланысты, өйткені:**
- A) Әртүрлі өнімдер өндіріледі  
 B) Нарықта жақын алмастырушысы жоқ ерекше өнімдер өндіріледі  
 C) Біртекті тауарлар өндіріледі  
 D) Фирмаға қажетті өнімдер шығарылады  
 E) Адамға қауіпті өнімдер өндіріледі
- 27. Монополия жағдайында салаға кіру:**
- A) Тосқауылдармен шектелген  
 B) Еркін  
 C) Ашық  
 D) Кез келген фирмаға мүмкін  
 E) Жеңілдетілген
- 28. Экономикадағы заңдылықты сақтаудың ескерілуімен байланысты нарықтар былай бөлінеді:**

- A) Бөлшек сауда және көтерме сауда нарықтары
- B) Ақша, капитал және несие нарықтары
- C) Жұмыс күші, өндіріс құралдары, құнды қағаздар нарықтары
- D) Аймақ ішілік, аймақ аралық, ұлттық және халықаралық нарықтар
- E) Ашық және ашық емес «көлеңкелі» нарықтар

**29. Нарықтық экономикаға деген классикалық және неоклассикалық көзқарас:**

- A) Нарықтық экономика мемлекеттік реттеуді қажет етпейді, ол өзін өзі қалыптастырушы жүйе
- B) Ол жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсынысты реттеуді талап етпейді.
- C) Бұл – еңбекті қоғамдық тұрғыдан бөлуге негізделген жүйе
- D) Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуге негізделген және өзін өзі реттейтін жүйе
- E) Бұл – қоғамдық капиталды қайта өндіру негізі

**30. Нарықтық инфрақұрылымның элементтеріне не жатады:**

- A) Тауар мен қызметтер өндірісі және оларды тұтыну, т.б.
- B) Сауда үйлері, жәрмеңкелер, банктер, делдалдық құрылымдар, т.б.
- C) Транскциондық шығындарды үнемдеумен байланысты элементтер
- D) Материалдық-техникалық жабдықтау, салалық элементтер, т.б.
- E) Халыққа білім беру, спорт, мәдениет пен өнер, денсаулық сақтау, т.б.

**31. Егер нарықта жұмыс істейтін фирма ұзақ мерзімді кезеңде экономикалық пайда ала алмаса, онда ол нарықтық құрылымды не деп атайды:**

- A) Монополия
- B) Монопсония
- C) Екі жақты монополия
- D) Жетілген бәсеке
- E) Олигополия

**32. АҚШ-тың көптеген университеттерінде білім алудың төлемақысы шетелдік студенттер үшін жергілікті студенттерге қарағанда жоғары болып табылады. Осы жағдайды ненің мысалы деп түсінуге болады:**

- A) АҚШ-тың білім беру мекемелерінде монополиялық жағдайдың қалыптасуы.

- В) Үкіметтің жоғары білім саласына бақылаудың болмауы.
  - С) АҚШ-тың білім беру мекемелерінде бағалық дискриминацияның қалыптасуы.
  - Д) Үкіметтің жоғары білім саласына шектен тыс араласуы.
  - Е) АҚШ-та орта және жоғары білім беру салалары арасында ресурстардың тиімді бөлінбеуі.
- 33. Төмендегілердің қайсысы монополияға алып келмейді:**
- А) Лицензиялар.
  - В) Авторлық құқықтар.
  - С) Патенттер.
  - Д) Жақын алмастырушысы жоқ ерекше тауарға бақылау жасау.
  - Е) Жақын алмастырушылары көп тауарларды өндіру және өткізу.
- 34. Мына нарықтардың қайсысы жетілген бәсекенің мысалына жақын бола алады:**
- А) Бидай нарығы.
  - В) Жеңіл автокөліктер нарығы.
  - С) Оқытушылар қызметінің нарығы.
  - Д) Шикі мұнай нарығы.
  - Е) Есірткі нарығы.
- 35. Табиғи монополияның мысалы:**
- А) «Ақиқат» журналы.
  - В) Байқоңыр космодромы.
  - С) ОПЕК ұйымы.
  - Д) «Арсенал» кинотеатры.
  - Е) «Ливерпуль» футбол клубы.
- 36. Монополияға қарсы заңдар алғаш рет қай елде және қай жылы қабылданды?**
- А) АҚШ-та 1890 жылы.
  - В) Ұлыбританияда 1890 жылы.
  - С) Ресейде 1992 жылы.
  - Д) Қазақстанда 1999 жылы.
  - Е) Германияда 1891 жылы.
- 37. Жетілген бәсеке мен монополистік бәсеке нарықтарының ортақ белгілері қандай?**
- А) Ерекшеленген тауарлардың шығарылуы.
  - В) Сатушылар мен сатып алушылар санының көп болуы.
  - С) Стандартты тауарлардың шығарылуы.
  - Д) Сатушылар мен сатып алушылар санының көп болмауы.
  - Е) Әрбір жеке фирманың нарықтағы тәртібі бәсекелестердің шешіміне тәуелді болады.



- 38. Лернер индексі жетілген бәсеке жағдайында қандай мәнге ие болады?**
- А) -1-ге тең. В) 0-ге тең. С) 1-ге тең. D) 0 мен 1-дің арасында болады.  
E) 1-ге жақын болады.
- 39. Егер нарықта жалғыз ғана фирма билікке ие болса, онда Лернер индексі қандай мәнге ие болады?**
- А) 1-тең. В) 0-ге тең. С) 1-ге жақын. D) оны анықтау қиын. E) 100-ге тең.
- 40. Егер нарықта жалғыз ғана сатып алушы жұмыс істесе, онда бұл жағдайды не деп атайды?**
- А) Монополия. В) Олигополия. С) Монопсония. D) Екі жақты монополия. E) Олигопсония.

## 7-тақырып

### **ФИРМА ТЕОРИЯСЫ. КӘСІПКЕРЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

**Мақсаты:** фирманың теориялық бағыттарын зерттеу және кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі нысандарын, сонымен қатар, Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуын қарастыру.

#### **Талқылау сұрақтары:**

- 7.1. Фирма немесе кәсіпорын: мәні және теориялық бағыттары;
- 7.2. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі формалары;
- 7.3. Кәсіпкерлік капитал. Толық айналым және ауыспалы айналым. Инвестициялар;
- 7.4. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы.

**Негізгі ұғымдар:** фирма, кәсіпорын, бизнес, кәсіпкерлік, жеке кәсіпкерлік, серіктестік, акционерлік қоғам, капитал айналымы, ауыспалы айналым, толық айналым, инвестиция, амортизация, материалдық тозу, сапалық тозу, т.б.

#### **7.1. Фирма немесе кәсіпорын: мәні және теориялық бағыттары**

Экономикалық теория мен тәжірибеде «фирма» ұғымы коммерциялық қызметпен айналысатын шаруашылық құрылымдардың атауын белгілеу үшін қолданылады. **Фирма** деп өзінің мүліктік жауапкершілігімен коммерциялық іс-әрекетті жүзеге асыруына мүмкіндік беретін белгілі бір мүлкі мен бекітілген құқықтары бар шаруашылық бірлікті айтады.

Экономикалық теорияда фирманың бірнеше теориялық бағыттары бар.

**Фирманың неоклассикалық теориясы.** Бұл теория бойынша *фирма өз пайдасын максималдауды көздейтін және қызметі өндірістік функциямен анықталатын технологиялық бірлік* ретінде қарастырылады. Фирманың басты міндеті болып өндіріс шығындарын минималды деңгейге жеткізетін өндірісі ауқымы мен ресурстардың оңтайлы үйлесімділігін таба білу және өндірістің тиімділігін анықтау табылады. Фирманың неоклассикалық тұжырымдамасы нарықтың тиімділігін, ондағы ақпараттың толықтылығын, бағаның

автоматты реттеушілік ролін, экономикалық субъектілердің ұтымды тәртіптерін, фирмалар көлемі мен шығындар деңгейінің бірдей болуын есепке алады. Алайда, бұл жерде фирманың ішкі ұйымдасушылық ерекшеліктері мен шешім қабылдаудың балама нұсқалары ескерілмейді. Сондықтан осы тұрғыда бұл теория тәжірибеде қатты сыналады. Сонымен қатар ол фирманың нақты экономикалық субъект ретіндегі шығу тегі, оның өзгерісінің себептері мен тетіктері туралы сұрақтарға жауап бере алмайды.

**Фирманың институционалдық теориясы.** Бұл теория бойынша *фирма нарықтық белгісіздік пен тәуекел жағдайында іс-әрекет жасайтын күрделі сатылы құрылым* болып табылады. Фирманың нарықтағы тәртібі ақпараттың толық еместігі жүйесінде қарастырылады және басты назарға фирма табиғатының және оның дамуының алуан түрлілігінің себептері туралы мәселелер алынады. Фирма табиғатын талдаудың негізіне нарықтық белгісіздік жағдайында келісімдерді жүзеге асыруда туындайтын трансакциондық шығындардың<sup>1</sup> орын алуы туралы алғышарттар қойылады. Фирма осындай шығындарды қысқарта отырып, нарықтық және әкімшіліктік жолдармен ресурстарды оңтайлы үйлестірудің неше түрлі әдістерін қолдана алуы тиіс. Нарықтық жол кезінде баға механизмі есепке алынады, ал әкімшіліктік жол кезінде баға механизмі ескерілмейді. Бұл жерде фирманың құрылымы ресурстарды нарықтық тұрғыдан үйлестірудің шығындары мен оларды әкімшіліктік басқару тұрғысынан бөлу шығындары арасындағы арақатынаспен анықталады. Нәтижесінде, фирманың өзі ресурстарды нарықтық әдіспен тиімді орналастырудың баламасы ретінде қарастырылады. Демек, нарық ресурстарды тиімді бөлудің жалғыз ғана әдісі деген белгісінен айырылады. Осындай бағыттың құндылығы фирманың қолданатын ресурсының ерекшелігіне байланысты дұрыс шешім қабылдауы нарықтың өзі қамтамасыз ете алмайтын өндірістік тиімді әдісті ұйымдастыра алу қабілеттілігін түсіндіруден анық көрінеді. Сондықтан фирманың пайда табудағы табиғаты трансакциондық және басқарушылық шығындарды салыстырудан ғана емес, оның ерекше ресурстарды қолдана алу қабілетіне де тәуелді болып табылады.

Фирма туралы аталған теориялардың ерекшеліктеріне қарамастан, олар пайда табу мақсатында ресурстарды тиімді бөлу тұрғысынан

<sup>1</sup> «Трансакциондық шығындар» (келісімдер жасасу және келіссөздер жүргізу бойынша пайдалы ақпараттар іздеу шығындары) теориясының негізін салған американдық экономист Рональд Коуз болып табылады.

фирма қызметінің мәселелерін шешуді қарастырады. Басты айырмашылығы, бірінші жағдайда, фирманың өндірістік жағына көңіл бөлініп, нарықтың өзін-өзі реттейтін механизм ретінде қарастырылуы – бұл **фирманың өндірістік теориясы**, ал екінші жағдайда, фирманың өмір сүруі нарықтың жетілмегендігімен байланыстырылады және фирма қызметінің ұйымдастырушылық жағына көңіл бөлінуі қарастырылады – бұл **фирманың келісімдік теориясы**.

Сонымен, фирма ресурстар иелерінің арасындағы қатынастар жиынтығы ретіндегі күрделі иерархиялық ұйым болып табылады.

**Фирма** – бұл пайданы максималдау мақсатында өндіріс шығындарын төмендету қағидасы тұрғысынан өз қызметін жүзеге асыратын өндірістік бірлік.

## 7.2. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі формалары

**Кәсіпкерлік** адам қызметінің ерекше саласы және ол еңбектің басқа түрлерінен оқшауланып тұрады. «**КӘСІПКЕРЛІК**» терминін алғашқы рет ағылшын экономисі Ричард Кантильон енгізді. Кәсіпкерлік ұғымына ол нарықтық тәуекелділік жағдайында табыс алу мақсатымен өндірісті ұйымдастырудағы адам белсенділігін жатқызды. **Кәсіпкерлік** дегеніміз – бұл азаматтар мен бірлестіктердің мүлкіктік жауапкершілік пен тәуекел ету негізінде іске асырылатын, жоғары табыс алуға бағытталған шығармашылық, дербес іс-әрекеттері.

Кәсіпкерліктің негізгі белгілері:

- шаруашылық субъектілерінің дербестігі және тәуелсіздігі;
- экономикалық мүдделілігі;
- шаруашылық тәуекел етуі және жауапкершілігі;
- белсенді ізденуі;
- жаңашылдығы.

Кәсіпкерліктің субъектілері: мемлекет, жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, серіктестіктер, арендалық ұжымдар, акционерлік қоғамдар, шаруашылық ассоциациялары, әртүрлі бірлестіктер.

Кәсіпкерліктің объектілері: шаруашылық қызметтің кез келген түрлері, коммерциялық делдалдық, инновациялық, кеңес беру іс-әрекеттері, құнды қағаздармен операциялар.

### **Кәсіпкерліктің негізгі атқаратын қызметтері:**

*1. Новаторлық қызметі.* Әрбір кәсіпкер өзінің мақсатына жету үшін кәсіпкерлікті ұйымдастырудың жаңа формаларын, жаңа технологияларды қолдануға мүдделі болады. Бұл қызмет өнімнің

бәсекеге қабілеттілігін және сапасы туралы мәселелерді шешеді.

2. *Ұйымдастыру қызметі.* Әрбір кәсіпкер минималды шығын жұмсау және максималды пайда табу мақсатымен ең тиімді өндірісті таңдайды. Өндірісті ұйымдастыру кезінде кәсіпкер жер, еңбек, капитал ресурстарын бір үдеріске біріктіреді.

3. *Басқару қызметі.* Әрбір кәсіпкер шаруашылықты жүргізуде негізгі шешімдерді қабылдау инициативасын өз жауапкершілігіне алады: кадр мәселесі, өнімді сатып өткізу, банк жүйесімен байланысты мәселелерді шешеді.

4. *Тәуекелге бару қызметі.* Әрбір кәсіпкер тәуекелге бару үшін істелетін істің айқындылығын талдап, қорытындысында не болатынын білген жөн. Кәсіпкер тек қана өз уақыты, еңбегін, іс қабілеттілігін тәуекелге салмайды, сонымен бірге өндіріске кеткен өзінің серіктестіктерінің немесе акционерлерінің қаржыларын тәуекелге салады.

**Кәсіпкерліктің экономикалық, әлеуметтік және құқықтық жағдайлары.** Кәсіпкерлікпен айналысу барысында экономикалық, әлеуметтік және құқықтық жағдайлар ескерілуі қажет.

1. **Экономикалық жағдайлар:** Нарыққа тауар, қызметтер ұсыну, тауарлардың, қызметтердің алуан түрлері, тұтынушылардағы ақша-қаражат көлемі, яғни олардың сатып алу қабілеттілігі, жұмыс орнының және жұмыс күшінің артық-кемдігі, еңбек ақы қорының артық-кемдігі, қарыз беретін мекемелердің ақша ресурстары болуы керек.

2. **Әлеуметтік жағдайлар.** Кәсіпкерлікті ұйымдастыру, қалыптастыру үшін тұтынушыларда тауар сатып аларлық қаражаты болуы, олардың тауарға, қызметке деген талғамы, төлем қабілеттілігі бар сұранысы болуы. Әлеуметтік жағдай әрбір адамның жұмыс орнындағы жағдайы, еңбек ақы мөлшерімен байланысты. Әрбір кәсіпкер денсаулық сақтау, жұмыс орнын жасақтау, еңбек ақы мөлшерін қадағалау сияқты әлеуметтік мәселелерге белсенді араласып, жағдай жасауы тиіс.

3. **Құқықтық жағдайлар.** Кәсіпкерлікті реттейтін заңдар және нормативтік-құқықтық жағдайлардың болуы: Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, салық туралы заңдар, кәсіпкерлерді қорғайтын заңдар, шағын және орта бизнесті қолдайтын органдар, меншікке құқықтық заңдар.

**Кәсіпкерліктің түрлері және ұйымдастыру формалары.**

Кәсіпкерліктің түрлеріне өндірістік, коммерциялық, қаржылық, кеңес беру, сақтандыру, делдалдық кәсіпкерлік жатады.

• **Өндірістік кәсіпкерлік** – бұл тауар өндірумен және қызмет көрсетумен байланысты кәсіпкерлік.

• **Коммерциялық кәсіпкерлік** – бұл өнім өндірумен байланысты емес тауарлар мен қызметтерді қайта сату бойынша операцияларды жүргізумен ерекшеленетін кәсіпкерлік. Коммерциялық кәсіпкерліктің іс өрісі тауар биржалары мен сауда мекемелері.

• **Қаржылық кәсіпкерлік** – бұл сату, сатып алу объектісі ақша, валюта, құнды қағаздар болып табылатын коммерциялық кәсіпкерліктің түрі. Қаржылық кәсіпкерлікке коммерциялық банктер және қор биржалары жатады.

• **Кеңес беру кәсіпкерлігі** – бұл нарыққа бағытталу туралы қаржылық шаруашылық талдауды жасауға, басқару мәселелері жөнінде көмектер көрсетумен айналысатын кәсіпкерлік.

• **Сақтандыру кәсіпкерлігі** – бұл белгілі бір жағдайларды сақтандырудан сақтандыру төлемін алу нәтижесінде пайда болатын қаржылық кәсіпкерліктің түрі.

• **Делдалдық кәсіпкерлік** – бұл белгілі бір мәмілеге мүдделі тараптарды біріктіретін кәсіпкерлік.

Кәсіпкерліктің ұйымдастыру формаларына ұйымдық-құқықтық және ұйымдық-экономикалық кәсіпкерліктер жатады.

Ұйымдық-құқықтық кәсіпкерлік жеке кәсіпкерлік, серіктестік, акционерлік қоғамды біріктіреді.

**Жеке кәсіпкерлік** – бұл бір адамның немесе бір жанұяның кәсіпкерлікпен айналысуы.

**Серіктестік** – бұл екі немесе одан да көп адамдардың капитал салымдары (үлестері) негізінде құрылған табыс алуға бағытталған іс-әрекеті. Серіктестіктің түрлері:

1. *Толық серіктестік.* Мүшелері өз мүліктері шеңберінде жауапкершілікке ие болады.

2. *Коммандиттік серіктестік.* Мүшелері аралас жауапкершілікке ие болады, яғни біреуі толық мүлікпен, ал екіншісі салынған капиталы негізінде жауап береді.

3. *Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.* Мүшелері тек қана салынған капиталы негізінде тәуекелге барады және жауап береді.

**Акционерлік қоғам** – бұл жарғылық капиталы белгілі бір үлестерге (акцияларға) бөлінген, заңды тұлға құқығы бар кәсіпорын. Акционерлік қоғам ашық және жабық болып екіге бөлінеді. Ашық акционерлік қоғам өз акцияларын ашық сатуға және басылымдарда акциялардың құнын жариялауға құқылы. Жабық акционерлік қоғамда

акциялары құрылтайшылары арасында сатылатын, акциялардың құны басылымдарда жарияланбайтын акционерлік қоғамның түрі.

Ұйымдық-экономикалық кәсіпкерлік формалары:

1. *Концерн* – көп салалы іс-әрекетпен ерекшеленетін өнеркәсіп саласындағы корпорацияның кең тараған формасы.

2. *Ассоциация* – экономикалық дербес кәсіпорындардың ерікті бірлестігі. Ассоциацияның негізгі мақсаты ғылыми-техникалық, өндірістік, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді бірігіп шешу.

3. *Консорциум* – ірі қаржы операцияларын істеу үшін біріккен кәсіпкерлердің бірлестігі.

4. *Синдикат* – бір саланың кәсіпкерлерін тауар сатуға біріктіру.

5. *Картель* – тауар, қызмет көрсету бағасы, нарық аудандарын бөлу, өндіріс мөлшері, патент айырбастау жөнінде келісім.

6. *Трест* – белгілі бір тауарды өндіру бойынша белгілі бір түрдегі монополистік бірлестік.

### **7.3. Кәсіпкерлік капитал. Толық айналым және ауыспалы айналым. Инвестициялар**

Кәсіпкерліктің кез келген түрінде кәсіпкер әрдайым капитал жұмсап өзіне тезірек пайда табуға ұмтылады. Бұл үшін кәсіпкер өндірісті үзбей жалғастырып, ұдайы өндіріс үдерісін жүзеге асырады. Ұдайы өндірістің үздіксіздігі өнеркәсіптік капиталды пайдалану негізінде жүреді. Ұдайы өндірістік үдерісті, осыған қатысатын өнеркәсіптік капиталдың функционалдық формаларының өзгеруі тұрғысынан қарасақ, оны

$$A - T \dots \Theta \dots T' - A'$$

түрінде сипаттауға болады.

Бұл ұдайы өндірістік үдерістің формуласы. Ол мынадай заңды сатылардан құралады:

$$A - T \dots$$

Өндіріс факторлары нарығында тауар формасын алған өндіріс факторларына *ақша капиталы* жұмсалады.

Сөйтіп, осы ақша капиталы *өндіргіш капиталға* айналады. Бұл капиталдың қызметі болып өндіріске жағдайлар жасау табылады:

$$\dots \Theta \dots$$

Өндіріс үдерісінде өндіргіш капитал *тауарлық капиталға* айналады және ол үстеме құн (қосымша пайда) өндіру қызметін атқарады:

$$\dots T' - A'$$

Дайын тауарларға сіңген үстеме құн, оны нарықта өткізгеннен соң кәсіпкердің қарамағына пайда ретінде түседі. Бұл сатыда тауарлық капитал тағы да жаңадан ақша капиталына айналады. Тауарлық капиталдың қызметі – үстеме құнды жасау және сату.

Капиталдың бір формадан екінші формаға айналатын қозғалысын **капиталдың ауыспалы айналымы** деп атайды. Капиталдың ауыспалы айналымы қосымша пайда табуды көздейді:

$$d = A' - A.$$

Мұнда,  $A$  – бастапқы жұмсалған капитал;  $d$  – үстеме құн.

Өндіріске құйылған бастапқы капиталдың барлық қозғалысының түгелдей бір цикл бойы айналып шығуын **капиталдың толық айналымы** деп атайды.

Капиталдың толық айналымы мен ауыспалы айналымы бір-біріне сәйкес келмейді. Ауыспалы айналымның әрқайсысының нәтижесінде кәсіпкерге ақшалай формада бастапқы капиталдың тек бір бөлшегі ғана қайтып келеді, барлық капиталдық құн өз иесіне тек өзінің бастапқы ақшалай формасында толық қайтып түскенде ғана капитал толық айналым жасайды.

Капиталдың осындай түрлерінің айналымы әрқашанда бірдей жүрмейді. Капитал құнының айналымдағы әрқилы қызметтеріне байланысты капитал негізгі және айналмалы болып бөлінеді.

**Негізгі капитал** – бұл өндірістік үдеріске толық қатысатын, бірақ өзінің құнын дайын өнімге бірте-бірте ауыстыратын және меншік иесіне ақшалай формада біртіндеп қайтып оралатын капитал. Негізгі капиталға құрал-жабдықтар, саймандар, машиналар, станоктар, өндірістік ғимараттар, құрылыстардың түрлері және тағы басқалары жатады.

**Айналмалы капитал** – бұл өндіргіш капиталдың бір бөлігі болып табылатын, өзінің құнын дайын өнімге бірден ауыстыратын және әрбір ауыспалы айналым актісінің соңында ақшалай формада тұтас қайтатын капитал. Айналмалы капиталға шикізат, отын, материалдар, басқалары жатады.

Негізгі капитал айналмалы капиталға қарағанда материалдық (физикалық) және моральдік (сапалық) тозуға ұшырайды.



**Материалдық тозу** – бұл негізгі капитал элементтерінің физикалық тұрғыдан қызмет етуге жарамсыз болып қалып өздерінің тұтыну құнын жоғалтуы.

Негізгі капитал материалдық тозуға мынадай жағдайларда ұшырайды:

- жұмыс уақытында капиталдың қызмет ету үдерісінде;
- табиғат күштерінің әсерінен жұмыссыз қалған кезеңде.

Материалдық тозудың екі жағы болады:

- техникалық-өндірістік – тұтыну құнының жойылуы;
- құндық – құнның жаңа өнімге көшуі.

**Моральдік тозу** – бұл негізгі капитал, еңбек құралдары құнының төмендеуі нәтижесінде немесе олардың өнімділігінен жоғары сапалы еңбек құралдарының пайда болуына байланысты құн бағалылығының жойылуы.

Моральдік тозудың екі түрі болады:

- еңбек өнімділігінің өсуіне сәйкес берілген еңбек құралдары арзандау, аз құнмен ұдайы өндіріледі;

- құны бұрынғыдай машиналар өндіріледі, бірақ техникалық жағынан жетілдірілуі, өнімділігі мен рентабельділігі (тиімділігі) жоғары болады.

Аталған екі жағдайда да негізгі капитал тозуға ұшырайды, құны төмендейді, өйткені еңбек құралдарының бағасы олардың пайдалылығымен есептеледі. Мұндай жағдайлар амортизациялық қор құруды талап етеді. **Амортизациялық қор** – бұл негізгі капитал қорының қаражаты жыл сайын жасалып және жиналып отыратын амортизациялық жарналар. Амортизациялық қордың қаражаттары ескірген құрал-жабдықтарды толық алмастыруға, жабдықтарды жөндеуге, жетілдіруге, сондай-ақ қосымша машиналар, станоктар және басқа да құралдарды сатып алуға пайдаланылады. Демек, амортизациялық қор өндірісті ұлғайту үшін қолданылады, капитал қорлануының қосымша көзі ретінде қызмет етеді.

Өндіргіш капиталдың, яғни негізгі капитал мен айналмалы капиталдың қызмет ету сапасы мен тиімділігін бірқатар көрсеткіштер анықтайды.

**Негізгі капитал қорының көрсеткіштері:**

**1. Қор қайтарымдылығы.** Негізгі капитал қорының мың теңге құнына қанша өнім келетіндігін сипаттайды және ол бір жыл ішінде өндірілген дайын тауар құнының негізгі капитал қорының орташа жылдық құнына қатынасы ретінде анықталады:

$$K_k = T_o / K_o.$$

Мұнда,  $T_o$  – теңгемен есептегенде бір жыл ішінде өндірілген таза өнімнің тауарлы немесе атаулы құны;  $K_o$  – теңгемен есептегенде негізгі капитал қорының орташа жылдық құны.

Мысалы: Кәсіпорын жыл бойы шығарылған өнімнің жалпы көлемін ( $T_o$ ) 198 мың теңгеге өндірді. Осы мезгілде негізгі қордың орташа жылдық құны ( $K_o$ ) 180 мың теңгені құрады. Қор қайтарымдылығы көрсеткіші қаншаға тең?

Шешімі:  $198 \text{ мың} / 180 \text{ мың} = 1,10$  теңге.

**2. Қор сиымдылығы.** Қор қайтарымдылығы шамасына кері көрсеткіш болып табылады және ол негізгі капитал қорының бір өнім өлшеміне шаққандағы құнымен анықталады (теңгемен есептегенде):

$$K_c = K_o / T_o.$$

Мысалы: Кәсіпорын жыл бойы шығарылған өнімнің жалпы көлемін ( $T_o$ ) 198 мың теңгеге өндірді. Осы мезгілде негізгі қордың орташа жылдық құны ( $K_o$ ) 180 мың теңгені құрады. Қор сиымдылығы қаншаға тең?

Шешімі:  $180 \text{ мың} / 198 \text{ мың} = 0,91$  теңге.

**3. Қормен қарулану ( $K_k$ )** – бұл көрсеткіш ақшалай немесе ақшалай емес бірлік деңгейіндегі негізгі өндіріс қорларымен жабдықталу дәрежесі. Оны негізгі өндірістік қор құнының көлемін, орташа жылдық өнеркәсіп өндірісінде істейтін жұмысшылар санына қатынасы арқылы анықтайды.

$$K_k = K_o / J_c.$$

Мысалы: Кәсіпорында негізгі капитал қорының орташа жылдық құны 180 мың теңгені құрайды, ал орта тізімдегі өнеркәсіптік өндіріс жұмысшыларының саны 600 адам болды. Қормен қарулану көрсеткіші қаншаға тең?

Шешімі:  $180 \text{ мың} / 600 = 300$  мың теңге.

**Айналмалы капиталдың көрсеткіштері:**

**1. Айналмалы капитал қаражатының айналу коэффициенті:**

$$K_{\text{айналым}} = \Theta / Q.$$

Мұнда,  $\Theta$  – белгілі бір кезеңдегі өнімнің сатылу құны (сатудан түскен түсім);  $Q$  – сол кезеңдегі айналмалы капитал қаражатының орташа қалдығы.

Егер сатудан түскен түсім бір жылда 200 млн. теңгені құраса, ал айналым қаражатының орташа қалдығы 40 млн. теңге болса, онда айналу коэффициенті 5-ке тең болады:

$$K_{\text{айналым}} = 200 / 40 = 5.$$

Демек, бір жылдағы айналым қаражатына салынған әр теңге 5 рет айналысқа түскен.

### 2. Айналым қаражатын бекіту коэффициенті:

$$K_{\text{бекіту}} = 1 / K_{\text{айналым}}.$$

Келтірілген мысал бойынша:

$$K_{\text{бекіту}} = 40 / 200 = 0,20.$$

Бұл тауарды сатқаннан кейінгі түсімнің 1 теңгесіне шаққандағы айналым қаражатының орташа қалдық сомасын анықтайды, мысал бойынша ол 20 тиынға тең.

### 3. Материал қайтарымдылығы:

$$M_K = \text{Өндіріс} / M$$

Мұнда, Өндіріс – өндіріс көлемі; M – шикізат, отын, энергия, т.б.

### 4. Материал сиймдылығы:

$$M_C = M / \text{Өндіріс}.$$

Бұл көрсеткіш материал қайтарымдылығы шамасына кері көрсеткіш болып табылады.

Кез келген кәсіпкер үшін өз капиталының үнемі қорланып отыруы өте маңызды болып табылады. Капиталдың қорлануы екі түрде жүзеге асады:

1) **капиталдың шоғырлануы** – бұл үстеме құн есебінен капитал мөлшерінің өсуі;

2) **капиталдың орталықтануы** – бұл капиталдың бірнеше жолмен ірілену үдерісі.

Өндірістік тәжірибеде капиталдың қорлануы өндіріске инвестиция (күрделі қаржы) тартумен жүзеге асырылады. **Инвестиция** – бұл кәсіпкердің ұзақ мерзімді кезеңде пайда табу мақсатында негізгі капиталға, жаңа құрылысқа, құрал-жабдықтарға, кәсіпорынның өндірістік ауқымын ұлғайтуға, өндірісті техникалық қайта жабдықтауға, тұрғын үйге күрделі қаржы құюы.

Инвестицияның қайнар көздеріне өнеркәсіптік кәсіпорындардың пайдалары, ірі банктердің еркін ақша қорлары, тұрғындардың жинаған ақшалары, мемлекеттің ақшалай қоры жатады. Ал инвестиция салудың артықшылықтарына жұмыссыздықтың жойылуын, ұлттық табыстың ұлғаюын, өндіріске қосымша жұмыс күшін тартуды жатқызады.

Инвестицияның тиімділігін анықтау үшін өндіріске салынған күрделі қаржыны күтілетін нәтижемен салыстыру қажет.

#### **7.4. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы**

**Шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы.** Қазақстан Республикасы статистика Агенттігінің (ҚРСА) мәліметтері бойынша шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 2013 жылы 19%-ға жетті. Бұл төмен көрсеткіш болып табылады. Сондықтан мемлекет 2020 жылға ШОК-ң ЖІӨ-гі үлесін шамамен 40%-ға дейін арттыру міндетін айқындап отыр. Дамыған елдермен салыстырғанда (мәселен, Германияда – 57%, Ұлыбританияда – 52%, АҚШ-та – 52%, Францияда – 50%) отандық ШОК-ң ЖІӨ-гі үлесінің тым төмен болуы сол үлестің үлкен бөлігін ірі бизнестің жасайтындығымен (мұнай-газ және тау-кен секторларында қамтылған 7% ірі бизнес ЖІӨ-нің 75%-дан астамын өндіреді) түсіндіріледі. Бұл жағдай отандық бизнес құрылымының көп бөлігінің шикізат салаларында шоғырланғандығын айғақтайды.

ҚРСА деректеріне сүйенсек, 2013 жылдың 1 шілдесіне сәйкес тіркелген ШОК субъектілерінің саны 1 493 044 бірлікті құрады, соның ішінде, шағын бизнестің кәсіпорындары – 239 931 (16%), жеке кәсіпкерлер – 1 061 464 (71%) және шаруа (фермерлік) қожалықтары – 191 649 (13%) болды.

Республика бойынша 2013 жылдың 1 тамызына сәйкес, ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны 2 582 278 адамды құрады, соның ішінде, шағын бизнестің заңды тұлғалары 601 141 адам, орта бизнестің заңды тұлғалары 696 241 адам, жеке кәсіпкерлер 931 793 адам, шаруа қожалықтары 353 103 адам болды. Ал экономикалық белсенді халықтан (8 774 638 адам) ШОК-те қамтылғандардың үлесі 30,4%-ды құрады. Сонымен қатар, осы уақыт аралығында ШОК субъектілерінің шығарған өнім көлемі 4 849 869 млн. теңгеге жетті.

**Қазақстанның халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштері.** Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингісінде елдің бизнес-ахуалы 2008 жылы 64 орынды, 2009 жылы 63 орынды, 2010 жылы 58 орынды, 2011 жылы 47 орынды иеленді. Бұдан басқа, Қазақстан 2010 жылы кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қолайлы жағдайлар жасауда ең жақсы нәтижелерге жету бойынша 10 елдің ішінен 1-орынға шықты.

Doing Business рейтингісінде 2011 жылы бизнесті ашу, меншікті тіркеу, инвесторларды қорғау, салық салу, келісімдерді орындау және

кәсіпорындарды жою сияқты маңызды салалар бойынша Қазақстан алдыңғы 50 елдің қатарынан табылды.

**ШОК субъектілерін қаржылық қолдау шаралары.** Кәсіпкерлікті дамыту комитеті «Даму» Қорымен бірге «Бизнестің жол картасы – 2020» Мемлекеттік Бағдарламасын (әрі қарай – Бағдарлама) жүзеге асырып жатыр. Бағдарламаның мақсаты болып шикізаттық емес секторларда аймақтық кәсіпкерлікті тұрақты және теңгерімді дамыту, сонымен қатар іс жүзіндегі жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жаңа жұмыс орындарын ашу табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жалпы сомасы 350 456,9 млн. теңгеге 1 112 жоба субсидияландырылды. Жобалардың басым бөлігі мына салаларда орын алды, яғни агроөнеркәсіптік кешен – 265 жоба, көлік пен қоймалау – 223 жоба, жеңіл өнеркәсіп пен жиһаз өндірісі – 160 жоба.

2012 жылдан бастап Бағдарламаға төмендегідей қаржы құралдары енгізілді:

1. Несиелендіруді кепілдендірудің жаңа жүйесі, бұл кәсіпкерлердің несиелендіру ресурстарына деген қол жетімділігін жақсарту мақсатында әзірленді.

2. Жанашылдығымен ерекшеленген жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асырушы өз ісін енді бастаушы кәсіпкерлерді қолдау.

«Жұмыспен қамту – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын несиелерді беру және оқыту бағдарламаларын жүргізу арқылы ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету шаралары да жүзеге асырылады. Бұл Бағдарламаға қатысушыларға 2011 жылы микрокредиттік ұйымдар арқылы 3 569 млн. теңге көлемінде шағын несиелер берілді. Жалпы алғанда, Бағдарламаның 1 435 қатысушысы несиелендіру ресурстарымен қамтамасыз етілді. Шағын несиенің орташа көлемі 1 862 мың теңгені құрады.

**ШОК субъектілерін қаржылық емес қолдау шаралары.** Қазіргі уақытта, «Бизнестің жол картасы – 2020» Мемлекеттік Бағдарламасы «Кәсіпкерліктің әлеуетін күшейту» деген бағытын жүзеге асырып жатыр. Бұл бағыт шеңберінде ШОК-ті мемлекеттік қолдау өз ісін жаңа бастаушы кәсіпкерлерді қолдаудан (старт-ап жобалар), іс жүзіндегі бизнесті сервистік қолдаудан, ШОК-ті топ-менеджментке үйретуден, «Іскерлік байланыстар» жобасын жүзеге асырудан тұрады.

## Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
5. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
6. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
7. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
8. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
9. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
10. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
11. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
12. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
13. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров Ү. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
14. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.

15. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
16. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
17. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
18. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
19. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Фирма мен кәсіпорынның арасында қандай айырмашылық бар?
2. Фирманың теориялық бағыттары қандай?
3. Кәсіпкерлік пен бизнестің арасында қандай айырмашылық бар?
4. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың құқықтық түрлері қандай?
5. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың экономикалық түрлері қандай?
6. Кәсіпкерлік капиталдың түрлері қандай?
7. Капитал айналымының сатылары қандай?
8. Тозудың қандай түрлері бар?
9. Инвестициялардың түрлері қандай?
10. Кәсіпкерліктің Қазақстандағы даму бағыттары қандай?

### Тәжірибе сабағының жоспары:

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** фирма және кәсіпкерлік ұғымдарын, Қазақстандағы кәсіпкерліктің қазіргі даму жағдайларын талқылау. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 7.1. Фирма теориясы және оның негізгі бағыттары;
- 7.2. Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық және ұйымдық-экономикалық нысандары;
- 7.3. Капитал айналымы. Толық айналым және ауыспалы айналым. Инвестициялар;
- 7.4. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы.

## Студенттің өзіндік жұмыстары

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

### **1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**

### **2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

### **3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Фирма теориясы және оның үлгілері;

Қазақстандағы шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайы мен дамуы;

Инвестиция және оның түрлері;

Инновация және оның түрлері;

Қазақстанда шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары.

### **4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Франчайзинг және венчурлік бизнес.

2) Кәсіпкерлік тәуекел және оның түрлері.

### **5. Есептер:**

1. Акционерлік қоғамның (АҚ) инвестициялық қоржынында келесі акциялар бар. А серіктестігінде – 3 акция, В серіктестігінде – 2 акция және С серіктестігінде – 5 акция бар, бәрі бірдей курстық құндылықта. Инвестициялық қоржынның құны қалай өзгереді, егер А серіктестігінде акция курсы 18%-ға, В серіктестігінде – 16%-ға көбейсе және С серіктестігінде – 15%-ға төмендесе?

2. Фирманың иесі құны 1 млн. теңге тұратын станок сатып алуға шешім қабылдады. Өнімді өткізу шығыны 800 мың теңгені құрғанда, сатудан түскен түсім 2 млн. теңгеге жетеді. Анықтау керек:

1) жоба бойынша күтілетін таза пайданы;

2) күтілетін таза пайда мөлшерін;

3) несиеге станок сатып алудағы несие ставкасын:

а) 15% және ә) 25% алуды қажетті немесе қажетті еместігін.

### **6. Тест тапсырмалары:**

#### **1. Фирманың толық анықтамасы:**

А) Фирма – бұл нарыққа бір немесе бірнеше тауарлар мен қызметтер ұсыну арқылы оның меншік иелеріне пайда әкелу мақсатында мекеменің біртұтас басқаруындағы ұйым



- В) Фирма – бұл қызметінің барлық жақтарын қамтамасыз ететін келісімдерді жасау үшін барлық құқықтарға ие болатын ұжымдық сипаттағы шаруашылық бірлік
  - С) Фирма – бұл тауарлар мен қызметтерді әрі қарай сату мақсатында оны өндіру бойынша өндірістік үдерістерді жүзеге асыратын ұйымдық экономикалық қызмет
  - Д) Фирма – бұл нарыққа жаңа тауар шығарумен айналысатын ұйым
  - Е) Фирма – бұл кешенді маркетинг арқылы нарықта тауарлар мен қызметтерді өткізумен айналысатын ұйым
2. **Бизнесті ұйымдастырудың негізгі формаларын көрсетіңіз:**
    - А) Нарық, өндіріс В) Фабрика, зауыт, кәсіпорын
    - С) Жеке кәсіпкерлік, серіктестік, корпорация
    - Д) Бәсекелестік, биржа Е) Монополия және монополия
  3. **Пайда табу мақсатында өзінің жауапкершілігіне және тәуекелділігіне жұмыс істейтін нарық қатынастарының өзіндік субъектісі деп кімді айтады?**
    - А) Кредиторды В) Делдалшыны С) Менеджерді
    - Д) Кәсіпкерді Е) Жалданған жұмысшыны
  4. **Мыналардың қайсысы негізгі капиталдың құрамына кіреді?**
    - А) Машиналар мен құрал-жабдықтар В) Дайын өнім С) Жалақы
    - Д) Жанар-жағар май Е) Шикізаттар мен материалдар
  5. **Негізгі капиталдың моральдік тозуы немен анықталады?**
    - А) Машиналар мен жабдықтардың қолданылу ұзақтылығымен
    - В) ҒТП-нің жоғарғы қарқынымен
    - С) Атмосфералық жағдайлардың әсер етуімен
    - Д) Өндірістік технологияның ерекшеліктерімен
    - Е) Материалдардың өзінде орын алатын ішкі үдерістермен
  6. **Қандай капиталға негізгі және айналмалы болып бөліну қасиеті тән?**
    - А) Ақшалай В) Тауарлық С) Өндірістік
    - Д) Өндірістік емес Е) Тұрақты
  7. **Кәсіпкерліктің табысты түрде жүзеге асырылуына әсер ететін факторлар:**
    - А) Мемлекеттік заңдылықтарды сақтау
    - В) Кәсіпкердің жауапкершілігі мен белсенділігі
    - С) Қажетті бастапқы капиталдың болуы
    - Д) Кәсіпкердің тәуекелге бара алу қабілеті мен мүмкіндігі
    - Е) Осы аталған факторлардың барлығы әсер етеді

8. **Акционерлік қоғамның бас органы не деп аталады?**  
А) Директорлар кеңесі  
В) Өкілеттілер жиналысы  
С) Акционерлердің жалпы жиналысы  
D) Айрықша акция ұстаушылардың жиналысы  
E) Қарапайым акция ұстаушылардың кеңесі
9. **Фирма қызметінің негізгі элементтеріне не жатпайды?**  
А) Басқарушылық қызметі В) Маркетингтік қызметі  
С) Сыртқы әсерлерді реттеу әрекеттері D) Бағаларды реттеу  
E) Пайда табу
10. **Р. Кантильон экономикалық ғылымға қандай жаңалық енгізген?**  
А) «Экономикалық игіліктер» терминін алғаш қолданған  
В) «Кәсіпкерлік» терминін алғаш ұсынған  
С) «Бизнес» деген ұғымды енгізген  
D) Оның экономикалық ғылымға ешқандай қатысы болмаған  
E) Кәсіпкерліктің түрлерін дамытқан
11. **Ең кең тараған кәсіпкерліктің түрі қандай?**  
А) Жеке кәсіпкерлік В) Корпорациялар С) Синдикаттар  
D) Картель E) Консорциум
12. **Ескірген құралдарды аудару – бұл:**  
А) Таза инвестиция В) Шетелдік таза инвестиция С) Амортизация.  
D) Қолдануға болмайтын қорлар E) Тұтынушыларды қанағаттандыру заттары
13. **Мыналардың қайсысы айналмалы капиталдың құрамына кіреді?**  
А) Материал, шикізат В) Энергия және ұсақ саймандар С) Жалақы  
D) Қоспа заттар E) Аталғандардың барлығы жатады
14. **Негізгі капитал дегеніміз – бұл:**  
А) Тозу өлшемі бойынша өндірілген өнімге өзінің құнын бөлшектеп көшіретін өндіріс үдерісінде толық қатысатын өндіріс капиталының бөлігі  
В) Өндіріс үдерісінде құны өзгермейтін капитал  
С) Дайын тауарға құнын көшіретін және берілген өндіріс циклінде толық тұтынылатын капитал  
D) Табиғи нысаны толық өзгертін капитал  
E) Өндіріс үдерісінде пайдаланылмайтын капитал
15. **Қазақстанда шағын бизнесті дамыту үшін не қажет?**  
А) Жеңілдетілген несиелер В) Жеңілдетілген салық салу

- С) Құқықтық жағынан қорғалуы D) Қолдау ұйымдарын алып-тастыру  
Е) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 16. Зандылыққа сәйкес кәсіпкерліктің қандай түрі мемлекеттік тіркеуді қажет етпейді?**  
А) Жеке шаруашылық B) Жеке кәсіпкерлік  
С) Шаруашылық серіктестік D) Ашық акционерлік қоғам  
Е) Жабық акционерлік қоғам
- 17. Кәсіпкерлік терминін алғаш рет экономикалық ғылымға кім енгізді?**  
А) А. Пезенти B) Р. Кантильон C) Й. Шумпетер  
D) Ксенофонт E) К. Маркс
- 18. Венчурлік фирмалар – бұл қандай фирмалар?**  
А) Мемлекет қарамағындағы білім саласындағы кәсіпорындар  
B) Капиталды қолдану негізінде жаңа өнім өндірумен айналысатын мекемелер  
C) Тәуекелге баратын, жаңа технологияны пайдалануға маманданған коммерциялық ғылыми ұйымдар  
D) Фьючерстік келісімдермен жұмыс істейтін фирмалар  
E) Монополюстік бірлестіктерге кірмеген фирмалар
- 19. Мыналардың қайсысы негізгі капиталға жатады:**  
А) Ғимараттар мен құрылыстар. B) Шикізат. C) Еңбекақы.  
D) Бағалы қағаздар. E) Дайын өнім.
- 20. Бизнесті қоршаған ортаның негізгі элементтеріне жататындар:**  
А) Тұтынушылар мен бәсекелестер  
B) Бұқаралық ақпарат құралдары  
C) Қоғамдар мен тұтынушылық ассоциациялар  
D) Жергілікті басқару органдары  
E) Технологиялық даму жетістіктері
- 21. Айналым капитал дегеніміз – бұл:**  
А) дайын тауарға өзінің құнын бірден көшіретін және берілген өндіріс циклінде толық тұтынылатын капитал  
B) өндіріс үдерісінде құны өзгермейтін капитал  
C) өндірілген өнімге өзінің құнын біртіндеп беретін өндіріс капиталының бөлігі  
D) табиғи формасы толық өзгермейтін капиталдың бір бөлігі  
E) өндіріс үдерісінде жиі қолданылмайтын капитал

- 22. Ірі бизнестің кемшілігі қандай?**  
А) Капиталды тартудың шексіз мүмкіндігі  
В) Өндіріс ауқымының тиімділігі  
С) Қаржыландырудың жұмылдырылуы  
D) Басқарудағы бюрократиялық әрекеттердің орын алуы  
E) Арзан өнімдерді өндіру
- 23. Шешім қабылдау жауапкершілігі кімге артылады?**  
А) Кәсіпкерге В) Бухгалтерге С) Мемлекетке  
D) Салық инспекциясына E) Қоғамдық ұйымдарға
- 24. Кәсіпкерлік дегеніміз – бұл:**  
А) Меншік дегенді білдіреді  
В) Тәуекелділікпен байланысты іс-әрекеттер  
С) Өндіріс факторларын өзара жұмылдыратын, жаңашылдық пен тәуекелділікті қажет ететін қызмет түрі  
D) Болжамсыз қызмет  
E) Кез келген бизнестің түрі
- 25. Серіктестіктер қалай құрылады?**  
А) Өндірістің көлемін бір кәсіпорынның шеңберінде шоғырландыру арқылы  
В) Кәсіпорынның иемдену және басқару шешімдері туралы екі немесе одан да көп адамдар өзара келіскенде  
С) Бағалы қағаздарды шығарумен байланысты фирмалардың бірігуі жолымен  
D) Қаржылық қызметтерін ортақтастыру арқылы  
E) Жеке тұлғалар мен мемлекет арасындағы тұрақты байланыстар орнату арқылы
- 26. Төмендегі қайсысы капитал формуласы болып табылады?**  
А) T-A-T В) A-T-A' С) A-A D) T-T E) A-T
- 27. Тәуекелге барып жаңа технологияны пайдалануға маманданған ғылыми-зерттеу ұйымдары – бұл:**  
А) Франчайзингтік шағын фирмалар В) Венчурлік фирмалар  
С) Новаторлар D) Инновациялық кәсіпорындар  
E) Консалтингтік фирмалар
- 28. Мыналардың қайсысы негізгі капиталға жатады:**  
А) Бағалы қағаздар В) Еңбекақы С) Шикізаттар  
D) Станоктар E) Аралық өнімдер
- 29. Негізгі капиталдың тозуына байланысты бөлінетін қаржылық қор:**  
А) Таза инвестиция

- В) Амортизациялық қор
  - С) Тұтынушы тауарларды сатып алу үшін қолдануға болатын қорлар
  - Д) Жеке тұтынууды қанағаттандыру үшін арналған қаржы
  - Е) Жалпы инвестиция
- 30. Мыналардың ішінен қайсысын шағын бизнеске тән артықшылық деп санауға болмайды?**
- А) Әрекеттерінің еркіндігі
  - В) Тәуекелдің жоғары дәрежесі
  - С) Нарықтағы өзгерістерге тез бейімделе білу
  - Д) Құрылудың және ұйымдасудың жеңіл болуы
  - Е) Өндіріс шығындарының төмен болуы
- 31. Кәсіпкерліктің бизнестен айырмашылығы:**
- А) Ол новаторлық іспен байланысты саналы қызмет
  - В) Пайда табу жолындағы кез келген қызмет
  - С) Ол тек микродеңгейде жұмыс істейді
  - Д) Оны жүзеге асыруда шығын көп болмайды
  - Е) Ол заңды тұлға болып табылмайды
- 32. Инвестиция капиталдың қандай түрімен байланысты?**
- А) Айнымалы капитал
  - В) Негізгі капитал
  - С) Тұрақты капитал
  - Д) Физикалық емес капитал
  - Е) Интеллектуалдық капитал
- 33. «Батыл бес қадам» бағдарламасына сәйкес шағын және орта бизнесті қолдауға қанша қаражат бөлінді?**
- А) 480 млрд. теңге
  - В) 100 млн. теңге
  - С) 120 млрд. теңге
  - Д) 1000000 теңге
  - Е) 120 млн. теңге
- 34. Шумпетер кәсіпкерлікті қалай сипаттайды:**
- А) Кәсіпкер болу – ол басқаның істегенін жетілдіру
  - В) Пайданы арттыру жолындағы қызмет
  - С) Кәсіпкер болу – ол басқаның ісін істемеу
  - Д) Тәуекелділікпен байланысты іс-әрекет
  - Е) Шығындарды үнемдеумен айналысатын ұйым
- 35. Мыналардың ішінен қайсысын шағын бизнеске тән артықшылық деп санауға болмайды?**
- А) Өндіріс шығындарының төмен болуы
  - В) Құрылудың және ұйымдасудың жеңіл болуы
  - С) Нарықтағы өзгерістерге тез бейімделе білу
  - Д) Әрекеттерінің еркіндігі
  - Е) Тәуекелдің жоғарғы деңгейі

- 36. Ірі бизнестің кемшілігі не болып табылады?**
- A) Арзан өнімдерді өндіру
  - B) Қаржыландырудың жұмылдырылуы
  - C) Өндіріс ауқымының тиімділігі
  - D) Капиталды тартудың шексіз мүмкіндігі
  - E) Басқарудағы бюрократиялық әрекеттердің орын алуы
- 37. Тәуекелге баратын, жаңа технологияны пайдалануға маманданған коммерциялық ғылыми ұйымдар қалай аталады?**
- A) Франчайзинг B) Жеке кәсіпкерлік C) Венчурлік фирмалар
  - D) Акционерлік қоғамдар E) Инновациялық фирмалар
- 38. Мына аталған тұжырымдардың қайсысы дұрыс берілмеген:**
- A) Трансакциондық шығындар жетілген бәсеке нарығында да орын алады
  - B) Трансакциондық шығындар теориясын неoinституционализм бағытының өкілдері дамытты
  - C) «Трансакциондық шығындар» түсінігін американдық экономист Р. Коуз енгізді
  - D) Трансакциондық шығындар жетілмеген бәсеке нарығында да орын алады
  - E) Экономист Д. Норт трансакциондық шығындардың түрлерін бөліп көрсетті
- 39. Бизнесті қоршаған ортаның негізгі элементтеріне жататындар:**
- A) Тұтынушылар мен бәсекелестер
  - B) Бұқаралық ақпарат құралдары
  - C) Қоғамдар мен тұтынушылық ассоциациялар
  - D) Жергілікті басқару органдары
  - E) Технологиялық даму жетістіктері
- 40. Белгілі бір мәмілеге мүдделі тараптарды біріктіретін кәсіпкерлік – бұл:**
- A) Өндірістік кәсіпкерлік.
  - B) Делдалдық кәсіпкерлік.
  - C) Коммерциялық кәсіпкерлік.
  - D) Сақтандыру кәсіпкерлігі.
  - E) Кеңес беру кәсіпкерлігі.

## ФИРМАНЫҢ ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫ МЕН ТАБЫСТАРЫ

**Мақсаты:** фирма шығындарының және табыстарының түрлерін қарастыру, пайданың түрлерін атау, өндіріс шығындарын азайту және пайданы арттыру ережелерін түсіндіру.

### Талқылау сұрақтары:

- 8.1. Өндіріс шығындарының теориясы. Трансакциондық шығындар;
- 8.2. Шығындардың түрлері. Фирманың шығындарын барынша азайту мәселесі;
- 8.3. Фирманың табыстары және оның түрлері;
- 8.4. Пайда туралы теориялық көзқарастар. Фирманың пайдасын барынша арттыру мәселесі.

**Негізгі ұғымдар:** шығындар, айқын шығындар, айқын емес шығындар, тұрақты шығындар, өзгермелі шығындар, жалпы шығындар, орташа шығындар, шекті шығындар, трансакциондық шығындар, табыс, жалпы табыс, орташа табыс, шекті табыс, пайда, экономикалық пайда, бухгалтерлік пайда, қалыпты пайда, т.б.

### 8.1. Өндіріс шығындарының теориясы. Трансакциондық шығындар

Шығындар және өндіріс шығындары ұғымы экономикалық теория ұғымдарының ішінде ерекше, аса маңызды рөлді атқарады, өйткені олар бәсекелестік ортада фирма қызметінің тағдырына, оның көлеміне, болашақ дамуына, және соңында табысы мен пайда мөлшеріне тікелей әсер етеді.

Шығындар, ең алдымен өндіріс шығындары туралы теориялық көзқарастар классикалық саяси экономияның негізгі өкілдері А. Смит пен Д. Рикардоның зерттеулерінде кездеседі. Смит абсолютті шығындар тұжырымдамасын, Рикардо салыстырмалы шығындар тұжырымдамасын енгізген. Олар өндіріс шығындарын өнімнің жеке бірлігін жасауға кеткен қоғамдық қажетті еңбектің орташа шамасымен байланыстырады.

Марксизм теориясы өндіріс шығындарын кеңінен зерттеді. Бұл теорияның басты өкілі К. Маркс өзінің «Капитал» атты еңбегінде

өндіріс шығындарын жан-жақты талдады. Ол тауардың жасалуын және оған жұмсалған шығындарды өндіріс құрал-жабдықтарымен және жұмыс күшімен байланыстырды. Тауардың құнын құрайтын еңбек шығындарын нақты шығындар деп атайды.

Маржинализм теориясы өндіріс шығындарын тауардың ерекше қасиеті болып табылатын пайдалылық ұғымы тұрғысынан зерттейді. Пайдалылық, соның ішінде, тауардың жалпы пайдалылығы және шекті пайдалылығы психологиялық құбылыс ретінде өндіріс факторлары үшін фирмалар төлейтін соңғы соманың шамасы болып табылады. Маржиналистер экономикалық ғылымға шекті шығындар тұжырымдамасын енгізген, ол туралы біз әлі айтатын боламыз.

Институционализм бағытының өкілдері шығындар теориясын әріқарай дамыта түсті. Олар өндіріс шығындарынан басқа жеке шығындардың, қоғамдық шығындардың, абсолюттік шығындардың, қаржылық шығындардың, сонымен қатар қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді шығындардың бар екендігін бөліп көрсетті.

Неоклассикалық теория өндіріс факторларына жұмсалатын шығындарды өнім көлеміне тәуелді өзгермелі шығындар және өнім көлеміне тәуелді емес тұрақты шығындар деп ажыратады. Сондай-ақ, өзгермелі шығындардың да, тұрақты шығындардың түрлерін анықтайды.

Соңғы уақыттарда неoinституционализм бағытының басты өкілі Р. Коуз енгізген **транзакциондық шығындар теориясы** аса маңызды сұрақтардың бірі болып табылады. Транзакциондық шығындарды көбінесе айналым шығындарымен байланыстырады. К. Эррудың ойынша, экономикадағы транзакциондық шығындардың орын алу заңдылығы физикадағы үйкеліс заңымен ұқсас дейді, олай болса, экономиканы бұл шығындарсыз елестету қиын. Қазіргі уақытта, фирманың нарықтағы негізгі қызметі болып осы транзакциондық шығындарды үнемдеу табылады. Яғни солар арқылы фирманың мүшелері қандай да бір ақпарат алуға жұмсайтын шығындарын төмендете алады. Дуглас Норт транзакциондық шығындардың негізгі түрлерін бөліп көрсетті:

1. Нарық туралы ақпарат іздеумен және сол нарықтағы тауарлар мен қызметтер қозғалысының қалыптасу шарттарымен байланысты шығындар;

2. Келісім-шарттар жасаумен және келіссөздер жүргізумен байланысты шығындар;

3. Тауардың сапасын анықтауға, стандарттар жүйесін жасауға, фирманың маркалық белгісін қорғауға жұмсалатын шығындар;



4. Заң жүйесінің көмегімен меншік құқығын және оның тәртібін қорғауға жұмсалған шығындар;

5. Нарықта ойланбай жасалған (оппортунистік мінез-құлық) әрекеттерден болған шығындар.

## **8.2. Шығындардың түрлері. Фирманың шығындарын барынша азайту мәселесі**

**Өндіріс шығындары** – бұл фирманың өндіріс факторларын тартумен және оларды пайдаланумен байланысты әртүрлі жұмсалымдардың ақшалай көрінісі.

Фирманың шығындарына деген бухгалтерлік және экономикалық көзқарастар қалыптасқан. Фирма қызметіндегі капитал айналымы өткен уақытпен бағалануы мүмкін. Мұндай жағдайда шығындарды анықтаудың бухгалтерлік бағыты орын алады. **Бухгалтерлік шығындар** фирма қызметінің нәтижесін шығарумен, айқын қалыптасқан шығындарды анықтаумен байланысты болып табылады. Сонымен қатар, капитал айналымы фирманың болашағы тұрғысынан да қарастырылуы мүмкін. Бұл кезде экономикалық шығындар пайда болады. **Экономикалық шығындар** фирма қызметінде қолданылатын өндіріс факторларын алдағы уақытта балама жолдармен қаншалықты тиімді пайдалануға болатындығын көрсетеді.

Бухгалтерлік шығындарға амортизация, материалдық шығындар, еңбекақыға кеткен шығындар, әлеуметтік сақтандыру шығындары жатады және олар фирманың есеп берулерінде көрсетіліп айқын шығындар сипатына ие болады. Ал экономикалық шығындардың бухгалтерлік шығындардан басты айырмашылығы болып фирманың қарамағындағы құралдардың әртүрлі нұсқаларда қолданылуы табылады. Экономикалық шығындарға қатысты қарайтын болсақ, фирмада әрқашанда таңдау болады, яғни қолда бар қаржысын өндіріске салып қосымша пайда көре алады немесе сол қаржысын банкке салып одан пайыз түрінде де пайда таба алады. Бірақ бұл жерде капиталдың бірдей жұмсалыуының нәтижелері әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтанда экономикалық есептеулер жүйесінде баламалы шығындар орын алады. **Баламалы шығындар** немесе таңдау шығындары – бұл ресурстарды пайдаланудың ең жақсы мүмкіндіктерін жіберіп алумен байланысты шығындар. Мысал ретінде түсіндіретін болсақ, фирма ресурстарды сырттан еркін түрде сатып алуы мүмкін («айқын» ақшалай шығындар), ал ресурстардың басқа бір бөлігі фирманың меншігі ретінде өз ішінен шығуы мүмкін («айқын емес» шығындар).

Сонда баламалы шығындар «айқын» (ақшалай) және «айқын емес» шығындардың сомасына тең болады.

Фирма өндіріс көлемі мен ұсынысты анықтау үшін ең алдымен осы баламалы шығындарға назар аударады, себебі, оларды алдағы уақытта нарықта тауарлар ұсынысын шектейтін фактор ретінде қарастырады. Әрбір фирма баламалы шығындарын әрдайым төмендетуге тырысады, өйткені олардың өсуі пайдасын төмендетуге алып келеді.

Сонымен қатар, экономикалық шығындардың құрамына қалыпты пайда да кіреді. **Қалыпты пайда** кәсіпкерлік қабілет факторынан түсетін және іскерлік белсенділікті жүзеге асырудан келетін ең минималды қамтамасыз етілген таза табыстың түрін білдіреді. Олай болса, бухгалтерлік шығындар экономикалық шығындардан айқын емес шығындар мен қалыпты пайда шамасына кіші болып келеді.

Өндіріс шығындарын анықтаудағы экономикалық көзқарас шығындардың құрамын белгілеуге және шығын элементтерінің шығарылым көлемін арттыруға әртүрлі қатысатындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Қысқа мерзімді өндіріс үдерісінде өндіріс шығындары үшке бөлінеді:

**1. Тұрақты шығындар** – өнім көлеміне әсер етпейтін тәуелсіз шығындар. Бұл шығындар өнім өндірудің алдында және өнім өндірісі тоқтағанда орын алады. Тұрақты шығындардың құрамына ғимараттарды, құрылыстарды және құрал-жабдықтарды пайдалану шығындары, әкімшіліктік-басқарушылық шығындар, арендалық төлемдер, несиелік төлемдер жатады.


**2. Өзгермелі шығындар** – өнім көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуелді шығындар. Фирма өнім өндіргенде немесе оны тоқтатқанда мұндай шығындар орын алмайды. Өзгермелі шығындарға шикізаттарға, отын-материалдарға және жалдамалы жұмысшыларға еңбекақы төлеуге кеткен шығындар жатқызылады.

**3. Жалпы шығындар** – өндірістің тұрақты және өзгермелі шығындарының қосындысы. Фирма үшін бұл шығындар өнімнің белгілі бір көлемін өндірудің ең минималды ақшалай шығындары болып табылады. Өндірілетін өнімнің саны артқан сайын жиынтық жалпы шығындар өседі.

Аталған шығындардың анықталуы мен графиктері төменде көрсетілген.

$$TC = FC + VC,$$

Мұнда, TC (total costs) – жалпы шығындар;  
 FC (fixed costs) – тұрақты шығындар;  
 VC (variable costs) – өзгермелі шығындар;  
 Q (quant) – өнім көлемі.



8.1-сурет. Өндіріс шығындары

Суреттен көріп отырғанымыздай, тұрақты шығындар абсцисса осіне параллель болып келеді, себебі олар өнім көлеміне байланысты болмайды. Ал өзгермелі шығындардың ауытқымасы жалпы шығындардың сипатын қайталап отырады, өйткені бұлар өнім көлемі артқанда немесе төмендегенде әртүрлі бағытта өзгеріп отырады.

Фирманың өндіріс шығындары сапында орташа шығындар мен шекті шығындардың да орын алуы аса маңызды болып табылады. Фирма шешім қабылдау кезінде бұларды міндетті түрде ескереді.

**Орташа шығындар** – бұл өнімнің бір бірлігін өндіруге жұмсалған жалпы шығындар. Орташа шығындар жалпы шығындардың өнім көлеміне қатынасы ретінде анықталады:

$$AC \text{ (average costs)} = TC / Q.$$

Орташа шығындар үшке бөлінеді:

**1. Орташа тұрақты шығындар** – өнімнің бір бірлігін өндіруге жұмсалған жалпы тұрақты шығындар және ол жалпы тұрақты шығындарды өнім көлеміне бөлу арқылы анықталады:

$$AFC = FC / Q.$$

**2. Орташа өзгермелі шығындар** – өнімнің бір бірлігін өндіруге жұмсалған жалпы өзгермелі шығындар және ол жалпы өзгермелі шығындарды өнім көлеміне бөлу арқылы анықталады:

$$AVC = VC / Q.$$

**3. Орташа жалпы шығындар** – орташа тұрақты және орташа өзгермелі шығындардың қосындысы:

$$ATC = AFC + AVC.$$

**Шекті шығындар** – бұл өнімнің келесі бір бірлігін өндірумен байланысты өндіріске тартылған қосымша шығындар. Бұл шығындар жалпы және өзгермелі шығындардың өзгерісін туындатады және осы шығындар өзгерісінің өнім көлемінің өзгерісіне қатынасы ретінде анықталады:

$$MC \text{ (marginal costs)} = \Delta TC / \Delta Q, \text{ немесе } MC = \Delta VC / \Delta Q.$$

Шекті шығындардың өнім өндіру көлеміне тікелей қатысы болғандықтан, олар тұрақты шығындарға әсер етпейді. Сол себепті, қосымша тұрақты шығындар әрқашанда нөлге тең болады:  $MFC = 0$ .

Төмендегі кестеде шекті шығындарды есептеудің жолы көрсетілген. Мысалы:

Өндірілген тауарлардың саны, дана	Жалпы шығындар, долл.	Орташа шығындар, долл.
42	4 200	100
43	4 257	99
44	4 312	98
45	4 365	97

Шекті шығындар
4 257 – 4 200 = тауардың 43-данасына 57 доллар жұмсалды
4 312 – 4 257 = тауардың 44-данасына 55 доллар жұмсалды
4 365 – 4 312 = тауардың 45-данасына 53 доллар жұмсалды

### 8.3. Фирманың табыстары және оның түрлері

**Табыс** – бұл фирманың өнімнің белгілі бір көлемін сатудан түскен жалпы түсімі. Жалпы түсім нарықтағы тауардың бағасына және өткізілетін өнімнің көлеміне тәуелді болып табылады. Алайда, фирманың табыстарын пайдамен шатастыруға болмайды.

Фирма табыстарының негізгі үш түрі болады:

**1. Жалпы табыс** – тауардың бағасы мен өнім көлемінің көбейтіндісі.

$$TR = P \times Q.$$

Мұнда, TR (total revenue) – жалпы табыс;

P (price) – тауардың бағасы;

Q (quant) – өнім көлемі.

**2. Орташа табыс** – өнімнің бір бірлігін сатудан түскен түсім және ол жалпы табыстың өнім көлеміне қатынасы ретінде анықталады:

$$AR = TR / Q.$$

Мұнда, AR (average revenue) – орташа табыс.

**3. Шекті табыс** – өнімнің келесі бір бірлігін сатудан түскен қосымша түсім және ол жалпы табыс өзгерісінің өнім көлемінің өзгерісіне қатынасы ретінде анықталады:

$$MR = \Delta TR / \Delta Q.$$

Мұнда, MR (marginal revenue) – шекті табыс.

Жетілген бәсеке жағдайында фирманың жалпы табысы өнім көлемі өскен сайын арта береді. Ал орташа табыс пен шекті табыс бір-біріне тең болады және олар жетілген бәсеке жағдайында өндірілген өнімге деген сұраныспен анықталады. Жетілген бәсекеде біртекті өнім шығаратын фирма нарықтағы қалыптасқан бағаға әсер ете алмағандықтан оның орташа табысы мен шекті табысы тауардың бағасына тең болады.

Жетілмеген бәсеке жағдайында монополист, олигополист және монополистік бәсекелес фирмалар нарықтағы қалыптасқан бағаға әсер ете алғандықтан өнімнің бағасын шекті табыстан жоғары етіп тағайындайды және сол арқылы үстеме пайда алу мүмкіндігіне ие болады.

#### **8.4. Пайда туралы теориялық көзқарастар. Фирманың пайдасын барынша арттыру мәселесі**

Пайда ұғымы фирманың нарық жағдайындағы экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін және оның қаржылық тәуелсіздігіне кепілдік беретін өте күрделі категория ретінде сипатталады. Пайда не өндіру керек, қалай өндіру керек және қанша көлемде өндіру керек деген экономиканың негізгі мәселелерін шешуге көмектеседі. Сондықтанд өндірілген немесе сатылған тауарлар мен қызметтердің көлемі қанша және олардың бағасы қандай болғанда пайда мейлінше көп болады сұрақ фирмаларды ынталандырады.

Экономикалық теорияның негізгі мектептері пайда туралы теориялық көзқарастарын әртүрлі жеткізді.

Меркантилизм бағыты пайданың қайнар көзін айналыс саласымен және сыртқы сауда-саттықпен байланыстырады.

Физиократтардың айтуы бойынша, пайда тек ауыл шаруашылығы саласында жасалады. Мұнда табиғат күштерінің әсерінен тұтыну құндары өндіріс шығындарынан әрдайым артып отырады делінеді.

Классиктер А. Смит пен Д. Рикардо қосымша құн материалдық өндіріс салаларында жасалады деп тұжырымдады. Мұнда капиталист пайданы жалдамалы жұмыскер еңбегінің өнімінен алып отырады.

Марксизм теориясы пайданы барлық бастапқы капитал тудырған қосымша құнның өзгерген формасы деп санайды, ал қосымша құнның қайнар көзі болып жалдамалы жұмыскерлердің еңбегі табылады.

Пайданың экономикалық категория ретіндегі мәнін толық түсіну үшін оның атқаратын қызметтеріне де тоқталып өтуіміз қажет. Пайда негізгі екі қызметті атқарады:

**1. Бөліп-тарату қызметі** – орындауға арналған бағдарламалар мен стратегияларды қаржыландыру мақсатында ақшалай қаражат қорларын құру, капиталдың оңтайлы құрылымын жасау және банкротқа ұшырау қаупін мейлінше төмендету.

**2. Ғылымды қызметі** – өндіріс шығындарын барынша төмендету, жаңалықтар мен инновацияларды енгізу, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін өндірісте пайдалану.

Сонымен, **пайда** дегеніміз – бұл тауардың нарықтық сату бағасы мен оны өндіруге жұмсалған шығындардың айырмасы.

Пайданың құру, бөлу, өзара әрекет ету және пайдалану факторлары бар:

1. Құру факторлары: 1) өнімдерді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен түсім; 2) материалдық және материалдық емес қорларды сатудан түскен түсім; 3) негізгі құралдарды сатудан түскен түсім; 4) басқа әрекеттерге қатысудан келген табыстар; 5) құнды қағаздардан келген табыстар; 6) айыппұлдар мен өсімпұлдар.

2. Бөлу факторлары: 1) пайданың бюджетке және бюджеттен тыс қорларға бағытталуы; 2) пайданың кәсіпорында қалуы; 3) пайданың қарыздарды өтеу және пайыздарды төлеу үшін банкке бағытталуы; 4) пайданы бөлудің басқа да факторлары.

3. Өзара әрекет ету факторлары: 1) бағалар, тарифтер, алымдар; 2) салықтар және салық мөлшерлемелері; 3) несиелік пайыз мөлшерлемелері; 4) айналым құралдарының айналымы; 5) өнімнің өзіндік құны; 6) еңбек өнімділігі; 7) қор қайтарымдылығы; 8) қормен қарулану.

4. Пайдалану факторлары: 1) жинақтау және қорлану (өндірісті және ғылымды дамыту); 2) әлеуметтік мұқтаждықтар; 3) күрделі қаржы салымдары; 4) тұтыну (дивиденд, материалдық көмек, т.б.); 5) басқа да шығындарды өтеу.

Пайданың негізгі төрт түрі бар:

**1. Бухгалтерлік пайда** – айқын шығындарды төлегеннен кейінгі фирманың қарамағында қалған пайданың бір бөлігі. Бухгалтерлік пайданы анықтау үшін сатудан түскен жалпы түсімнен бухгалтерлік (айқын немесе сыртқы) шығындарды алып тастаймыз.

**2. Экономикалық пайда** – сатудан түскен жалпы түсім мен фирманың барлық шығындары (айқын және айқын емес) арасындағы айырмашылықты білдіретін таза пайда шамасы.

**3. Қалыпты пайда** – сатудан түскен жалпы түсім мен фирманың жалпы шығындарының теңесуін білдіретін нөлдік пайда.

**4. Шекті пайда** – өнімнің келесі бір бірлігін сатудан түскен қосымша түсім мен шекті шығындар арасындағы айырмашылықты білдіретін фирманың қосымша таза пайдасы.

Фирманың пайдасын мейлінше арттырудың негізгі екі ережесі бар:

**Бірінші ереже:** фирма жалпы табыс пен жалпы шығындарды салыстырады. Егер сатудан түскен түсім мен жалпы шығындар арасындағы айырмашылық көп болса, онда фирманың пайдасы мейлінше артады.

**Екінші ереже:** фирма шекті табыс пен шекті шығындарды салыстырады. Бұл жерде үш жағдай қалыптасады:

- егер фирманың шекті шығындары шекті табыстан артып кетсе, онда ол өнім өндіруді қысқартады;
- егер фирманың шекті шығындары шекті табыстан кіші болса, онда ол өнім өндіруді арттырады;
- егер фирманың шекті шығындары шекті табысқа тең болса, онда ол өнім өндірудің оңтайлы көлемін анықтап жалпы пайдасын максималды деңгейге жеткізеді:

$$MR = MC.$$

Бұл теңдік фирманың пайдасын мейлінше арттырудың маңызды шарты болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
5. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
6. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
7. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
8. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
9. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
10. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
11. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
12. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
13. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров Ү. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
14. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.



15. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
16. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
17. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
18. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Шығындардың әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты түрлері қандай?
2. Өндіріс шығындары қысқа және ұзақ мерзімдерде қалай қарастырылады?
3. Трансакциондық шығындар дегеніміз не?
4. Өндіріс шығындарын барынша азайтудың жолдары қандай?
5. Табыстардың түрлері қандай?
6. Табыс пен пайданың арасында қандай айырмашылық бар?
7. Пайда туралы қандай теориялар бар?
8. Пайданың негізгі түрлері қандай?
9. Пайданы мейлінше арттырудың жолдары қандай?
10. Бәсекенің әртүрлі нысандарында пайданың деңгейі қандай болады?

### **Тәжірибе сабағының жоспары**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** Фирманың өндіріс шығындары теориясын, олардың түрлерін және пайда туралы категорияны талқылау. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 8.1. Өндіріс шығындарының теориясы. Трансакциондық шығындар;
- 8.2. Шығындардың түрлері. Фирманың шығындарын барынша азайту мәселесі;

- 8.3. Фирманың табыстары және оның түрлері;
- 8.4. Пайда туралы теориялық көзқарастар. Фирманың пайдасын барынша арттыру мәселесі.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Трансакциондық шығындар және олардың түрлері;

Фирма келісімдерінің теориясы.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Өнімділік және еңбек өнімділігі.
- 2) Рентабельділік және оның түрлері.

**5. Есептер:**

1. Кәсіпкер тұрмыстық техниканы жөндеу бойынша шағын фирманың иесі болып табылады. Ол өзіне бір көмекшіні жалдап оған жылына 120 мың теңге төлейді, ғимаратты жалдағаны үшін жылына 5 мың теңге төлейді, ал шикізатты сатып алу оған жылына 50 мың теңгеден келеді. Кәсіпкер басқа бір іспен айналысудан жылына 5 мың теңге көре алатын өзінің меншікті 50 мың теңге қаржысын өндірістік құрал-жабдыққа салды. Оның бәсекелесі жылына 150 мың теңге жалақысы бар жөндеу бойынша шебер болуға жұмыс орнын ұсынды. Өзінің кәсіпкерлік қабілеттілігін ол жылына 10 мың теңге деп бағалайды. Көрсетілген қызметтердің жиынтық жылдық табысы 500 мың теңгені құрайды. Фирманың бухгалтерлік және экономикалық пайдасын анықтаңыздар?

2. Егер өндірілген өнім көлемі 100 дана, тұрақты шығындар 1000 теңге және өзгермелі шығындар 700 теңге болса, онда орташа жалпы шығындар, орташа тұрақты шығындар, орташа өзгермелі шығындар және өндірістің жалпы шығындары қаншаға тең болады?

3. Айталық, еңбек сүт өндірісінде қолданылатын жалғыз ғана өзгермелі фактор болып табылады. 1 тонна сүт өндіру үшін еңбектің 6 сағаты қажет. Еңбектің 1 сағаттық төлемақысы 100 теңгеге тең. 1 тонна

сүттің орташа тұрақты шығындары 500 теңгеге тең. Сүт өндірісінің орташа өзгермелі шығындарын және орташа жалпы шығындарын анықтаңыздар?

4. Мәліметтерді пайдаланып, кестенің бос орындарын толтырыңыздар:

Өнім көлемі (Q)	Баға (P)	Орташа шығындар (AC)	Өнім бірлігіне келетін пайда	Жиынтық пайда, теңге
0	10	-	-	10
10	10	20		
12	10	15		
14	10	8		
18	10	7		
20	10	5		
22	10	6		

5. Мәліметтерді пайдаланып, кестенің бос орындарын толтырыңыздар:

Өнім көлемі (Q)	Баға (P)	Жалпы табыс (TR)	Жалпы шығындар (TC)	Пайда	Шекті шығындар (MC)	Шекті пайда
4	10	40	20	20	-	-
6	10		30			
9	10		50			

### 6. Тест тапсырмалары:

- Егер фирманың 20 дана өнім шығарудағы жалпы табысы 240 теңгеге тең болса, онда орташа табыс қаншаға тең:  
A) 12 B) 120 C) 10 D) 220 E) 22
- Егер орташа өзгермелі шығындар 60, ал өнім көлемі 20 тең болса, онда айнымалы шығындар нешеге тең болады?  
A) 520 B) 2500 C) 1200 D) 3 E) 20
- Егер орташа жалпы шығындар 50, ал өнім көлемі 2 тең болса, онда жалпы шығындар нешеге тең болады?  
A) 25 B) 100 C) 50 D) 0,1 E) 2
- Өндірілген өнім көлеміне тәуелді шығындар:  
A) тұрақты B) өзгермелі C) шекті  
D) бухгалтерлік E) трансакциондық

5. Шекті табыс қалай есептеледі?  
 A)  $\Delta TR / \Delta Q$  B)  $\Delta Q / \Delta TR$  C)  $TR / Q$  D)  $Q / TR$  E)  $Q \times TR$
6. Егер түсімі 40 мың теңгеге тең болып, ал шығындар 35 мың теңгені құрса, онда фирманың пайдасы қандай?  
 A) 5 B) 35 C) 40 D) 75 E) 0
7. Фирманың түсімі қалай анықталады?  
 A)  $R=P \times Q$  B)  $R=P+Q$  C)  $R=Q-P$  D)  $R=P-Q$  E)  $R=Q/P$
8. Егер жалпы шығындар 1200-ге тең болса, ал нөлдік өндіріс көлеміндегі шығындар 400-ге тең болса, онда өзгермелі шығындар қаншаға тең?  
 A) 1600 B) 800 C) 3 D) 400 E) 777
9. Фирма қысқа мерзімді кезеңде 500 бірлік өнім өндіреді. Орташа өзгермелі шығындар – 2 тг., орташа тұрақты шығындар – 0,5 тг, онда жалпы шығындар қаншаға тең:  
 A) 2,5 теңге B) 1250 теңге C) 750 теңге  
 D) 1100 теңге E) 1850 теңге
10. Бухгалтерлік шығындар:  
 A) Экономикалық және айқын емес шығындардың айырмасына тең  
 B) Айқын шығындарға тең  
 C) Қолданылатын ресурстарға төленетін төлемдерге тең  
 D) Әрқашанда экономикалық шығындардан кіші болып келеді  
 E) Барлық жауаптар дұрыс
11. Өнім көлемі жоғарылағанда орташа тұрақты шығындар:  
 A) Максималды мәнге ие болады B) Өседі C) Қысқарады  
 D) Тұрақты болады E) Минималды мәнге ие болады
12. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс берілген:  
 A) Экономикалық шығындар бухгалтерлік шығындардан үнемі кіші болып келеді  
 B) Бухгалтерлік шығындарға айқын емес шығындар жатады  
 C) Өзгермелі шығындар нөлдік өндіріс көлемі кезінде пайда болады  
 D) Орташа табыс жалпы табыстың өнім көлеміне қосындысы ретінде анықталады  
 E) Тұрақты шығындар нөлдік өндіріс көлемі кезінде де орын алады
13. Нан зауыты нан өндіруге 3 тг. орташа тұрақты шығындарын жұмсайды. Егер 100 нан өндіруге кеткен жалпы шығындар 900 тг. болса, онда орташа айнымалы шығындар қаншаға тең:  
 A) 5 B) 6 C) 7 D) 10 E) 17

- 14. Тұрақты шығындар:**  
 А) нөлдік өндіріс көлеміндегі шығындарға тең  
 В) өндіріс көлеміне қатысты емес шығындар  
 С) жалпы және өзгермелі шығындардың айырмасына тең  
 D) тек қысқа мерзімде ғана қарастырылатын шығындар  
 E) барлық жауаптар дұрыс
- 15. Орташа жалпы шығындар дегеніміз өнімнің бір данасын өндіруге жұмсалатын:**  
 А) тұрақты және өзгермелі шығындар В) тұрақты шығындар  
 С) өзгермелі шығындар D) шекті шығындар  
 E) орташа өзгермелі шығындар
- 16. Шекті шығындар қай формуламен анықталады?**  
 А)  $MC = \Delta Q / TC$  В)  $MC = \Delta TC / \Delta Q$  С)  $MC = TC - FC$   
 D)  $MC = TC - Q$  E)  $MC = TC / Q$
- 17. Өзгермелі шығындар:**  
 А) өндіріс көлемімен бірге өзгереді  
 В) жалпы және тұрақты шығындардың айырмасына тең  
 С) шикізатқа, материалдарға, жалақыға жұмсалатын шығындардан құралады  
 D) нөлдік өндіріс көлемі кезінде орын алмайды  
 E) барлық жауаптар дұрыс
- 18. Егер фирма 12 дана өнімді 5 теңгеден сатса, ал келесі 10 дана өнімді 6 теңгеден сатса, онда оның жалпы табысы қаншаға тең болады:**  
 А) 120 В) 100 С) 60 D) 33 E) 16
- 19. Егер өнім көлемі 4-тен 5-ке өскенде, жалпы шығындар 27 теңгеден 33 теңгеге өссе, онда шекті шығындар қаншаға тең болады:**  
 А) 27 теңгеге В) 7 теңгеге С) 33 теңгеге D) 6 теңгеге E) -6 теңгеге
- 20. Студент университетте оқып 200 теңге стипендия алады. Ол оқуын тастап коммерциялық агент болып жұмыс істеп 1000 теңге таба алады. Оның университетте білім алуының баламалық шығындарын анықтаңыз:**  
 А) 200 тг В) 1000 тг С) 800 тг D) 1200 тг E) 1500 тг
- 21. Орташа жалпы шағын (ATC), орташа тұрақты шығын (AFC) мен орташа айнымалы шығындардың (AVC) қатынастарының қайсысы дұрыс?**  
 А)  $AVC = ATC + AFC$   
 В)  $ATC = AVC + AFC$

C)  $ATC = AVC - AFC$

D)  $ATC = AVC / AFC$

E)  $ATC = AVC \times AFC$

- 22. Тұрақты және өзгермелі шығындар фирма қызметінің қандай мерзімінде орын алады?**
- A) тек қысқа мерзімде
  - B) тек ұзақ мерзімде
  - C) олигополист фирманың ұзақ мерзімді қызметінде
  - D) монополист фирманың қысқа мерзімді қызметінде
  - E) жетілген бәсекелес фирманың қысқа және ұзақ мерзімді қызметінде
- 23. Егер фирманың өндіріс көлемі – 1000 дана, тауардың бағасы – 80 теңге, тауардың әр бірлігіне кеткен орташа шығындар – 30 теңге болса, онда фирманың жалпы шығыны қаншаға тең?**
- A) 50 000 теңге B) 30 000 теңге C) 80 000 теңге
  - D) 10 000 теңге E) 1 000 теңге
- 24. Егер фирманың өндіріс көлемі – 1000 дана, тауардың бағасы – 80 теңге, тауардың әр бірлігіне кеткен орташа шығындар – 30 теңге болса, онда фирманың жалпы табысы қаншаға тең?**
- A) 80 000 теңге B) 50 000 теңге C) 15 000 теңге
  - D) 800 теңге E) 30 000 теңге
- 25. Егер фирманың 40 дана өнім шығарудағы жалпы табысы 560 теңгеге тең болса, онда орташа табыс қаншаға тең:**
- A) 15 B) 14 C) 600 D) 520 E) 6000
- 26. Экономикалық шығындар нені сипаттайды:**
- A) фирма қызметінен тыс жерде қолданылған ресурстардың көлемін
  - B) тауардың сапасын және басқа да қасиеттерін зерттеуге байланысты кететін шығындарды
  - C) айқын және айқын емес шығындардың қосындысын
  - D) бухгалтерлік және әлеуметтік шығындардың қосындысын
  - E) тұтынушының әлеуметтік шығындарын
- 27. Баламалы шығындар ненің құны болып табылады:**
- A) жанұяның минималды тұтыну бюджетінің
  - B) ақшаға шаққандағы тауарлар мен қызметтердің
  - C) тұтынушының жасырын шығындарының
  - D) таңдаудағы қолдауға ие болмаған тиімді баламаның
  - E) таңдауға ие болған ең жақсы баламаның

- 28. Шекті табыс қалай есептеледі?**  
A)  $\Delta Q / \Delta TR$  B)  $\Delta TR / \Delta Q$  C)  $TR / Q$  D)  $Q / TR$  E)  $TR + Q$
- 29. Ұзақ мерзімді кезеңде:**  
A) барлық шығындар тұрақты  
B) барлық шығындар өзгермелі  
C) өзгермелі шығындар тұрақты шығындарға қарағанда тез өседі  
D) тұрақты шығындар өзгермелі шығындарға қарағанда тез өседі  
E) пайданың мәні үнемі теріс болады
- 30. Фирманың пайдасы = табыс - ...:**  
A) баға B) құн C) шығын  
D) айнымалы шығын E) тұрақты шығын
- 31. Өнімнің қосымша бірлігін сатудан түсетін қосымша табыс не деп аталады?**  
A) Шекті шығын.  
B) Шекті өнім.  
C) Шекті табыс.  
D) Шекті пайда.  
E) Орташа табыс.
- 32. Фирма қысқа мерзімді кезеңде 1000 бірлік өнім өндіреді. Орташа өзгермелі шығындар – 5 тг., орташа тұрақты шығындар – 1 тг, онда жалпы шығындар қаншаға тең:**  
A) 6 теңге.  
B) 166,6 теңге.  
C) 1000 теңге.  
D) 6000 теңге.  
E) 5000 теңге.
- 33. Фирманың пайдасын мейлінше арттырудың басты шарты:**  
A)  $MR=MC$ .  
B)  $AR=AC$ .  
C)  $MR=MC=P$ .  
D)  $AR=AC=P$ .  
E)  $TR=MR$ .
- 34. Меркантилизм бағыты пайданың қайнар көзін қандай саламен байланыстырады:**  
A) Өнеркәсіппен.  
B) Айналыс саласымен және сыртқы сауда-саттықпен.  
C) Ауыл шаруашылығымен.  
D) Мұнай және газ саласымен.  
E) Көлеңкелі экономикамен.

- 35. Пайданың тек ауыл шаруашылығы саласында жасалатындығын қай мектеп айтты?**
- A) Физиократтар.
  - B) Меркантилизм.
  - C) Классикалық саяси экономия.
  - D) Неоклассикалық теория.
  - E) Монетаризм.
- 36. Пайданың ынталандырушылық қызметі:**
- A) Ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін өндірісте пайдалану.
  - B) Орындауға арналған бағдарламалар мен стратегияларды қаржыландыру.
  - C) Банкротқа ұшырау қаупін мейлінше төмендету.
  - D) Ақшалай қаражат қорларын құру.
  - E) Капиталдың оңтайлы құрылымын жасау.
- 37. Келісім-шарттар жасаумен және келіссөздер жүргізумен байланысты шығындар – бұл қандай шығындар?**
- A) Жалпы шығындар.
  - B) Өзгермелі шығындар.
  - C) Тұрақты шығындар.
  - D) Трансакциондық шығындар.
  - E) Экономикалық шығындар.
- 38. Трансакциондық шығындардың түрлері:**
- A) Ақпарат іздеу шығындары.
  - B) Шикізат, отын-материалдар шығындары.
  - C) Жал төлемдері шығындары.
  - D) салықтық төлемдер.
  - E) қайтарылмайтын шығындар.
- 39. Салыстырмалы шығындар тұжырымдамасын енгізген кім?**
- A) Адам Смит.
  - B) Давид Рикардо.
  - C) Джон кейнс.
  - D) Уильям петти.
  - E) карл маркс.
- 40. Трансакциондық шығындар теориясын кім енгізді?**
- A) Р. Коуз.
  - B) Д. Кейнс.
  - C) Д. Рикардо.
  - D) А. Смит.
  - E) К. Маркс.



## ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫНЫҢ НАРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ФАКТОРЛЫҚ ТАБЫСТАР

**Мақсаты:** өндіріс факторлары нарықтарын жеке-жеке қарастыра отырып, әр ресурсқа тағайындалатын бағалардың, яғни жалақы, пайыз және рента ерекшеліктерін кеңінен талқылау.

### Талқылау сұрақтары:

- 9.1. Өндіріс факторларына деген сұраныс пен ұсыныс, оның ерекшеліктері;
- 9.2. Еңбек нарығы және жалақы;
- 9.3. Капитал нарығы және пайыз;
- 9.4. Жер нарығы және рента.

**Негізгі ұғымдар:** өндіріс факторларының нарықтары, туынды сұраныс, факторлық табыстар, еңбек нарығы, еңбекке деген сұраныс, еңбек ұсынысы, еңбек нарығындағы тепе-теңдік, жалақы, мерзімді жалақы, кесімді жалақы, капитал, негізгі капитал, айналмалы капитал, адам капиталы, тозу, капитал нарығындағы тепе-теңдік, пайыз, атаулы пайыз мөлшерлемесі, нақты пайыз мөлшерлемесі, жер, жер нарығы, рента, абсолютті рента, ерекшеленген рента, жердің бағасы, т.б.

### 9.1 Өндіріс факторларына деген сұраныс пен ұсыныс, оның ерекшеліктері

Экономикалық ресурстар өзінің қызметін өндірістік үдеріс барысында іріленген түрінде негізгі өндіріс факторлары ретінде атқарады. Оларға еңбек, капитал, жер және басқа да факторлар жатады. Экономикалық қызметті бастайтын және пайда табу мақсатында саналы іс-әрекетке баратын кәсіпкер белгілі бір өнімнің түрін өндіру немесе қызмет көрсету үшін қажетті өндіріс факторларына сұраныс білдіреді. Бұл жерде өндіріс факторларының нарығы қалыптасады. Кәсіпкерлер мен тауар өндірушілер осы нарықтардың негізгі сатып алушылары болып табылады, ал үй шаруашылықтары өндіріс факторларының иелері ретінде сатушылар қызметін атқарады. Әр өндіріс факторына сұраныс пен ұсыныс қалыптасып, ортақ тепе-теңдік баға тағайындалып отырады. Әр өндірістік ресурс өзінің иесіне факторлық табыс алып келе алатындай қасиетке ие болуы тиіс.

Мәселен, еңбектің иесі өзіне жалақы алады, капиталды сатушы өзіне пайызды алады, ал жердің иесі рентаға ие болады.

Өндіріс факторлары нарықтарының кәдімгі тауарлар мен қызметтер нарығынан басты айыршылығы – фирмалар мен тұтынушылар рөлдерінің ауысуында болып табылады: фирмалар ресурстар нарығында сатып алушылар, ал тұтынушылар сатушылар ретінде жұмыс істейді. Басқаша айтқанда, фирмалар ресурстарға сұраныс білдіреді және тұтынушылар ресурстардың ұсынысын жасайды.

**Өндіріс факторларының нарықтары** – бұл сұраныс пен ұсынысты жасайтын еңбек, капитал және жер сияқты ресурстарға жалақы, пайыз және рента түріндегі бағалардың қалыптасуы орын алатын нарықтар. Бұл жерде өндіріс факторларына сұраныс **туынды сұраныс** деп аталады, яғни фирмалардың ресурстарға деген сұранысы солардың көмегімен өндірілетін дайын игіліктерге деген сұранысқа тәуелді болып табылады. Егерде, дайын игіліктерге сұраныс өссе, онда соларды өндіруге жұмсалатын ресурстарға да сұраныс артады. Ал **өндіріс факторларының ұсынысы** – бұл үй шаруашылықтарының белгілі бір уақытта өз мүмкіндіктерін, атап айтсақ, еңбекті, капиталды және жерді бәсекенің әртүрлі жағдайларында белгілі бір бағамен сата алуға деген дайындықтары. Ұсынысты жасайтын экономикалық субъектілер тұтынушылар, қарапайым адамдар, жалдамалы жұмысшылар, жинақтаушылар, қоғам ретінде көрінуі мүмкін.

Әр ресурс өзінің иесіне әртүрлі формасында табыстарды қалыптастырады. **Факторлық табыстар** – бұл ресурстар иелерінің олардың сәйкес түрлеріне (еңбек, жер, капитал және кәсіпкерлік қабілет формаларында) байланысты белгілі бір уақытта сол өндірістік ресурстарын нарықта сатуынан түсетін ақшалай түсімдері. Факторлардың әрбір тобына факторлық табыстың өзіндік формасы сәйкес келеді: еңбек факторының иегерлері үшін факторлық табыстың формасы болып жалақы табылады, капитал иегерлері үшін – пайыз, жер факторының иегерлері үшін – рента, ал кәсіпкерлік қабілет иесі үшін – пайда факторлық табыс болып табылады.

Негізінен, үш факторлы нарық қарастырылады. Енді осылардың әрқайсысына тоқталайық.

## 9.2. Еңбек нарығы және жалақы

**Еңбек нарығы** – жұмыс күші сияқты ерекше экономикалық ресурсты сату және сатып алумен байланысты экономикалық

қатынастар жиынтығы. **Еңбек нарығында еңбектің өзі емес, белгілі бір еңбек түрінің қызметтері сауда-саттыққа түседі.** Осыны есте сақтаған жөн. Бұл жерде, қалыпты экономикалық жағдайларда ұсынылатын еңбек қызметтерінің саны мен сапасы еңбек иесі – жалдамалы жұмыскердің кәсіби дайындық деңгейіне, оның біліктілігіне, тәжірибесіне, жұмысты әділетті атқара алу мүмкіндігіне, қабілеттілігіне және басқа да факторларға байланысты болып келеді.


Еңбек нарығын талдау еңбекке сұраныс пен еңбек ұсынысын қарастырумен байланысты. Еңбек нарығындағы сұраныстың субъектілері болып бизнес өкілдері және мемлекет, ал еңбек ұсынысының субъектілері болып үй шаруашылықтары табылады.

**Еңбекке деген сұраныс** – бұл бәсекенің әртүрлі жағдайларында фирмалардың немесе мемлекеттің еңбек қызметінің белгілі бір түрлерін белгілі бір бағамен сатып алуын сипаттайтын қажеттіліктері.

Еңбекке деген сұранысқа бірнеше факторлар әсер етеді:

1. Дайын игіліктерге деген сұраныс көлемі;
2. Жалақы деңгейі;
3. Еңбектің басқа факторлармен өзара алмастырыла алу дәрежесі;
4. Ғылыми-техникалық прогресстің дамуы;
5. Елде қалыптастып отырған экономикалық жағдайлар;
6. Жұмыс берушілердің монополиялық әрекеттері.

Еңбекке сұраныс көлемі ( $L$ ) оның бағасы – жалақы деңгейіне ( $w$ ) тәуелді және оның сұраныс қисығы теріс көлбеулі болып табылады.



9.1-сурет. Еңбекке деген сұраныс қисығы

Осы суретке сәйкес, абсцисса осінде – қажетті еңбек қызметінің шамасы ( $L$ ) және ордината осінде – жалақы мөлшерлемесі ( $w$ ).  $D_L$  қисығының бойындағы кез келген нүкте жалақының белгілі бір деңгейінде еңбекке сұраныс шамасының қандай екендігін көрсетеді. Жалақы мөлшерлемесі өскенде кәсіпкер еңбекке сұраныс көлемін


қысқартады және керісінше, жалақының төменгі деңгейінде ол жұмыскерлерді көбірек жалдауға ынталы болады.

**Еңбек ұсынысы** – бұл үй шаруашылықтарының және жалдамалы жұмысшылардың жалақының белгілі деңгейіне өздерінің еңбек қызметтерін нарықта сата алуға дайындықтары.

Еңбек ұсынысына да бірнеше факторлар әсер етеді:

1. Елдегі демографиялық жағдайлар;
2. Жұмыскерлердің жасы, жынысы және басқа да құрамы;
3. Жұмыс күнінің орташа ұзақтылығы;
4. Миграциялық үдерістер;
5. Жұмыскерлердің кәсіби біліктілік деңгейі;
6. Кәсіподақтар қозғалысы;
7. Жалақыдан басқа табыс табудың басқа да мүмкіндіктері;
8. Жұмыс орнын таңдаудағы еңбек жағдайының қолайлылығы.


Еңбектің ұсыныс функциясы сұраныспен салыстырғанда ерекше жағдайда қарастырылады. Еңбек ұсынысының көлемі де жалақы деңгейіне тәуелді және оның ұсыныс қисығы оң көлбеулі болып табылады.



**9.2-сурет.** Еңбектің ұсыныс қисығы

Еңбек нарығында сатушылар жалақы жоғарылағанда еңбектің ұсынысын арттырады, ал жалақының төменгі деңгейінде еңбекті қысқартуға мәжбүр болады. Алайда, жоғарыда атап өткеніміздей, еңбек ұсынысында ерекше жағдай қызық қалыптасады. Бұл жерде жеке индивидтің еңбек ұсынысының қисығы кәдімгідей болмайды, бастапқыда, жалақы өскенде ұсыныс ұлғаяды, енді жалақы одан әрі ұлғайғанда ұсыныс кемиді. Неге? Өйткені, еңбектің жеке ұсынысы алмастыру әсері және табыс әсері сияқты екі құбылыспен арқылы түсіндіріледі. Нақты жұмыскер жалақының белгілі бір деңгейінде өзінің жұмыс уақытын орындайды, әріқарай жалақы артқанда ол еңбек

ұсынысын арттыра алмайды, яғни ол өзінің бос уақытын бағалай бастайды, демек адам бір тәулік бойы тоқтамай жұмыс істей алмайды деген сөз. Осыны төмендегі суреттен көре аламыз.




9.3-сурет. Еңбектің жеке ұсыныс қисығы

Осы суретке сәйкес, жалақы өскенде ұсыныс көлемі  $I$  нүктесіне дейін ұлғаяды, бірақ қисық  $I$  нүктесінен өткеннен кейін жалақы одан әрі артқанда теріс көлбеулі сипатқа ие болып өз бағытын өзгертеді. Басты себебі, жалақы артқанда адам өзінің бос уақытын оны қосымша жұмыс уақытына алмастыру арқылы құрбан етеді, яғни  $I$  нүктесіне дейін алмастыру әсері орын алады. Әрі қарай, адам жалақының  $w_I$  деңгейінде өзінің материалдық жағдайы жоғары деңгейіне жеткенде, жалақының одан сайын өсуі оны қызықтырмайды және ол бос уақытты бағалайды, яғни алмастыру әсерін табыс әсері басады және ол  $I$  нүктесінен кейінгі жағдаймен сипатталады. Сөйтіп, біз жалақының өсуінің басқапқыда еңбек ұсынысының артуына, содан кейін төмендеуіне алып келетіндігіне осылайша көз жеткізе аламыз.

Енді, еңбектің сұраныс және ұсыныс қисықтарын біріктірсек, онда біз еңбек нарығындағы жағдайды және ондағы тепе-теңдікті талдай аламыз. Төмендегі суреттен көріп отырғанымыздай, еңбекке сұраныс қисығы мен еңбек ұсынысының қисығы  $E$  нүктесінде қиылысады. Осы нүктеге тепе-теңдік жалақының ( $w_E$ ) және еңбектің тепе-теңдік көлемі ( $L_E$ ) сәйкес келеді, яғни еңбек нарығы тепе-теңдік жағдайда болады. Тепе-теңдік  $E$  нүктесі экономиканың **толық жұмысбастылық** жағдайында тұрғандығын көрсетеді. Мұндай жағдайда барлық кәсіпкерлер жалақының осындай деңгейінде еңбектің қажетті шамасын сатып алуға келіседі және олардың еңбекке деген сұраныстары толығымен қанағаттандырылады. Жұмыскерлер

де осындай жалақыға өз қызметтерін ұсынуға келісіп, барлығы дерлік жұмыспен толығымен қамтылған жағдайда болады.



9.4-сурет Еңбек нарығындағы тепе-теңдік

Қазіргі экономикалық теорияда еңбектің бағасы болып жалақы табылады. Жалақы тар және кең мағынада қарастырылады. Тар мағынада, **жалақы** – бұл өндірісте қолданылған еңбек бірлігінің бағасы. Ал кең мағынада, **жалақы** деп әртүрлі мамандық иелері болып табылатын жұмыскерлердің жалпы еңбекақысы, сонымен қоса, сыйақылар және басқа да ынталандырушылық ақылар айтылады.

Жалақының екі түрі ажыратылады:

1) **Атаулы жалақы** – бұл жұмыскерлердің белгілі бір уақыт аралығында өздерінің істеген еңбегі үшін алатын ақша сомасының жиынтығы.

2) **Нақты жалақы** – бұл жұмыскерлердің өзі үшін және отбасын қамтамасыз етуі үшін алған жалақысына сатып ала алатын тауарлар мен қызметтерінің жиынтығы, басқаша айтсақ, нақты жалақы атаулы жалақының сатып алушылық қабілеті. Нақты жалақы екі факторға: а) атаулы жалақыға; ә) тауарлар мен қызметтер бағасының деңгейіне тәуелді.

Тәжірибе жүзінде жалақының әртүрлі нысандары кездеседі. Соның негізгі екеуіне тоқталуға болады:

1) **Мерзімдік жалақы** – бұл жалақының еңбектің нақты атқарған жұмыс уақытының шамасына байланысты төленуі. Мерзімдік жалақы әдетте, **жай мерзімді және мерзімді сыйақылы** болып тағайындалуы мүмкін.

2) **Келісімді жалақы** – бұл жалақының жұмыскердің қажетті сапада өндірген өнімінің санына байланысты төленуі. Жалақының бұл түрі мынадай жүйелерде белгіленуі мүмкін: **аккордтық, келісімді сыйақылы, тікелей келісімді және келісімді үдемелі** жалақылар.

Сонымен, жалақы қазіргі уақытта үй шаруашылықтары табыс-тарының басым бөлігін құрайды және табыс табудың осындай негізгі

көзі адамдардың тұтыну тауарларына деген сұраныстарының көлеміне және олардың бағаларына айтарлықтай әсер етіп отырады.

### 9.3. Капитал нарығы және пайыз

Капитал теориясы экономикалық теорияда аса күрделі сұрақтардың бірі ретінде саналады. Басты мәселесі – бұл жекелеген индивидтердің, фирмалардың және басқа да тұлғалардың капиталға қатысты ресурстар бойынша шешім қабылдағанда олардың уақытаралық таңдау жасай алуының қарастырылуы, яғни бұл жерде ақшалай капиталды бүгінгі және болашақ кезеңдер аралығында қалайша тиімді пайдалануға болатындығы сөз етіледі.

Жалпы алғанда, капитал кең мағыналы ұғым болып табылады. Осыған байланысты, капиталға бірнеше анықтама беруге болады:

**Капитал** – бұл негізгі өндіргіш күштерден тұратын өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі физикалық капитал.

**Капитал** – бұл белгілі бір табыс ағынын қалыптастыратын кез келген құндылық.

**Капитал** – бұл белгілі бір уақыт бойы жинақталған өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы қорлар.

Экономикалық теорияда ақшалай және өндірістік нысандағы капиталдың түрлеріне сұраныс пен ұсыныс қалыптасады. Капитал нарығында ұсынысты қалыптастыратын үй шаруашылықтарын жинақтаушылар деп атаса, фирма тарапынан сұраныс білдірушілерді инвесторлар дейді. **Капиталға деген сұраныс** – бұл инвестициялық шешім қабылдауға мүмкіндік беретін бизнес өкілдерінің ақша-қаражаттарын және өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалануға деген қажеттіліктері. **Капитал ұсынысы** – бұл үй шаруашылықтарының өз қолындағы бос ақша-қаражаттарын және ақшалай салымдарын бизнеске материалдарға сұраныс түрінде қолдануға беруі. Әдетте, капиталға сұраныс пен ұсыныс қатынастары банк қызметтері арқылы жүзеге асырылады. Үй шаруашылықтары өз қаражаттарын банкке белгілі пайыз түрінде табыс алу үшін жинақтайды, ал фирмалар осы жиналған қаражаттарды банктен несиелік қарыз құралдар түрінде сатып алып өздерінің инвестициялық жобаларын іске асырады.

Капиталға деген сұранысты мынадай факторлар анықтайды:

1. Инвестициялық табысты максималдау;
2. Нақты пайыз мөлшерлемесінің деңгейі;
3. Салық салу деңгейі;



4. Технологиялық өзгерістер;
5. Экономикалық саясат шаралары;
6. Болашақты күту;
7. Кәсіпкердің оптимистік және пессимистік мінез-құлық жағдайлары;

Капиталдың ұсынысын мынадай факторлар анықтайды:

1. Кәрілікті қамтамасыз ету;
2. Күтпеген жағдайлардан сақтану;
3. Болашақ сұраныстарды қанағаттандыру;
4. Ұрпақ өсіруді болашақта қамтамасыз ету;
5. Салық салу деңгейі;
6. Бағалар деңгейі;
7. Болашақты күту.

Капиталдың бағасын **пайыз** деп атайды. Ақшалай капиталға сұраныс пен ұсынысты қалыптастырғанда оның бағасы несиелік пайыз пайда болады. **Несие пайызы** – бұл белгілі бір уақыт аралығында капитал иесіне оның құралдарын пайдаланғаны үшін төлейтін бағасы.

Нарықтық қатынастардың қалыпты жағдайында несиелік пайызы мөлшерлемесі ( $r$ ) төмендегенде капиталға сұраныс көлемі ( $K$ ) артады және керісінше, несиелік пайыз жоғарылағанда фирмалар қарыз алуды қысқартады. Олай болса, капиталға сұраныс қисығы теріс көлбеулі болып табылады (9.5 а-сурет). Үй шаруашылықтары банктің салым бойынша пайыз мөлшерлемесі жоғары болғанда капитал ұсынысын арттырады және керісінше, салым бойынша пайыз төмен болған жағдайда олар банкке ақша салуды төмендетеді. Демек, капиталдың ұсыныс қисығы оң көлбеулі болып келеді (9.5 ә-сурет).




9.5 а-сурет. Капиталға сұраныс қисығы 9.5 ә-сурет. Капиталдың ұсыныс қисығы

Капиталға сұраныс пен капиталдың ұсыныс қисықтарының қиылысуы кезінде капитал нарығында тепе-теңдік орнайды. Осы



жерде экономикалық субъектілер капиталдың белгілі бір тепе-теңдік көлемін белгілі бір тепе-теңдік пайыз деңгейінде сатуға және сатып келіседі. Оны төмендегі суреттен көруге болады.



9.6-сурет. Капитал нарығындағы тепе-теңдік

Пайыз мөлшерлемесі екіге бөлінеді:

1. Атаулы пайыз мөлшерлемесі – инфляция қарқынын есепке алмайтын банктің тағайындаған ағымдағы нарықтық пайыздың шамасы.
2. Нақты пайыз мөлшерлемесі – инфляция қарқынын есепке алатын атаулы пайыз мөлшерлемесінің сатып алушылық қабілеті. Ол атаулы пайыз мөлшерлемесі ( $i$ ) мен алдағы мүмкін болатын инфляция қарқыны ( $\pi$ ) арасындағы айырмашылықты білдіреді:

$$r = i - \pi,$$

мұнда,  $r$  – нақты пайыз мөлшерлемесі. Мысалы, инфляцияның жылдық қарқыны 10%-ды құраса, банктің белгілеген атаулы пайыз мөлшерлемесі 15% болса, онда оның нақты деңгейі 5%-ға тең.

#### 9.4. Жер нарығы және рента

Жер нарығын қарастырудың алдында жерді иемдену және жерді пайдалану сияқты негізгі екі ұғымды түсініп алу керек.

**Жерді иемдену** деп қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаның тарихи қалыптасқан жағдайларда белгілі бір жер теліміне деген құқығын анықтауды және соны мойындауды айтады. Жерді иемденуді оның иесі жүзеге асырып оған меншік құқығын қалыптастырады.

**Жерді пайдалану** – бұл белгілі жер телімін бекітілген заңдық тәртіппен қажетті мақсаттарда қолдану. Жерді пайдаланушы әрқашанда оның иесі болып табыла бермейді. Нақты шаруашылық

өмірде жерді иемденуді және оны пайдалануды әртүрлі тұлғалар жүзеге асырады.

Қазіргі экономикалық теорияда **жер** категориясы ауылшаруашылықтық және ауылшаруашылықтық емес мақсаттарда қолданылатын өндіріс үдерісінің басты құралы және шешуші факторы ретінде сипатталады. Қоғамдық өндірістің негізі бола алатын жер экономиканың салаларында әртүрлі қызметтерді орындайды. **Біріншіден**, жер өндіріс құрал-жабдығы ретінде қызмет атқарады: жердің кеңістік жағынан шектеулі болуы, жердің адам іс-әрекетінің нәтижесі емес, оның табиғаттың берген сыйы ретінде қарастырылуы, рента түрінде табыс әкеле алуы және оның бағасының болуы, т.б. **Екіншіден**, жер еңбек заты ретінде қызмет атқарады: өңдеуші өнеркәсіпке қажетті, кәсіпорын немесе зауыт салуға арналған алаң ретінде пайдаланылуы, жерді өңдеп, оған тұқым сеуіп өнім алу мүмкіндігі, т.б. **Үшіншіден**, жер еңбек құралы қызметін атқарады: мысалы, жерге тұқым сепкен күннен бастап өнім өсіру қызметін Жер-ана атқарады.

Жер факторының басқа өндіріс факторларынан айырмашылығы және ерекшелігі мыналардан көрінеді:

1. Жердің ұсынысы әрқашанда шектеулі болады;
2. Жердің ұсыныс қисығы өте икемсіз болып табылады;
3. Жердің қозғалмайтындық сипатта болады;
4. Жер шаруашылықтық іс-әрекеттің кез келген түрінде қолданыла береді;
5. Жердің құны болмайды, бірақ оның бағасын анықтауға болады.

Сонымен, жердің саны және оның ұсынысы шектеулі болғандықтан, жер нарығында белсенді рөлді оған деген сұраныс атқарады.


**Жерге деген сұраныс** – бұл белгілі бір мақсаттарда жер учаскелерін уақытша жалға алып пайдалануды немесе оны сатып алуды білдіретін қатынастар. Жерге сұраныс біркелкі болмайды, себебі ол ауылшаруашылықтық және ауылшаруашылықтық емес сұраныстар болып бөлінеді. Алдымен, жерге сұраныс ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұраныстан туындайды. Ал ауылшаруашылықтық емес сұраныс тұрғын үйлерді, инфрақұрылым нысандарын, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін қажетті сұраныстармен байланысты.

**Жердің ұсынысы** – бұл жер учаскесін оның қалыпты күйінде нарықтық қатынастар тұрғысынан сата алуын және немесе жалға беруін білдіретін қатынастар. Жердің ұсынысын мынадай екі негізгі фактор анықтайды:

1. Жердің құнарлылығы;

2. Жер учаскесінің нарыққа алыс немесе жақын орналасуы.

Жер нарығындағы тепе-теңдікті оны бағасы – **жер рентасы** анықтайды. Жерге деген сұраныс көлемі рентаның мөлшеріне байланысты және оның қисығы кемімелі, теріс көлбеулі болып келеді. Ал жердің ұсынысы шектеулі және өте икемсіз болғандықтан, оның қисығы тік сызық түрінде болады. Жердің ұсынысына байланысты жердің бағасы өскенде оның көлемін арттыру немесе оның бағасы төмендегенде көлемін қысқарту мүмкін болмайды.



9.7-сурет. Жер нарығындағы тепе-теңдік

**Жер рентасы** – бұл меншіктен түсетін табыстың бір түрі ретінде жер учаскесін уақытша пайдаланғаны үшін төленетін төлем. Оның көлемі жерді жалға алу-жалға беру (аренда) келісімінде анықталады. Бұл жерде жер рентасы жал төлемі ретінде қарастырылады. Жерді қолдану дәрежесіне байланысты оның негізгі екі түрін анықтауға болады:

**1. Абсолютті жер рентасы** – бұл жердің құнарлылығы мен басқа да ерекшеліктеріне байланысты болмайтын жалға берілетін барлық жерлерден алынатын рентаның бір түрі.

**2. Ерекшеленген жер рентасы** – бұл құнарлылығы жоғары, нарыққа жақын аумақтарда орналасқан және өндіріс шығындары төмен болатын жалға берілетін жерлерден алынатын рентаның бір түрі. Жалгерлер осындай жерлерден үстеме пайда алып отырады. Ерекшеленген жер рентасының өзі екіге бөлінеді:

**1) Бірінші дәрежелі ерекшеленген жер рентасы** – жердің табиғи құнарлылығына байланысты және оны экстенсивті жолмен игеру әдістері арқылы алынатын төлем;

**2) Екінші дәрежелі ерекшеленген жер рентасы** – бұл жердің құнарлылығын жасанды түрде игеру және оның сапасын арттыру

арқылы интенсивті жолмен игеру әдістері бойынша алынатын төлем. Бұл жерде тыңайтқыштар, жаңа құрал-жабдықтар, жоғары сұрыпты тұқымдар, биотехнологияның дамыған әдістері қолданылады.

Кейбір жерлерге жеке меншік болғандықтан, олар тауар ретінде сатыла алады. Жер сатылатын жағдайда оның бағасын анықтауға тура келеді. **Жердің бағасы** жер рентасына және банктің пайыз мөлшерлемесіне тәуелді болып табылады және ол рентаның пайызға қатынасы ретінде анықталады:

$$\text{Жердің бағасы (P}_N\text{)} = \text{жер рентасы (R) / пайыз мөлшерлемесі (i)} \times 100\%.$$

Жердің бағасы жер рентасының капиталдандырылған құны болып табылады. Өйткені жерді сатқаннан түскен табысты банкке салып үстінен пайыз алу сол жерден алынатын жыл сайынғы рентаның мөлшеріне сәйкес келуі тиіс. Олай болса, пайыз мөлшерлемесі жер рентасының баламалы құны болып табылады. Мысалы, айталық, жерден алынатын жыл сайынғы рентаның шамасы 2000 теңгеге тең, ал пайыз мөлшерлемесі 10-ға тең. Онда жердің бағасы мынаған тең:

$$P_N = 2000 \text{ теңге} / 10 \times 100\% = 20\,000 \text{ теңге}.$$

Егерде, жерді сатқаннан түскен 20 000 теңгені берілген пайыз деңгейінде банкке салсақ, онда жыл сайын рентаның көлеміне тең табысты алып отыруға болады.

Сонымен, еңбек, капитал және жер сияқты өндіріс факторларын пайдаланғаны үшін алынатын жалақы, пайыз және рента түріндегі факторлық табыстың түрлері қалыптасып отырады. Өндіріс факторлары нарықтарында фирмалар осы табыстарды олардың иелеріне төлейді немесе олар шығындалады, ал үй шаруашылықтары пайда көреді.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
5. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
6. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
7. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
8. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
9. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
10. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
11. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
12. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
13. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
14. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
15. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
16. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
17. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
18. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.

19. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Өндіріс факторлары нарықтарының игіліктер нарығынан айырмашылығы қандай?
2. Өндіріс факторлары нарықтарында сұраныс пен ұсынысты кімдер қалыптастырады?
3. Туынды сұраныс дегеніміз не?
4. Еңбек нарығының ерекшеліктері қандай?
5. Жалақының түрлері мен нысандары қандай?
6. Капитал нарығының ерекшеліктері қандай?
7. Пайыздың түрлері қандай?
8. Жер ресурстары нарығының ерекшеліктері қандай?
9. Жер рентасының түрлері қандай?
10. Жердің бағасын қалай анықтауға болады?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** өндіріс факторлары нарығын және ондағы сұраныс пен ұсынысты, факторлық табыстардың қалыптасу ерекшеліктерін қарастыру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 9.1. Өндіріс факторлары нарығына жалпы түсінік. Туынды сұраныс;
- 9.2. Еңбек нарығы және жалақы;
- 9.3. Капитал нарығы және пайыз;
- 9.4. Жер нарығы және рента.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстандағы еңбекақы қатынастары және оның қарқыны;

Капитал және оның түрлері;

Қазақстанда жер ресурстары нарығының даму ерекшеліктері.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Жалақы мөлшерлемелерінің ерекшеленуі.

2) Дисконттау және дисконтталған құн.

3) Капитал бойынша уақытаралық таңдау мәселесі.

4) Жер рентасының түрлері: монополиялық рента, экологиялық рента, т.б.

**5. Есептер:**

1. Айталық, сіздің университетте оқудың келесідей төлемақысы бекітілді: сіз жылына 2 мың доллар төлейсіз, бірақ қалған үш жылда оқудың ақысы жыл сайын 200 долларға өсіп отырады. Университет әкімшілігі оқудың төлемақысын үнемдеу үшін студенттерге бірден төрт жылға 8 мың доллар төлеу жөнінде ұсыныс жасайды. Әкімшіліктің айтуынша студенттер бұл жерде 1200 доллар үнемдей алады:

2-ші жылы 200 доллар;

3-ші жылы 400 доллар;

4-ші жылы 600 доллар.

Егер сіздің ата-анаңыз осындай ақша алу үшін өз компаниясының жылына 12% дивиденд түрінде табыс әкелетін акциясын сату туралы шешім қабылдаса, онда сіз осы ұсынысты қабылдайсыз ба?

2. Айталық, жер телімі 300 мың теңгеге сатылады. Сіздің ойыңызша, бұл жерді жалға бергенде ол жылына 25 мың теңге көлемінде ренталық табыс әкеледі. Осыған байланысты, 300 мың теңге табысыңызды максималдауға ұмтыласыз, банктік пайыз мөлшерлемесі 10%-ға тең. Сіз жерді сатып алу жөнінде шешім қабылдайсыз ба?

3. Белгілі бір отбасының алдында мынадай мәселе тұр: кір жуатын машинаны сатып алу немесе кір жуу қызметін пайдалану.

Кір жуу қызметі аптасына 200 теңгеге тең.

Кір жуатын машинаның бағасы 30 000 теңге.

Коммерциялық банктің пайыз мөлшерлемесі 10%-ға тең.

Кір жуатын машинаны қолданудың басқа да шығындары (амортизация, электроэнергия) 100 теңгеге тең.

Анықтаңыз, отбасыға кір жуатын машинаны сатып алған дұрыс па?

**6. Тест тапсырмалары:**

1. **Рентаның қандай түрі жердің сапасымен байланысты алынады?**  
А) Абсолюттік рента В) 1 Дифференциалдық рента  
С) 2 Дифференциалдық рента D) 1 және 2 дифференциалдық рента  
Е) Рентаның барлық түрі
2. **Егер жылдық жер рентасы 600 долл., ал нарықтық пайыз мөлшерлемесі 20% болса, онда жердің бағасы қаншаға тең?**  
А) 3000 долл. В) 120 долл. С) 480 долл. D) 12000 долл. Е) 1200 долл.
3. **Нақты еңбек ақы – бұл:**  
А) әрбір жұмысшының алатын ақшасы  
В) есептелген еңбек ақы сомасы  
С) инфляция шамасына реттелген номиналды еңбек ақы  
D) негізгі және қосымша еңбегі бойынша еңбек ақы  
Е) еңбек ақыдан ұсталған ақша сомасы
4. **Ақшаларды, акциялар мен облигацияларды капитал факторына жатқызуға бола ма?**  
А) Жок, жатқыза алмаймыз  
В) Иә, болады  
С) Тек акциялар мен облигацияларды жатқыза аламыз  
D) Тек акцияларды ғана жатқыза аламыз  
Е) Тек облигацияларды жатқыза аламыз
5. **Нақты пайыз мөлшерлемесі қалай анықталады?**  
А) Номиналды пайыз мөлшерлемесінен жылдық инфляция қарқынын алып тастау арқылы  
В) Номиналды пайыз мөлшерлемесін жылдық инфляция қарқынына қосу арқылы  
С) Номиналды пайыз мөлшерлемесінен инфляцияның орташа қарқынын шегеру арқылы  
D) Ағымдағы жылы қалыптасқан пайыз арқылы  
Е) Өткен жылғы қалыптасқан орташа пайыз арқылы
6. **Мына тұжырымдамалардың қайсысы дұрыс берілген:**  
А) Жер ұсынысының ерекшелігі оның абсолютті икемділігінде  
В) Дифференциалдық рента сапасы төмен жерлерден алынады  
С) Нақты пайыз мөлшерлемесі үнемі оң мәнді болып келеді



- D) Бағалар төмендеген кезде нақты жалақы өседі  
E) Бағалар өскенде нақты жалақы да өседі
- 7. Жердің ұсынысы:**  
A) Абсолютті икемсіз B) Абсолютті икемді C) Икемді  
D). Икемсіз E). Бірлік икемділікпен анықталады
- 8. Жалақының деңгейі мен қарқынын қандай факторлар анықтайды?**  
A) Тауарлар мен қызметтерге деген баға деңгейі  
B) Инфляция әсері C) Салық ауыртпашылығының күшеюі  
D) Елдегі жұмыссыздар саны E) Осы аталғандардың барлығы
- 9. Жердің табиғи құнарлығына және сапасына байланысты алынатын рентаның түрі қандай?**  
A) 1-ші дифференциалдық рента  
B) 2-ші дифференциалдық рента  
C) 1-ші және 2-ші дифференциалдық рента  
D) Абсолюттік рента  
E) Экологиялық рента
- 10. Өндіріс факторына деген туынды сұраныс:**  
A) Сол фактордың көмегімен өндірілген өнімге деген сұраныс арқылы анықталады  
B) Басқа факторларға деген сұраныспен анықталады  
C) Сол фактордың өнімділігі арқылы анықталады  
D) Сол фактордың шекті өнімділігі арқылы анықталады  
E) Сол фактордың абсолютті өнімділігі арқылы анықталады
- 11. Өнім өндіруге қажетті ресурстар бағасының төмендеуінен ұсыныс қисығы қалай жылжиды:**  
A) Координат басына жақындайды  
B) Координат басынан алыстайды  
C) Оңға жылжиды  
D) Солға жылжиды  
E) Қисық абсцисса осімен қиылысады
- 12. Егер сіз банктен екі жыл мерзімге 20%-бен 100 000 теңге несие алаңыз, онда осы мерзім аяқталғаннан кейін банкке қанша мөлшерде ақша қайтарасыз?**  
A) 104 000 теңге B) 120 000 теңге C) 102 000 теңге  
D) 200 000 теңге E) 140 000 теңге
- 13. Өндіріс факторларының нарықтары дегеніміз – бұл:**  
A) Өндірісте қолдану үшін экономикалық ресурстарды мемлекеттік бөлу саласы

- В) Айналыстағы соңғы өнімдер – тұтынушылық тауарлар мен қызметтер саласы
- С) Еңбек, жер, капитал сияқты ресурстардың тауарлық-ақшалай формадағы айналу сферасы
- Д) Машиналар мен құрал-жабдықтарды сату-сатып алу
- Е) Ақшалай нысандағы барлық экономикалық ресурстарды сату және сатып алумен байланысты қатынастар

**14. Жердің бағасы қалай анықталады?**

- А) Рентаның пайыз мөлшерлемесіне көбейтіндісі арқылы
- В) Рента мөлшерін арендалық төлемге қосу арқылы
- С) Рента мөлшерінің пайыз мөлшерлемесіне қатынасы арқылы
- Д) Рента мен арендалық төлемнің айырмасы арқылы
- Е) Рентаны арендалық төлем мөлшеріне көбейту арқылы

**15. Нақты жалақының атаулы жалақыдан айырмашылығы неде?**

- А) Ешқандай айырмашылығы жоқ
- В) Ақшаның жалпы сомасында
- С) Жұмсалған еңбектің саны мен сапасында
- Д) Олардың айырмашылығы төленетін жалақы формасына қарай
- Е) Тауарлар мен қызметтерге деген баға деңгейінің әсерінде

**16. Қандай жағдайда жер рентасы өседі, егер:**

- А) Жерге деген сұраныс артса
- В) Жердің ұсынысы артса
- С) Жердің бағасы төмендесе
- Д) Жердің ұсынысы төмендесе
- Е) Жерге деген сұраныс төмендесе

**17. Егер атаулы пайыз мөлшерлемесі 10 %, ал инфляция қарқыны жылына 4 % болса, онда нақты пайыз мөлшерлемесі қаншаға тең?**

- А) 14 %
- В) 6 %
- С) 2,5 %
- Д) 4 %
- Е) – 6 %

**18. Фирма инвестициялық жоба туралы шешім қабылдау кезінде нені есепке алу қажет:**

- А) Номиналды пайыз мөлшерлемесін
- В) Нақты пайыз мөлшерлемесін
- С) Күтілетін пайда нормасын
- Д) Тәуекелді
- Е) Номиналды және нақты пайыз мөлшерлемесін

**19. Істелінген уақытына байланысты берілетін төлемақы:**

- А) Нақты жалақы
- В) Номиналды жалақы
- С) Прогрессивті жалақы
- Д) Келісімді жалақы
- Е) Мерзімді жалақы

**20. Атаулы пайыз мөлшерлемесі дегеніміз не?**

- А) Инфляцияның жылдық қарқынын есепке алатын пайыздық мөлшерлеме
- В) Инфляцияның өткен жылдық қарқынын есепке алатын пайыз

- С) Ағымдағы нарықтық пайыз мөлшерлемесі  
 D) Өткен жылғы нарықтық пайыз мөлшерлемесі  
 E) Тұрақты тағайындалған пайыздық мөлшерлеме
- 21. Пайыз мөлшерлемесі өскен кезде индивид қандай жағдайға бейімделеді?**
- A) Ағымдағы тұтынуды азайтады  
 B) Ағымдағы тұтынуды ұлғайтады  
 C) Бағалы қағаздарға көбірек инвестициялайды  
 D) Адам капиталына көбірек инвестициялайды  
 E) Сақтық қорларын төмендетеді
- 22. Адам капиталы дегеніміз – ол:**
- A) Тауар мен қызмет өндірісіне салынған ақша  
 B) Жалақы, рента, пайыз, пайда  
 C) Бағалы қағаздан түсетін пайда  
 D) Адамның бойында қалыптасқан интеллектуалдық құндылықтар мен қасиеттер  
 E) Жиналған байлық.
- 23. Мерзімді-сыйақылы жалақы 8 сағатқа 1800 теңгеге тең, соның ішінде сыйақы 200 теңгеге тең болса, онда 1 сағатқа жалақы мөлшері қаншаға тең:**
- A) 200 теңгеге B) 250 теңгеге C) 2000 теңгеге  
 D) 150 теңгеге E) 1000 теңгеге
- 24. Туынды сұраныс дегеніміз не?**
- A) Соңғы өнімдерге деген сұранысқа тәуелді болып келетін ресурстарға деген сұраныс  
 B) Еңбек ресурстарының ерекше түріне деген сұраныс  
 C) Болашақта туындайтын игіліктерге сұраныс  
 D) Белгілі бір ресурстарға тәуелді болып келетін өнімдерге деген икемді сұраныс  
 E) Белгілі бір ресурстарға тәуелді болып келетін өнімдерге деген икемсіз сұраныс
- 25. Ақшалай нысандағы жалақының түрі – бұл:**
- A) Нақты жалақы B) Номиналды жалақы C) Мерзімді жалақы  
 D) Сыйақылы жалақы E) Келісімді жалақы
- 26. Еңбек факторынан түсетін табыстың көзі қандай?**
- A) Рента B) Пайыз C) Дивиденд D) Жалақы E) Пайда
- 27. Капитал нарығында ұсыныс субъектілері үй шаруашылықтары болып табылады. Өйткені олар оны (капиталды) қандай формада ұсынады?**
- A) Жер формасында

- В) Ақшалай нысанда
- С) Соңғы өнімдер түрінде
- Д) Машиналар мен құрал-жабдықтар түрінде
- Е) Бағалы қағаздар түрінде

**28. Капиталға сұранысты мына фактор анықтайды:**

- А) Кәрілікті қамтамасыз ету
- В) Күтпеген жағдайлардан сақтану
- С) Болашақ сұраныстарды қанағаттандыру
- Д) Ұрпақ өсіруді болашақта қамтамасыз ету
- Е) Нақты пайыз мөлшерлемесінің деңгейі

**29. Капиталдың ұсынысын мына фактор анықтайды:**

- А) Салық салу деңгейі
- В) Технологиялық өзгерістер
- С) Экономикалық саясат шаралары
- Д) Кәрілікті қамтамасыз ету
- Е) Кәсіпкердің оптимистік және пессимистік мінез-құлық жағдайлары

**30. Негізгі капиталдың тозуына байланысты бөлінетін қаржылық қор:**

- А) Таза инвестиция
- В) Амортизациялық қор
- С) Тұтынушы тауарларды сатып алу үшін қолдануға болатын қорлар
- Д) Жеке тұтынуды қанағаттандыру үшін арналған қаржы
- Е) Жалпы инвестиция

**31. Мыналардың қайсысы негізгі капиталға жатады:**

- А) Бағалы қағаздар
- В) Еңбекақы
- С) Шикізаттар
- Д) Станоктар
- Е) Аралық өнімдер

**32. Еңбек нарығында тепе-тендік орын алғанда:**

- А) толық емес жұмысбастылық болады
- В) инфляция сақталады
- С) толық жұмысбастылық болады
- Д) жұмыссыздық болады
- Е) сұраныс пен ұсыныс сәйкес келмейді

**33. Капитал факторынан түсетін табыстың көзі қандай?**

- А) Рента

- В) Дивиденд
- С) Пайыз
- Д) Пайда
- Е) Жалақы

**34. Жер факторынан түсетін табыстың көзі қандай?**

- А) Аренда
- В) Рента
- С) Пайыз
- Д) Пайда
- Е) Жалақы

**35. Жердің құнарлығын интенсивті жолмен арттыру арқылы алынатын рентаның түрі:**

- А) 1-ші дәрежелі ерекшеленген рента
- В) 2-ші дәрежелі ерекшеленген рента
- С) Монополиялық рента
- Д) Экологиялық рента
- Е) Экономикалық рента

**36. Қазіргі уақытта жер қандай мақсаттарда қолданылады?**

- А) Өнеркәсіптік
- В) Ауыл шаруашылықтық
- С) Ауыл шаруашылықтық және ауыл шаруашылықтық емес
- Д) Жеке мақсаттарда
- Е) Арнайы мақсаттарда

**37. Айталық, жерден алынатын жыл сайынғы рентаның шамасы 5000 теңгеге тең, ал пайыз мөлшерлемесі 20-ға тең. Онда жердің бағасы қаншаға тең болады?**

- А) 25 000
- В) 250
- С) 100 000
- Д) 100
- Е) 1 000

**38. Ақшалай капитал нарығында инвесторлар инвестициялық шешім қабылдайды, егер:**

- А) Банктің пайыз мөлшерлемесі төмен болса
- В) Банктің пайыз мөлшерлемесі жоғары болса
- С) Банктің пайыз мөлшерлемесі 10% болса
- Д) Банктің пайыз мөлшерлемесі 100% төмен болса
- Е) Банктің пайыз мөлшерлемесі 0% төмен болса

**39. Капитал нарығында үй шаруашылықтарын кімдер деп атайды?**

- A) Инвесторлар
- B) Жинақтаушылар
- C) Сақтандырушылар
- D) Тұтынушылар
- E) Фирмалар

**40. Жер нарығында жер рентасының баламалы құны:**

- A) Жалақы
- B) Экономикалық рента
- C) Пайыз мөлшерлемесі
- D) Пайда
- E) Шығын

## **МАКРОЭКОНОМИКА. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ**

**Мақсаты:** экономикадағы зерттелетін негізгі мәселелерді макроэкономикалық талдау тұрғысынан зерттей келе, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге жалпы шолу жасау және ұлттық экономикадағы табыстар мен шығындардың шеңберлі айналым үлгісін қарастыру.

### **Талқылау сұрақтары:**

- 10.1. Макроэкономика (ұлттық экономика): анықтамасы, мақсаттары, құралдары, талдау ерекшеліктері;
- 10.2. Ұлттық экономика деңгейіндегі табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы;
- 10.3. Ұлттық шоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер және оларды есептеу әдістері;
- 10.4. Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім. Бағалар индексі.

**Негізгі ұғымдар:** макроэкономика, макроэкономикалық талдау, агрегаттау, макроэкономикалық саясат, ұлттық шоттар жүйесі, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, жеке табыс, қолда бар табыс, бағалар индексі, тұтыну қоржыны, атаулы жалпы ішкі өнім, нақты жалпы ішкі өнім, т.б.

### **10.1. Макроэкономика (ұлттық экономика): анықтамасы, мақсаттары, құралдары, талдау ерекшеліктері**

Экономикадағы негізгі зерттелетін мәселелер микроэкономикалық және макроэкономикалық талдау тұрғысынан қарастырылады. Экономикалық талдаудың осындай екі түрін алғаш рет бөліп көрсеткен норвегиялық экономист, Нобель сыйлығының иегері Рагнар Фриш (1895-1973) болды. Ал макроэкономикалық талдаудың негізін салушы және қазіргі макроэкономика ғылымының атасы, ағылшын экономисі Джон Мейнард Кейнс болып табылады. Оның «Жұмыспен қамтудың, ақшаның және пайыздың жалпы теориясы» атты әйгілі еңбегінде макроэкономикалық талдаудың негізгі сұрақтары және экономикаға мемлекеттің араласу заңдылықтары кеңінен зерттеледі.

**Макроэкономика** – бұл экономикадағы агрегатталған өлшемдерді (жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс, жиынтық шығындар) талдайтын

және негізгі экономикалық мәселелерді ұлттық экономика шеңберінде зерттейтін экономикалық теорияның құрамдас бір бөлігі.

Ұлттық экономиканың негізгі мәселелері – елдегі нарықтық шаруашылықтың жалпы бейнесін көрсететін макроэкономикалық талдаудың саласы. Макроэкономикалық талдау арқылы ұлттық экономикада болып жатқан күрделі өзгерістер, экономикалық саясатты әзірлеу шаралары қарастырылады. Макроэкономикалық үдерістер бүгінгі күні қандай да бір ұлттық экономиканың дамуының, жетістіктерге жетуінің және дағдарысқа ұшырауының аса маңызды көрсеткіші ретінде саналады. Макроэкономикалық талдау тұтас алғанда тек қоғамдық деңгейде ғана, яғни мемлекеттік экономикаға араласуымен шешуді талап ететін бірқатар негізгі мәселелерді алға тартады.

#### **Макроэкономиканың зерттейтін негізгі мәселелері:**

1. Экономикалық өсу;
2. Толық жұмысбастылық;
3. Экономикалық тиімділік;
4. Бағалар деңгейінің тұрақтылығы;
5. Табыстарды әділетті бөлу және әлеуметтік әділеттілік;
6. Сауда балансы;
7. Қоршаған ортаны қорғау.

Осындай мәселелер кез келген қоғамда бір-бірін толықтырып отырады және бір-біріне қарама-қайшы келіп отырады. Сондықтан қоғам алдағы қойған басымдық мақсаттарға байланысты негізгі макроэкономикалық мәселелерді шешуді осы тұрғыдан қолға алуы тиіс.

Сәйкесінше, негізгі макроэкономикалық мәселелерді зерттеу мемлекеттің қандай да бір экономикалық саясатын талдаусыз және жүргізусіз мүмкін емес. Кез келген мемлекет өз қарамағында негізгі макроэкономикалық мәселелерді шешудің өте бай құралдарын иеленеді. **Макроэкономикалық талдау құралдары** – бұл бір немесе бірнеше мақсаттардың орындалуын көздейтін және макроэкономикалық мәселелерді шешуге атсалысатын мемлекеттің экономикалық саясатының кешенді іс-шараларының жиынтығы. Жалпы алғанда, макроэкономикалық саясат құралдарының мынадай түрлері орын алады:

**1. Бюджет-салық (фискалдық) саясаты** – мемлекеттің салық салу және мемлекеттік шығындар арқылы экономикаға әсер етуі;

**2. Ақша-несие (монетарлық) саясаты** – мемлекеттің елдің ақша, несие және банк жүйелері жолымен экономикаға әсер етуі;



**3. Әлеуметтік саясат** – ел азаматтарының әлеуметтік жағдайларын қорғау және қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған макроэкономикалық реттеудің маңызды бір бағыты;

**4. Сыртқы экономикалық саясат** – мемлекеттің ашық экономика жағдайында халықаралық сауда қатынастарына араласа отырып, ұлттық экономика-ның өсуі мен тиімділігін арттыру, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында таза экспортты реттеуге араласуы.

Экономикалық саясаттың осындай түрлеріне біз алдағы тақырыптарда жеке-жеке тоқталып өтетін боламыз.

Макроэкономикалық талдау макроэкономикалық талдаумен тығыз байланысты, өйткені макроэкономикалық байланыстар макроэкономикалық құбылыстардың негізі болып табылады.

Сонымен, **макроэкономика** – бұл экономиканы біртұтас жүйе ретінде зерттейтін ғылым. Ол экономикада болып жатқан өзгерістерді түсіндіруге, нарықтық жүйенің қызмет етуін жақсарту бойынша экономикалық саясатты жүргізуге мүмкіндік береді.


## **10.2. Ұлттық экономика деңгейіндегі табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы**

Макроэкономикалық теорияда ұлттық экономика шеңберінде табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы туралы зерттеледі.

Нарықтық қатынастар жағдайында алуан түрлі тауарлар мен қызметтердің көптеп өндіріледі, ал олардың өндірісіне әртүрлі факторлар қатысады. Нарықтың белгілі субъектілері әртүрлі факторлардың иелері ретінде табыстарды алып отырады. Бірақ осындай субъектілердің табыстары бір уақытта нарықтағы басқа бір субъектілердің шығындары ретінде көрінеді. Сондықтанд макроэкономикалық талдау тұрғысынан табыстар мен шығындардың айналымы туралы қарастырудың маңызы зор болып табылады.

Негізінен, ұлттық экономика шеңберінде айналатын табыстар мен шығындардың қалыптасуына нарықтың барлық субъектілері қатысады. Ол қарапайымнан күрделіге қарай кете береді. Осындай айналымның бірнеше түрлері орын алады.

1. Жабьқ экономикадағы мемлекеттің қатысуынсыз табыстар мен шығындардың айналым үлгісі.
2. Жабьқ экономикадағы мемлекеттің қатысуымен табыстар мен шығындардың айналым үлгісі.
3. Ашық экономикадағы табыстар мен шығындардың айналым үлгісі.



10.1-сурет Ұлттық экономикадағы табыстар мен шығындардың шеңберлі айналым үлгісі

Біздің мысаламызда мемлекет және сыртқы орта қатыспайтын табыстар мен шығындардың қарапайым айналым үлгісі сөз етіледі (10.1-сурет).

Осы сызбадан көріп отырғанымыздай, сағат тілі бойымен жүретін бағыт бойынша үй шаруашылықтарынан өндіріс факторлары нарығына факторлық қызметтер (еңбек, капитал, жер қызметтері) келіп түседі. Өз кезегінде, игіліктер нарығы арқылы фирмалардан үй шаруашылықтарына әртүрлі материалдық және материалдық емес игіліктер келіп түседі. Сағат тілі бойымен жүретін ресурстар мен соңғы өнімдер ағынын **нақты ағындар** деп атайды. Нақты ағындар ақшалай ағындармен қамтамасыз етіліп отырады. Сондықтан сағат тіліне қарсы жүретін бағытты **ақшалай ағындар** деп атайды. Фирмалардан үй шаруашылықтарына факторлық қызметтердің төлемдері келіп түседі. Үй шаруашылықтары үшін – бұл олардың табыстары саналады. Ал фирмалар үшін – бұл олардың шығындары ретінде көрінеді. Әріқарай сағат тіліне қарсы бағыт бойынша үй шаруашылықтарынан фирмаларға соңғы тауарлар мен қызметтерді сатып алғаны үшін төлемдер келіп түседі. Үй шаруашылықтары үшін бұл ақшалай төлемдер шығындары, ал фирмалар үшін табыстары болып табылады.

Сонымен, бұл суретте жабық экономикадағы нақты игіліктер ағыны мен ақшалай ағындардың шеңберлі айналымы көрсетілген.

### 10.3. Ұлттық шоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер және оларды есептеу әдістері

Экономикалық теория ұлттық өндірістің жиынтық көлемі мен нәтижелерін өлшеу үшін ұлттық шоттар жүйесін және оның құрамындағы агрегатталған макроэкономикалық көрсеткіштерді қолданады.

**Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ)** – бұл елдің экономикалық қызметінің жалпы нәтижелері туралы көрсеткіштерді алу үшін құрылатын кестелер мен есепшоттар түріндегі өзара байланысқан статистикалық көрсеткіштердің жүйесі. ҰШЖ-н алғаш рет американдық экономист, Нобель сыйлығының иегері (1901-1985) **Саймон Кузнец** жасаған. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап ол Біріккен Ұлттар Ұйымымен мақұлданып, барлық елдерге стандартты жүйе ретінде ұсынылды. ҰШЖ-не кіретін әртүрлі көрсеткіштер ұлттық өндірістің деңгейін белгілі бір уақыт мезетінде өлшей, экономиканың қызмет етуіне әсер ететін факторларды ашып көрсете және экономиканың болашақтағы даму үрдістерін анықтай алады, мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыруға және оны жүргізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, ҰШЖ ұлттық экономиканың тепе-теңдік жағдайын және оның жағдайына әсер ететін экономикалық саясаттың жай-күйін анықтайды. ҰШЖ-де бір жағынан, қолда бар ресурстардың жалпы көлемі, ал екінші жағынан, сол ресурстардың қолданылу деңгейі анықталады. Ол экономикалық қатынастарға қатысушылардың арасындағы жиынтық айырбас операцияларының тепе-теңдігін көрсетеді.

ҰШЖ құрамында жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) аса маңызды көрсеткіш болып табылады. **ЖІӨ** – бұл бір жыл ішінде белгілі бір елдің территориясында өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық ақшалай құны. ЖІӨ-ді дұрыс есептеу үшін берілген жылы өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтердің құны есепке алынуы тиіс, яғни бұл жерде қайта есептеу болмау керек. Бұл соңғы игіліктер үй шаруашылықтары немесе фирмалар шеңберінде тұтынылады және аралық өнімдерге қарағанда қайта өңдеуге қатыспайды. Мысалы, азық-түлік тауарлары, кір жуғыш машиналар, шаштараз қызметі, т.б. Ал осылармен салыстырғанда, мәселен, нан зауытының нан пісіру үшін сатып алатын ұн өнімі аралық өнім болып табылады.

**ЖІӨ көрсеткішінің құрамына кейбір келісімдер бойынша жасалған құндар кірмейді:**

1. Бір жыл ішінде жасалған өндірістік емес келісімдерді есепке алмайды. Оларға таза қаржылық келісімдер мен ұсталған тауарларды сату жатады. Қаржылық келісімдердің үш түрі орын алады: а) мемлекеттің трансферттік төлемдері (сактандыру жарналары, жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар, зейнетақылар, шәкіртақылар, т.б.); ә) жеке трансферттік төлемдер (студенттерге ата-анасының ақша аударуы, туыстарының берген сыйлықтары, т.б.); б) құнды қағаздар бойынша келісімдер (акцияларды, облигацияларды сату-сатып алу, т.б.).

2. Бір жыл ішінде жасалған өндірістік емес қызметтің түрлерін есепке алмайды. Оларға үй шаруасындағы отбасылық жұмыстар, көршіге көмек беру, қайырымдылық қызметтері және қызметтің басқа да түрлері жатады.

3. Бір жыл ішінде жасалған қоғамға зиян алып келетін кейбір келісімдерді есепке алмайды. Мәселен, есірткіні сату.

### **ЖІӨ-ді есептеудің негізгі үш әдісі бар:**

**1. Қосылған құн әдісі.** Қосылған құн көрсеткіші ЖІӨ-де қос есептеуді болдырмайды. Ол дайын игіліктерді сату құны мен материалдарды, шикізаттарды, құрал-жабдықтарды, басқа да ресурстарды сатып алу құны арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Басқаша айтқанда, **қосылған құн** – бұл фирманың басқа фирмалардан сатып алып тұтынған шикізаттары мен материалдардың құнын алып тастағандағы өнімінің нарықтық бағасы. Елдегі барлық фирмалардың өндірген қосылған құндарын қосу арқылы ЖІӨ-ді анықтауға болады, яғни ол соңғы нәтижесінде шығарылған тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын сипаттайды.

**2. Шығындар әдісі бойынша ЖІӨ-ді есептеу.** Шығындар негізінде ЖІӨ-ді есептеу кезінде ұлттық экономика масштабындағы барлық экономикалық субъектілердің шығындары есепке алынады:

- 1) Үй шаруашылықтарының тұтынушылық шығындары (С).
- 2) Фирмалардың жалпы жеке инвестициялары (I).
- 3) Мемлекеттік шығындар (G).
- 4) Таза экспорт (NX).

Осы шығындар ЖІӨ көлемін (Y) құрайды және ол жылдық өндірістің нарықтық бағасын көрсетеді:

$$Y = C + I + G + NX.$$

Бұл формула **негізгі макроэкономикалық теңдестік** деп аталады.

**3. Табыстар бойынша ЖІӨ-ді есептеу әдісі.** ЖІӨ-ді осы әдіс арқылы факторлық табыстардың жиынтық сомасы деп қарастыруға

болады. Жалақы, пайыз, рента, пайда сияқты факторлық табыстардың есепке алынуымен қатар, жанама салықтар, амортизация, меншіктен түскен табыстар, бөлінбеген пайда көрсеткіштері де ЖІӨ-ге жатқызылады.

Шығындар мен табыстар бойынша есептелетін ЖІӨ-ді төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

**10.1-кесте. ЖІӨ-ді есептеу әдістері**

Шығындармен есептелген ЖІӨ	Табыстармен есептелген ЖІӨ
1. Тұтыну шығындары (С)	1. Жалақы (w)
2. Жалпы жеке инвестициялар (I)	2. Пайыз (r)
3. Мемлекеттік шығындар (G)	3. Рента (R)
4. Таза экспорт (NX)	4. Пайда (P)
	5. Жанама салықтар (Tindirect)
	6. Амортизация (d)

Осы екі әдіс арқылы ЖІӨ бойынша шығындар мен табыстар бір-біріне тең болады, яғни нәтижесінде бірдей шаманы көрсетуі тиіс.

ҰШЖ-де екінші макроэкономикалық көрсеткіш – ол **жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)**. **ЖҰӨ** – бұл ел азаматтарының ел ішінде және оның сыртында ұлттық факторлардың көмегімен өндірген соңғы тауарлар мен қызметтерінің жылдық құны.

ҰШЖ-гі ЖІӨ мен ЖҰӨ-нен басқа макроэкономикалық көрсеткіштер бар. Оларға таза ұлттық өнім (ТҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ), жеке табыс (ЖТ) және қолда бар табыс (ҚБТ) жатады.

**ТҰӨ** – ЖҰӨ мен амортизациялық аударымдар арасындағы айырма.

ТҰӨ көрсеткіші тозған құрал-жабдықтарға амортизациялық аударымдарды аударып болғаннан кейінгі тұтынуға қажетті түпкілікті өнімдер мен қызметтердің соңғы нарықтық құнының жиынтығын көрсетеді. ТҰӨ-нің құрамында акциздер, кедендік салықтар және қосылған құн салығы сияқты жанама салықтардың түрлері болады. Осы салықтарды ТҰӨ-нен азайтсақ, макроэкономикалық көрсеткіштің келесі түрін аламыз.

**ҰТ** – ел тұрғындарының еңбек, капитал, жер және кәсіпкерлік қабілет сияқты ұлттық сипаттағы өндіріс факторларының иелері ретінде жалақы, пайыз, рента және пайда түрінде тапқан табыстарының жиынтығы. Алайда осындай табыстардың барлығы түгелімен

тұтыну мен жинақтауға кетпейді. Олай болса, ҰТ-тан жеке табыс көрсеткіші алынады.

**ЖТ** – ел тұрғындары мен фирмалардың салықтық төлемдерді төлегенге дейінгі тапқан табыстарының жиынтығы. ЖТ-ты табу үшін ҰТ-тан әлеуметтік сақтандыру жарналарын, корпорацияның бөлінбеген пайдасын, корпорациялық табыс салығын алып тастап трансферттік төлемдерді қосу керек.

**ҚБТ** – ел азаматтарының барлық салықтық төлемдерді төлегеннен кейінгі тапқан табыстарының жиынтығы. ҚБТ көрсеткішін есептеу үшін ЖТ-тан салықтық төлемдерді алып тастау қажет. ҚБТ көрсеткішін соңында азаматтар екі мақсатпен жұмсайды, яғни оның бір бөлігі тұтынуға кетеді, ал қалған бөлігі жинақталады.

Сонымен, ҰШЖ-гі аталған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер жиынтық өнім мен жиынтық табыстың сандық нәтижелерін бағалап көрсетеді. Сандық көрсеткіштермен қатар сапалық көрсеткіштерді де атап өткен жөн. Мәселен, **жан басына шаққандағы ЖІӨ, таза экономикалық әл-ауқат және ұлттық байлық** деген көрсеткіштер тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейін, экономикалық өсудің жағымды жақтарын, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін сипаттай алады.

#### **10.4 Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім. Бағалар индексі**

ЖІӨ және ҰТ сияқты макроэкономикалық көрсеткіштер ақшалай көрсеткіштер болғандықтан, олардың көлемі елдегі бағалар деңгейіне тәуелді болып табылады. Өндіріс көлемінің шамасын анықтау үшін индекс түрінде көрінетін бағалар деңгейінің қандай екендігін білу қажет.

**Бағалар индексі** – бұл осы жылдағы (ағымдық) тауарлар мен қызметтердің белгілі бір жиынының (тұтыну себеті) жиынтық бағасы мен өткен жылғы (базистік) тауарлар мен қызметтердің сондай тобының жиынтық бағасы арасындағы арақатынас.

$$\text{Осы жылғы бағалар индексі} = \frac{\text{осы жылғы тұтыну қоржынының нарықтық бағасы}}{\text{өткен жылғы тұтыну қоржынының нарықтық бағасы}} \times 100\%.$$

Мысалы, 2012 жылы тұтыну қоржынының нарықтық құны 64 долларға тең; ал өткен 2011 жылы 50 долларға тең болса, онда 2012 жылғы бағалар индексі мынадай болады:

2012 жылғы бағалар индексі =  $64 / 50 \times 100\% = 128\%$ .

**ЖІӨ-нің бағалар индексі.** ЖІӨ-нің бағалар индексіні **ЖІӨ дефляторы** деп атайды. Ол тұтынушылық тауарлар мен қызметтердің бағаларынан, инвестициялық тауарлардың бағаларынан, мемлекеттің сатып алатын тауарларының бағаларынан және әлемдік нарықта сатылған және сатып алынған тауарлар мен қызметтердің бағаларынан құралады. ЖІӨ дефляторы ақшалай нысандағы, яғни атаулы ЖІӨ-ді бағалардың өзгеруіне байланысты түзетуші көрсеткіш болып табылады.

ЖІӨ дефляторы арқылы әртүрлі жылдар арасындағы өндіріс көлемін салыстыруға болады. Әртүрлі жылдар үшін алынатын бағалар индексінің жиыны бағалардың қаншалықты өскендігін немесе төмендегендігін анықтауға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, біз ЖІӨ-нің ақшалай, уақытша және сандық көрсеткіш екендігіне көз жеткіземіз. Оның шамасына өндірілген өнімнің санымен қатар, бағалар деңгейі де әсер етеді. Олай болса, біз ЖІӨ-нің екі түрін бөліп көрсетеміз:

**1. Атаулы ЖІӨ** – ағымдағы нарықтық бағалармен есептелетін ЖІӨ-нің деңгейі.

**2. Нақты ЖІӨ** – бағалар деңгейінің шамасын (инфляция және дефляция) есепке ала отырып түзетілген немесе тұрақты бағалармен есептелетін ЖІӨ-нің деңгейі.

Осыған байланысты ЖІӨ дефляторы төмендегі формуламен есептеледі:

$$\text{ЖІӨ дефляторы} = \text{атаулы ЖІӨ} / \text{нақты ЖІӨ}.$$

Сәйкесінше:

$$\text{Нақты ЖІӨ} = \text{атаулы ЖІӨ} / \text{ЖІӨ дефляторы}.$$

Біздің мысалымызда, 2012 жыл үшін атаулы ЖІӨ деңгейі 64 долларға тең, ал ЖІӨ дефляторы – 128, онда нақты ЖІӨ 50 долларға тең болады.

Нақты ЖІӨ ұлттық экономиканың даму деңгейін аса нақты түрде есептей алады.

**Тұтынушылық бағалар индексі.** ЖІӨ дефляторынан басқа бір индекс тұтынушылық бағалар индексі (ТБИ) де аса маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Оның құрамына тұтынушылық тауарлар мен қызметтердің бағалары кіреді. Бұл жерде тұтынушылық тауарлар мен қызметтер құрамының жиынын «**тұтыну себеті**»

(потребительская корзина) деп атайды. Тұтыну себеті адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және олардың өмір сүруінің негізі болып табылатын бірінші қажеттіліктегі ең маңызды заттарды есепке алады. Мәселен, АҚШ-та ТБИ тұтыну себетінің құрамына кіретін 300-ден астам тауарлар мен қызметтердің бағаларын есепке алады.

ТБИ-дың ЖІӨ дефляторынан басты айырмашылығы мынадан көрінеді, яғни ТБИ нарықтық тұтыну себетінің құрамын тұрақты, өзгермейді деп болжайды. Жылдан жылға тауарлар мен қызметтердің құрылымы өзгеріссіз қалады. Ал ЖІӨ дефляторы нарықтық тұтыну себетінің құрамы жылдан жылға өзгеріп отырады деп болжайды.

Бірақ, біз белгілі бір дәрежеде бағалар индексінің салыстырмалы көрсеткіштер болып табылатындығын және ЖІӨ дефляторының да, ТБИ-дың да өзіне тән кемшіліктерінің бар екендігін айтып өткеніміз жөн.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 405 б.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.



9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Макроэкономикалық талдаудың ерекшеліктері қандай?
2. Макроэкономиканың зерттейтін негізгі мәселелері қандай?
3. Макроэкономикалық саясаттың негізгі құралдары қандай?
4. Ұлттық экономикада табыстар мен шығындар айналымы қалай жүреді?
5. Ұлттық шоттар жүйесі дегеніміз не?
6. Жалпы ішкі өнім мен жалпы ұлттық өнімнің арасында қандай айырмашылық бар?

7. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер қандай?
8. Жалпы ішкі өнімді есептеудің қандай әдістері бар?
9. Елдегі бағалар деңгейі жалпы ішкі өнімнің қарқынына қалай әсер етеді?
10. Бағалар индексі дегеніміз не?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** экономикалық теорияның макроэкономикалық бөліміне, ондағы қаралатын негізгі мәселелерге, сондай-ақ, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді қарастыру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 10.1. Макроэкономика (ұлттық экономика): анықтамасы, мақсаттары, құралдары, талдау ерекшеліктері;
- 10.2. Ұлттық экономика деңгейіндегі табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы;
- 10.3. Ұлттық шоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер және оларды есептеу әдістері;
- 10.4. Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім. Бағалар индексі.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

- 1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**
- 2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**
- 3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстандағы жалпы ішкі өнім көрсеткішінің өсу қарқыны;  
Ұлттық экономика: жүйесі, мақсаттары, құрылымы, даму үрдістері, үлгілері;

Қазақстанның экономикалық әлеуеті және ұлттық байлығы;  
Қазақстанда ұлттық экономика үлгісін құрудың ерекшеліктері;  
Көлеңкелі экономиканың Қазақстандағы көріністері;

Мемлекеттің экономикадағы рөлі және экономиканы мемлекеттік реттеу;

Қазақстан экономикасының қазіргі ұлттық моделінің әлеуметтік-экономикалық даму негіздері.

#### **4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Көлеңкелі экономика және оның түрлері.
- 2) Ұлттық байлық және оның құрылымы.

#### **5. Есептер:**

1. Экономикада келесідей мәліметтер берілген (млрд.тг.):

Трансферттік төлемдер – 6,0;

Жалпы жеке инвестициялар – 18,4;

Бизнеске салынатын жанама салықтар – 9,0;

Таза экспорт – 2,2;

Корпорацияның бөлінбеген пайдасы – 4,9;

Амортизация – 8,9;

Жеке тұтыну шығындары – 88,2;

Корпорацияның пайдасына салынатын салық – 2,6;

Әлеуметтік сақтандыру салымдары – 0,5;

Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу – 9,8;

Жеке табыс салығы – 4,8.

Табу керек:

- 1) Жалпы ішкі өнімді;
- 2) Қолда бар табысты;
- 3) Жеке жинақтарды.

2. Ұлттық өндіріс мынадай 2 тауардан тұрады делік: X (тұтыну тауарлары), Y (өндіріс құрал-жабдықтары). Ағымдағы жылы X өнімінің 500 мөлшері өндірілді, әрқайсысының бағасы 2 теңге, ал Y тауарының 20 мөлшері өндірілді, олардың әрқайсысының бағасы 10 теңгеге тең. Жыл аяғына қарай пайдаланудағы 5 машина жаңартылды.

Табу керек:

- а) Жалпы ұлттық өнімді;
- ә) Таза ұлттық өнімді;
- б) Тұтыну көлемін;
- в) Инвестиция көлемін;
- г) Таза инвестициялар көлемін.

3. Төмендегі кестенің мәліметтеріне қарап, X және Y игіліктерінен тұратын тұтынушылық қоржынның құнын, тұтынушылық бағалар

индексін және инфляция қарқынын анықтаңыздар. Тұтынушылық қоржынның құрамы өзгермейді және сәйкесінше, Х игілігі 3 данаға және Y игілігі 5 данаға тең болып табылады.

Жылдар	X игілігі-нің бағасы	Y игілігі-нің бағасы	Тұтынушылық қоржынның құны	Бағалар индексі	Инфляция қарқыны
2009	2	1		100	
2010	6	3			
2011	8	6			
2012	12	15			
2013	24	25			

4. Мына төмендегі келтірілген тауарлар мен қызметтердің қайсысын жалпы ішкі өнімнің құрамына жатқызуға болады?

Үйдің жал төлемі; көршінің үй шаруасына көмектескені үшін төленетін төлем; жазу үшін қағаз; құттықтау хаттарын дайындау үшін қағаз; компакт-диск сатып алу; эстрада концертіне билет сатып алу; өз отбасың үшін құлпынай өсіру; өз пәтерінді сату; басқа елдің территориясында жұмыс істейтін сіздің фирмаңыз; акцияларды сатып алу.

5. Айталық, экономиканың дамуы келесідей мәліметтермен сипатталады:

Жылдар	Атаулы ЖІӨ, млрд. долл.	ЖІӨ дефляторы, 2010 жылға %-бен есептегенде
2012	203 521	105,0
2013	220 346	106,0

Табу керек:

- 2012-2013 жылдар аралығындағы атаулы ЖІӨ-нің өсу қарқынын;
- ЖІӨ дефляторының өсу қарқынын;
- 2010 жылғы бағалармен есептегенде 2012 жылғы нақты ЖІӨ-нің көлемін;
- 2012-2013 жылдар аралығындағы нақты ЖІӨ-нің өсу қарқынын;

#### 6. Тест тапсырмалары:

1. Еңбекақы қандай көрсеткішті есептегенде ескеріледі:

- ЖІӨ-ді табыс бойынша
- ЖІӨ-ді шығын бойынша
- Мемлекеттік кәсіпорындарға таза субсидияны
- Соңғы өнімді
- Аралық өнімді

2. **Макроэкономиканың негізін қалаған кім?**  
А) М.Фридмен В) И.Фишер және Хидоури С) Й.Шумпетер  
D) Дж.М.Кейнс Е) К.Маркс
3. **Францияда жұмыс істейтін Италияндық жұмысшылар сол жақтан жалақы алады. Олардың табыстары қандай көрсеткішті арттырады?**  
А) Францияның ЖҰӨ-ін В) Францияның ЖІӨ-ін  
С) Италияның ЖІӨ-ін D) Италияның ТҰӨ-ін  
Е) Францияның ЖҰӨ мен Италияның ЖІӨ
4. **Атаулы ЖІӨ-гі тауарлар мен қызметтер қандай бағамен анықталады:**  
А) Ағымдық бағамен В) Нақты бағамен  
С) Базистік кезең бағасымен D) Өткен жылдың бағасымен  
Е) Натуралды көрсеткішпен.
5. **Егер, ҰТ-тан корпорация пайдасына салықты, бөлінбеген пайданы, әлеуметтік сақтандыру нормасын айырып, сосын трансферттік төлемді қосса, не шығады:**  
А) ЖТ В) Амортизация С) ЖҰӨ D) ТҰӨ Е) ҚБТ
6. **Төмендегілердің қайсысы негізгі макроэкономикалық мақсатқа жатпайды?**  
А) экономикалық өсу В) толық жұмысбастылық  
С) тауар бағасын түсіру D) табысты шынайы бөлу  
Е) сыртқы сауда балансы
7. **Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес:**  
А) Жалпы ішкі өнімге территориялық сипат тән  
В) ЖІӨ - қосылған құндар сомасы  
С) ЖІӨ резиденттердің ел сыртында өндірген тауарлары мен қызметтерінің құнын есепке алмайды  
D) ЖІӨ - белгілі бір уақыт аралығында, белгілі бір елдің территориясында өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны  
Е) ЖҰӨ - нақты елдің ішінде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық көлемі
8. **ЖІӨ дефляторы дегеніміз - бұл:**  
А) Атаулы ЖІӨ-нің нақты ЖІӨ-ге қатынасы  
В) Нақты ЖІӨ-нің ЖІӨ-ге қатынасы  
С) Нақты ЖІӨ-нің баға индексіне қатынасы  
D) Нақты ЖІӨ-нің ТБИ-ге қатынасы  
Е) Ағымдағы жылы шығарылған заттай өнімнің базистік жылға қатынасы

9.  $Y = C + I + G + X_n$  теңдеуіндегі **G** факторының мағынасы төмендегі көрсеткіш:
- A) Мемлекеттік шығындар
  - B) Тұтыну шығындары
  - C) Инвестициялық шығындар
  - D) Таза экспорт
  - E) Мемлекеттік табыстар
10. **Ұлттық байлық дегеніміз – бұл:**
- A) Мемлекетімізде өндірілген өнім көлемі
  - B) Қоғамдағы жинақталған материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы
  - C) Жаңадан жасалған құн
  - D) Ұлттық өндірістен алынған табыс
  - E) Алтын қоры
11. **Қазақстан азаматы АҚШ-та америкалық фирмада уақытша жұмыс істейді. Оның табысы қайда қосылады:**
- A) Қазақстанның ЖҰӨ-не және АҚШ-ң ЖІӨ-не
  - B) Қазақстанның ЖІӨ-не және АҚШ-ң ЖҰӨ-не
  - C) Қазақстанның ЖҰӨ-не және АҚШ-ң ЖҰӨ-не
  - D) АҚШ-ң ЖҰӨ-не және АҚШ-ң ЖІӨ-не
  - E) Қазақстанның ЖІӨ және АҚШ-ң ЖІӨ-не
12. **Нақты ЖІӨ қандай көрсеткішпен есептеледі?**
- A) натуралды көрсеткішпен
  - B) ағымдық бағамен
  - C) өндірушінің бағасымен
  - D) тұрақты бағалармен
  - E) монопольді бағамен
13. **Территориялық сипатқа қандай макроэкономикалық көрсеткіш тән?**
- A) Ұлттық байлық
  - B) ЖҰӨ
  - C) Жалпы сыртқы өнім
  - D) ЖІӨ
  - E) ТІӨ.
14. **Макроэкономикада шеңберлі айналым үлгісіне сәйкес қандай субъектілер өзара әрекетке түседі:**
- A) Үй шаруашылығы мен фирмалар
  - B) Үй шаруашылығы, фирмалар және мемлекет
  - C) Инвесторлар, қаржылық агенттер, мемлекет және сыртқы орта
  - D) Үй шаруашылығы, фирмалар, мемлекет және сыртқы орта
  - E) Ішкі орта, сыртқы орта және мемлекет
15. **Экономикада 1 тоннасына 100 доллар бағамен 10 тонна бидай және 1 станоктың бағасы 500 доллар болатын 2 станок өндіріледі деп жорамалдайық. Сонда бұл елдің ЖҰӨ-і тең болады:**
- A) 2000
  - B) 1000
  - C) 500
  - D) 10
  - E) 20

- 16. Шығындар әдісі бойынша ЖІӨ-ді есептегенде келесі шамалардың қайсысы қолданылмайды?**
- A) Жалпы инвестициялар
  - B) Тұтыну шығындары
  - C) Тауарлар мен қызметтердің таза экспорты
  - D) Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы
  - E) Еңбекақы.
- 17. Экономикадағы номиналды ЖІӨ – 40 млрд. теңге, ал нақты ЖІӨ – 32 млрд. теңге. ЖІӨ дефляторы қандай шамаға тең болады?**
- A) 1,25 B) 0,8 C) 8 D) 1 E) 25
- 18. Атаулы ЖІӨ қалай өлшенеді?**
- A) Базистік бағамен B) Экспорттық бағамен
  - C) Ағымдық нарықтық бағамен D) Әлемдік бағамен
  - E) Алдағы күтілетін бағамен
- 19. Ұлттық табысты есептеген кезде төмендегі өлшемдердің қайсысы есептелмейді?**
- A) Корпорациялар төлеген дивидендтер B) Жалақы.
  - C) Корпорацияның бөлінбеген табысы D) Трансферттік төлемдер
  - E) Үй шаруашылығының несиеге берген капиталы үшін төлем
- 20. Макроэкономикалық негізгі көрсеткіш:**
- A) ЖІӨ B) Жиынтық сұраныс
  - C) Жиынтық ұсыныс D) Жай табыс E) Қолда бар табыс
- 21. Қоғамда бар материалдық игіліктер жиынтығы – бұл:**
- A) Жиынтық қоғамдық өнім B) Ұлттық байлық C) Соңғы өнім
  - D) Ұлттық табыс E) Жалпы ұлттық өнім
- 22. Ұлттық есеп-шоттар жүйесінің негізін қалаған кімдер?**
- A) Меркантилистер B) Физиократтар
  - C) Классикалық мектеп өкілдері D) Кейнсшілдер E) Маржиналистер
- 23. Төмендегілердің қайсысы ұлттық байлыққа кірмейді:**
- A) негізгі өндірістік қорлар B) негізгі өндірістік емес қорлар
  - C) табиғи ресурстар D) материалдық ресурстар
  - E) «сыртқы әлемнің» интеллектуалдық меншігі
- 24. Қолда бар табыс мыналардың қайсысының айырмасына тең?**
- A) Жеке табыс пен ұлттық табыстың
  - B) Жеке табыс пен трансферттік төлемдердің
  - C) Жеке табыс пен жеке табыс салықтарының
  - D) Тұтыну мен жинақтың
  - E) Ешқайсысының айырмасына тең емес

**25. Тұтыну бағаларының индексі - бұл:**

- A) атаулы ЖІӨ-ң нақты ЖІӨ-ге қатынасы
- B) тұтынушылардың сатып алатын тауарлары мен қызметтерінің жалпы құнын есептейтін көрсеткіш
- C) нақты ЖІӨ-ң атаулы ЖІӨ-ге қатынасы
- D) өткен жылғы тауарлар мен қызметтердің саны
- E) азық-түлік өнімдерінің жалпы құнын есептейтін көрсеткіш

**26. Таза экспорт дегеніміз:**

- A) Экспорт – импорт
- B) Импорт – экспорт
- C) Экспорт + импорт
- D) Экспорт + импорт – шетелден түскен факторлық табыс
- E) Экспорт + импорт + шетелден түскен факторлық табыс

**27. Төменде көрсетілгендердің қайсысы ЖҰӨ-нің құрамына кіреді:**

- A) Кітап дүкеніндегі жаңа оқулықтың құны
- B) Үй шаруашылығындағы әйелдің қызметтері
- C) Көршінің пайдаланылған автомобилін сатып алу
- D) Брокерден жаңа акциялар сатып алу
- E) Жеке меншік жерде жеке тұтыну үшін картоп егіп өсіру

**28. Жалпы ішкі өнім дегеніміз не?**

- A) Тауарлар мен қызметтердің белгілі бір көлемі
- B) Бір жылда елдің ішінде ғана емес, шет елде де ұлттық тауар өндірушілер өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны
- C) Бір жылда елдің ішінде тауар өндірушілер өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны
- D) Бір жылда елдің ішінде тауар өндірушілер өндірген тауарлар мен қызметтер
- E) Бір жылда шет елде ұлттық тауар өндірушілер өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің соңғы құны

**29. Жалақы нені есептеуде қосылады?**

- A) ЖІӨ-ді табыс бойынша есептегенде
- B) ЖІӨ-ді шығын бойынша есептегенде
- C) Мемлекеттік кәсіпорындарға берілетін таза субсидияны есептегенде
- D) Соңғы өнімді есептегенде
- E) Аралық өнімді есептегенде



- 30. Макроэкономикалық талдаудың басты ерекшелігі - ол:**
- A) Көрсеткіштерді комбинациялау
  - B) Берілгендерді агрегаттау
  - C) Корреляциялық тәуелділікті құрастыру
  - D) Графиктерді құрастыру
  - E) Нақты шындық деректерге сүйену
- 31. Қолда бар табыс көрсеткіші қандай формада қолданылады?**
- A) Тұтыну және жинақтау формасында
  - B) Тұтыну және инвестиция формасында
  - C) Инвестициялар және қарыздар түрінде
  - D) Несие беру және инвестициялар түрінде
  - E) Жинақтау және несие беру нысанында
- 32. 1929-1933 жылғы дағдарыстан кейін пайда болған, жиынтық сұранысты мемлекет тарапынан реттеу қажеттілігін қуаттайтын экономикалық саланың бір бағыты:**
- A) Монетаризм бағыты
  - B) Кейнстік бағыт
  - C) Неоклассикалық бағыт
  - D) Ұтымды күтулер тәсіліне негізделген бағыт
  - E) Бизнес-циклді оқытатын бағыт.
- 33. Мыналардың қайсысы жеке табыстың құрамына кіреді?**
- A) корпорацияның бөлінбеген пайдасы
  - B) әлеуметтік сақтандыру жарналары
  - C) трансферттік төлемдер
  - D) амортизация
  - E) жанама салықтар
- 34. Ұлттық табыс – бұл таза ұлттық өнім мен келесі көрсеткіш арасындағы айырма:**
- A) Пайыз, яғни ақшалай капитал үшін төлем
  - B) Жанама салықтар
  - C) Жерді жалға беруден рента
  - D) Ғимарат үшін жал ақысы
  - E) Пәтер үшін жал ақысы
- 35. Жиынтық сұраныстың құрамына не кірмейді?**
- A) Тұтынушының сұранысы
  - B) Инвестициялық сұраныс.
  - C) Мемлекет жағынан сұраныс
  - D) D) Таза экспорт
  - E) E) Таза импорт

**36. Жеке табыс дегеніміз – бұл:**

- A) Бір жылда өндірілген тауарлар мен қызметтер құны
- B) Бір жылда үй шаруашылықтарының және фирмалардың тапқан табыстары
- C) Салық төлегеннен кейінгі жеке тұтыну шығындарына арналған барлық табыстардың сомасы
- D) Салық төлегенге дейінгі жеке тұтыну шығындарына арналған барлық табыстардың сомасы
- E) ЖІӨ минус амортизация

**37. Макроэкономика дегеніміз – бұл:**

- A) экономиканы біртұтас жүйе ретінде зерттейтін ғылым
- B) экономиканың даму заңдылықтарын адам, отбасы және кәсіпорын деңгейінде зерттейтін экономикалық теорияның бір бөлімі
- C) ресурстар мен өндіріс факторларының шектеулі болу жағдайында адамдардың іс-әрекетін зерттейтін ғылым
- D) экономикалық ойдың даму кезеңдерін зерттейтін ғылым
- E) тек экономиканың Циклдік дамуын ғана зерттейтін ғылым

**38. Таза ұлттық өнім дегеніміз:**

- A) ЖҰӨ – амортизация B) ЖҰӨ – жанама салықтар
- C) ЖҰӨ – трансферттер D) ЖҰӨ + амортизация
- E) ЖҰӨ – субсидиялар

**39. Егер Қазақстан азаматы Ресейде орналасқан қазақстандық компанияда жұмыс істесе, онда оның табысы:**

- A) Қазақстан ЖҰӨ мен Ресей ЖІӨ-нің бір бөлігі болады
- B) Қазақстан ЖІӨ мен Ресей ЖҰӨ-нің бір бөлігі болады
- C) Қазақстан ЖІӨ мен Ресей ЖІӨ-нің бір бөлігі болады
- D) Қазақстан ЖҰӨ мен Ресей ЖҰӨ-нің бір бөлігі болады
- E) Қазақстаннан тыс жерде алынған табыс болғандықтан ескерілмейді

**40. Мына табыстардың қайсысы ЖІӨ-ге (ЖҰӨ-ге) кіреді?**

- A) медбикенің табысы (жалақысы)
- B) ескі жиһазды сатудан түскен табыс
- C) 1984 жылы салынған қала сыртындағы үйді сатып алу
- D) жақын туысыңа ақша аудару
- E) Туған күн иесіне сыйлық жасау

## *II - тақырып*

### **МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ**

**Мақсаты:** жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігін түсіндіру, макроэкономикалық тепе-теңдіктің классикалық және кейнстік үлгілеріне тоқталу, сонымен қатар макроэкономикалық деңгейдегі тұтыну, жинақтау, инвестиция ұғымдарына және мультипликатор теориясына талдау жасау.

#### **Талқылау сұрақтары:**

- 11.1. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс;
- 11.2. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері;
- 11.3. Тұтыну және жинақтау функциясы. Инвестициялар;
- 11.4. Мультипликатор теориясы.

Негізгі ұғымдар: жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, жиынтық шығындар, макроэкономикалық тепе-теңдік, тұтыну шығындары, инвестиция-лық шығындар, мемлекеттік шығындар, таза экспорт, мультипликатор, т.б.

#### **11.1. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс**

Ұлттық экономика деңгейінде қандай да бір елдің территориясында өндірілген жалпы ішкі өнімді бір жылдың ішінде сатып алатын және оны сататын іріленген экономикалық субъектілер жұмыс істейді. Осындай іріленген экономикалық субъектілерге үй шаруашылығы, фирмалар, мемлекет және сыртқы орта жатады. Олар жалпы ішкі өнімге қатысты жиынтық шығындарды және жиынтық табыстарды қамтамасыз етіп отырады. Бір жағынан, ол жиынтық сұраныс, ал екінші жағынан, ол жиынтық ұсыныс ретінде көрінеді. Енді осы ұғымдарға толығырақ тоқталамыз.

**Жиынтық сұраныс** – экономикалық субъектілердің бір жыл ішінде өндірілген жалпы ішкі өнімді сатып алуға жұмсайтын жиынтық шығындары. Жиынтық шығындардың көлемі елдегі баға деңгейіне тәуелді болып табылады және жиынтық сұраныс қисығы бағаның белгілі бір деңгейінде сатып алынатын жиынтық өнімнің көлемін көрсетеді. Баға деңгейі мен жиынтық өнім көлемі арасындағы кері тәуелділікті төмендегі суреттен байқауға болады.



11.1-сурет. Жиынтық сұраныс қисығы

Жиынтық сұраныс көлемін негізінен төрт экономикалық субъект қамтамасыз етеді және осыған сәйкес, жиынтық сұраныстың құрауыштары пайда болады:

$$Y = C + I + G + NX$$

Мұндағы,

Y – жиынтық сұраныс немесе жиынтық шығындар көлемі;

C – үй шаруашылықтарының тұтынушылық сұраныстары;

I – фирмалардың инвестициялық шығындары;

G – мемлекеттік шығындар;

NX – таза экспорт, яғни экспорт пен импорт құндарының айырмасы.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жиынтық сұраныстың осындай теңдеумен анықталуын біз негізгі макроэкономикалық теңдестік деп атаймыз.

Жиынтық сұранысқа және оның көлеміне бағалық және бағалық емес факторлар әсер етеді. Егер баға деңгейі өзгерсе, онда жиынтық сұраныс қисығының бойында өзгеріс орын алып жиынтық сұраныс көлемі өзгеріске ұшырайды. Ал бағалық емес факторлар әсер етсе, онда жиынтық сұраныстың өзі өзгереді де қисық оңға немесе солға жылжиды. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторларын төрт топқа бөлуге болады:

1. Тұтынушылық шығындардың өзгерісі, оларға үй шаруашылықтарының табысы, олардың әл-ауқаттылығы, болашақты күту, жеке табыс салығындағы өзгерістер, т.б. жатады.

2. Инвестициялық шығындардың өзгерісі, оларға пайыз мөлшерлемесі, әртүрлі жеңілдіктер, бизнес салықтары, т.б. жатады.

3. Мемлекеттің шығындардың өзгерісі, оған мемлекеттің белсенді экономикалық саясаты жатады.

4. Таза экспорттағы өзгерістер, оған валюта бағамының өзгеруі, сыртқы экономикалық жағдайлар жатады.

**Жиынтық ұсыныс** – бұл бір жылда өндірілген нақты жалпы ішкі өнім көлемі және оны өндірушілердің бағалардың белгілі бір деңгейінде нарыққа ұсына алу қабілеті. Жиынтық ұсынысқа да бағалық және бағалық емес факторлар әсер етеді. Бағалық факторлар жиынтық ұсыныс көлемін өзгертеді және соған орай қисықтың бойында өзгеріс орын алады. Ал бағалық емес факторлар әсер еткенде жиынтық ұсыныстың өзі өзгереді және қисық оңға немесе солға жылжиды. Бағалық емес факторларға технология, ресурстардың бағалары, қолданылатын ресурстардың көлемі, салық салу деңгейі, нарықтық құрылымдардың өзгерістері және басқалары жатады. Бұл уақыт факторын ескермейтін сондай стандартты жағдай болып табылады және жиынтық ұсыныс қисығы баға деңгейі мен жиынтық өнім көлемі арасындағы тура тәуелділікті көрсетеді.

Алайда, жиынтық ұсыныс және оның көлемі уақытқа тәуелді болып табылады, сондықтан осындай ерекше жағдайларда, жиынтық ұсынысқа қатысты үш мерзімді кезең анықталады (11.2-сурет):

**1. Қысқа мерзім**, бұл кезеңде сұраныс жағынан өзгерістер болғанда бағалар деңгейі өзгермейді және тек жиынтық өнім көлемі ғана өзгереді, мұндай жағдайда жиынтық ұсыныс қисығы көлденең сипатта болады.

**2. Аралық мерзім**, бұл кезеңде сұраныс жағынан өзгерістер болғанда бағалар деңгейі де, жиынтық өнім көлемі де өзгереді, мұндай жағдайда жиынтық ұсыныс қисығы оң көлбеулі болып табылады.

**3. Ұзақ мерзім**, бұл кезеңде сұраныс жағынан өзгерістер болғанда бағалар деңгейі өзгереді және жиынтық өнім көлемі өзгеріссіз қалады, мұндай жағдайда жиынтық ұсыныс қисығы тік сызық түрінде болады.



11.2-сурет. Жиынтық ұсыныс қисығы

Жиынтық ұсыныстың қысқа, аралық және ұзақ мерзімде қарастырылуының басты себебі болып оған деген, яғни жиынтық өнім


көлеміне деген теориялық көзқарастардың әртүрлі болуы табылады. Осыған байланысты, макроэкономикалық тепе-теңдіктің негізінен, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді үлгілері орын алады.

## 11.2. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері.

Экономикалық теорияда негізінен, макроэкономикалық тепе-теңдік үлгілеріне классикалық және кейнстік көзқарастар қалыптасқан. Алдымен, классикалық макроэкономикалық тепе-теңдік үлгісін талдауды қарастырамыз.

Классикалық үлгі француз экономисі **Жан-Батист Сэйдің** (1762-1832) заңымен тығыз байланысты және осы тұжырымға сәйкес құрылады. Сэй заңы бойынша, толық жұмысбастылық жағдайында жасалған өнімді сатып алатын шығындар мен оны сататын табыстар әрқашанда бір-біріне тең болады. Өндірілген өнімдердің құны автоматты түрде табыстарды қамтамасыз етіп отырады, яғни ұсыныс сұранысты тудырады. Бұл жерде, алынған табыстар бірден шығынға айналып отырады, олардың белгілі бір бөлігі жинақталмайды, түгелімен жұмсалып отырады деген болжамдар айтылады.

Жиынтық ұсыныстың ұзақ мерзімдегі қисығы классикалық кесінді деп аталады және ол тік сызық түрінде сипатталады. Классикалық кесіндіде экономика жұмыспен толық қамтылған жағдайда болады және жиынтық өнімнің нақты көлемі өзінің әлеуетті деңгейіне<sup>2</sup> тең болады. Ал нарық икемді көрсеткіштер (баға деңгейі, атаулы жалақы, пайыз мөлшерлемесі) арқылы тепе-теңдікті ұстап тұрады. Жиынтық сұраныс өзгерген жағдайда жиынтық өнім көлемі өзгермейді, тек бағалар деңгейі ғана өзгереді (11.3-сурет).




11.3-сурет. Классикалық макроэкономикалық тепе-теңдік

<sup>2</sup> Әлеуетті жалпы ішкі өнім – бұл толық жұмысбастылық пен экономикада ресурстар толық қамтылған жағдайда қол жеткізілетін жалпы ішкі өнімнің деңгейі.

Е нүктесінде классикалық үлгі бойынша макроэкономикалық тепе-теңдік қалыптасады. Классикалық макроэкономикалық тепе-теңдік автоматты өзін-өзі реттейтін нарықтың тетігі ретінде қарастырылады және ол мемлекеттің экономикаға араласуын қаламайды. Сэй заңын алға тартатын осындай идеяны А.Смит, Д.Рикардо, Дж.Ст.Милль, А.Маршалл және А.Пигу сияқты классика-лық және неоклассикалық теорияның өкілдері жақтайды.

Кейнстік үлгідегі макроэкономикалық тепе-теңдік үлгісі классикалық үлгіге мүлдем қарама-қарсы болып табылады. Кейнс өзінің теориясында Сэй заңын қатты сынға алды және ол экономикаға мемлекеттің араласуын жақтады. Оның айтуынша, бір жылда өндірілген жиынтық өнім толығымен сатылмауы және сатып алынбауы мүмкін, яғни табыстар мен шығындар бір-біріне тең болмайды. Осы кезде кейбір адамдар жұмыссыз қалады және өндіріс қысқарады, ал соның салдарынан экономикада дағдарыс орын алады. Экономикалық дағдарыс жағдайында жиынтық ұсынысты емес, керісінше жиынтық сұранысты ынталандыру қажет, олай болса, сұраныс ұсынысты тудырады.

Жалпы алғанда, кейнстік үлгі қысқа мерзімге сәйкес келеді. Қысқа мерзімді кезеңде жиынтық өнімнің нақты көлемі өзінің әлеуетті деңгейіне сәйкес келмейді және сұраныс өзгергенде бағалар деңгейі өзгермейді және жиынтық өнім көлемі өзгеріске ұшырайды. Экономикалық дағдарыс кезінде мемлекеттің экономикаға араласуы арқылы жиынтық сұранысты арттыруды ынталандыру қажет, соған байланысты жиынтық сұраныс жиынтық өнімнің нақты көлемі өзінің әлеуетті деңгейіне жеткенше дейін арта береді (11.4-сурет).



11.4-сурет. Кейнстік макроэкономикалық тепе-теңдік

Е нүктесінде кейнстік үлгі бойынша макроэкономикалық тепе-теңдік қалыптасады. Кейнстік макроэкономикалық тепе-теңдік

жиынтық сұранысты реттеуге негізделген және мемлекеттің экономикаға араласуын талап етеді.

### 11.3. Тұтыну және жинақтау функциясы. Инвестициялар

Ұлттық экономика шеңберінде тұтыну, жинақтау және инвестиция деңгейлерін қолда бар табыс пен пайыз мөлшерлемесі көрсеткіштері анықтайды.

Классикалық макроэкономикалық үлгіде жинақтау мен инвестиция деңгейлері пайыз мөлшерлемесі арқылы автоматты түрде ретке келіп отырады, олай болса, қолда бар табыс<sup>3</sup> факторы екінші орынға қойылып, пайыз мөлшерлемесіне шешуші мән беріледі.

Кейнстік макроэкономикалық үлгіде көбінесе, экономикалық агенттердің психологиялық факторлары мен мінез-құлықтары ескеріледі. Тұтыну мен жинақтау функцияларын қолда бар табыс деңгейі анықтайды, ал инвестиция көлемі пайыз мөлшерлемесіне тәуелді болып табылады. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіш – қолда бар табыс ( $Y_d$ ) тұтынылады (C) және жинақталады (S):

$$Y_d = C + S.$$

Мұндай тұтыну мен жинақтау Кейнстің психологиялық заңымен және бейімділіктің түрлерімен тығыз байланысты, яғни ол заң: **«адамдардың табыстары артқан сайын тұтыну да артады, бірақ тұтынудың артуы табыстың артуындай болмайды, – деп суреттеледі.** Олай болса, табыстың артуынан тұтыну деңгейі салыстырмалы түрде төмендей береді, ал жинақтау салыстырмалы түрде арта береді. Ал бейімділіктің төрт түрі бар:

**1. Тұтынуға шекті бейімділік (MPC)** – қолда бар табыстың өзгеруіне байланысты тұтынудың салыстырмалы түрде өзгеруі:

$$MPC = \Delta C / \Delta Y_d.$$

**2. Жинақтауға шекті бейімділік (MPS)** – қолда бар табыстың өзгеруіне байланысты жинақтаудың салыстырмалы түрде өзгеруі:

$$MPS = \Delta S / \Delta Y_d.$$

**3. Тұтынуға орташа бейімділік (APC)** – қолда бар табыстың тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсалатын бөлігі:

<sup>3</sup> Қолда бар табыс көрсеткіші жеке табыс пен жеке табыс салықтарының айырмасы ретінде анықталады.



$$APC = C / Y_d.$$

**4. Жинақтауға орташа бейімділік (APS)** – қолда бар табыстың тұтынудан қалған бір бөлігі:

$$APS = S / Y_d.$$

Тұтынуға шекті бейімділік пен жинақтауға шекті бейімділік қолда бар табыстың қосымша бірлігінің қаншасы тұтынуға жұмсалатынын және қаншасы жинақтауға кететінін көрсетеді. Сондықтан олардың қосындысы әрқашанда 1-ге тең болады:

$$MPC + MPS = 1$$

Кейнс бойынша **тұтыну функциясы** болып қалыптасады:

$$C = a + b (Y - T),$$

мұнда,  $a$  – автономды тұтыну (табысқа байланысты емес тұтыну);  
 $b$  – тұтынуға деген шекті бейімділік.

**Жинақтау функциясы:**

$$S = - a + (1 - b) (Y - T),$$

мұнда,  $S$  – жеке сектордың жинақтары;

$1-b$  – жинақтауға шекті бейімділік.

Сонымен, тұтыну мен жинақтауға мынадай анықтамалар беруге болады:

**Тұтыну** – қолда бар табысқа байланысты ел азаматтарының ағымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмсайтын тауарлары мен қызметтерінің жиынтық құны.

**Жинақтау** – ел азаматтарының ағымдық қажеттіліктерін қанағаттандырып болғаннан кейінгі қалған қолда бар табыстың тұтынылмайтын бөлігі.

Ұлттық экономика шеңберінде жасалатын жалпы ішкі өнімнің құрамындағы инвестицияларды талдаудың маңызы аса зор. **Инвестициялар** – жеке, мемлекеттік және шетелдік секторлардың пайда табу мақсатында өндіріске, тауарлы-материалдық қорларға және тұрғын үй құрылысына ұзақ уақытқа салатын күрделі қаржылық жұмсалымдары. Инвестициялардың негізгі көзі болып жинақтаулар табылады және олардың көлемі пайыз мөлшерлемесіне тәуелді саналады.

Классикалық және кейнстік үлгілерге сәйкес, инвестициялар мен жалпы ішкі өнім көлемі бірін-бірі әрдайым қолдап отырады. Алдымен,

инвестициялар жалпы ішкі өнімнің артуына және экономикалық өсуге жағдай жасайды, содан кейін жалпы ішкі өнімнің артуы қайтадан инвестицияларды ынталандырады. Сондықтан жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігі ауытқымалы кезеңмен (циклдік) дамып отырады.

Инвестициялардың екі түрі бар:

**1. Автономды (тәуелсіз) инвестициялар** – ұлттық табыстың өсіміне байланысты емес тұрақты инвестициялар. Автономды инвестициялар техникалық прогрестің құбылмалы болуы, халық санының өсуі, сыртқы нарықтардың кеңеюі, адамдар талғамының өзгеруі сияқты себептерге байланысты пайда болады. Мұндай инвестициялардың көзі болып әдетте, мемлекет бюджет табылады.

**2. Туынды (индуцирлі) инвестициялар** – ұлттық табыстың өзгеруіне байланысты жүзеге асырылатын тәуелді және ынталандырушы инвестициялар. Автономды инвестициялар жиынтық табысты арттырып, соның өсуімен байланысты тәуелді инвестицияларды ынталандырады. Мұндай инвестициялардың көзі болып әдетте, кәсіпкерлік пайда табылады, ал соңғысы Ұ ұлттық табыстың өсуімен қатар ұлғаяды. Олай болса, туынды инвестициялар да артады. Бұл жерде жиынтық табыстың өсуіне орай, өндірістік инвестициялармен бірге, тауарлы-материалдық қорларға және тұрғын үй құрылысына да инвестициялар артады. Демек, экономиканың жандануы жағдайында ескі капиталдардың қоры жаңартылады және тұрғын үйге сұраныс ұлғаяды.

**Инвестициялауға шекті бейімділік (MPI)** – жиынтық табыстың кез келген өзгерісіндегі инвестициялауға кететін шығындар өсімінің пайыздық үлесі:

$$MPI = \Delta I / \Delta Y,$$

мұнда,  $\Delta I$  – инвестициялар шамасының өзгеруі;  $\Delta Y$  – табыстың өзгеруі.

Кейнстік үлгі әрқашанда жиынтық сұраныс тарапынан дағдарыстық экономиканы зерттеуге бағытталады. Экономикалық белсенділіктің төмен болуы жағдайында жиынтық сұранысты үнемі ынталандырып отыру қажет. Сол себепті өндірістің терең құлдырауын болдырмау үшін жиынтық сұранысты реттеу бойынша мемлекеттің белсенді экономикалық саясаты қажет.

#### 11.4. Мультипликатор теориясы

**Мультипликатор** (латын тілінде *multiplikator* – көбейтуші) – табыстың өзгеруі инвестициялардың өзгеруіне байланысты екенін көрсететін коэффициент. Мультипликатор идеясын экономика ғылымына алғаш рет 1931 жылы ағылшын экономисі Ричард Кан енгізді. Ол инвестицияның халықтың сатып алу қабілеті мен жұмыспен қамтылуын қалай еселейтінін (мультипликациялайтынын) көрсетіп берді. Дж. М. Кейнс «Жұмыспен қамтудың, пайыздың, ақшаның жалпы теориясы» атты әйгілі еңбегінде мультипликатордың жалпылама түсініктемесін берді. Мультипликатор теориясы бойынша белгілі бір өндіріс аясына жұмсалған шығын басқа өндіріске және жұмыспен қамтылуға ынталандырушылық ықпал етеді. Жалпы ұлттық өнім көлеміндегі бұл оң, өскелең нәтиже мультипликативтік әсер деп аталады. Мультипликатор инвестиция мөлшері көбейгенде жалпы ұлттық өнімнің өсу көлемін көрсететін сандық коэффициент болып табылады. Мысалы, инвестиция 100 млрд. теңгеге өссе, мұның өзі жалпы ұлттық өнімді 300 млрд. теңгеге өсіреді, демек, мультипликатор = 3, егер жалпы ұлттық өнім 200 млрд. теңгеге артса, онда мультипликатор 2-ге тең болады. Кейінтік мультипликатор теориясы шеңберінде үкімет (мемлекеттік тапсырыс), фирмалар, халық жұмсаған ірі көлемдегі шығынның (инвестицияның) оң ықпалы ұлттық өндірістің тиімділігіне және өсуіне игі әсерін тигізетіні негізделді. Кейіннен мультипликациялану (көбею) құбылысы уақыт факторын ескере отырып қарала бастады және мультипликатордың динамикалық серпінді үлгісі пайда болды. Ол бастапқы инвестиция нәтижесінің қайталанып отыратындығын басшылыққа алып жасалды. Жинақ ақша мен инвестиция серпініне талдау жасауда мультипликатор теориясын пайдалану жиынтық сұраныстың, жалпы ішкі өнім көлемінің және халықтың жұмыспен қамтылуының өзгеруіне ықпал етудің нақты тұтқаларын көрсетеді. Бұл теория түрлі бағыттар тарапынан сынға ұшырағанымен, тиімді сұраныс тұжырымдамасын, нарықтық экономиканы реттеу қажеттілігі мен мүмкіндігін негіздеуде ерекше рөл атқарды. Түрлері: *инвестициялық мультипликатор* – күрделі жұмсалымның жиынтық табысқа ықпалы; *ақша мультипликаторы* – ақша-несие жүйесіне салымның көбеюі не азаюы нәтижесінде ақша массасының бір бірлікке шаққанда қаншаға артатынын не қысқаратынын көрсететін сандық коэффициент; *депозиттік (несиелік) мультипликатор* – банк депозиттеріндегі

болмашы өзгерістердің ақша мөлшеріне және банк жүйесі мен несие рыноктарында бір мөлшердегі ақшаның сан рет пайдаланылуы арқылы несие көлеміне жасайтын ықпалы.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 405 б.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.

13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасьян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасьян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Жиынтық сұраныстың негізгі құрауыштары қандай?
2. Жиынтық сұранысқа қандай факторлар әсер етеді?
3. Жиынтық ұсыныс қысқа және ұзақ мерзімдерде қалай қарастырылады?
4. Жиынтық ұсынысқа қандай факторлар әсер етеді?
5. Макроэкономикалық тепе-теңдіктің үлгілері қандай?
6. Кейнстің психологиялық заңы нені сипаттайды?
7. Тұтынудың, жинақтаудың және инвестицияның функциялары қандай?
8. Бейімділіктің түрлері қандай?
9. Мультипликатор үлгісі нені зерттейді?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап

беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** макроэкономикалық тепе-теңдіктің классикалық кейнстік үлгілеріне, олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне кеңірек тоқталу. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 11.1. Жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, әсер ететін факторлары, қисықтары, үлгілері;
- 11.2. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері;
- 11.3. Тұтыну, жинақтау, инвестиция функциялары;
- 11.4. Мультипликатор теориясы.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

- 1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**
- 2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**
- 3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Макроэкономикалық тепе-теңдіктің қазіргі заманғы үлгілері;

Қазақстанның ұлттық инвестициялық саясаты;

Қазақстанда ұлттық экономика үлгісін құрудың ерекшеліктері.

- 4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Сэй заңдары.
- 2) Акселератор теориясы.

#### **5. Есептер:**

1. Экономикада әлеуетті жалпы ішкі өнім 2 000 млрд. теңгеге тең. Жиынтық сұраныс қисығының теңдеуі  $Y = 2\,480 - 200P$  болып берілген. Мемлекеттік шығындардың өсуіне байланысты жиынтық сұраныс қисығының теңдеуі  $Y = 2\,560 - 200P$  болып өзгерді. Қысқа мерзімдегі және ұзақ мерзімдегі баға деңгейін және жалпы ішкі өнімнің тепе-теңдік мәнін табыңыз және график салыңыз.

2. Экономикада инвестиция функциясы  $I = 40 + 0,4Y$  теңдеумен, ал жинақтау функциясы  $S = -20 + 0,6Y$  теңдеумен берілген. Мұнда  $Y$  – ұлттық табыс. Ұлттық табыстың тепе-теңдік деңгейін анықтаңыз.

3. Тұтыну функциясы  $C = 100 + 0,8Y$  теңдеумен берілген.

Табу керек:

а) берілген табыс деңгейіне сәйкес, тұтыну мен жинақтауды есептеңіз.

ә) тұтынудың графигін салыңыз.

б) тұтынуға шекті бейімділік пен жинақтауға шекті бейімділікті есептеңіз.

в) шығындар мультипликаторын есептеңіз.

4. Тұтыну функциясы  $C = 80 + 0,5Y$  теңдеумен берілген

а) Кестені толтырыңыз:

Табыс	Тұтыну	Жинақтау
0		
100		
200		
300		

ә) Тұтынудың графигін салыңыз.

б)  $45^\circ$  сызық жүргізіңіз. Тұтыну шығындарының қолда бар табыстың қандай деңгейінде тең болатындығын, кем және үлкен болатындығын есептеңіз.

5. Акселератор коэффициенті 3-ке тең.

Жылдар (t)	Ұлттық табыс (Y)	Инвестициялар (I)
1998	1 000	0
1999	1 200	0
2000	1 450	
2001	1 850	
2002	1 400	
2003	4 000	

1) 2000-2003 жылдар аралығында инвестициялар шамасы қанша млрд. долларға өзгергенін есептеңіз.

2) 1996 және 1997 жылдар ұлттық табыстың шамасы қанша млрд. долларға өзгергенін есептеңіз.

## 6. Тест тапсырмалары:

1. Ұлттық шоттар жүйесіндегі жинақтау көрсеткіші - бұл:

А) Жанұяның барлық активтерінің сомасы

- В) Белгілі бір мезетте алынатын, бірақ тұтынылмайтын табыс
- С) Жанұяның барлық активтері мен міндеттілік сомасы арасындағы айырмашылық
- Д) Белгілі бір мезетте алынатын табыс
- Е) Барлық ақша-қаражаттарының жиынтығы
- 2. Кейнстің психологиялық заңы қалай сипатталады?**
- А) Табыс өскен сайын тұтыну да өседі, бірақ тұтынудың өсуі табыстың өсуіне қарағанда кем өседі
- В) Табыс өскен сайын тұтыну да өседі, бірақ тұтынудың өсуі табыстың өсуіне қарағанда артығырақ өседі
- С) Тұтыну қолда бар табысқа тәуелді, сондықтанда табыс өзгергенде тұтыну да өзгеріп отырады
- Д) Табыс өскен сайын тұтынуға деген орташа бейімділік тұрақты болып қалады
- Е) Табыс өскен сайын тұтынуға деген шекті бейімділік тұрақты болып қалады
- 3. Мультипликатор нені көрсетеді?**
- А) Инвестиция өсімінің тұтыну өсіміне қатынасын
- В) Ұлттық табыс өсіміне инвестиция өсімінің қатынасын
- С) Сұраныс өзгерісі мен баға өзгерісі арасындағы тәуелділікті
- Д) Ұсыныс өзгерісі мен баға өзгерісі арасындағы тәуелділікті
- Е) Ұлттық табыстың инвестицияға қатынасын
- 4. Жиынтық сұраныстың құрамына не кірмейді?**
- А) Тұтынушының сұранысы В) Инвестициялық сұраныс
- С) Мемлекет жағынан сұраныс Д) Таза импорт Е) Таза экспорт
- 5. Жиынтық сұраныс дегеніміз – бұл:**
- А) Барлық үй шаруашылықтарының сұраныстары
- В) Үй шаруашылықтарының және мемлекеттің жалпы сұраныстары
- С) Мемлекеттің жалпы сұраныстары
- Д) Жоспарланған шығындар сомасы
- Е) Фирманың сұранысы
- 6. Жинақтау төмендегідей түрде анықталады:**
- А) ЖҰӨ – тұтыну – салықтар
- В) мемлекеттік жинақтау – үй шаруашылықтарының тұтынуы
- С) экономиканың барлық шаруашылық субъектілерінің жинақталған қорларының сомасы
- Д) салықтар – мемлекеттік шығындар
- Е) Мемлекеттік жинақтау – салықтар



7. **Айталық, инвестиция 10 млрд. теңгеге өскенде ұлттық табыс 20 млрд. теңгеге өсті. Бұл жерде мультипликатор коэффициенті қаншаға тең болады?**  
A) 20 млрд. B) 2 млрд. C) 30 млрд. D) 200 млрд. E) 10 млрд.
8. **Жиынтық ұсыныс сілкінісінің әсері қалай байқалады?**  
A) жиынтық ұсыныс қисығының солға жылжуынан (жоғарыға)  
B) жиынтық ұсыныс қисығының оңға жылжуынан (төменге)  
C) қисық бойымен солға жылжуынан (төменге)  
D) жиынтық ұсыныс қисығы көлбеуінің өзгеруінен  
E) жиынтық сұраныстың өзгеруінен
9. **Мұнайға деген бағаның өсуі ұсыныстың сілкінісі ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ ол:**  
A) мұнай ұсынысының өсуіне алып келеді  
B) жалақы шығындарын арттырады  
C) мұнайды тұтынушылардың тәуелсіздігін шектейді  
D) материалдық шығындарды арттырады  
E) мұнай ұсынысының өзгермеуіне алып келеді
10. **Классикалық бағытты жақтаушылардың ең негізгі қағидасы:**  
A) экономикада мемлекеттік сектордың басым болуы  
B) ең төменгі жалақы туралы заң енгізу  
C) жиынтық сұранысты ынталандыру үшін мемлекеттік шығындарды өсіру  
D) экономикаға мемлекеттің араласпау саясаты  
E) ең жоғары жалақы туралы заң енгізу
11. **Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторлары:**  
A) ұлттық өнімге деген сұраныс көлемінің өзгерісін тудырады  
B) ұлттық өнімге деген жиынтық сұраныстың өзгерісін тудырады  
C) ұлттық өнімге деген жиынтық сұраныс көлемінің өзгерісін тудырады  
D) ұлттық өнімге деген жиынтық ұсыныстың өзгерісін тудырады  
E) ұлттық өнімге деген жиынтық ұсыныс көлемінің өзгерісін тудырады
12. **AS қисығының кейнсиандық кесіндісіне сәйкес AD-ның өсуі кезінде бағалар мен ЖІӨ көлемі қалай өзгереді?**  
A) бағалар тұрақты, ал өндіріс көлемі ұлғаяды  
B) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады  
C) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі ұлғаяды  
D) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі төмендейді  
E) бағалар да, өндіріс көлемі де өзгермейді

- 13. Жиынтық сұраныс қисығының өзгерісі нені көрсете алмайды:**
- A) бір уақыттағы баға деңгейі мен нақты ЖҰӨ деңгейінің өсуін
  - B) бір уақыттағы баға деңгейінің өсуі мен нақты ЖҰӨ деңгейінің төмендеуін
  - C) тек қана нақты ЖҰӨ деңгейінің өсуін
  - D) тек қана баға деңгейінің өсуін
  - E) тек қана баға деңгейінің төмендеуін
- 14. Жиынтық ұсыныстың «сілкінісі» (шок) – бұл:**
- A) өндіріс көлемінің күрт төмендеуі
  - B) шығарылым көлемінің төмендеуі
  - C) бағалардың өсуі
  - D) факторларға деген бағалардың шапшаң өсуі
  - E) бағалардың төмендеуі
- 15. Қандай фактор AS қисығын оңға қарай жылжытады?**
- A) ресурстарға деген бағаның өсуі
  - B) фирма пайдасына салынатын салық мөлшерлемелерінің өсуі
  - C) ресурстарға деген бағаның төмендеуі
  - D) еңбек өнімділігінің төмендеуі
  - E) еңбек өнімділігінің өзгермеуі
- 16. AS қисығының классикалық кесіндісіне сәйкес AD-ның өсуі кезінде бағалар мен ЖІӨ көлемі қалай өзгереді?**
- A) бағалар тұрақты, ал өндіріс көлемі ұлғаяды
  - B) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады
  - C) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі ұлғаяды
  - D) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі төмендейді
  - E) бағалар да, өндіріс көлемі де өзгеріссіз қалады
- 17. Қай кезде жиынтық сұраныстың артуында өндірістің тепе-теңдік көлемінің өсуі орындалады?**
- A) AS қисығының кейнсиандық кесіндісінде
  - B) AS қисығының аралық кесіндісінде
  - C) AS қисығының классикалық кесіндісінде
  - D) AS қисығының аралық және классикалық кесінділерінде
  - E) AS қисығының тік кесіндісінде
- 18. AS қисығының аралық кесіндісіне сәйкес AD-ның өсуі кезінде бағалар мен ЖІӨ көлемі қалай өзгереді?**
- A) бағалар тұрақты, ал өндіріс көлемі ұлғаяды
  - B) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады
  - C) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

- D) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі төмендейді  
E) бағалар мен өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады
- 19. Жиынтық ұсыныс қисығының кейнсиандық кесіндісіне сәйкес жиынтық сұраныстың өсуі:**
- A) бағаның өсуіне алып келеді, бірақ нақты көріністегі ЖҰӨ динамикасына әсер етпейді  
B) бағаның төмендеуі мен нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің өсуіне алып келеді  
C) нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің ұлғаюына алып келеді, бірақ баға деңгейіне әсер етпейді  
D) баға деңгейі мен нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің ұлғаюына алып келеді  
E) бағаның төмендеуіне және нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің төмендеуіне де алып келеді
- 20. Қандай фактор AS қисығын солға қарай жылжытады?**
- A) еңбек өнімділігінің өсуі  
B) ресурстарға деген бағаның өсуі  
C) ресурстарға деген бағаның төмендеуі  
D) фирма пайдасына салынатын салық мөлшерлемелерінің төмендеуі  
E) тауар бағасының өсуі
- 21. Жиынтық ұсыныс қисығының аралық кесіндісінде:**
- A) баға өзгереді  
B) өндіріс көлемі өзгереді  
C) баға мен өндіріс көлемі өзгереді  
D) баға да, өндіріс көлемі де өзгермейді  
E) пайыз мөлшерлемесі өзгереді
- 22. Жиынтық сұраныс қисығы қай уақытта оңға жылжиды:**
- A) жұмыссыздық деңгейі өскен кезде  
B) ақша ұсынысы артқанда  
C) табыс салығы мөлшерлемесінің өсуі кезінде  
D) ағымдағы инфляцияның өсуі кезінде  
E) ақша айналымының жылдамдығы төмендегенде
- 23. Жалпы экономикалық тепе-теңдіктің классикалық үлгісін құрудың алғышарттары:**
- A) өндіріс факторларының жетілген бәсекелі нарығы  
B) бағалардың икемділігі  
C) субъектілердің ұтымды тәртіптері  
D) ақпараттардың мол болуы  
E) аталғандардың барлығы дұрыс

- 24. Жиынтық ұсыныс қисығы оң көлбеулі, ал барлық тең жағдайларда ақша ұсынысының өсуі:**
- A) баға деңгейінің сақталуына және нақты өндіріс көлемінің өсуіне алып келеді
  - B) нақты өндіріс көлемін сақтауға және бағалардың өсуіне алып келеді
  - C) баға деңгейінің өсуіне және нақты өндіріс көлемінің өсуіне алып келеді
  - D) баға деңгейінің өсуіне және өндіріс көлемінің қысқаруына алып келеді
  - E) баға деңгейінің және өндіріс көлемінің өзгермеуіне алып келеді
- 25. Тұтырудың кейнстік функциясына сәйкес:**
- a) тұтыну пайыз мөлшерлемесіне тәуелді емес
  - ә) тұтыну пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
  - б) тұтыну ағымдық табысқа тәуелді емес
  - в) тұтыну перманентті табысқа тәуелді
  - Е) тұтыну жиналған байлыққа тәуелді
- 26. Ұзақ мерзімде жалпы өндіріс көлемінің әлеуетті өндіріс көлемімен сәйкес келген кездегі тұтыну шығындарының өсуі нені тудырады?**
- A) жалпы өндіріс көлемінің өсуін
  - B) баға деңгейінің өсуін
  - C) жалпы өндіріс көлемінің және баға деңгейінің өсуін
  - D) жалпы өндіріс көлемінің төмендеуін және баға деңгейінің өсуін
  - E) баға деңгейінің өзгермеуін
- 27. Тұтынушының қарыздары ағымдағы тұтыруды қысқартады, сол себепті:**
- A) жиынтық сұраныс көлемі қысқарады
  - B) жиынтық сұраныс қысқарады
  - C) жиынтық сұраныс көлемі қысқармайды
  - D) жиынтық сұраныс қысқармайды
  - E) жиынтық ұсыныс көлемі қысқарады
- 28. Тұтыну функциясы қай түрде жазылады:**
- A)  $C = C(Y-T)$ .
  - B)  $C = C(r)$ .
  - C)  $C = C(W/P)$ .
  - D)  $C = C(K) \rightarrow F(K)$ .
  - E)  $C = C(R)$ .
- 29. Қолда бар табыс мыналардың қайсысының айырмасына тең?**
- A) жеке табыс пен ұлттық табыстың
  - B) жеке табыс пен жеке салықтардың

- С) жеке табыс пен трансферттік төлемдердің  
D) жеке табыс пен жанама салықтардың  
E) ешқайсысының айырмасына тең емес
- 30. Тұтыну функциясы белгілі бір бұрышқа сәйкес орналасады, ол бұрыш:**
- A) автономды тұтыну мөлшерімен анықталады  
B) тұтыну мен табыстың арасындағы байланысты анықтайтын коэффициентпен анықталады  
C) тұтынуға деген шекті бейімділікпен анықталады  
D) тұтынуға деген орташа бейімділікпен анықталады  
E) жинақтауға деген орташа бейімділікпен анықталады
- 31. Тұрақты табыс жағдайындағы MPC және MPS көрсеткіштерінің соммасы неге тең:**
- A) 100. B) 1000. C) 0. D) 1. E) -1.
- 32. Табыс өскен сайын:**
- A) MPC пен MPS бірге өседі  
B) MPS өседі, MPC азаяды  
C) MPC өседі, MPS азаяды  
D) MPS мен MPC бірге қысқарады  
E) APC өседі, APS азаяды
- 33. Инвестиция көлеміне әсер етпейтін факторлар:**
- A) пайыз мөлшерлемесінің деңгейі  
B) кәсіпкерлердің күтімі  
C) табыс деңгейі  
D) тұтынуға шекті бейімділік  
E) салық салу деңгейі
- 34. Кейнсиандық теорияға сәйкес жинақ пен инвестиция динамикасының негізгі факторы болып табылатындар:**
- A) қолда бар табыс деңгейі B) нақты пайыз ставкасы  
C) нақты кассадағы қалдық D) инвестициялық шығын деңгейі  
E) автономды тұтыну деңгейі
- 35. Жинақтауға деген орташа бейімділік мынаған тең:**
- A) жинақ өзгерісінің табысқа қатынасы  
B) жинақтың табыс өзгерісінің қатынасына  
C) жинақтың табысқа қатынасына  
D) жинақтың инвестицияға қатынасына  
E) табыс өзгерісінің жинақ өзгерісінің қатынасына
- 36. Перманентті табыс теориясының тұжырымдамасы келесідей:**
- A) тұтыну тәртібі ұзақ мерзімді тәртіптің мүмкіндіктерімен анықталады

- В) тұтыну тәртібі ағымдағы табыс деңгейімен анықталады
- С) тұтыну тұрақты табысқа кері пропорционалды
- Д) тұтыну тәртібі инфляция деңгейіне байланысты болмайды
- Е) тұтыну тәртібі фирманың инвестициялық шешімімен анықталады

**37. Пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі:**

- А) тұтыну мен инвестицияны арттырады
- В) тұтыну мен инвестицияны төмендетеді
- С) жинақтың өсуіне алып келеді
- Д) тұтыну мен жинақты өсіреді
- Е) инвестицияны қысқартады

**38. Тұтынудың деген шекті бейімділік – бұл:**

- А) максималды тұтыну
- В) тұтынудың табыстағы үлесі
- С) табыс өзгерген кездегі тұтынудың өзгеруі
- Д) минималды тұтыну
- Е) тұтынудың автономды табыстағы үлесі

**39. Қолда бар табыс неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым:**

- А) тұтыну шығыны азая береді
- В) жинақтауға деген шығын көбейеді
- С) тұтыну шығыны көбейеді
- Д) жинақтауға деген шығын азая береді
- Е) инвестициялау көбейе береді

**40. Жинақтауға деген шекті бейімділік – бұл:**

- А) максималды жинақтау
- В) минималды жинақтау
- С) табыстың өзгеруі кезіндегі жинақтаудың өзгеруі
- Д) жинақтаудың табыстағы үлесі
- Е) жинақтаудың автономды табыстағы үлесі

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ЦИКЛДІК ДАМУЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

**Мақсаты:** экономиканың ауытқымалы кезеңмен дамып отыруын талдау және экономикалық өсудің факторлары мен ерекшеліктерін түсіндіру, сонымен қатар Қазақстандағы экономикалық өсу моделін сипаттау.

### Талқылау сұрақтары:

- 12.1. Циклдік толқулардың мәні мен себептері, фазалары мен түрлері
- 12.2. Экономикалық өсу: түсінігі, түрлері, факторлары, негізгі үлгілері

**Негізгі ұғымдар:** экономикалық цикл, жандану, өрлеу, дағдарыс, тоқырау, қысқа мерзімді толқындар, орта мерзімді толқындар, ұзақ мерзімді толқындар, экономикалық өсу, сұраныс факторлары, ұсыныс факторлары, бөлу факторлары, экстенсивті өсу, интенсивті өсу, аралас өсу, экономикалық өсудің үлгілері, т.б.

### 12.1. Циклдік толқулардың мәні мен себептері, фазалары мен түрлері

**Экономиканың циклдік дамуы** – бұл нарықтық экономика жағдайында іскерлік белсенділіктің үнемі үздіксіз ауытқып отыруы. Өндірістің өсуі ылғи да оның құлдырауымен жүріп отырады. Циклділікті басқаша кезеңділік деп атайды. Экономикалық белсенділіктің кезеңділігі нарықтық экономиканың қозғалуы мен даму формасын көрсетеді.

Экономикалық әдебиеттерде экономикалық циклдің әртүрлі ұзақтылығы оларды зерттеген ғалымдардың атымен аталады. Мысалы, 2-4 жылға созылатын циклдер **Китчиннің циклдері** деп, ал 10-жылдық циклдер – **Жугляр циклдері**, **Маркс циклдері**, 15-20 жылға созылатын циклдер – **Кузнец циклдері**, 40-60 жылға созылатын циклдер – **Кондратьевтің «ұзын толқындары»** деп аталады.

Экономикалық циклдердің негізін кезеңділікпен туындап отыратын **экономикалық дағдарыстар** құрайды. Өндірістің бір экономикалық дағдарыс-тан екінші бір экономикалық дағдарысқа өту қозғалысын **экономикалық цикл** деп атайды.

Экономикалық цикл төрт фазадан тұрады: дағдарыс, тоқырау, жандану және өрлеу.

**1. Дағдарыс.** Бұл фазада экономикалық дамудың көрсеткіштері күрт нашарлайды: өндіріс көлемі қысқарады, табыстар төмендейді, жұмысбастылық қысқарады, инвестициялық белсенділік төмендейді, бағалар құлайды, өндіргіш күштер біртіндеп істен шыға бастайды, негізгі капитал құнсызданады, жұмыссыздық өседі, кәсіпорындар жаппай жабыла бастайды, өндірістік қуаттар төмендейді.

**2. Тоқырау.** Бұл фаза экономикалық дағдарыстың ең төменгі нүктесі болып табылады, яғни жаппай жұмыссыздық орын алады, жалақы мен пайыз мөлшерлемесі ең төменгі деңгейге жетеді, тауарлы-материалдық қорлар қысқарады, өндіріс тоқтайды, бағалардың төмендеуі де тоқтайды.

**3. Жандану.** Бұл фазада негізгі капитал жаппай жаңартылады, жұмыссыздық қысқарады, жалақы, пайыз мөлшерлемесі және бағалар өсе бастайды, инвестициялық белсенділік пен тұтыну заттарына деген сұраныс артады.

**4. Өрлеу.** Бұл фаза экономикалық дамудың шарықтау шегі болып табылады. Экономикалық өсу қарқыны жоғарылайды, өндіріс көлемі айтарлықтай ұлғаяды, инвестициялар да артады, бағалы қағаздар бағамы өседі, пайда, жалақы, баға, пайыз сияқты көрсеткіштер ең жоғары деңгейге жетеді.

Негізінен, экономикалық циклдің негізгі фазасын дағдарыс құрайды. Себебі мұнда циклдің негізгі белгілері көрініс табады. Дағдарыссыз цикл болмайды, ал дағдарыстардың үнемі кезеңділікпен қайталанып отыруы нарықтық экономиканың дамуына циклдік сипат беріп отырады.

Экономиканың циклдік дамуының графикалық көрінісі төмендегі суретте көрсетілген.



12.1-сурет. Экономиканың циклдік дамуы



Экономикалық циклдің әрбір дағдарысы жандану мен өрлеу фазаларында жетіліп отырады. Бұлар өндірісті тұрақты түрде кеңейтудің фазалары болып табылады. Бұл кезеңдерде халықтың табыстары ұлғаяды, жиынтық тұтынушылық сұраныс өседі. Тұтынушылық сұраныстың өсуі кәсіпкерлерді өндіріс қуаттарын арттыруға және капитал салымдарын көбейтуге ынталандырады. Сәйкесінше, өндіріс құрал-жабдықтарына да сұраныс артады. Жалпы жиынтық сұраныстың өсуі қоғамдық өндірістің өсу қарқынынан басып озады. Жекелеген капиталдардың ағыны үздіксіз айналымға түседі, бәсекелік күрес төмендейді. Сондықтан өндірістерді жаңарту, жаңа еңгізілімдерді енгізу ынталары төмендейді. Ұдайы өндіріс салыстырмалы экстенсивті негізде жүріп отырады. Мұндай даму өндірістің өсу қарқыны жиынтық сұраныстың өсу қарқынын басып озғанға дейін жалғаса береді. Содан кейін барып тауарлардың артық өндірілуі пайда болып экономикалық дағдарыс туындайды. Экономикалық дағдарыс капиталдың артық жинақталуына алып келеді және ол үш формада көрініс табады: тауарлы капиталдың артық өндірілуі (өткізілмей қалған өнімдердің өсуі), өндіргіш капиталдың артық жинақталуы (қолданылмай қалған артық өндіріс қуатының пайда болуы, жұмыссыздықтың өсуі), ақшалай капиталдың артық жинақталуы (өндіріске тартылмай қалған ақша санының өсуі). Капиталдың артық жинақталуының жалпы нәтижесі болып өндіріс шығындарының өсуі, бағалардың құлауы және пайданың төмендеуі табылады.

Алайда, экономикалық дағдарыс ынталандырушылық («тазартушылық») қызмет атқарып, жаңа экономикалық дамуға тың серпін береді. Дағдарыс кезінде өндіріс шығындарын қысқартуға және пайданы көбейтуге ынта туады, бәсекелестік күшейеді. Экономикалық дағдарыс капиталдың пайдалы түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін өндіріс құрал-жабдықтарының моральдік жағынан тозуына алып келеді. Олай болса, ол жаңа техникалық негізде капиталды жаңартуға ынта туғызады. Осыған байланысты, дағдарыс экономиканың салыстырмалы түрде интенсивті дамуын бастап береді. Онымен дамудың бұрынғы кезеңі аяқталып, жаңа дамуға көшу орын алады.

Қазіргі нарықтық экономика оған мемлекеттің белсенді түрде араласуы жағдайында жұмыс істейді. Мемлекеттің экономикаға әсер етуі дағдарыстардың тереңдігі мен жиілігі, цикл фазаларының ұзақтылығы және олардың арасындағы қатынастар сияқты эконо-

микалық динамиканың сипатын өзгерте отырып, экономикалық циклдің қадамына маңызды түрде ықпал жасаудан көрінеді. Мемлекеттік реттеудің салдарынан циклдік қозғалыстың механизмі өзгереді.

Циклдік толқуларды жұмсартуға бағытталатын мемлекеттік реттеу антициклдік сипатқа ие болады. Мемлекеттің экономикалық циклге әсер етуінің аса маңызды әдістеріне ақша-несие және бюджет-салық саясатының құралдары жатады. Дағдарыс жағдайында мемлекеттің шаралары өндірісті ынталандыруға, ал өрлеу жағдайында оны тежеуге бағытталады. Себебі, экономиканың «қызып кетуін» суыту мақсатында мемлекет өрлеу фазасында несиенің қымбаттауына, жаңа салықтарды енгізуге және ескі салықтарды көтеруге, жеделдетілген амортизацияны тоқтатуға және жаңа инвестицияларға салықтық жеңілдіктерді алып тастауға мүмкіндік жасайды. Ал дағдарыс жағдайларында керісінше, мемлекеттік шаралар несиені арзандатуға, салықтарды қысқартуға, амортизацияны жеделдетуге және жаңа инвестицияларға салықтық жеңілдіктерді қолдануға бағытталады.

### **Жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс және оны жою бойынша Қазақстан үкіметінің іс-шаралары.**

Қазіргі дағдарыстың басталуына қаржы нарығында туындаған диспропорциялар себеп болды. Нақты секторда жүзеге асырылмай қалған үлкен қаржылық қорлар мен жинақтаулар өз бетінше өмір сүріп, әлемдік экономикаға айтарлықтай қауіп төндірді. 2008 жылдың ортасына қарай, барлық қаржылық құралдардың, соның ішінде әртүрлі бағалы қағаздардың жалпы құны 684 трлн. долларға жететін астрономиялық соманы құрады. Жасанды ақшаларды айналдыра берудің арқасында үлкен «көпіршіктер» пайда болды.

Тұрақсыздық жағдайында ақшалардың өтімділігі жоғалып, олар енді сенімді қорларды іздей бастады. Экономикалық зиян болып табылатын ақшалардың ағылуы ипотекалық дағдарыстың тікелей жоғалтуларынан бірнеше есе асып кетті. Бұл зиян 3,8 трлн. долларға бағаланды. Ал дағдарысқа қарсы шаралардың жалпы әлемдік көлемі 9,2 трлн. долларға тең болып табылады. Өтімділіктің төмендеуі нәтижесінде несиелі ресурстарын кеңінен пайдаланатын экономиканың кейбір салалары, әсіресе, құрылыс саласы ақшасыз қалды. Ипотекалық дағдарыс салымшылардың жалпы үрейін туғызды, инвесторлардың қаржылық тұрақсыздығын арттырды, олар қарыздарын жаба алмай әуре-сарсаңға түсті.

Пайда болған дағдарыстың толқыны әлемдік экономикалық кеңістікті шарпыды, ол АҚШ, Еуроодақ, Жапония және басқалары сияқты әлемнің алдыңғы қатарлы экономикаларының өндіріс көлемдерін төмендетуге алып келді. Экономикалық өсу қарқынының төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, инфляцияның шарықтауы және тұтынушылық сұраныстың төмендеуі әлемдік экономиканы жалпы құлдыратты. Экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы соңғы 40-жылдық көрсеткіштердің төмендеуінен асып түсті. Дамыған елдердің үкіметтері қабылдаған шаралары жеткіліксіз, экономикалық өсу қарқынының төмендеуін тоқтату мүмкін болмай отыр.

Дағдарыстық құбылыстар әлемнің көптеген дамушы елдерін де айналып өтпеді. Дамыған елдердегі дағдарыс дамушы елдермен өндірілетін шикізат түрлеріне, соның ішінде, мұнайға сұраныстың төмендеуімен, тауарлар мен қызметтерді өткізу нарықтарының тарылуымен, компаниялардың жаппай жабылуымен жалғасты. Дағдарыстың бұл кезеңі шикізат өнімдерінің экспортына тәуелді елдердің өз бюджеттерін толтыруда және дамудың өзіндік бағдарламаларын жүзеге асыруда күрделі сәтсіздіктерге ұшырайтындығын көрсетіп берді. Мәселен, Үндістанның экспорт көлемі 12%-ға, Қытайдың импорт көлемі 18%-ға қысқарды. Өндірістің құлдырауынан жұмысбастылық қысқарды, әлеуметтік мәселелер шиеленісті, қоғамда саяси қақтығыстар күшейді. Соңғы деректерге сәйкес, 200 миллионға тарта адам кедейшілікке ұшыраған. Әлемнің дамыған және дамушы елдерінде халықтың әл-ауқаттылығын көтерудің көп жылғы талпыныстары сәтсіздікке айналды.

Сонымен, қазіргі сарапшылар жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыстың салдарларын АҚШ-тағы құрылымдық дағдарыспен, Жапония мен Еуроодақтағы циклдік дағдарыспен, дамушы елдердегі шикізаттық дағдарыспен, Қытай мен Үндістандағы тауарларды артық өндіру дағдарысымен байланыстырады.

Жаһандану жағдайында әлемдік дағдарыстық құбылыстардың ұлттық экономикаға әсері маңызды түрде өсті. Әлемдік шаруашылықтың интеграциялық үдерістеріне кірігумен байланысты көптеген елдер сыртқы факторлардың әсеріне аса сезімтал болды. Осындай факторлар Қазақстанға да өз әсерін тигізбей қоймады. 2000 жылдан бастап 2007 жылға дейін Қазақстанның ұлттық экономикасы аса жоғары қарқынмен дамығанымен, 2007-2008 жылдары еліміздің бірқатар секторларында құлдырау орын алды, ол негізінен, құрылыс пен қаржы секторларында болды. Бұл құлдырау

біртіңдеп әлемдік қаржы нарықтарындағы өтімділік дағдарысы болып ұласып, осының барлығы шикізат өнімдеріне сұраныстың төмендеуі, олардың бағаларының күрт қысқаруы, жұмысбастылық деңгейінің төмендеуі сияқты құбылыстармен сәйкес келді. Бұл экономикалық өсудің қарқынын маңызды түрде төмендетті. Егер 2000-2006 жылдар аралығында ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 10%-дық ең жоғары көрсеткішке жеткен болса, онда 2007 жылы бұл көрсеткіш 7,7%-ды құрады, ал 2008 жылы 2%-ға және 2009 жылы -0,2%-ға дейін төмендеп кетті.

Ел экономикасы алыпсатарлық капиталдың шеңберінде болды, тұрғын үй нарығының күрт дамуы тез басылды. Бұл салаға инвестиция тарту банктердің шектен тыс іс-әрекеттерімен жалғасып, олардың тәуекелі дұрыс есептелмеді, өтімділік тапшылығының масштабтары болжанған межеден асып кетті. Сөйтіп, өтімділік дағдарысы банктердің қызметіне де әсер етті. Банк жүйесінің көрсеткіштері нашарлап кетті, олардың пайдалары шамамен үш есеге азайды, машақаты көп несиелердің үлесі өсіп, мерзімі өткен қарыздары көбейе түсті. Ең алдымен, құрылысшылардың, тамақ өнеркәсібі саласының, металлургияның және ауыл шаруашылығының банктер алдында қарыздары өсті.

Ел экономикасы үшін өзекті мәселе болып мұнай, металл, руда сияқты шикізат өнімдеріне бағалардың және оларға сұраныстың төмендеуі табылды. Өз кезегінде, шикізаттарға сұраныстың төмендеуі оның өндірісінің төмендеуіне және жұмыспен қамтылғандар санының қысқаруына алып келді.

Дағдарыстың бастапқы белгілері кезінде республика басшылығы бірқатар іс-шараларды қабылдап үлгерді. Өзірленген және орындалып үлгерген шаралар өз жемісін бере бастады. Оған елдің алтын валюталық қоры және депозиттер көлемі мүмкіндік берді. Депозиттік салымдарды сақтандыру нормалары күшейтілді. 2007 жылдың күзінде мемлекеттік бюджеттен дағдарысты еңсеруге 550 млрд. теңге (4,6 млрд. долл.) бөлінді. Екінші деңгейлі банктер арқылы құрылысшылар 184,7 млрд. теңге (1,5 млрд. долл.), шағын және орта бизнес 155 млрд. теңге (1,3 млрд. долл.), ауыл шаруашылығы 135 млрд. теңге (1,1 млрд. долл.) алды.

Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржылық қадағалау агенттігінің қабылдаған бірлескен іс-қимыл жоспарында (Дағдарысқа қарсы бағдарламада) тұрақтандыру шараларының көлемі 2 172 млрд. теңгеге (18,1 млрд. долл.) жетті. Ұлттық қордан қаржыландырылатын

дағдарысқа қарсы бағдарлама келесідей бағыттардан («Батыл бес кадам») тұрды:

1. Қаржы секторын тұрақтандыру (4 млрд. долл.).
2. Тұрғын үй секторын дамыту (3 млрд. долл.).
3. Шағын және орта бизнесті қолдау (1,5-2 млрд. долл.).
4. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту (1 млрд. долл.).
5. Инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру (1 млрд. долл.).

Ұлттық банктің міндетті резервтер нормасын төмендету есебінен екінші деңгейлі банктер өздерінің ресурстық базасын 350 млрд. теңгеге (2,9 млрд. долл.) ұлғайтты. Дағдарысқа қарсы шаралардың жалпы көлемі 22,7 млрд. долл., немесе ЖІӨ-нің 17%-ын құрады. Бұл сома әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды.

«Батыл бес кадам» деп аталатын бірлескен іс-қимыл жоспары әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, макроэкономикалық тепе-теңдікті қолдауға, экономикалық өсу мен іскерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталады. Бұл бағдарлама шеңберінде әлеуметтік басымдық ретінде жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу саналады.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаның қатарында ұлттық валютаны девальвациялау сияқты мәжбүрлі әрі ең қажет болған шараны да атап өткен жөн. Дағдарысқа қарсы құрал ретінде қолданылатын девальвация шарасына және экономиканың дамуына жаңа серпін берудің мұндай әдісіне әлемнің көптеген мемлекеттері жүгінді. Өтіп жатқан дағдарыс жағдайында көптеген елдер өз экономикаларының бәсекелік қабілеттілігін қолдау үшін өздерінің валюталарын девальвациялап үлгерді. Қазақстан үшін бұл шараның маңызы өте зор болды, өйткені қаржылық дағдарыстың әсерінен негізгі экспорттық тауарларға сұраныс қысқарды, соның салдарынан өз өнімдерін экспортқа қоятын ірі компаниялар өндірістік-инвестициялық жоспарларын тыюға және жұмысшылар санын қысқартуға мәжбүр болды.

Халық үшін девальвацияның оң жақтары да, теріс жақтары да бар. Басты кемшілігі болып ұлттық валютада сақталатын қолма-қол ақшалай резервтер мен депозиттер құнының бір бөлігінің жоғалуы табылады. Басқа жағынан алып қарағанда, доллар нысанындағы жинақтардың теңгелік құны маңызды түрде өсе түсті. Сондай-ақ, олар қолда бар резервтерді сақтауға көмектеседі.

Тұрақты табысқа өмір сүретін халықты (бюджеттік қызметкерлерді, зейнеткерлерді, аз қамтылғандарды) қолдау үшін 2009-2011 жылдарда бюджеттен олардың табыстарын жыл сайын көтеріп отыру үшін

қаржы қарастырылды. Үкімет осы категориядағы қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін төмендетіп алмау үшін бюджет баптарын қосымша қайта қарап отыруға тапсырма алды. Тұтыну нарығындағы бағаларды реттеп отыру бойынша шаралар күшейтілді, халық жалпы тұтынатын тауарларды жеткізушілерге бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу міндеттері жүктелді.

## **12.2. Экономикалық өсу: түсінігі, түрлері, факторлары, негізгі үлгілері**

Жалпы ұлттық (ішкі) өнім, таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, жеке табыс сияқты негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер экономикалық өсудің нәтижесінде орын алады.

**Экономикалық өсу** – бұл ұлттық шаруашылықтың адамдардың қажетті-ліктерін қанағаттандыратын өнімдерді өндіру қабілеттілігі мен мүмкіндігінің ұлғаюы. Қазіргі уақытта, экономикалық өсудің шешуші факторы болып инвестициялар табылады.

**Экономикалық өсу негізгі екі әдіспен өлшенеді:**

- 1) Нақты жалпы ұлттық (ішкі) өнім көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында өсуі;
- 2) Нақты жалпы ұлттық (ішкі) өнім көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында жан басына шаққандағы өсуі.

Экономикалық өсу әдетте, пайызбен жылдық өсу қарқынымен өлшенеді. Мысалы, егер нақты жалпы ұлттық өнім өткен жылы 200 млрд. долларды және осы жылы 210 млрд. долларды құраса, онда жалпы ұлттық өнімнің өсу қарқыны  $210 - 200 / 200 \times 100\% = 5\%$  тең болады:

Экономикалық өсу қоғамның өркендеуінің аса маңызды мақсаты болып табылады, өйткені сол арқылы экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге жетуге болады. Экономикалық өсудің өлшемі ретінде қосылған құнды көбейту, өндірісті кеңейту, ғылым мен мәдениетті дамыту сияқты көрсеткіштер саналады. Экономикалық өсу арқылы қоғамның даму болашағын болжауға болады. Бұдан басқа, экономикалық өсу ресурстардың шектеулілігі мәселесін шешуге жағдайлар жасайды.

Әлеуметтік жағынан дамудың ең жоғары өлшемі болып адамның тұлға ретінде дамуы, оның материалдық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттан-дырылуы табылады. Өскелең экономика қоғамның жаңаша қажеттіліктерін қанағаттандыра алу мүмкіндігіне және

әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шеше алуға мүмкіндік табады. Қазіргі өскелең экономика бір уақытта қоршаған ортаның ластануымен күресу бойынша жаңа бағдарламаларды қабылдап қоғамдық игіліктер өндірісінің қысқаруына жол бермеуге тырысады.

Жалпы алғанда, экономикалық өсу әлемнің барлық елдерінің ортақ мақсаты, елдің экономикалық қуатының көрсеткіші болып табылады.

Нарықтық экономикада тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін еңбек, капитал және жер сияқты негізгі үш фактор қажет. Нәтижесінде жиынтық өнім сол еңбекті, капиталды және табиғи ресурстарды қолданудың функциясы болып табылады. Сәйкесінше, жиынтық өнім көлемі өндірістің осы әрбір факторына тәуелді болып табылады. Бұл кезде өндіріс көлемі өндіріс факторларының жұмсалыуына қарағанда үлкен дәрежеде өсуі мүмкін. Оған әсер ететін бірден бір фактор – ғылыми-техникалық прогресс.

Өндіріс факторлары шығындарының өсуіне және ғылыми-техникалық прогресс қарқынына жиынтық өнімнің өсу тәуелділігін төмендегі өндірістік функция сипаттайды:

$$Y(t) = A(t) f [L(t), K(t), N(t)],$$

мұнда,  $Y(t)$  – жиынтық өнімнің өсу қарқыны;

$A(t)$  – ғылыми-техникалық прогресс қарқыны;

$L(t)$ ,  $K(t)$ ,  $N(t)$  – еңбекке, капиталға және табиғи ресурстарға кеткен шығындардың өсу қарқыны.

Бұл өндірістік функция халық шаруашылығы деңгейінде экономикалық өсуді талдау үшін қолданылады. Ол өндірістің ненің есебінен дамып жатқандығын анықтай алады: өндіріске жаңа факторларды тарту есебінен бе, не оларды қолданудың тиімділігін арттыру есебінен бе; қандай фактордың есебінен өндірістің тиімділігі көп дәрежеде артатындығын және қандай фактордың тым аз қарқынмен дамитындығын немесе өндірістің дамуына кедергі келтіретіндігін анықтай алады.

Ұлттық шаруашылықтың экономикалық өсуі экстенсивті, интенсивті және аралас жолдармен жүзеге асырылады.

**Экономикалық өсудің экстенсивті типі** өндіріс масштабын кеңейтуге негізделеді. Мұндай жағдайда экономикалық өсу өндірістің технологиясын өзгертпей өндіріске тартылатын факторлардың санын арттыру есебінен орындалады. Экономикалық өсудің экстенсивті факторлары қолданылатын өндірістік ресурстардың көлемін арттыру есебінен өндіріс көлемінің ұлғаюының сандық жағын сипаттайды.

Оларға мынадай факторлар жатады: жұмысшылар санын арттыру, капитал салымдарын көбейту, тұтынылатын шикізат көлемін арттыру, т.б.

**Экономикалық өсудің интенсивті типі** өндірістің аса тиімді құралдары мен технологияларын қолдануға негізделеді. Мұндай жағдайда экономикалық өсу өндіріс факторларын қолдануды сапалық жағынан жақсарту есебінен орындалады. Экономикалық өсудің интенсивті факторлары өндірістік ресурстарды қолданудың тиімділігін арттыру есебінен өндіріс көлемін ұлғайтудың сапалық жағын сипаттайды. Оларға мынадай факторлар жатады: жұмысшылардың біліктілігін көтеру, ғылыми-техникалық прогресс, үнемдеу тәртібі, технологияны, еңбектің ұйымдастырылуы мен өндірісті жетілдіру, өнімнің сапасын көтеру, т.б.

**Экономикалық өсудің аралас типі** өсудің экстенсивті және интенсивті факторларының қатар орын алуымен жүзеге асырылады. Сондықтан осыған қарап экономикалық өсудің салыстырмалы экстенсивті және салыстырмалы интенсивті жолдарын қарастырған жөн.

Қазіргі уақытта, экономикалық әдебиеттерде **экономикалық өсудің факторлары** төмендегідей топтастырылады:

1. Ұсыныс факторлары, бұларға адам ресурстарының болуы, табиғи ресурстар, негізгі капитал, технология деңгейі жатады.

2. Сұраныс факторлары, бұларға бағалар деңгейі, тұтыну шығындары, инвестициялық шығындар, мемлекеттік шығындар, таза экспорт көлемі жатады.

3. Бөлу факторлары, бұлар экономикалық айналымға тартылатын ресурстардың тиімділігін, ресурстардың өндіріс үдерісінде толық, әрі ұтымды түрде пайдаланылуын көрсетеді.

Қазіргі заманғы нарықтық экономика экономикалық өсудің жаңаша сапалық кезеңіне өтумен сипатталады. Жаңаша сапалық экономикалық өсудің бірқатар өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктері, ресурстарды үнемдейтін технологияны қолдану негізінде өндірістің тиімділігін көтерудің интенсивті сипаты ескеріледі. Екіншіден, технологиялық прогрессті анықтайтын және адамдардың қажеттіліктеріне қызмет ететін салалардың өнімдерін көбейту қарастырылады. Үшіншіден, экономикалық өсудің әлеуметтік жағынан қақтығыстарға алып келмейтін шекараларын белгілеумен көрінеді. Мұндай шектеулерді енгізу арқылы адамның өмір сүру ортасын және қалпына қайтып келмейтін ресурстарды сақтап қалуға мүмкіндіктер ашылады.



Жаңаша экономикалық өсудің осындай ерекшеліктерін толығымен сақтамайтын бүгінде әлемде ешбір ел жоқ. Өйткені әлем елдерінің, әсіресе, дамыған елдердің экономикасын өсудің жаңаша сапасына нарықтық іс-қимылдар мен нарықтық шаруашылықтың заңдылықтары күш беріп соған қарай итермелейді. Сондай-ақ, мемлекеттің де экономикалық өсудегі рөлін жоққа шығармау қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 405 б.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.

12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова. - 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Циклдік толқулардың себептері қандай?
2. Экономикалық цикл неше фазадан өтеді?
3. Экономикалық дағдарыстардың түрлері қандай?
4. Экономикалық циклдің ұзақтылығына байланысты типтері қандай?
5. Экономикалық циклдің факторлары қандай?
6. Экономикалық циклге қарсы саясат шаралары қандай?
7. Экономикалық өсудің негізгі көрсеткіштері қандай?
8. Экономикалық өсудің факторлары қандай?
9. Экономикалық өсудің Қазақстандағы ерекшеліктері қандай?
10. «Қазақстан-2030» Стратегиясының негізгі басым бағыттары қандай?
11. Экономикалық өсудің негізгі үлгілері қандай?
12. Экономикалық өсудің жағымды және жағымсыз жақтары қандай?

## **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** экономикалық цикл мен экономикалық дағдарыстар, экономикалық даму мен экономикалық өсу ұғымдарына жан-жақты тоқталу. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 12.1. Экономикалық цикл: мәні, фазалары, параметрлері, типтері, түрлері, факторлары, үлгілері;
- 12.2. Экономикалық өсу: түсінігі, типтері, түрлері, факторлары, негізгі үлгілері;
- 12.3. Қазақстанның қазіргі дағдарысқа қарсы іс-шаралары;
- 12.4. Қазақстанның экономикалық өсуінің қазіргі үлгісі.

## **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (гlossарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс және оның салдарлары;

Экономикалық дағдарыстардың түрлері;

Қазақстанның қазіргі дағдарысқа шараларының нәтижелері;

Экономикалық өсудің қазіргі заманғы үлгілері;

Қазақстанның экономикалық өсу қарқыны.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Ростоу моделі;

2) Қазақстандағы экономикалық өсудің негізгі бағыттары.

**5. Есептер:**

1. Экономистердің болжауынша, келесі жылы ел ішіндегі экономикалық жағдай мына мәліметтермен сипатталды:

$$C = 10 + 0,9Y$$

$$I = 60 \text{ млрд. тг.}$$

$$G = 100 \text{ млрд. тг.}$$

Осыған сәйкес, келесі жылы ЖҰӨ-нің болжанбалы деңгейінің қанша көлемде болатындығын есептеңіз.

2. Белгілі бір елде тұтыну шығындары мен инвестициялар көлемі мына теңдіктермен беріледі:

$$C = 8 + 0,7Y$$

$$I = 0,2Y$$

Экономистердің бағалауынша, келесі жылы мемлекеттік шығындар көлемі 60 млрд. теңгені, ал таза экспорт 4 млрд. теңгені құрайды. Онда келесі жылы ЖҰӨ-нің болжанбалы деңгейінің қанша көлемде болатындығын есептеңіз.

3. Үкімет экономист-мамандарға келесі жылға ЖІӨ-нің өсуін болжап беруді ұсынды. Мамандар келесі жылы тұтынушылық шығындар ЖІӨ-нің 70%-ын құрайды, инвестициялар мен мемлекеттік шығындар сомасы 2 млрд. долларға жетеді, ал таза экспорт нөлге тең болады деп есептейді.

1) Экономист-мамандардың ЖІӨ-нің мүмкін болатын көлеміне деген болжамы қандай болды?

2) Егер тұтынушылық шығындар деңгейі болжанған шамасынан ауытқып, шын мәнінде, ЖІӨ-нің 75%-ын құраса, онда ЖІӨ-нің нақты көлемі мен болжанған көлемі арасындағы айырмашылық қандай?

3) Тұтынушылық шығындар деңгейі, инвестициялар мен мемлекеттік шығындар сомасы туралы экономист-мамандардың болжамдары қате болып шықты. Іс жүзінде олардың мәндері сәйкесінше 0,75 Y және 2,5 млрд. доллар болып шықты. Олай болса, ЖІӨ-нің нақты көлемі мен болжанған көлемі арасындағы айырмашылық қандай?

4. Төменде келтірілген мәліметтер негізінде ЖІӨ-нің нақты деңгейін және оның өсу қарқынын анықтаңыз.

Жылдар	Атаулы ЖІӨ, млн.тг.	Бағалар индексі	Нақты ЖІӨ, млн.тг.	Экономикалық өсудің қарқыны
1	2 600	10		
2	2 800	5		

3	3 800	40		
4	6 000	100		
5	6 600	20		
6	7 100	15		

5. Төменде келтірілген мәліметтер негізінде нақты ЖІӨ-нің өсу қарқынын және жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсу қарқынын есептеңіз және салыстырыңыз.

Жылдар	Нақты ЖІӨ, млн.тг.	Халық саны, млн. адам	Жан басына шаққандағы ЖІӨ	Нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны	Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны
1	12 000	120			
2	13 120	122			
3	13 240	124			
4	13 340	127			
5	14 000	128			
6	14 700	130			
7	15 000	130			

## 6. Тест тапсырмалары:

- 1. Экономикалық өсу қалай бейнеленуі мүмкін:**
  - А) Өндірістік мүмкіндіктер қисығының солға жылжуымен
  - В) Өндірістік мүмкіндіктер қисығының оңға жылжуымен
  - С) Өндірістік мүмкіндіктер қисығындағы нүктелердің қозғалысы арқылы.
  - Д) Өндірістік мүмкіндіктер қисығы ішінде бір нүктеден екіншіге қозғалу арқылы
  - Е) Өндірістік мүмкіндіктер қисығынан тыс бір нүктеден екіншіге қозғалу арқылы
- 2. Қай көрсеткіштің сандық мәні өрлеу фазасында азайып, құлдырау фазасында өседі?**
  - А) Құнды қағаздар бағамы
  - В) ЖҰӨ көлемі
  - С) Жұмыс аптасының орташа ұзақтығы
  - Д) Жалақы деңгейі
  - Е) Өндеуші өнеркәсіптегі тауар қорларының көлемі

3. **Дж. Кейнстің тұжырымдамасына сәйкес, экономикалық циклдің себебі неге байланысты?**
- A) Тек сыртқы факторлар әсеріне
  - B) Тек ішкі факторлар әсеріне
  - C) Жиынтық сұраныс динамикасына басымды әсер ететін факторларға
  - D) Жиынтық ұсыныс динамикасына басымды әсер ететін факторларға
  - E) Тек кездейсоқ саяси факторларға
4. **Экономикалық цикл (кезең) дегеніміз – бұл:**
- A) Экономикада кезең кезеңмен қайталанатын өрлеу құбылыстары
  - B) Тұтыну мен инвестициялардың өзара қатынастарының ауытқуы
  - C) Бір экономикалық фазаның басталуынан екінші бір фазаның басталуына дейінгі кезең
  - D) Экономикада кезеңділікпен орын алатын құлдыраулар
  - E) Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың өзара ауытқулары
5. **Жұмыспен толық қамтылған экономикадағы экономикалық өсудің жоғары қарқыны нені талап етеді?**
- A) Қор жинақтау мен инвестицияның төменгі мөлшерін
  - B) Қор жинақтаудың жоғары мөлшерін және инвестицияның төменгі мөлшерін
  - C) Қор жинақтаудың жоғары мөлшерін және инвестицияның жоғары мөлшерін
  - D) Қор жинақтаудың және инвестицияның төменгі мөлшерін
  - E) Қор жинақтаудың төменгі мөлшерін және инвестицияның жоғары мөлшерін
6. **Экономикалық циклдің сыртқы факторлары – бұлар:**
- A) Тұтыну B) Инвестициялау C) Соғыстар
  - D) Үкімет шаралары E) Инфляция
7. **Қысқа мерзімді экономикалық циклдер кімнің атымен аталады?**
- A) П. Самуэльсонның B) С. Кузнецтің C) Дж. Китчиннің
  - D) Н. Кондратьевтің E) К. Маркстің
8. **Мыналардың қайсысы экономикалық өсудің жағымды жақтарына жатпайды?**
- A) Әлеуметтік көмектерді арттыру
  - B) Адамның табиғатқа белсенді түрде араласуы
  - C) Адамдардың мәдени деңгейін арттыру
  - D) Адамдардың тұлға ретінде даму мүмкіндіктерін өсіру
  - E) Тұтыну стандарттарын арттыру

9. Экономикалық циклдің өрлеу немесе шың фазасында экономикада не байқалады?
- A) Бағалардың едәуір өсуі
  - B) Жалақының артуы
  - C) Фрикциондық жұмыссыздықтың мардымсыз орын алуы
  - D) Жинақтау көлемінің артуы
  - E) Осы аталғандардың барлығы
10. Экономикалық өсудің қарқынын графикалық түрде қандай қисық нақты бейнелей алады?
- A) Жалпы шығындар қисығы
  - B) Инвестиция мен жинақтар қисығы
  - C) Өндірістік мүмкіндіктер қисығы
  - D) Сұраныс қисығы
  - E) Ұсыныс қисығы
11. Экономикалық өсу дегеніміз – бұл:
- A) Құлдырау алдындағы өндіріс деңгейінің өсуі
  - B) Бір экономикалық циклдің басынан екінші экономикалық циклдің басына дейінгі кезең
  - C) Ұлттық өнімнің сандық және көлемдік жағынан ұлғаюы
  - D) Ұлттық өнімнің сандық ұлғаюы және сапалық жетілдірілуі
  - E) Берілген жылдағы инвестиция өсімінің алдыңғы жылғы ұлттық табыс өсіміне сандық қатынасын көрсететін жағдай
12. Алғашқы экономикалық тоқырау қай елде болды:
- A) АҚШ-та B) Қазақстанда C) Германияда
  - D) Англияда E) Канадада
13. Елімізде тәуелсіздік алғаннан бері алғашқы экономикалық өсу қарқыны қай жылы байқалды деп айтуға болады?
- A) 1992 жылы B) 1995 жылы C) 2000 жылы
  - D) 2001 жылы E) 1997жылы
14. Экономикалық өсудің ұсыныс факторлары қалай сипатталады?
- A) Табиғи ресурстармен
  - B) Еңбек ресурстарымен
  - C) Негізгі капиталдың көлемімен
  - D) Технологиямен
  - E) Аталғандардың барлығы дұрыс берілген
15. Мына көрсеткіштердің қайсысы проциклдік параметрлерге жатады?
- A) Экспорт көлемі B) Корпорациялардың пайдасы

- С) Жұмыссыздық дәрежесі D) Дайын өнім қорлары  
Е) Фирмалардың банкроттыққа ұшырауы
- 16. Н.Д. Кондратьевтің «ұзын толқындары» теориясын кім дамытты:**  
А) С. Кузнец В) Дж.М. Кейнс С) Й. Шумпетер  
D) В. Леонтьев Е) Э. Хансен
- 17. Домар мен Харродтың экономикалық өсу үлгілерінде қандай факторға басты назар аударылады:**  
А) Салықтарға В) Мемлекеттік шығындарға  
С) Адам капиталы факторына D) Инвестициялық факторға  
Е) Ұлттық табысқа
- 18. Экономикалық өсу типтеріне мыналар жатады:**  
А) Экстенсивті, интенсивті және аралас  
В) Экстенсивті және аралас  
С) Интенсивті және аралас  
D) Еңбектік және капиталдық  
Е) Шикізаттық және ақшалай
- 19. Экономикалық циклдің форрестерлік типінің басты ерекшелігі:**  
А) Өркениеттердің дамуы  
В) Энергия мен материалдар  
С) Тұрғын үй құрылысы  
D) Техникалық проресс  
Е) Тауарлық қорлардың көлемі
- 20. Экономикалық циклдің құлдырау фазасында қандай құбылыс байқалады?**  
А) Жаппай жұмыссыздықтың орын алуы  
В) Жалақының төмендеуі  
С) Бағалардың айтарлықтай өсуі  
D) Инвестициялардың артуы  
Е) Тауарлардың кем өндірілуі
- 21. Мына алғышарттардың қайсысы экономикалық өсудің неоклассикалық моделін құруда қарастырылмайды?**  
А) Бағалардың икемділігі  
В) Жетілген бәсеке  
С) Өндіріс факторларының өзара алмастырылуы  
D) Өндіріс ауқымының тұрақтылығы  
Е) Мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру
- 22. Экономикалық циклдің фазалары – бұлар:**  
А) Өндіріс, еңбек бөлінісі, мамандандыру, сауда



- В) Жиынтық сұраныстың қысқаруы, жиынтық ұсыныстың қысқаруы, бағалардың құлдырауы, өндірістің жандануы  
С) Өндіру, бөлу, айырбас, тұтыну  
D) Өрлеу, құлдырау, тоқырау, жандану  
E) Туу, өсу, кемелдену, шегіне жету
- 23. Экономикалық өсу мынадай түрде бейнеленеді:**  
A) Өндіріс мүмкіндіктері қисығының оңға жылжуымен  
B) Өндіріс мүмкіндіктері қисығындағы нүктенің жылжуымен  
C) Өндіріс мүмкіндіктері қисығының солға жылжуымен  
D) Өндіріс мүмкіндіктері қисығының ішінде орналасқан нүктелердің біреуінен екіншісіне жылжумен  
E) Өндіріс мүмкіндіктері қисығының сыртындағы нүктелердің біреуінен екіншісіне жылжуымен
- 24. Экономикалық циклдің фазаларын алғаш рет кім зерттеп қарастырып еді?**  
A) Н. Кондратьев B) С. Кузнец C) К. Жугляр  
D) К. Маркс E) Дж. Китчин
- 25. Жуглярдың циклдерін қандай себептермен байланыстыруға болады?**  
A) Ақша айналымымен  
B) Жиынтық сұраныстың үнемі жеткіліксіздігімен  
C) Инвестициялық үдерістердің кезенділігімен  
D) Тауардың өмір сүру уақытымен  
E) Инновациялармен
- 26. Экономикалық өсудің интенсивті типі кезінде өндіріс көлемінің ұлғаюы ненің есебінен орын алады?**  
A) Жаңа өндірістік қуаттылықты енгізу арқылы  
B) Еңбек өнімділігінің артуымен  
C) Өндірістің тиімділігін арттырумен  
D) Ғылыми жетістіктерді енгізу жолымен  
E) Осы аталғандардың барлығы дұрыс
- 27. Қазіргі уақытта Қазақстанда адам басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші қанша долларға жетіп отыр?**  
A) 6500-7000 долл. B) 3500-4500 долл. C) 5500 долл.  
D) 1200 долл. E) 1000 долл.
- 28. С. Кузнецтің циклдері – бұл ұзақтылығы қанша жылға созылатын экономикалық толқулар?**  
A) 10 жылға B) 18-25 жылға C) 2-4 жылға  
D) 48-65 жылға E) 200 жылға

- 29. Экономикалық өсудің қандай моделінде ГТТ басты фактор ретінде қарастырылады?**  
А) Солоу үлгісінде В) Кейнстің моделінде С) Харродтың үлгісінде  
D) Домардың үлгісінде Е) Кобб-Дуглас моделінде
- 30. Мыналардың қайсысы экономикалық циклдің фазаларына жатпайды?**  
А) Инфляция В) Құлдырау С) Тоқырау D) Шың Е) Көтерілу
- 31. Қазақстанда алғашқы экономикалық өсім қанша пайыз болды?**  
А) 1998 жылы 2 % болды  
В) 1999 жылы 2,7 % болды  
С) 2000 жылы 10 % болды  
D) 1995 жылы 0,5 % болды  
Е) 1996 жылы 9.6 % болды.
- 32. Мына көрсеткіштердің қайсысы контрциклдік параметрлерге тән болып табылады?**  
А) Корпорациялардың пайдасы  
В) Экспорт  
С) Жұмыссыздық дәрежесі  
D) Өндірістік қуаттардың қолданылуы  
Е) Баға деңгейі
- 33. Экономикалық өсудің экстенсивті жолының көздері қандай?**  
А) Технологиялық өзгерістер  
В) Жұмыскерлердің біліктілік деңгейі  
С) Жұмысшылар санының артуы  
D) Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар  
Е) Еңбек өнімділігінің артуы
- 34. «Ұзын толқындар» теориясы кімнің атымен байланысты:**  
А) К. Маркстің  
В) Дж.М. Кейнстің  
С) Н.Д. Кондратьевтің  
D) Й. Шумпетердің  
Е) С. Кузнецтің
- 35. Кез келген елде экономикалық өсуді өлшеудің басты көрсеткіші:**  
А) Мемлекеттік бюджет  
В) Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс  
С) Жан басына шаққандағы ЖІӨ  
D) Инвестициялар  
Е) Ұлттық байлық

- 36. Экономикалық циклдің өрлеу фазасында қандай параметрлер байқалады?**
- A) Несие пайызының ең төменгі деңгейі
  - B) Бағалардың едәуір өсуі
  - C) Жинақтардың төмендеуі
  - D) Жұмыссыздықтың сәл азаюы
  - E) Тауарлардың артық өндірілуі
- 37. Экономикалық өсудің сұраныс факторлары қалай сипатталады?**
- A) Жиынтық шығындардың деңгейімен
  - B) Ресурстарды тиімді пайдалану арқылы
  - C) Технологиямен
  - D) Еңбек ресурстармен
  - E) Адам капиталын жетілдіру жолымен
- 38. Экономикалық циклдің тофлдерлік типінде басты ерекшелік ретінде не қарастырылады?**
- A) Инфляция мен жұмыссыздық
  - B) Негізгі қорлар
  - C) Өркениеттік даму
  - D) Миграция мәселелері
  - E) Демографиялық факторлар
- 39. Орта мерзімдік экономикалық циклдің толқулары қанша жылға дейін созылуы мүмкін?**
- A) 40 жылға дейін B) 65 жылға дейін C) 12 жылға дейін
  - D) 5 жылға дейін E) 25 жылға дейін
- 40. Айталық, егер нақты жалпы ұлттық өнім көлемі өткен жылы 200 млрд. долларды және осы жылы 250 млрд. долларды құраса, онда жалпы ұлттық өнім көлемінің өсу қарқыны қанша пайызды құрайды?**
- A) 5%.
  - B) 25%.
  - C) 10%.
  - D) 20%.
  - E) 1%.

## ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ИНФЛЯЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

**Мақсаты:** макроэкономикалық тұрақсыздықтың негізгі белгілері ретінде көрінетін жұмыссыздық пен инфляцияның негізгі себептеріне, түрлеріне, көрсеткіштеріне және оларға қарсы реттеу шараларына кеңінен тоқталу.

### Талқылау сұрақтары:

- 13.1. Жұмыссыздық: мәні, пайда болу себептері, түрлері, зардаптары, оған қарсы күрес шаралары. Оукен заңы;
- 13.2. Инфляция: мәні, пайда болу себептері, түрлері, әлеуметтік-экономикалық салдарлары. Филлипс қисық сызығы. Инфляцияға қарсы саясат.

**Негізгі ұғымдар:** жұмыссыздық, толық жұмысбастылық, жұмыссыздық деңгейі, жұмыссыздықтың табиғи деңгейі, еркін жұмыссыздық, құрылымдық жұмыссыздық, кезеңдік жұмыссыздық, Оукен заңы, жұмыссыздықтың зардаптары, инфляция, дефляция, дезинфляция, инфляция қарқыны, баяу инфляция, үдемелі инфляция, гиперинфляция, импортталған инфляция, ашық инфляция, жабық инфляция, Филлипс қисық сызығы, инфляцияға қарсы саясат, т.б.

### 13.1. Жұмыссыздық: мәні, пайда болу себептері, түрлері, зардаптары, оған қарсы күрес шаралары. Оукен заңы

Статистикалық органдар әдетте, жұмысбастылыққа қатысы бар адамдарды бірнеше категорияға бөліп көрсетеді. Ол харекетшіл халықты немесе 16 жасқа (АҚШ, Франция, Швеция, Ұлыбритания, Ресей) немесе кейбір елдерде 15 жасқа (Австралия, Канада, Германия, Жапония, Голландия, Италия, Қазақстан) толған және ол жастан асқан азаматтарды қамтиды. Жұмыс күші жұмыспен қамтылған азаматтардан және жұмыссыздардан құралады. **Жұмыссыздар** – бұл табыс табуға құқық беретін жұмыс орнын иеленуге мұқтаж, еңбек етуге қабілеті мен ынтасы бар азаматтар.

Жұмыссыздардың құрамына жасы мен денсаулығы бойынша жұмысқа жарамсыз адамдар, жұмысқа жарамды, бірақ белгілі бір

себептерге байланысты жұмыс орнына үмітті емес адамдар (үй шаруасындағы әйелдер), жұмысқа жарамды және жұмыс іздеп жүрген, бірақ еңбек биржасында тіркелмеген адамдар кірмейді.

Жұмыссыздар екіге бөлінеді: толық және толық емес. Соңғысына толық емес жұмыс күніне немесе қандай да бір экономикалық себептерге байланысты толық емес жұмыс аптасына қамтылған азаматтар кіреді. Бұл жерде әртүрлі себептерге байланысты толық емес жұмыс күнін ерікті түрде қалайтын жұмыскерлер (мәселен, көп балалы аналар, бос уақыттың көп болуын тілейтін адамдар) жұмыспен қамтылғандардың қатарына жатады.

Статистикалық органдар екі маңызды көрсеткішті есептейді: жұмыс күшінің харекетшіл халықтағы үлесі және жұмыссыздық деңгейі.

$$\text{Харекетшіл халықтың жұмыс күшіне қатысу деңгейі} = \frac{\text{Жұмыс күші}}{\text{Харекетшіл халық}} \times 100\%.$$

Тәжірибе жүзінде, харекетшіл халықтың жұмыс күшіне қатысу деңгейі 57-66% аралығында болады.

Жұмыссыздық деңгейі екі әдіспен анықталады:

- 1)  $\text{Жұмыссыздық деңгейі} = \frac{\text{Жұмыссыздар саны}}{\text{Жұмыс күші (жұмыспен қамтылғандар + жұмыссыздар)}} \times 100\%.$
- 2)  $\text{Жұмыссыздық деңгейі} = \frac{\text{Жұмыссыздар саны}}{\text{Харекетшіл халық (жұмыс күші + өздігінен қамтылғандар)}} \times 100\%.$

Негізінен, дамыған елдерде жұмыссыздық деңгейі 5% бен 12% аралығын қамтиды. Ал отандық статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі жылдан жылға төмендеп келеді. Оны төмендегі кестеден байқауға болады.

**13.1-кесте.** 2001-2013 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі пайызбен

2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
10,4	9,3	8,8	8,4	8,1	7,8	7,3	6,6	6,6	5,8	5,4	5,3	5,2

Дерек көзі: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

Сонымен, Халықаралық еңбек ұйымының стандарттары мен өлшемдеріне сәйкес **жұмыссыздарға** халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы (15 және одан жоғары жастағылар), қаралған кезеңде:

- жұмыссыз болған (табысты жұмысы болмаған);
- оны іздеумен белсенді айналысқан;
- уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге дайын болған деген үш негізгі критерийлерге бір мезгілде жауап берген адамдар кіреді.

**Жұмыссыздықтың себептері.** Ұзақ уақыт бойы батыстың экономикасы жұмыссыздықты еркін құбылыс деп танып келді. Жұмыссыздықтың себебі жұмыскерлердің тым аз жалақыға жұмыс істегісі келмейтіндігінен туындайды. Олардың осындай жалақыға келіспейтіндігінен жұмыссыздық пайда болады деп түсіндірді.

Марксизм теориясы мәжбүрлі жұмыссыздық мәселесін алға тартады. Жұмыссыздықты капиталдың жинақталуының нәтижесі деп білді. Жұмыс күшіне деген сұраныс капиталдың барлығымен емес, тек еңбек ресурстарын сатып алуға жұмсалған капиталдың мөлшерімен ғана анықталады. Капиталдың жинақтала беруіне байланысты капитал-еңбек қатынасы артады. Физикалық капиталдың (құрал-жабдықтар, материалдар, шикізаттар) жалпы капиталдың құрамындағы өседі, ал адам капиталының үлесі азая береді. К. Маркстің пікірінше, еңбек өнімділігінің артуы жұмысшыларды ығыстырады. Бұдан басқа, өндірістің дамуының циклдік сипаты жұмысшылардың бірқатар тобын жұмыстан мәжбүрлі түрде босатып отырады, дағдарыс пен тоқырау фазаларында жұмыссыздық өседі, ал жандану мен өрлеу фазаларында ол азаяды.

Батыстың экономикалық әдебиеттерінде жұмыссыздық мәселесінің мәжбүрлі сипатқа ие болатындығын алғаш мойындаған Дж. Кейнс деп айтылады. Бірақ ол жұмыссыздықтың бірқатар бөлігінің ерікті түрге ие болатындығын да жоққа шығармаған. Кейнстік теория жұмыссыздықтың пайда болу себебін тұрғындардың тауарларға деген сұранысының жеткіліксіздігінен, олардың төлем қабілеттігінің төмен болуынан және жалақы мөлшерлемесінің тым жоғары болуынан деп түсіндіреді. Жиынтық сұраныстың жеткіліксіздігінен адамдардың жинақтауға деген бейімділігі мен инвестициялық белсенділіктері әлсіз болады.

Неоклассикалық теорияның көрнекті өкілі А. Пигу 1923 жылы жариялаған «Жұмыссыздық теориясы» еңбегінде осы мәселенің қыр-сырын басқаша түсіндіре алды, яғни неоклассиктердің ойынша, жұмыссыздықтың басты себебі болып жалдамалы жұмыскерлердің өз жұмыс орындарын ерікті түрде таңдауы табылады. Жұмысшылар аса жоғары жалақыға ғана жұмыс істеуге дайын, сондықтан жұмыс күшіне деген сұраныс төмендейді.

Монетаризм теориясы болса жұмыссыздықтың пайда болу себебін мемлекеттің ақша-несие саясатын дұрыс жүргізуінен деп дәлелдеуге тырысады. Елдегі ақша массасын және оның айналымын дұрыс реттей отырып, өндіріс үдерісін тиімді ұйымдастыруға болады.

Ағылшын экономисі Томас Мальтустың (1766-1834) атымен байланысты мальтузиандық теория жұмыссыздық мәселесінің туындауын елдегі халық санының өсуімен байланыстырады. Халық саны әр 25 жылда екі еселеніп отырады, ал оларға қажетті тұтыну заттары олай өсе алмайды, сол себепті тұрғындардың бір бөлігіне өмір сүру құралдары жетіспей олар кедейленеді және жұмыссыздыққа ұшырайды. Сондай-ақ, халық санының өсуімен қатар, елге сырттан имигранттардың келуі де бұл мәселені ушықтырып жіберуі мүмкін деп айтады.

**Жұмыссыздықтың түрлері.** Экономикалық теорияда жұмыссыздықтың кең тараған бірнеше түрлері орын алады.

**1. Еркін жұмыссыздық** (фрикциондық) – бұл адамның бір жұмыс орны-нан кетіп, басқа бір жұмыс орнына орналасуына дейінгі уақыт аралығын қамтитын уақытша қысқа мерзімді жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі еңбек нарығының жетілмегендігімен, жұмыс орындары туралы ақпараттың болмауымен және басқа да техникалық себептерге байланысты түсіндіріледі.

**2. Құрылымдық жұмыссыздық** – бұл сұраныстың құрылымында және өндірістің технологиясында болған өзгерістерден туындайтын ұзақ мерзімді мәжбүрлі жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі қандай да бір материалдық ресурстың жетіспеуінен, адамның жас-жыныстық, ұлттық, біліктіліктік және басқа да жеке ерекшеліктеріне байланысты орын алады. Мұндай жағдайда еңбек бөлінісінің жылдам өзгеруіне байланысты ұсыныстың құрылымы еңбекке деген сұраныстың құрылымына сәйкес келмей қалуы мүмкін. Экономика дамыған сайын кейбір мамандықтарға сұраныс азаяды, ол ескіреді, ал оның орнына қоғам талабына сай жаңа маман иелеріне сұраныс арта түседі.

**3. Кезеңдік жұмыссыздық** (циклдік) – бұл өндірістің кезеңдік құлдырауынан туындайтын жаппай жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі ЖІӨ-нің үнемі ауытқып отыруымен байланысты. Дағдарыс кезеңдерінде жұмысбастылық деңгейі төмендейді, барлық маман иелері жұмыстан мәжбүрлі түрде қысқартылады, ал өрлеу кезеңдерінде жұмысбастылық деңгейі ұлғаяды.

**4. Технологиялық жұмыссыздық** – бұл адамдардың еңбек күшін машинамен алмастыру нәтижесінде пайда болатын жұмыссыздық.

**5. Жасырын жұмыссыздық** – бұл өндірісте артық жұмыскерлердің орын алуымен сипатталатын жұмыссыздықтың бір түрі. Көбінесе, бұл ауыл шаруашылығына, өнеркәсіп салаларына және мемлекеттік қызметке тән құбылыс болып табылады.

**6. Маусымдық жұмыссыздық** – бұл жыл мерзімдеріне байланысты экономиканың кейбір салаларында өндіріс көлемінің өзгеруінен болатын жұмыссыздықтың түрі. Мәселен, құрылыс саласының кейбір түрлері жұмысбастылықты жылдың белгілі бір мерзімдерінде ғана қамтамасыз ете алады.

**Толық жұмысбастылық.** Еңбек нарығында босаңқы жұмыс күшінің болуы сол жұмыс күшіне қосымша сұраныс білдіре отырып өндірісті кеңейтудің және дамытудың қажетті жағдайы болып табылады. Экономика ресурстарды, соның ішінде ең алдымен, еңбекті 100%-дық деңгейде қолданып әрекет ете алмайды. Экономика еңбектің, капиталдың және жердің қажетті резервіне ие болуы тиіс. Ресурстардың осындай қорына ие болып қана қоғам туындайтын мәселелерді шеше алады және өзгеретін жағдайларға тез бейімделе алады.

**Табиғи жұмыссыздық** деген де ұғым бар және ол толығымен ерікті болып табылады. Нақтырақ айтсақ, табиғи жұмыссыздық деңгейі фриktionдық және құрылымдық жұмыссыздыққа сәйкес келеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, фриktionдық жұмыссыздық еркін түрде болады, ал құрылымдықты олай деуге болмайды. Қандай да бір саланың құлдырауы, мамандық пен біліктіліктің жоғалуы жұмысшыны жұмысынан айыруға алып келеді. Жаңа жұмыс орнына кіру үшін ол қайта оқытудан өтуі қажет. Бұл жерде денсаулығы және жасы бойынша шектеулер болуы мүмкін. Егер біліктілігі бар жұмысшы тым аз жалақыға және біліктілікті қажет етпейтін жұмыс орнынан бас тартса (мысалы, ыдыс-аяқ жуушы), онда оны ерікті жұмыссыздар қатарына жатқызуға болады.

Толық жұмысбастылық деңгейінен асып кететін жұмыссыздық қоғам үшін едәуір экономикалық және әлеуметтік зиян туындатады. Жұмыс күшінің белгілі бір бөлігін қолданбау ЖІӨ-нің кем өндірілуіне алып келіп, нәтижесінде нақты өндірілген ЖІӨ мен әлеуетті ЖІӨ арасында алшақтық пайда болады. Жұмыссыздық деңгейі неғұрлым жоғары болса, нақты өндірілген ЖІӨ мен әлеуетті ЖІӨ арасындағы алшақтық соғырлым үлкен болады.

Американдық экономист Артур Оукен жұмыссыздық деңгейі мен ЖІӨ-ді жоғалту арасындағы қатынасты есептеп шығарды. Бұл қаты-



нас Оукен заңы деген атқа ие болды. **Оукен заңы** – жұмыссыздықтың нақты деңгейі өзінің табиғи деңгейінен 1% асқанда ЖІӨ-нің нақты өндірілген көлемі 2,5%-ға жоғалады дейтін тұжырымдама. Ал 2,5% **Оукен коэффициенті** деп аталады.

Оукен заңы мынадай формуламен жазылады:

$$Y^* - Y / Y^* = \gamma (u - u^*),$$

мұндағы,  $Y^*$  – толық жұмысбастылық жағдайындағы өндірістің әлеуетті көлемі;  $Y$  – ұлттық өндірістің нақты көлемі;  $u$  – жұмыссыздықтың нақты деңгейі;  $u^*$  – жұмыссыздықтың табиғи деңгейі;  $\gamma$  – Оукен коэффициенті. Осының нәтижесінде өндіріс көлемінің жұмыссыздықтың нақты деңгейіне тәуелді екендігін байқауға болады.

Жұмыссыздықтың қоғамға тигізетін экономикалық зардаптарынан басқа, оның әлеуметтік зияндары да бар. Олар жұмысшының өзіне жағымсыз түрде әсер етеді. Жұмыссыздықтың салдарынан адамдардың біліктілігі жоғалады, жұмысқа жарамдылығы төмендейді, өзін-өзі сыйлаудан қалады, адамгершілігі жоғалып, моральдік жағынан күйзеліске ұшырайды, өзінің атақ-даңқы мен абыройынан айырылады, отбасылық ажырасуларға алып келеді, табысы жоғалғандықтан ұрлау, тонау, қарақшылық жасау, өз-өзіне қол жұмсау сияқты қылмыстық әрекеттер де орын алады.

Сондықтан жұмысбастылықты және жұмыссыздық мәселесін мемлекеттік реттеу өте маңызды болып табылады. Жұмысбастылық пен жұмыссыздықты реттеу шаралары мыналарды қамтиды: жұмыссыздық бойынша сақтандыру, кадрларды даярлау және қайта даярлау, өнеркәсіпті субсидиялау, қоғамдық қажетті жұмыстарды ұйымдастыру (мысалы, инфрақұрылым салаларын жетілдіру, жол құрылысы, т.б.), еңбек қызметінің ұзақтылығын, жұмыс аптасын және жұмыс күнін реттеу.

Сонымен қатар жұмысбастылық мәселесі мемлекетпен ғана емес, нарықпен де реттелуі мүмкін.

### **13.2. Инфляция: мәні, пайда болу себептері, түрлері, әлеуметтік-экономикалық салдарлары. Филлип қисық сызығы. Инфляцияға қарсы саясат**

Экономикалық құбылыс инфляцияның пайда болуын негізінен, қағаз ақшалардың шығуымен және оның қызметімен байланыстырады. «Инфляция» термині латын тілінің «inflatio» сөзінен

аударғанда «кампаю», «ісіну» деген мағынаны береді. Алғаш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылдары азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымдағы қағаз ақшалардың тым көбейіп кетуі үдерісін білдірген. Осы түсінік XIX ғасырда Англия мен Францияда қолданыла бастады. Экономикалық әдебиеттерде инфляция түсінігі XX ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жиі қолданылып, кеңес өкіметінің экономикалық әдебиеттерінде 20-шы жылдардың орта кезінде көрінді.

**Инфляция** – бұл бағалардың жалпы деңгейінің өсуі нәтижесінде ақшаның сатып алушылық қабілетінің төмендеуі және оның құнсыздануын білдіретін көпфакторлы экономикалық құбылыс. Инфляцияға қарама-қарсы құбылысты, яғни бағалардың жалпы деңгейі мен шығындардың төмендеуін **дефляция** деп атайды, ал бағалардың өсу қарқынының бәсеңдеу құбылысы **дезинфляция** деп аталады.

Бағалардың өсуі екі себептен туындайды – сұраныстың ұсыныстан артып кетуінен (сұраныс инфляциясы) және өндіріс шығындарының өсуінен (ұсыныс инфляциясы).

**Сұраныс инфляциясы** – бұл толық жұмысбастылық жағдайында ресурстарды тиімді деңгейінен жоғары қолданғанда сұраныстың ұсыныстан артып кетуі салдарынан болатын бағалардың өсуі. Сұраныс инфляциясын осылай түсіндіру монетаристік нұсқаға сәйкес келеді. Монетаристер баға айналыстағы ақша санымен анықталады деп санайды.

Сұраныс инфляциясы мемлекеттің бюджет тапшылығымен де байланыс-ты. Бюджет тапшылығын қаржыландырудың барлық әдістері инфляцияға жол ашуы мүмкін.

Егер баға айналыстағы ақшаның санына тәуелді болса, онда сұраныс инфляциясымен күрес ақша санын шектеуді, төлем қабілеттілігі бар сұранысты азайтуды талап етеді. Мұндай жағдайларда арзан ақшалар саясаты жүргізіледі – пайыз мөлшерлемесі көтеріледі, несиелік белсенділік шектеледі, мемлекеттік шығындар қысқарады.

**Ұсыныс инфляциясы** – жалақы мөлшерлемесінің өсуі еңбек өнімділігінің өсуінен артып кеткенде, ресурстарға баға өскенде орын алатын өндіріс шығындарының инфляциясы.

Сұраныс инфляциясы мен ұсыныс инфляциясынан басқа инфляцияның әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты көптеген түрлері орын алады:

1) Инфляцияға қарсы саясаттың құралдарына байланысты инфляция екіге бөлінеді:

- **ашық инфляция** – нарықтық қатынастар жағдайында бағалардың айқын түрде еркін құбылуы немесе өсуі;

- **жабық инфляция** – бағалар мен жалақының деңгейі мемлекеттің қатаң бақылауында болатын және негізгі нысаны тауар тапшылығы арқылы көрінетін инфляцияның бір түрі.

2) Зерттеу нысанына байланысты инфляцияның үш түрі бар:

- **ұлттық инфляция;**

- **аймақтық инфляция;**

- **әлемдік инфляция.**

3) Экономиканың ішкі және сыртқы факторларына байланысты:

- **импортталған инфляция;**

- **экспортталған инфляция.**

4) Бағалардың өсу қарқынына байланысты инфляция үш түрге бөлінеді:

- **баяу инфляция** – бағалардың өсу қарқынының жылына 10%-ға дейін болуы;

- **өршімелі инфляция** – бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-ға дейін болуы;

- **гиперинфляция** – бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-дан асуы.

Мәселен, өткен ғасырда, бағалардың өсу қарқынының өте жоғары деңгейлерін, әсіресе, гиперинфляцияны бастан кешірген мемлекеттер көп, соның ішінде, Қазақстан да 90-жылдардың басында өтпелі экономика жағдайында нарықтық қатынастарға көшу барысында инфляцияның аса жоғары қарқынына тап болды. 1992-1994 жылдар аралығында елімізде гиперинфляция құбылысы байқалды (13.2-кесте).

**13.4-кесте.** Қазақстандағы инфляция қарқыны кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі

1991 ж. – 147,1	1995 ж. – 60,3	1999 ж. – 17,8	2003 ж. – 6,8	2007 ж. – 18,8	2011 ж. – 7,4
1992 ж. – 2960,8	1996 ж. – 28,7	2000 ж. – 9,8	2004 ж. – 6,7	2008 ж. – 9,5	2012 ж. – 6,0
1993 ж. – 2165,0	1997 ж. – 11,2	2001 ж. – 6,4	2005 ж. – 7,5	2009 ж. – 6,2	2013 ж. – 4,8
1994 ж. – 1158,3	1998 ж. – 1,9	2002 ж. – 6,6	2006 ж. – 8,4	2010 ж. – 7,8	

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі, [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

5) Экономиканың бағалардың өсу қарқынына ұтымды бейімделуіне байланысты инфляция екіге бөлінеді:

- теңестірілген инфляция;
- теңестірілмеген инфляция.

6) Мемлекеттің инфляцияға әсер етуіне байланысты:

- бақылаудан инфляция;
- бақылауға көнбейтін инфляция.

7) ЖІӨ көрсеткішінің өзгеруіне байланысты:

- ақиқат инфляция;
- жалған инфляция.

8) Бағалардың болашақтағы өсу қарқынын болжауға байланысты:

- болжауға келетін инфляция;
- болжауға келмейтін инфляция болып бөлінеді.

XX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін инфляция әлемнің көптеген елдерінде үлкен экономикалық дерт ретінде қаралды. 90-жылдары инфляция қарқыны төмендей бастады. Ал XXI ғасырдың басында инфляцияға деген көзқарастар өзгере бастады. Дәстүрлі түрде инфляция тұтынушылық бағалардың өсуі ретінде сипатталады.

**Инфляцияның зардаптары.** Инфляция экономикаға қарама-қарсы түрде әсер етеді. Бағалардың қарқынды түрде өсуі инфляцияның барлық жағынан ұдайы өндірілуіне алып келеді. Бағалардың өсуінен жалақы өседі. Жалақының өсуі өз кезегінде бағалардың әріқарай өсуіне себепші болып табылады.

Инфляция амортизациялық қорды құнсыздандырады және өндірістің жұмыс істеуіне қауіп төндіреді. Несиелер құнсызданады.

Қалыпты экономикалық қатынастар бұзылады. Ақшаның қызметтері істен шығып олардың сатып алушылық қабілеті төмендейді. Қандай бағаларға және пайыздың қандай мөлшерлемесіне бейімделу керек екені түсініксіз болады. Ұзақ мерзімді инвестициялар тиімсіз болып табылады.

Әсіресе, гиперинфляция құбылысы өте қауіпті, мұндай жағдайда ақшадан қашу деген орын алады. Бартерлік келісімдер (тауарды тауарға айырбастау) орын алады, бірақ олар кейбір өндірілген өнімдерді тұтыну заттарына айырбастауға болмайтын кәсіпорындарды, аймақтарды және қалаларды күйзеліске ұшыратады.


Инфляция ұлттық табыстың қайта бөлінуіне алып келеді. Инфляциядан табысы тұрақты болып табылатын адамдар (зейнеткерлер, қызметкерлер) көп зардап шегеді. Инфляция кредиторлар үшін де қолайсыз болып табылады.

Инфляцияның дамуында инфляциялық күтімдер деген құбылыстар өте үлкен рөл атқарады. Инфляция тек экономикалық себептерден ғана емес, психологиялық себептерге де байланысты өрши түседі. Бағалардың өсуін күту тұтынушыларды ақшалардың құнсыздануынан сақтану үшін тауарларды молынан сатып алуға мәжбүрлейді. Мұндай жағдайда тұтынушылардың мінез-құлқы дүрлікпе сұраныстың пайда болуына алып келеді. Инфляциялық күтімдерді басу инфляциямен күресудің дұрыс бағытын таңдауға көмектеседі. Инфляциялық күтімдерді алдын алу мемлекеттің инфляцияға қарсы саясатты дұрыс жүргізе алуына байланысты болып табылады.

### **Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы.**

Филлипс қисығы. Кейнстің пікірінше, экономикада рецессиялық алшақтық (жұмыссыздық пен құлдырау инфляцияны шектейді) немесе инфляциялық алшақтық (толық жұмысбастылық кезінде жалақының өсуінен инфляция орын алады) болуы мүмкін. Басқаша сөзбен айтқанда, жұмыссыздық пен инфляция үдерістері қарама-қарсы бағытта дамиды: не инфляция болады, не жұмыссыздық болады.

Ағылшын экономисі Албан Филлипс (1914-1975) Кейнстің осындай қорытындысы негізінде жұмыссыздық пен инфляция арасындағы сандық байланыстың графикалық көрінісін ұсынды (13.1-сурет). Оны **Филлипстің қисық сызығы** деп атайды.



13.1-сурет. Филлипс қисық сызығы

Суреттен көріп отырғанымыздай, инфляцияның аса жоғары қарқыны кезінде (9%) жұмыссыздық деңгейі төмен болады (2%) – бұл N нүктесі. Ал инфляцияның төменгі деңгейінде жұмыссыздық өседі – M нүктесі.

Сонымен, **Филлипс қисық сызығы** – бұл жұмыссыздық деңгейі мен инфляция қарқыны арасындағы кері байланысты көрсететін графикалық кескін.

Филлипе қисығы жұмыссыздық деңгейінің шығындардың бір элементі болып табылатын жалақының көтерілу мүмкіндігін шектейтіндігін көрсетеді. Жалақының өсуінің шектелуі бағалар деңгейіне әсер етеді.

Филлипе қисығы инфляцияның қарапайым бір факторлы үлгісін көрсетеді. Инфляция жұмыссыздықтың функциясы болып табылады:

$$\pi = f(u), \text{ мұнда, } \pi - \text{инфляция; } u - \text{жұмыссыздық.}$$

Алайда, бағалардың қозғалысына тек жалақы ғана әсер етпейді. Инфляция теориясы жалғыз ғана себеппен шектелмейді. Жалақы оның тек бір бөлігі ғана, және шығындардың аз көлемін қамтиды. Инфляцияның басқа да себептерін ескермеу Филлипе теориясына стагфляция деген құбылысты түсіндіруге мүмкіндік бермеді. Егер Кейнс бойынша инфляция мен жұмыссыздықтың арасында таңдау болса, онда 70-жылдары екі құбылыс та қатарынан орын алды, яғни жұмыссыздықпен бірге инфляция да өрши түсті. Сол кездері жұмыссыздықтың жоғары деңгейі бағалардың маңызды түрде өсуімен ұласты. Ал 1983-1991 жылдары инфляция да, жұмыссыздық та төмендеді.

**Стагфляция** – бұл өндірістің құлдырауы (стагнация) жағдайында жұмыссыздық пен инфляцияның қатар орын алуы. 1973-1975 жылдары орын алған дағдарыс Халықаралық мұнай өндірушілер мен экспорттаушылар ұйымының (ОПЭК) мұнайға деген бағаның бірнеше рет өсуінен тауар бағаларының өсуімен сипатталды. Сол жылдары бірқатар елдерде астық шықпай қалып ауылшаруашылық өнімдеріне деген бағалар күрт өсті. 70-жылдары болған стагфляциялық құбылыстар инфляцияның бір факторлы үлгісінің инфляцияның барлық себептерінің өзара байланысын есепке алмайтындығын көрсетіп берді.

Стагфляция жағдайында мемлекет өндірістің құлдырауы мен инфляцияны жоюдың аса күрделі мәселелерін бір уақытта шешеді. Инфляцияны басу үшін мемлекеттік бюджет тапшылығын төмендету қажет, несиелік белсенділікті шектеп халықтың табыстарын қысқарту керек. Бірақ мұндай саясат өндірістің әріқарай терең құлдырай беру қаупін туғызады, әсіресе, бұл экономикада шығындар инфляциясы дамығанда өте ауыр болады. Алдағы уақытта өндіріс шығындарын өтей алмайтын кәсіпорындар мұндай саясатқа жауап ретінде өз істерін тоқтатады. Олардың жабдықтаушылар мен жеткізушілерге қарыздары өседі.

Өндірістің құлдырауымен күресу кезінде үкімет пен орталық банк

кәсіпорындарды несиелеу арналарын кеңейтіп, бюджет тапшылығын ұлғайтуы мүмкін. Бірақ бұл инфляцияның серуендеуіне алып келеді.

Мәселенің ұшығуы оның шешілмейтіндігін білдірмейді. Мемлекеттің экономикалық саясаты өндірістің құлдырауы мен инфляция, инфляция мен жұмыссыздық арасында белгілі бір уақытта амалдай тұруды мәжбүр етеді. Осындай экономикалық жағдайлардың қарама-қайшылығы мен күрделілігін мойындау инфляцияның ушығып кетуіне жағдай жасайтын бір жақты әрекеттерді болдырмауы қажет. Құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыру халықты әлеуметтік қорғау бойынша мемлекеттік іс-шаралармен ұштастырылуы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 405 б.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ә. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ә. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.

11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасьян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасьян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Экономикалық белсенді халық және белсенді емес халық категорияларын қалай түсінуге болады?
2. Жұмыссыздықтың анықтамасы қандай?
3. Жұмыссыздықтың себептері қандай?
4. Жұмыссыздықтың түрлері қандай?
5. Жұмыссыздықтың деңгейін қалай анықтаймыз?
6. Оукен заңы нені түсіндіреді?
7. Жұмыссыздықтың қоғамға тигізетін зардаптары қандай?
8. Жұмыссыздықпен күрес шаралары қандай?
9. Инфляцияның пайда болуының себептері қандай?
10. Инфляцияның қарқынын қалай анықтаймыз?



11. Инфляцияның түрлері қандай?
12. Инфляцияның қоғамға тигізетін зардаптары қандай?
13. Инфляция мен жұмыссыздықтың арасында қандай байланыс бар?
14. Инфляцияға қарсы саясат шаралары қандай?

### **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** макроэкономикалық тұрақсыздықтың негізгі белгілеріне, соның ішінде, жұмыссыздық пен инфляция мәселесіне, олардың отандық экономикада реттелу жолдарына тоқталу. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 13.1. Жұмыссыздық: мәні, пайда болу себептері, түрлері, зардаптары, оған қарсы күрес шаралары. Оукен заңы;
- 13.2. Инфляция: мәні, пайда болу себептері, түрлері, әлеуметтік-экономикалық салдарлары;
- 13.3. Жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланыс. Филлипс қисық сызығы;
- 13.4. Инфляцияға қарсы саясат.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

- 1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**
- 2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**
- 3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстандағы жұмыспен қамту саясаты;  
Қазақстандағы инфляцияға қарсы саясат;  
Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі көрсеткіштері;  
Гиперинфляция теориясы және оның әлемдік реттелу мәселелері;  
Филлипс теориясы және инфляциялық күтімдер.
- 4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Жұмыссыздық туралы негізгі теориялар.
- 2) Қазақстандағы 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі жұмыссыздық деңгейі және оның ерекшеліктері.
- 3) Қазақстандағы 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі инфляция қарқыны және оның ерекшеліктері.
- 4) Кедейшілік мәселесі және оның көрсеткіштері.

### 5. Есептер:

1. Экономикада келесідей мәліметтер берілген:

Жұмыспен қамтылғандар саны 85 млн. адам.

Жұмыссыздар саны 15 млн. адам.

а) жұмыссыздық деңгейін анықтаңыз.

ә) бір ай өткен соң жұмыспен қамтылған 85 млн. адамның ішінен 0,5 млн. адам жұмыстан шықты; ал ресми жұмыссыздар ретінде тіркелгендердің ішінен 1 млн. адам жұмыс іздеуді тоқтатты. Енді осыларға қарап, 1) жұмыспен қамтылғандар санын; 2) жұмыссыздар санын; 3) жұмыссыздық деңгейін анықтаңыз.

2. Атаулы ЖІӨ = 750 млрд. доллар, жұмыссыздықтың табиғи деңгейі = 5%, жұмыссыздықтың нақты деңгейі = 9%. Елде ақшалай нысанда өнімнің қандай көлемі өндірілмей қалды? (Оукен коэффициенті = 2,5).

3. Мәжбүрлі жұмыссыздық мөлшерін анықтаңыздар, елдің халық саны 30 млн. адам, олардың 10 млн-ы – жұмысқа қабілетсіздер мен балалар. Жұмыссыздық деңгейі 7 %, ал табиғи жұмыссыздық – 5 %.

4. Төмендегі кестеде жылдар бойынша бағалар индексі берілген:

Жылдар	Бағалар индексі	Инфляция қарқыны (пайызбен)
1	100,00	
2	112,00	
3	123,00	
4	129,00	

а) Әрбір жылға инфляция қарқынын есептеңіз.

ә) «70 шамасы ережесін» қолдана отырып, бағалар деңгейінің екі еселенуі үшін қажетті жылдар санын анықтаңыз (ол үшін әрбір жылдағы инфляция қарқынын қолданыңыз).

б) Егер екінші жылы бірінші жылмен салыстырғанда атаулы табыс 15%-ға және үшінші жылы екінші жылмен салыстырғанда 7%-ға

өссе, онда нақты табыс осы жылдарда қанша пайызға өзгеретіндігін анықтаңыз.

в) Егер атаулы табыс екінші және үшінші жылдарда 25 мың долларға тең болса, онда осы жылдарда нақты табыстың абсолюттік шамасы қаншаға өзгеретіндігін анықтаңыз.

г) Егер несие бойынша атаулы пайыз мөлшерлемесі екінші жылы 14%-ға және үшінші жылы 18%-ға тең болса, онда сәйкес жылдарға пайыз мөлшерлемесінің нақты деңгейлерін анықтаңыз.

## **6. Тест тапсырмалары:**

### **1. Қайта жұмыс табамын деп үміттеніп жүрген адам:**

- A) Жұмыссыздар қатарына жатады
- B) Жұмыспен қамтылғандар қатарына жатады
- C) Жұмыс күші құрамында ескерілмейді
- D) Толық жұмыспен қамтылмағандар қатарына жатады
- E) Жұмыстан күдерін үзгендер қатарына жатады

### **2. Баға деңгейі мен табысқа қатаң бақылау жасау – бұл:**

- A) Ашық инфляция B) Жасырын инфляция C) Сұраныс инфляциясы
- D) Шығындар инфляциясы E) Күтілетін инфляция

### **3. Жұмысбасты адам категориясына кім кірмейді:**

- A) Толық емес жұмыс аптасында қызмет еткен бухгалтер
- B) Ауру адамды қамқорлауға көмектесетін қызметкер
- C) Газет-журнал сатып, ақша табатын жасөспірім
- D) Университеттің кешкі бөлімінде оқитын студент
- E) Тұмаумен ауырып қалған сатушы

### **4. Бағалардың өсу қарқынының бәсеңдеуін не деп атаймыз:**

- A) Инфляция B) Дефляция C) Дезинфляция
- D) Стагфляция E) Стагнация

### **5. Ұшқыр инфляция дегеніміз – бұл:**

- A) Өндіріс шығындарының өсуінен пайда болатын инфляция
- B) «Ақшадан қашуды» туғызатын, өте жылдам қарқынды инфляция
- C) Табысты алушымен болжанатын инфляция
- D) Белгілі бір тауарларға бағаның жасанды өсуімен сипатталатын инфляция
- E) ЖҰӨ-нің өзгермейтін көлемі кезіндегі артық сұраныстан пайда болатын инфляция

6. Елдегі жұмыссыздар саны 6 млн. адам, ал жалпы жұмыс күшінің саны 120 млн. адам, онда жұмыссыздық деңгейі қаншаға тең?  
 А) 5 % В) 20 % С) 0,05 % D) 25 % E) 2 %
7. Үлкен жұмыссыздықпен және инфляцияның өте жоғары деңгейімен бірге жүретін өндіріс тоқырауы, депрессия – бұл:  
 А) Күтілетін инфляция В) Дефляция С) Стагнация  
 D) Стагфляция E) Жасырын инфляция
8. Жұмыссыздық деңгейі келесідей анықталады:  
 А) Жұмыссыздар саны/Жұмысбастылар $\times$ 100%  
 В) Жұмыссыздар саны/жұмыс құрамына кірмейтіндер $\times$ 100%  
 С) Жұмысбастылар/Жұмыссыздар саны $\times$ 100%  
 D) Жұмыс күші/Жұмыссыздар саны  $\times$ 100%  
 E) Жұмыссыздар саны/Жұмыс күші  $\times$ 100%
9. Экономиканың құлдырауы себебімен жұмысынан айырылған адам келесі жұмыссыздық түрін көбейтеді:  
 А) Фрикциондық В) Құрылымдық С) Циклдік  
 D) Табиғи E) Маусымдық
10. Жұмыс күші құрамына кіретін, өз еркімен жұмыстан шыққан, бірақ әлі жұмыс таппаған жұмысшы – бұл:  
 А) құрылымдық жұмыссыздықтың құрамына кіреді  
 В) уақытша жұмыссыздықтың құрамына кіреді  
 С) фрикциондық жұмыссыздықтың құрамына кіреді  
 D) жасырын жұмыссыздықтың құрамына кіреді  
 E) циклдік жұмыссыздықтың қатарына кіреді
11. Мына құбылыстардың қайсысы инфляцияның пайда болуына себеп болмайды?  
 А) Ақша эмиссиясын мемлекеттің монополизациялауы  
 В) Кәсіподақтардың жалақы көлемін белгілеудегі монополиялық үстемдігі  
 С) Ірі фирмалардың өндіріс шығындарына монополиясы  
 D) Бағаны әкімшіліктік бақылау  
 E) Жинақтау көлемінің өсуі
12. Қай құбылыс экономикаға сұраныс инфляциясын әкелмейді:  
 А) әскери шығынның артуы  
 В) инвестициялық шығынның артуы  
 С) еңбек өнімділігінің азаюы  
 D) салықтың азаюы  
 E) пайыз мөлшерлеменің қысқаруы

**13. Оукен заңы бойынша:**

- A) Нақты ЖҰӨ деңгейі мен жұмыссыздық арасында кері тәуелділік болады.
- B) Номиналды ЖҰӨ деңгейі мен жұмыссыздық арасында тура тәуелділік бар
- C) Нақты ЖҰӨ деңгейі мен жұмыссыздық арасында тура тәуелділік бар
- D) Номиналды ЖҰӨ деңгейі мен жұмыссыздық арасында кері тәуелділік бар
- E) Нақты ЖҰӨ деңгейі мен инфляция арасында тура тәуелділік бар

**14. Дезинфляция дегеніміз – бұл:**

- A) Бағалардың өсу қарқынының бәсеңдеуі
- B) Ұлттық валюта бағамының ресми түрде төмендеуі
- C) Айналысқа қажетті ақшалардың, тауарлар мен қызметтердің жетіспеушілігі
- D) Бағалардың жалпы деңгейінің төмендеуі немесе ақшалардың сатып алу қабілетінің жоғарылауы
- E) Ұлттық валюта бағамының ресми түрде жоғарылауы

**15. Толық жұмысбастылық дегеніміз – бұл:**

- A) Барлық еңбекке қабілетті халықтың жүз пайыз жұмыспен қамтылуы
- B) Табиғи жұмыссыздықтың орын алмауы
- C) Құрылымдық жұмыссыздықтың орын алмауы
- D) Фрикциондық жұмыссыздықтың орын алмауы
- E) Инфляция қарқыны төмен болған жағдайда ғана жұмыспен қамтылудың толық орындалуы

**16. Инженер К. Смирнов неғұрлым көпақылы жұмысқа орналасу үшін «ПОК» фирмасынан кетті. Бұл қандай жұмыссыздықты білдіреді:**

- A) Фрикциондық және құрылымдық B) Циклдік C) Фрикциондық
- D) Құрылымдық E) Фрикциондық және циклдік

**17. Инфляцияның қарқынына қарай қандай түрлері болады?**

- A) Баланстанған және балансталмаған
- B) Сұраныс инфляциясы және шығындар инфляциясы
- C) Күтілетін және күтілмейтін
- D) Баяу, секірмелі және ұшқыр инфляция
- E) Экспортталған және импортталған

- 18. Жұмыссыздықтың пайда болу себебін жұмыс күшіне сұраныстың жеткіліксіздігінен туындайды деп түсіндірген кімдер?**
- А) Монетаризм өкілдері В) Кейнстік бағытты жақтаушылар  
С) Мальтузиандықтар D) Классиктер E) Неоклассиктер
- 19. Дефляция дегеніміз – бұл:**
- А) Ұлттық валюта бағамының төмендеуі  
В) Экономикада бағаның жалпы деңгейінің төмендеуі  
С) Инфляция қарқынының төмендеуі  
D) Ақшаның сатып алушылық қабілетінің төмендеуі  
E) Экономикада бағаның жалпы деңгейінің өсуі
- 20. Егер, баға деңгейінің өсімі жылына 200%-ға дейін болса, онда орын алатын инфляцияның түрі қандай?**
- А) Айқын инфляция В) Жасырын инфляция С) Ұшқыр инфляция  
D) Созылмалы инфляция E) Секірмелі инфляция
- 21. Филлипс қисығы нені сипаттайды?**
- А) Инфляция мен жұмыссыздық деңгейінің қысқа мерзімдегі кері байланысын  
В) Инфляция мен жұмыссыздық деңгейінің ұзақ мерзімдегі кері байланысын  
С) Ақша ұсынысы мен номиналды жалақы арасындағы кері байланысты  
D) Инфляция мен жұмыссыздық деңгейінің қысқа мерзімдегі тура байланысын  
E) Ақша ұсынысы мен номиналды жалақы арасындағы тура байланысты
- 22. Стагфляция – бұл экономикада болатын ауыр жағдай, мұндай құбылыс кезінде:**
- А) Инфляция өседі, ал жұмыссыздық төмендейді  
В) Жұмыссыздық өседі, ал инфляция төмендейді  
С) Жұмыссыздық та, инфляция да өседі  
D) Жұмыссыздық та, инфляция да төмендейді  
E) Өнім шығару көлемі қысқарады
- 23. Жиынтық сұраныстың тапшылығы мынаған әкеледі:**
- А) Фрикциондық жұмыссыздықтың өсуіне  
В) Циклдік жұмыссыздықтың өсуіне  
С) Құрылымдық жұмыссыздықтың өсуіне  
D) Жұмыссыздықтың өсуіне  
E) Технологиялық жұмыссыздықтың өсуіне

- 24. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі дегеніміз не?**
- A) Толық жұмысбастылық жағдайындағы жұмыссыздық деңгейі
  - B) Толық емес жұмысбастылық жағдайындағы жұмыссыздық деңгейі
  - C) Құлдырау кезіндегі жұмыссыздық деңгейі
  - D) Экономикада жұмысқа қабілетсіз адамдар санының өсуі
  - E) Экономикадағы жұмысқа қабілетсіз адамдар санының ең төменгі деңгейі
- 25. Сұраныс инфляциясы келесідей сипатталады:**
- A) Шикізатқа бағалардың өсуімен
  - B) Пайыз мөлшерлемесінің өсуімен
  - C) Нақты өндіріс көлемімен салыстырғанда жиынтық сұраныстың артықшылығымен
  - D) Инвестициялардың төмендеуімен
  - E) Жиынтық ұсыныстың қысқаруымен
- 26. Мына тұжырымдамалардың қайсысы дұрыс берілген:**
- A) Фрикциондық жұмыссыздық табиғи және ерікті жұмыссыздық болып табылады.
  - B) Фрикционды жұмыссыздық құрылымдыққа қарағанда қысқа мерзімді емес.
  - C) Фрикционды жұмыссыздық технологиялық өзгерістерге байланысты.
  - D) Фрикционды жұмыссыздыққа маусымдық кіреді.
  - E) Фрикционды жұмыссыздық экономикалық цикл фазасына байланысты.
- 27. Жұмыссыздықтың пайда болу себебін халық санының өсуімен байланыстыратын қандай теория?**
- A) Неокейнстік теория
  - B) Неоклассикалық бағыт
  - C) Қазіргі мальтузиандық бағыт
  - D) Ұсыныс экономикасын жақтаушы теория
  - E) Жаңа классикалық теория.
- 28. Инфляция мен жұмыссыздық арасында қандай өзара байланыс бар:**
- A) Жұмыссыздық төмендегенде, инфляция өседі.
  - B) Жұмыссыздық өскенде, инфляция да өседі
  - C) Жұмыссыздық өскенде, инфляция өзгермейді
  - D) Жұмыссыздық төмендегенде, инфляция төмендейді
  - E) Жұмыссыздық пен инфляцияның арасында ешқандай өзара байланыс жоқ

29. Оукен заңына сәйкес, жұмыссыздықтың нақты деңгейінің оның табиғи деңгейінен 2 пайыздық жоғарылауы, ЖҰӨ-нің нақты көлемінің әлеуетті көлемінен қаншаға қалуын көрсетеді:  
А) 2% В) 4% С) 3% D) 5% E) 5%-дан анағұрлым жоғары
30. Жұмыс істегісі келетін, бірақ жұмыс таба алмай «түңілгеннен» кейін жұмыс орнын іздеуді тоқтатқан адамдар:  
А) Жұмысшы күшінің құрамында алдағы уақытта есептелмейді  
В) Фрикциондық жұмыссыздық шамасында есептелінеді  
С) Күтілген жұмыссыздық шамасында есептелінеді  
D) Еңбекақы туралы заңдарға сәйкес жәрдемақы алады  
E) Халықтың экономикалық белсенді қатарына жатпайды
31. Жұмыссыздыр саны – бұл:  
А) Қазіргі кезде жұмыс күші құрамындағы тұлғалар саны мен жұмыспен қамтылғандар арасындағы айырмашылық  
В) Жұмыс күші ішіндегі жұмыссыздар бөлігінің пайыздық деңгейі  
С) Жұмыс іздемейтін адамдар саны  
D) Циклдік және құрылымдық жұмыссыздық деңгейі  
E) Елдегі тұрғындар саны минус жұмыспен қамтылғандар саны
32. Толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық деңгейі ненің жиынтығына тең:  
А) Циклдік және фрикциондық  
В) Фрикциондық және құрылымдық  
С) Циклдік және құрылымдық  
D) Циклдік, фрикциондық және құрылымдық  
E) Циклдік және табиғи
33. Адамдардың оқу орнын бітіргеннен кейін немесе жұмыс орнын өзгерткен кездегі жұмыссыздық түрі:  
А) Құрылымдық В) Фикциондық С) Циклдік  
D) Жасырын E) Барлық аталғандар
34. Өндіріс шығындарының өсуінен туындаған инфляцияға төмендегі жағдайлардың қайсысы қатысты емес:  
А) Жұмыспен қамтылудың және өндірістің өсуі  
В) Өнімнің әр данасының құнының өсуі  
С) Жалақы мөлшерінің өсуі  
D) Ұсыныстың азаюы  
E) Пайыздық мөлшерлеменің өсуі
35. Болжанбаған инфляциядан зардап шегетіндер:  
А) Баға деңгейі төмен болған жағдайда қарыз алғандар



- В) Номиналды табыстарының өсу қарқыны бағаның өсу қарқынынан төмен болғандар
- С) Ақша жинақтағандар
- Д) Тұрақты номиналды табыс алушылар
- Е) Құнды қағаз иелері
- 36. Егер нақты ЖҰӨ әлеуетті ЖҰӨ-ге тең болса, онда:**
- А) Циклдік жұмыссыздық болмайды
- В) Экономикада фрикционды жұмыссыздық болмайды
- С) Құрылымдық жұмыссыздық болмайды
- Д) Циклдік жұмыссыздық орын алады
- Е) Табиғи жұмыссыздық болмайды
- 37. Тұтыну бағалық индексі 2000 жылы 120 %, ал 2002 жылы 150 % болды. Осы жылдар аралығындағы инфляция қарқыны қандай:**
- А) 25 % В) 125 % С) 80 % Д) 20 % Е) 30 %
- 38. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі – 6 %, нақты деңгейі – 18 %, Циклдік жұмыссыздықты анықтаңыз:**
- А) 12 % В) -12 % С) 24 % Д) 3 % Е) 1/3 %
- 39. Сұраныс әсерінен болған инфляцияға қатысы жоқ жағдай қайсы:**
- А) Шикізат және қуат көздерінің бағаларының өсуі
- В) Жалпы сұраныстың артықшылығы
- С) Бағалардың өсуі
- Д) Атаулы жалақының өсуі
- Е) Ақша массасының өсуі
- 40. Кейншілдік тұжырымдамаға сәйкес жұмыссыздық пен инфляция:**
- А) Тікелей тәуелділікпен байланысты
- В) Кері тәуелділікпен байланысты
- С) Байланысты емес
- Д) Экономикалық жағдайға байланысты тікелей немесе кері байланыста болуы мүмкін
- Е) Ұзақ мерзімде екеуі де қатар орын алады

## 14-тақырып

### МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ АҚША-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІ. ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

**Мақсаты:** экономикадағы қаржы жүйесіне және оның құрылымына тоқталып, ондағы мемлекеттік бюджет пен оның тапшылығын, мемлекеттік қарыз мәселесін талқылау, салықтардың экономикалық мәнін ашу, ақша жүйесінің құрылымын және несие-банк қатынастарын қарастыру, сондай-ақ, мемлекеттің әлеуметтік саясатын да тоқталу.

#### Талқылау сұрақтары:

- 14.1. Қаржы жүйесі және мемлекеттік бюджет құрылымы.
- 14.2. Салықтардың экономикалық мәні, қызметтері, элементтері.  
Лаффер қисығы
- 14.3. Ақша жүйесінің элементтері және ақша агрегаттары
- 14.4. Несиенің мәні мен формалары. Қазақстандағы банк жүйесі
- 14.5. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Лоренц қисығы

Негізгі ұғымдар: қаржы, қаржы жүйесі, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік шығыстар, мемлекеттік кірістер, трансферттік төлемдер, бюджет тапшылығы, мемлекеттік қарыз, салықтар, салық мөлшерлемесі, Лаффер қисығы, ақша жүйесі, ақша айналымы, ақша массасы, ақша агрегаттары, несие, банк, орталық банк, коммерциялық банктер, мемлекеттік әлеуметтік саясаты, Лоренц қисығы, т.б.

#### 14.1. Қаржы жүйесі және мемлекеттік бюджет құрылымы

**Қаржы** – бұл тұтынушылардың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттан-дыру үшін ақшалай табыстарды, жинақтарды және қорларды қалыптастыру және пайдалану жолымен экономикада өндірілген жиынтық өнімнің құнын бөлу үдерісінде туындайтын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Қаржының сипатты және айрықша белгілерін анықтау үшін оның атқаратын қызметтеріне көңіл бөлу қажет.

#### Қаржының атқаратын қызметтері:

**1. Бөлу қызметі** – қаржы құралдарын қалыптастыру негізінде жасалған жиынтық өнімді экономиканың барлық субъектілері (үй шаруашылығы, фирмалар, мемлекет) арасында тиімді орналастыру.

**2. Бақылау қызметі** – бөлу үдерісін жалпы алғанда сан жағынан бейнелеу, бұл жерде қаржы бөлу үдерісінің қаншалықты тиімді жүріп жатқандығы ақша қорларының қаншалықты тиімді жұмсалып жатқандығы жөнінде ақпарат беріп отырады.

Қаржы жүйесі экономикалық организмнің қан айналымы жүйесін сипаттайды, экономиканың тұтастай қалыпты жұмыс істеуі осы саланың жағдайына тәуелді болып табылады.

**Қаржы жүйесі** – ұдайы өндірістік үдеріске қатысушы әртүрлі экономикалық субъектілермен жасалатын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығын сипаттайтын күрделі қаржы қатынастары.

Қаржы жүйесі қандай да бір қаржылық қатынастарды сипаттайтын болғандықтан, осы қатынастардың субъектілері мен деңгейлері бөлініп шығады. Бұлар біріншіден, орталықтандырылған ақша қорларын қалыптастыратын мемлекеттік деңгей, екіншіден, орталықтандырылмаған ақша қорларын жасайтын шаруашылық жүргізуші субъектілердің деңгейі мен үй шаруашылықтарының деңгейі болып табылады. Осындай деңгейлерде қаржы ресурстарын қалыптастырудың және пайдаланудың әдістері мен тәсілдері әртүрлі болып табылады.

**Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі** келесі өзара байланысқан элементтерден құралады:

- 1) жалпы мемлекеттік қаржылар;
- 2) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары;
- 3) үй шаруашылықтарының (тұрғындардың) қаржылары.

Бұл жүйенің негізгі элементі ретінде жалпы мемлекеттік немесе орталықтандырылған қаржылар саналады.

**Мемлекеттік қаржы үшке бөлінеді:**

- а) мемлекеттік бюджет;
- ә) мемлекеттік несие;
- б) арнайы бюджеттен тыс қорлар.

**Мемлекеттік бюджет** – қаржы ресурстарының орталықтандырылған қорын жасаумен байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы.

**Мемлекеттік несие** – бюджет тапшылығын жабуға арналған қаржылар, ол ішкі және сыртқы жинақталған қарыздың сомасын көрсетеді.

**Арнайы бюджеттен тыс қорлар** – қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттан-дыру үшін мақсатты қаржыландырудың қосымша нысаны.

Қаржы жүйесінің негізгі буыны болып орталықтандырылмаған қаржылар табылады. Өйткені оларда мемлекеттің және субъектілердің

қаржы ресурстарының негізгі бөлігі шоғырландырылған және қоғамдық игіліктер жасалады. Ал қаржы жүйесінің шешуші буыны ретінде шаруашылық субъектілерінің қаржылары табылады. Оларға қаржылардың мынадай түрлері кіреді:

а) материалдық өндіріс саласында (нақты секторда) жұмыс істейтін субъектілердің қаржылары;

ә) қаржылық ұйымдардың қаржылары;

б) қызмет көрсету саласы мекемелерінің қаржылары.

Сондай-ақ орталықтандырылмаған қаржыларға үй шаруашылықтарының қаржылар жатады.

Қоғамда жасалған жиынтық өнімді бастапқы бөлу үдерісінде үй шаруашылықтарының, фирмалардың және мемлекеттің қарамағына келіп түсетін қаржы ресурстары олардың мақсатты жұмсалуды бойынша қолданылады. Мұндай қаржылық ресурстар банктік жүйе және қор нарығы сияқты қаржы нарықтары арқылы әріқарай қайта бөлу үдерісіне келіп түсуі мүмкін, бұл кезде осындай қаржылардың қозғалысы нарықтық келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттің қаржы жүйесінен мемлекеттік бюджет және бюджет жүйесі бөлініп шығады.

**Мемлекеттік бюджет** – кірістері мен шығыстары көрсетілген мемлекеттің қаржылық жоспары. Бюджеттің ерекше белгісі болып бюджеттік бағдарламалардың заңдық негізде бекітілуі табылады.

**Мемлекеттік бюджет жүйесі** – экономикалық қатынастар мен заңдық нормаларға негізделген барлық бюджет түрлерінің жиынтығы. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес, бюджет жүйесі – бұл барлық бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, бюджеттік үдерістер мен қатынастардың жиынтығы.

Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің құрамына бюджеттердің келесідей деңгейлері кіреді:

- **республикалық бюджет;**

- **жергілікті бюджеттер:** облыстық бюджет, облысқа бағынатын қалалар бюджеті, республикалық маңызы бар қалалар бюджеті, астана бюджеті, аудандар бюджеті.

Экономикада мемлекеттік бюджет жүйесі төмендегідей негізгі қызметтерді атқарады:

1) қаржы ресурстарын мемлекет пен қоғам қажеттіліктеріне жұмылдыру;

2) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді реттеу;

3) қаржы ресурстарын қайта бөлу (аймақтық, салааралық, ведомствоаралық, әлеуметтік);

- 4) кәсіпкерлік қызметті қолдау және ынталандыру;
- 5) инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;
- 6) әлеуметтік қорғау;
- 7) мемлекеттік қаржының кірістері мен шығыстарына бақылау жасау.

Мемлекеттік бюджет жүйесі бірнеше принциптерге негізделеді:

1) бірлік принципі – ҚР-сы территориясында бірыңғай бюджет заңдылығын, дербес бюджет сыныптамасын қолдану;

2) толықтылық принципі – бюджеттер мен Ұлттық қорға келіп түсетін барлық түсімдер мен шығыстардың заңдық тәртіпте көрініс табуы;

3) шынайылық принципі – бюджет параметрлерінің экономиканың ағымдық жағдайының көрсеткіштеріне, Қазақстан Республикасының және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының параметрлері мен бағыттарына сәйкес келуі;

4) ашықтылық принципі – бюджет заңдылығы аясындағы нормативтік-құқықтық актілерді міндетті түрде жариялау;

5) дәйектілік принципі – бюджеттік қатынастар аясында алдынала қабылданған шешімдерді мемлекеттік басқару органдарының қадағалауы;

6) нәтижелілік принципі – бюджеттік бағдарламаларда көрсетілген белгілі бір нәтижелерге жетудің қажеттілігіне байланысты бюджеттерді әзірлеу және орындау;

7) тиімділік принципі – бюджет құралдарын аз көлемде қолдана отырып, ең жақсы нәтижеге жетудің қажеттілігіне байланысты бюджетті нақты іске асыру;

8) жауапкершілік принципі – бюджет заңдылығын бұзғаны үшін бюджет үдерісіне қатысушыларды жауапкершілікке тарту;

9) бюджеттердің дербестілігі принципі – әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасындағы түсімдердің тұрақты түрде бөлінуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік бюджеттің табыстары мен шығындарының құрылымы төмендегідей бюджет сыныптамасымен анықталады:

1. Бюджет табыстары:

- салықтық түсімдер;
- салықтық емес түсімдер;
- негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
- трансферттердің келіп түсуі.

2. Бюджет шығындары.

3. Операциялық сальдо.

4. Таза бюджеттік несиелеу:

- бюджеттік несиелер;
- бюджеттік несиелерді жабу.

5. Қаржылық активтер операциясы бойынша сальдо:

- қаржылық активтерді иелену;
- мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер.

6. Мемлекеттік бюджет тапшылығы (артықшылығы).

7. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылықты қолдану):

- қарыздардың келіп түсуі;
- қарыздарды жабу;
- бюджет құралдары қалдықтарының қозғалысы.

Мемлекеттік бюджет шығындарын бөлек алып қарайтын болсақ, оларға мыналар кіреді:

- мемлекеттік қызмет көрсетулер;
- қорғаныс;
- қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, сот қызметі, құқықтық және қылмыстық-атқару іс-әрекеті;
- білім беру;
- денсаулық сақтау;
- әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;
- мәдениет, спорт, туризм, ақпараттық кеңістік;
- ауыл, су, орман және балық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғи территориялар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары;
- отын-энергетикалық кешен және жерді пайдалану;
- өнеркәсіп, сәулет, құрылыс және қала құрылысы қызметі, көлік және байланыс;
- қарыздарды өтеу;
- арнайы трансферттер;
- басқалары.

**Бюджеттен тыс қорлар** – республикалық бюджеттен тыс құрылатын және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін басымдықты маңызы бар мемлекеттік, аймақтық және салалық деңгейдегі негізгі міндеттерді шешуге арналған қаржы ресурстарының мақсатты қорлары.

Қазақстанда арнайы бюджеттен тыс қорларға Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Инновациялық қор, Ұлттық қор кіреді.

Мемлекеттік бюджеттің күйі үш жағдайда болады. Біріншіден, егер мемлекеттік бюджет шығындары оның табыстарынан асып кетсе, онда бюджет тапшылығы орын алады. Екіншіден, егер мемлекеттік бюджет түсімдері оның шығыстарынан көп болса, онда бюджет артықшылығы орын алады. Үшіншіден, егер мемлекеттік бюджет табыстары мен шығындары бір-біріне тең болса, онда бюджет тепе-теңдік жағдайда болады.

## **14.2. Салықтардың экономикалық мәні, қызметтері, элементтері. Лаффер қисығы**

Қазақстан Республикасы Салық Кодексі бойынша салықтарға мынадай анықтама беріледі. **Салықтар** – бұл мемлекеттің заңдық тәртіппен бекіткен, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымыз және өтеусіз сипатта бюджетке төленетін бір жақты міндетті ақшалай төлемдер.

**Салық жүйесі** белгілі бір уақыт аралығында қандай да бір мемлекеттің территориясында салынатын салықтардың, алынатын алымдардың, төленетін төлемдердің жиынтығын білдіреді. Салық жүйесін құру бірқатар жалпы принциптерге негізделеді.

### **Салық жүйесінің принциптері:**

1. Салық салудың әділеттілігі (тепе-теңдігі).
2. Салықтардың анықтылығы және нақтылығы (салықтың мөлшері, мерзімі, тәсілі мен төлеу тәртібі салық төлеушілерге нақты анықталған және түсінікті болуы қажет).
3. Салық төлеу мерзімдері мен тәсілдерінің ыңғайлылығы.
4. Салықтарды жинаудың үнемділігі немесе тиімділігі (салықтарды жинау және салықтарға қызмет көрсет көрсету шығындары бюджетке түсетін салықтық түсімдерден әлдеқайда төмен болуы тиіс).
5. Салық заңдылығының тұрақтылығы.
6. Салық салудың бір реттілігі.
7. Салық төлеушілердің барлығына бірдей дерлік салық салу талаптарының ұсынылуы.
8. Салықтық жеңілдіктер жүйесінің дәлелді болуы.
9. Салық қызметтерінің оңтайлы үйлесімділігі.

Салықтардың экономикалық категория ретіндегі мәнін толық түсіну үшін оның атқаратын негізгі қызметтеріне назар аудару қажет:

**1. Фискалдық қызметі** – мемлекеттік бюджеттің табыстарын қамтамасыз ету, бұл мемлекеттің ерекше бақылауы мен ықпалында болады.

**2. Реттеушілік қызметі** – макроэкономикалық үдерістерді, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсынысты, экономикалық өсудің қарқыны мен жұмысбастылықты реттеу.

**3. Бөлу қызметі** – ұлттық табысты, жеке және заңды тұлғалардың табыстарын, капиталды және инвестициялық ресурстарды бөлу және қайта бөлу.

**4. Әлеуметтік қызметі** – салықтар, салықтық жеңілдіктер және салық мөлшерлемелері арқылы мемлекеттің халық алдында әртүрлі әлеуметтік міндеттемелерді дәстүрлі түрде орындауы.

**5. Ынталандыру қызметі** – жеке және заңды тұлғалардың экономикалық мүдделеріне сай жеңілдіктер мен сыйақылар, тыйым салушы және шектеуші мөлшерлемелер түрінде көрінетін салық механизмінің әртүрлі құралдарын қолдану.

**6. Бақылау қызметі** – құқықтық механизмдерге жүгіне отырып мемлекеттік билік пен заң күшіне бағыну негізінде мемлекет пен бизнес, мемлекет пен халық арасындағы салық қатынастарының дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету және оны қорғау.

Салық жүйесі мемлекеттің сәйкес келетін заңдылық актілеріне негізделеді. Осыған байланысты салық элементтерін анықтауға болады. **Салық элементтері:**

1. Салық субъектісі немесе салық төлеуші – заң арқылы салық төлеу міндеті жүктелген адам.

2. Салық объектісі – салық салынатын және есептелетін табыс немесе мүлік (жалақы, пайда, құнды қағаздар, жылжымайтын мүлік, т.б.)

3. Салық көзі – есебінен салық төленетін табыс.

4. Салық мөлшерлемесі – салық салу бірлігіне келетін салықтың көлемі (табыстардың ақша түріндегі бірлігі, тауардың өлшем бірлігі және т.б.).

Салық мөлшерлемесінің келесідей түрлері бар:

1. Тұрақты салық мөлшерлемелері табыстар көлеміне байланысты емес салым бірлігіне абсолюттік сомамен белгіленетін мөлшерлемелерді білдіреді.

2. Үдемелі салық мөлшерлемелері табыстың өсуіне байланысты артып отыратын салықтың орташа мөлшерлемесін білдіреді.

3. Кемімелі салық мөлшерлемелері табыстың өсуіне байланысты төмендей беретін салықтың орташа мөлшерлемесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының жаңа Салық Кодексінде салықтардың, алымдардың және төлемдердің келесідей түрлері бекітілген:



## 1) Салықтар:

- корпорациялық табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- қосылған құн салығы;
- акциздер;
- экспортқа деген ренталық салық;
- жер пайдаланушыларына салық;
- әлеуметтік салық;
- көлік құралдарының салығы;
- жер салығы;
- мүлік салығы;
- ойын бизнесіне салық;
- тіркелген салық;
- бірыңғай жер салығы.

## 2) Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер:

- мемлекеттік баждар;
- тіркеу алымдары;
- Қазақстан Республикасының территориясы бойынша автокөлік құралдарымен жүргені үшін алымдар;
- аукциондардан алымдар;
- қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға құқығы үшін лицензиялық алымдар;
- телевизиялық және радиолық таратқыш ұйымдардың радио-жиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алымдар;
- жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдер;
- су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер;
- қоршаған ортаны пайдаланғаны үшін төлемдер;
- жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төлемдер;
- орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер;
- ерекше қорғалатын табиғи территорияларды пайдаланғаны үшін төлемдер;
- қалааралық және халықаралық телефондық байланысты және ұялы байланысты қолданғаны үшін төлемдер;
- кемелік су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемдер;
- сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемдер.

Салықтар құрылымында маңызды орынды тікелей және жанама салықтар алады. **Тікелей салықтар** деп біз салық салу объектісі ретінде физикалық және заңды тұлғалардың табысынан (пайдасынан), табиғи ресурстардан және табыс табуға мүмкіндік


беретін басқа да факторлардан алынатын салықтарды атаймыз. Қазақстан Республикасында тікелей салықтарға корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы, жер қойнауын пайдаланушыларға салық, әлеуметтік салық, жер салығы, көлік құралдарына салық, мүлік салығы және басқалары жатады.

**Жанама салықтар** – бұл тауарлар мен қызметтерді өткізу, экспорттық-импорттық және сол сияқты операцияларымен байланысты тауар бағасына үстеме немесе пайыз қосу арқылы алынатын салықтар. Қазақстанда жанама салықтарға қосылған құн салығы мен акциздер жатады.

Табысқа салынатын жоғары салық кәсіпкердің белсенділігінің төмендеуіне, басқа да жағымсыз факторларға әкеледі. Осы проблемаларды американдық экономисі Артур Лаффер 80-жылдардың басында зерттеп, табыс салығы өсімінің жоғары болуы қай бір елде болмасын оның өндірісінің тоқырауына, инфляция деңгейінің тереңдеуіне және халық байлығының төмендеуіне әкеледі деген қорытындыға келді. А. Лаффер салықтардың бюджетке түсуі және оның мөлшері арасындағы тәуелділікті зерттеген. Графиктегі мұндай көріністі «Лаффер қисығы» деп атайды.

**Лаффер қисығы** – бұл бюджетке түсетін салықтық түсімдердің салық мөлшерлемесінің деңгейіне тәуелділігін сипаттайтын қисық сызық. Салықтың нөлдік деңгейі кезінде мемлекет қазынасына ешқандай салықтық түсімдер түспейді. Салық мөлшерлемесінің 50%-ға (кейбір әдебиет көздерінде 35%-ға дейін) дейін өсуі кезінде бюджетке түсетін салықтық түсімдер максимум деңгейіне жетеді, ал салық мөлшерлемесінің одан әрі артуы енді бюджеттік түсімдерді төмендетеді. Бұл кәсіпкерлік қызметке деген ынтаны төмендетеді (себебі салықтың жоғары мөлшерлемесі кезінде кәсіпкерлер мен тұрғындар өздерінің тапқан табыстарының едәуір бөлігін мемлекет қазынасына аударуға мәжбүр болады). Өз кезегінде, кәсіпкерлер банкроттыққа ұшырайды, соның салдарынан олар салықтан жалтарып және өз табыстарының бір бөлігін жасырып, «көлеңкелі» бизнеске кетуі мүмкін. 100%-дық салық мөлшерлемесі кезінде экономикалық қызмет толығымен тоқтайды. Лаффер қисығы *14.1-суретте* көрсетілген.

Сонымен, **Лаффер әсері** – бұл кәсіпкерлік табысқа салынатын салықтардың тым жоғары болуына байланысты инвестициялық белсенділіктің жоғалуы мен еңбекке ынтаның төмендеуі салдарынан ресми экономиканың көлеңкелі экономикаға өтуі.



14.1-сурет. Лаффер қисығы

### 14.3. Ақша жүйесінің элементтері және ақша агрегаттары

Ақшалар айналыс құралы ретінде қоғамның экономикалық әрекеттерін келісімді түрде реттеуге мүмкіндік береді.

**Ақша жүйесі** – бұл тарихи қалыптасқан және мемлекеттің заңымен бекітілген ақша айналысын ұйымдастырудың формасы, жеке элементтері белгілі бір бірлікте болатын жүйе.

#### **Ақша жүйесінің негізгі элементтері:**

- ақша бірлігі мен баға атаулары;
- ақша белгілерінің түрлері, оларды шығару тәртібі және қамтамасыз ету сипаты;
- нақты ақшаны қажет етпейтін төлем айналымын ұйымдастыру;
- ұлттық валютаның бағамы, оны шетел валютасына айырбастау тәртібі.

Елдің ақша жүйесін реттеу жұмысын осы жүйенің әрқилы элементтерін үйлесімге келтіріп отыратын қаржы-несие органдары жүзеге асырады.

**Ақша массасы** – бұл қолма-қол және қолма-қолсыз нысандағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы. Ақша массасының көмегімен шаруашылықтағы тауарлар мен қызметтердің айналымы жүріп отырады. Ақша массасының шамасы ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысы факторларына тәуелді болып табылады.

Ақша массасының құрылымын ақша агрегаттары анықтайды.

### **Ақша агрегаттары:**

$M_0$  = айналыстағы қолма-қол ақшалар;

$M_1$  =  $M_0$  + жинақ банктеріндегі, коммерциялық банктердегі халықтың және кәсіпорындардың талап етілгенге дейінгі депозиттері, халықтың және кәсіпорындардың есеп-айырысушылық және ағымдық шоттардағы қаржылары, саяхатшылардың чектері;

$M_2$  =  $M_1$  + кіші жедел салымдар;

$M_3$  =  $M_2$  + ірі жедел салымдар, банктердің депозиттік сертификаттары, мемлекеттік займ облигациялары.

Сонымен қатар нарықтық экономикасы дамыған елдерде  $L$  деген агрегат та қолданылады, яғни:

$L$  =  $M_3$  + қазыналық жинақ облигациялары, коммерциялық қағаздар, қыс-қа мерзімдік мемлекеттік міндеттемелер және т.б.

Қорыта айтқанда, әрбір келесі ақша агрегаты өзінен алдыңғылардың барлық элементтерін біріктіріп ақша массасының үлкен көлемін құрайды. Ақшаның өтімділігі мен табыстылығы арасында кері байланыс бар, яғни ақша агрегаты іріленген сайын оның табыстылығы жоғарылай береді және өтімділігі төмендей береді, керісінше, бастапқы кіші агрегаттардың ( $M_1$ ) өтімділігі жоғары, ал табыстылығы мүлдем болмайды немесе төмен болып табылады.

Экономикада  $M_1$  және  $M_2$  ақша агрегаттары аса жиі қолданылады.

Ақша массасының теориясын, соның ішінде ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысын неоклассикалық мектептің құрамдас бір бөлігі ақшаның сандық теориясы зерттейді. Бұл теорияның негізгі өкілі, американдық экономист Ирвинг Фишер (1867-1947) мынадай теңдеуін ұсынады:

$$MV = PY,$$

мұнда,  $M$  – айналыстағы ақшаның саны;  $V$  – ақша айналымының жылдамдығы;  $P$  – елдегі бағалардың орташа деңгейі;  $Y$  – экономикада өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің саны.

Бұл теңдеуге сәйкес мынадай болжам жасалынады, яғни  $V$  мен  $Y$  тұрақты, себебі олар ұзақ мерзімді факторлармен анықталады.

### **14.4. Несиенің мәні мен формалары. Қазақстандағы банк жүйесі**

«Несие» (кредит) сөзі латынның «credo» деген сөзінен аударғанда «сенемін» деген мағынаны білдіреді.

**Несие** деп мерзімділігі, қайтарымдылығы және пайыздың төленуі жағдайында ақшалай немесе тауарлық нысанда берілетін қарызды айтады. **Несиелік келісім** – бұл төлем мерзімі кешіктірілген сату-сатып алу қатынастары. Несие берудің мақсаты болып табыс алу табылады. **Несие жүйесі** – бұл несиелеу нысандарының және әдістерінің, несиелік қатынастардың жиынтығы, яғни несие жүйесі банктік, коммерциялық, тұтынушылық, мемлекеттік және халықаралық несиелер арқылы көрініс табады. Несие жүйесі несиелеудің негізгі принциптеріне сәйкес, ақша қаражаттарын жасаушы, жұмылдырушы және ұсынушы несиелік институттардың жиынтығын сипаттайды. Несие жүйесі банктік жүйеден және банктік емес қаржы-несие институттарынан құралады.

Қазіргі уақытта, несиенің кең тараған нысандары бар:

**1. Коммерциялық несие** тауарды төлем мерзімін кейінге қалдырып сату кезінде орын алады. Мұндай несиенің мақсаты тауарлардың өткізілуін жеделдету болып табылады.

**2. Банктік несие** банктердің кәсіпкерлерге және басқа да қарыз алушыларға қарыз ретінде беретін ақша қаражаттарын білдіреді. Несиенің бұл нысаны коммерциялыққа қарағанда аса икемді болып табылады, өйткені ол несиелік келісімдер сомасымен, олардың бағытталуымен және мерзімімен ерекшеленеді.

**3. Мемлекеттік несие** – мемлекеттің халыққа пайызбен немесе мақсатты түрде пайызсыз түрінде беретін қарыздары мен қазыналық міндеттемелері.

**4. Тұтынушылық несие.**

**5. Халықаралық несие.**

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде несие берудің жаңа нысандары пайда болды. Оларға лизинг, факторинг және фарфейтинг жатады.

**Лизинг** – машиналарды, құрал-жабдықтарды және басқа да материалдық құралдарды ақшалай емес формада жалға беру. Кейіннен, жалға берілген құралдардың құны бірте-бірте төленіп болған соң, олар жалға алушылардың меншігіне айналады. Лизингтің қолданылуы меншік қызметтерінің бөлінуіне негізделеді. Мүлікке меншік құқығы жалға берушіде қалады, ал жалға алушы осы мүліктің құнын толық өтелгенше оны пайдаланады. Лизингтік келісімдер 1 жылдан 15 жылға дейін созылуы мүмкін. Әдетте, фирмалар техниканы өздері емес, лизингтік компаниялар арқылы береді. Лизингтік компаниялар қызметін әртүрлі ұйымдар – банктер және

олардың бөлімшелері, өнеркәсіптік корпорациялардың филиалдары мен еншілес компаниялары атқарады.

**Факторинг** – бөтеннің қарызын сату-сатып алу немесе сенімхат арқылы коммерциялық операциялар жүргізу. Бұл жерде банк фирманың «дебиторлық есеп-шотын» қолма-қол ақшаға сатып алады, кейін фирманың сатқан тауары немесе көрсеткен қызметін нақты сатып алушыдан қарызды өндіріп алады.

**Фарфейтинг** – қарызды банкке сатумен байланысты ұзақ мерзімді факторинг, қарызды өндіріп алу мерзімі 1-5 жыл аралығын қамтиды.

Несиенің, несиелік қатынастардың және несиелік механизмнің негізінде несиелік жүйе – банктер пайда болды. «**Банк**» ұғымы итальян сөзінен аударғанда «**орындық**» деген мағынаны білдіреді.

**Банк** – уақытша бос ақша қаражаттарын тартып, жұмылдырып, оларды үстеме пайыз арқылы орналастырумен айналысатын экономикалық институт. Банктің ресурстары ішкі ресурстар, сыртқы ресурстар және эмитенттік ресурстар болып бөлінеді. Ішкі қаржыларға акционерлік және резервтік капитал, сондай-ақ бөлінбеген пайда жатады. Банк ресурстарының негізгі бөлігін сырттан тартылған салымдар немесе депозиттер құрайды.

**Банк жүйесі** – бұл қандай да бір елде белгілі бір тарихи кезеңдерде орын алатын бір-бірімен өзара байланысқан әртүрлі банк түрлерінің жиынтығы.

Нарықтық экономикасы дамыған әлемнің барлық елдерінде, сондай-ақ Қазақстанда Орталық банк және коммерциялық банктер түріндегі екі деңгейлі банк жүйесі қалыптасқан.

**Орталық банк.** Орталық банк екі жақты жағдайымен сипатталады. Бірінші жағынан, оның қызметі мемлекетпен реттеледі, ал екінші жағынан, ақша-несие саясатын жүргізуде дербестілікке және тәуелсіздікке ие болады. Орталық банктің негізгі қызметтеріне

- банкноталарды эмиссиялауы (басып шығаруы) және оған деген монополиялық құқығы, тұрақты өтімділікті қамтамасыз етуі;

- коммерциялық банктердің минималды резервтерін шоғырландыруы, оларға несиелік қолдау көрсетуі, коммерциялық банктердің қызметін бақылауды жүзеге асыру;

- экономиканы ақша-несие саясатының әдістері арқылы реттеу;

- үкіметтің бос ақша ресурстарын депозиттер түрінде сақтау, үкіметті несиелеуде және төлемдер жүргізуде делдалдық қызмет атқару жатады.

XVII ғасырда құрылған Англияның банкісін ең алғашқы пайда болған орталық банк деп санайды. Осы банктің құрылу тәжірибесін

дамыған елдердің барлық орталық банктері алып отыр, бірақ әрбір елде орталық банктің өзіндік ұлттық ерекшеліктері де бар.

**Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.** Қазақстанда Ұлттық банктің (ҰБ) құқықтық статусы, оның құқықтары мен міндеттері «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі туралы Заңында» көрсетілген. Осы заңға сәйкес, **ҰБ-нің мақсаты** – ұлттық валюта – теңгенің тұрақтылығын, оның сатып алушылық қабілетін және шетелдің басқа валюталарымен салыстырғанда теңге бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету, ұлттық банк жүйесін дамыту және нығайту, есептеулер жүйесінің тиімді және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Ал ҰБ-н негізгі міндеттеріне экономиканың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін ақша-несие саясатын жүргізу, инфляция деңгейін бақылау және валюта бағамын тұрақтандыру жатады.

Қазақстан Республикасының ҰБ ұлттық банк жүйесінің дамуына, нығаюына және тұрақтылығына жауап беретін институт болып табылады. Ол банк жүйесінің қызметін жалпы реттейді және әрбір жекелеген банктің жағдайын қадағалап отырады, сондай-ақ банктік жүйенің қызмет етуінің ережелері мен нормаларын қалыптастырады.

Банк жүйесінің тұрақтылығы қаржы нарығының қажетті инфрақұрылымын жасау есебінен қалыптасады. ҰБ банк жүйесінің тұрақтылығына жауап бере отырып, банктерді ақша ресурстарымен қамтамасыз етудің тиімді тетігін жасауы тиіс.

**Коммерциялық банктер.** Бастапқыда коммерциялық банктердің қызметі тек саудада ғана орын алды. Ал қазір «коммерциялық» термині банктің іскерлік сипатын білдіреді және ол пайда табуға ұмтыла отырып, экономиканың барлық салаларына қызмет көрсетеді.

**Коммерциялық банктер** – уақытша бос ақша қаражаттарын жұмылдырып, оларды мерзімділігі, төлемділігі және қайтарымдылығы жағдайында ұсына алатын, пайда табуға бағытталған несиелік институттар. Коммерциялық банктер несие беру, салымдарды қабылдау, төлемдер жүргізуде делдалдық таныту, акцияларды сату-сатып алу, сенім бойынша мүлікті басқару, мемлекеттік қарыздарды орналастыру, қаржылық-несиелік мәселелер бойынша кеңес беру, жал операцияларын жүргізу сияқты қаржылық-несиелік операциялардың үлкен көлемін нарықтық негізде жүзеге асыратын жеке (мемлекеттік емес) банктер ретінде сипатталады. Батыстың қазіргі заманауи банктері операциялардың 250 жуық түрлерін орындайды. Коммерциялық банктердің мемлекеттік банктерден басты айырмашылығы болып оларда ақша басып шығаруға деген құқығының болмауы табылады.

Коммерциялық банктердің екі түрпаты болады: операциялардың үлкен көлемін іске асыратын *амбебап банктер*, және бір немесе бірнеше банктік операцияларды орындайтын *мамандандырылған банктер* (мысалы, жинақ банкі).

Банктердің мамандандырылуының өлшемдері алуан түрлі болып табылады. Банктердің функционалдық мамандануы бойынша банктер инновациялық, инвестициялық, есептік, жинақтық, ипотекалық, депозиттік және т.б. болып бөлінеді. Салалық мамандануы бойынша банктер әлеуметтік дамуға бағытталған, құрылыстық, энергетикалық, сыртқы саудалық, ауыл шаруашы-лықтық және т.б. болып бөлінеді. «Клиенттік» мамандануы бойынша банктер биржалық, тұтынушылық, коммуналдық, сақтандырушылық болып ажыратылады. Сондай-ақ территориялық мамандануы бойынша банктер аймақтық, аймақаралық, халықаралық болып бөлінеді.

Қазақстанда ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша коммерциялық банктер акционерлік қоғамдар ретінде жұмыс істейді.

Банктік тәжірибеде банктік операциялардың негізгі түрлері бөліп көрсетіледі: активтік және пассивтік операциялар, банктік қызмет көрсетулер.

**Активтік операциялар** – бұл несиелер беру.

**Пассивтік операциялар** – бұл ақша жинақтарын және банктің табыстарын жұмылдыру. Банктегі барлық салымдар депозиттер және жинақ салымдары болып бөлінеді.

**Банктік қызмет көрсетулер** – бұл қолма-қол және қолма-қолсыз төлемдерді жүзеге асыру, валютамен және алтынмен байланысты операциялар, бағалы қағаздарды шығару және сақтау, трасталық (сенімгерлік) операциялар. Банктер кеңестер береді, ақпараттар ұсынады. Соңғы жылдары банктік қызмет көрсетулердің көлемі айтарлықтай өсті.

Банктік операциялардың барлық түрлері пайыз түрінде пайда алуға мүмкіндік беретін несиелік негізде (активтік және пассивтік) немесе өз клиенттері есебінен комиссиялық сыйақылар алу негізінде жүзеге асырылады.

Сонымен, барлық операциялардан түсетін банктік пайданы маржа деп атайды. **Маржа** – активтік операциялар бойынша пайыздар мен пассивтік операциялар пайыздардың айырмашылығынан болатын банктік таза пайда. Банктік пайдадан басқа банктің табыс көздеріне инвестициядан, биржалық операциялардан түсетін табыстар және банктік қызмет көрсетулерден түсетін комиссиялық сыйақылар жатады.



### **Арнайы мамандандырылған қаржы-несие институттары.**

Дамыған елдердің қазіргі банк жүйесі арнайы мамандандырылған қаржы-несие институттарын да өзіне жатқызады. Кейбір жағдайларда бұлар үшінші деңгейлі болып табылады. Арнайы мамандандырылған қаржы-несие институттары мыналар жатады: инвестициялық банктер, жинақ банктері, несиелік одақтар, сақтандыру компаниялары, зейнетақылық және инвестициялық қорлар. Арнайы мамандандырылған қаржы-несие институттары халықтың шағын капиталы мен жинақтарын жұмылдырып, солар арқылы экономиканы инвестициялайды.

### **14.5. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Лоренц қисығы**

**Мемлекеттің әлеуметтік саясаты** – бұл қоғам мүшелерінің және әртүрлі топтардың табыстарын бөлу және қайта бөлуге бағытталған үкіметтік іс-шаралары.

Осыған байланысты, әлеуметтік саясат бір жағынан, табыстардың әділетті бөлінуіне, ал екінші жағынан, қоғам мүшелері мүмкіндіктерінің теңдігін сақтап тұруға жауап беруі тиіс.

Әлеуметтік саясаттың бірқатар міндеттері бар:

1. тұрғындардың әл-ауқаттылығын көтеру;
2. адамдардың өмір сүруі мен еңбек жағдайларын жақсарту;
3. әлеуметтік әділеттілік принциптерін жүзеге асыру;
4. қоғамның әлеуметтік салаларын және инфрақұрылымын дамыту;
5. ел азаматтарының әлеуметтік мұқтаждықтары мен мүдделерін қанағаттандыру.

Осындай міндеттер негізінде әлеуметтік саясат мынадай мәселелерді шешуге жауап іздейді:

1. адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін қалай қанағаттандыру керек;
2. қоғамда игіліктерді әлеуметтік тұрғыдан қалайша барынша әділетті бөлуге болады;
3. адамдардың әл-ауқаттылық деңгейінің көтерілуі мен экономикалық тиімділікті арттырудың сәйкестілікті қалайша жүзеге асыруға болады.

Бәсекелестік тетіктер негізінде халық табыстарын нарықтық тұрғыдан бөлу тепе-теңдікке жетуге кепілдік бермейді, яғни табысты шынайы бөлуге жауап бермейді. Сол себепті, әлемнің дамыған елдерінің нақты қазіргі тәжірибесінде табыстарды бөлудегі теңсіздер

едәуір түрде байқалады. Сондықтан табыстарды бөлудегі теңсіздіктер осы тақырыптың аса көкейкесті мәселесі болып қала береді.


Табысты бөлудегі теңсіздіктердің негізгі үш себебі бар:

1. Адамдардың **ақыл-ойлық** (интеллектуалдық), **физикалық** және **эстетикалық** қабілеттіліктері мен мүмкіндіктерінің бірдей болмауы. Мәселен, интеллектуалдық қабілеттіліктің аса жоғары болуы адамның табысын жоғарылатады. Ал қабілеттілік және ой деңгейі төмен адамдар сәйкесінше, табысы аз жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. Танымал спортшылар өздерінің физикалық қабілетінің жоғары болуынан аса жоғары жалақы ала алады, сонымен қатар эстетикалық қабілеттіліктері өте жоғары музыканттар немесе суретшілер біліктілігі жоғары мамандар өз жалақыларын арттыра алады.

2. Адамдардың **білім деңгейлерінің** әртүрлі болуы. Индивидтің кәсіби маман ретіндегі дайындығы неғұрлым жоғары болған сайын, оның жалақысы да соғұрлым жоғары болады. Білім деңгейі жоғары болу үшін мұндай жағдайда адам капиталына инвестицияны көптеп құюдың қажеттілігі туындайды.

3. Адамдар қолындағы **меншік түрлерінің** әртүрлі бөлінуі. Кейбір адамдардың қолында меншіктері аз немесе меншіктері мүлдем болмауы мүмкін. Ал келесі бір адамдардың қолында көлік, құрал-жабдықтар, жер телімдері, жылжымайтын мүлік, т.б. меншіктері көп болуы мүмкін. Осындай меншіктері көп адамдар көп табыс таба алады.


Табыстардың бөлуіндегі теңсіздіктерді өлшеудің бірнеше теориялары бар. Соның ішінде Лоренц қисығы мен Джини коэффициенті маңызды орынға ие. Лоренц қисығы – бұл қоғамда табыстар ерекшелігінің маңызды индикаторы ретінде табыстарды бөлудегі теңсіздерді сипаттайтын графикалық көрініс.



14.2-сурет. Лоренц қисығы

14.2-суретіне сәйкес, «отбасылар үлесі» абсцисса осіне, «табыстар үлесі» ордината осіне орналасқан. Табыстардың абсолютті тең бөлінуі **oe** биссектрисасымен берілген, мұнда 20% отбасы табыстың 20%-ын алады, 40% отбасы табыстың 40%-ын алады және солай кете береді. Табыстардың нақты дәрежеде бөлінуі a, b, c, d, e нүктелерімен сипатталады. Абсолютті теңдік сызығы мен Лоренц қисығы арасындағы боялған бөлігі табыстардың теңсіздігін көрсетеді: бұл аралық бөлігі ұлғайған сайын табыстарды бөлудегі теңсіздіктер де арта түседі.

Жеке табыстан салықтарды алып тастағаннан кейін және трансферттік төлемдерді төлеп болғаннан кейін адамдардың табыстары біршама тепе-теңдік жағдайға жақындайды (14.3-сурет).



14.3-сурет. Салықтар мен трансферттердің табыстардың теңсіздігіне әсері

**Джини коэффициенті** – бұл табыстарды бөлудегі теңсіздерді анықтайтын көрсеткіш, ол табыстардың нақты бөліну деңгейінің олардың тепе-тең бөліну сызығынан ауытқу шамасын көрсетеді. Бұл көрсеткіш Лоренц қисығы салынған фигура алаңының абсолютті теңдік сызығы салынған үшбұрыш алаңына қатынасы ретінде анықталады:

$$K_{Дж} = M \text{ ауданы} / N \text{ ауданы.}$$

$K_{Дж}$  шамасы шын мәнінде, 0 мен 1-дің арасында болады, егер коэффициент нөлге тең болса, онда экономикада абсолютті теңдік орнайды, ал 1-ге тең болса, онда экономикада абсолютті теңсіздік орнайды, яғни барлық жиынтық табыс бір адамның қолында болады деген сөз, алайда, мұндай жағдайлардың орын алуы мүмкін емес.

Сонымен, табыстарды бөлудегі теңсіздіктердің болу себептеріне байланысты қоғамда экономикалық мүмкіндіктерді теңестіру мүмкін болмайды, тіпті дамыған елдерде қазірдің өзінде бай және кедей топтағы азаматтар өмір сүреді.

Белгілі американ экономистері П. Самуэльсон мен В. Нордхаустың берген анықтамасы бойынша, **кедейшілік** – бұл өмір сүрудің ең төменгі шегін қолдауға қажетті табыстың төменгі деңгейі. Кедейшілік деңгейі елдегі табыстардың қайта бөліну масштабтары мен бағытын, салық жүйесінің қайта құрылуын және зейнетақы жүйесін қайта қарауды анықтайды. Кедейшілік деңгейін *өмір сүру минимумы* көрсеткішімен өлшейді. Егер халықтың табыстары осы көрсеткішке тең немесе төмен болса, онда олар мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы. Әдетте, кедей отбасылар өз табыстарының 1/3-ін азық-түлік тауарларына жұмсайды. Өмір сүру минимумымен бірнеше көрсеткіштер: минималды жалақы, минималды зейнетақы, шәкіртақылар, бірқатар жардемақылар байланысты. Өмір сүрудің осындай шегі кедейшілік-тің негізгі сипатты белгісін анықтайды. **Өмір сүру минимумы** – бұл халықтың өмір сүру деңгейін бағалауда қолданылатын аса маңызды көрсеткіш. Осыдан, халықтың өмір сүру деңгейі деген ұғым туындайды.

**Өмір сүру деңгейі** – бұл адамдардың өмір сүруінің негізгі қажеттілікте-рін қанағаттандыру мөлшерін сипаттайтын тауарлар мен қызметтер деңгейі, әл-ауқаттылық деңгейі, әлеуметтік жағдайлар мен көрсеткіштер жиынтығы.

Өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері (индикаторлары):

– халықтың әртүрлі табыстары (орташа атаулы және нақты табыс, орташа жалақы, зейнетақының орташа деңгейі, өмір сүру минимумының деңгейі, т.б.);

– баспана (бір тұрғынға келетін тұрғын үйдің жалпы ауданы);

– денсаулық сақтау (1000 тұрғынға келетін аурухана керуеттерінің саны);

– білім беру (орташа және жоғары оқу орындарының саны, халық санындағы студенттердің үлес салмағы);

– мәдениет (кітаптардың, журналдар мен газеттердің саны);

– жылжымайтын мүлік және ұзақ қолданылатын тауарлардың болуы;

– тамақ (калориялығы, азық-түлік құрамы);

– демографиялық үрдістер (өмір сүрудің ұзақтылығы, туу/өлу, некелесу/ажырасудың күтілетін деңгейі);

– қауіпсіздік (тіркелген қылмыстар саны).

Өмір сүру деңгейі ұғымымен қатар өмір сүрудің сапасы деген түсінік кеңінен қолданылады.

**Өмір сүру сапасы** – бұл өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерімен қатар рухани қажеттіліктердің қанағаттандырылу дәрежесін, адамды қоршаған ортаның жағдайларын, моральді-психологиялық климат жағдайларын, рухани ыңғайлылықты есепке алатын жалпылама әлеуметтік-экономикалық категория. Өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштер әдетте, статистикалық өлшемдерге бағына бермейді, соның салдарынан елдің өмір сүру сапасын бағалау аса қиынға соғады.

Дегенмен, 1990 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы әртүрлі елдердің өмір сүру сапасын және оны салыстырмалы бағалау үшін агрегатталған көрсеткішті қолданып келеді. Бұл көрсеткіш бастапқыда «**адам дамуының индексі**» деп аталды. Ал қазіргі уақытта, ол «**адам әлеуеті дамуының индексі**» (АӘДИ) деп аталады. Осы индекс мына үш көрсеткіштің орташа арифметикалық өлшенген шамасы ретінде анықталады:

- жан басына шаққандағы ұлттық табыс немесе ЖІӨ (ЖІӨ<sub>жбш</sub>);
- ересек адамдардың білім деңгейі ( $1_{бд}$ );
- өмір сүрудің ұзақтылығы ( $1_{осұ}$ ), яғни:

$$АӘДИ = (ЖІӨ_{жбш} + 1_{бд} + 1_{осұ}) / 3.$$

Көптеген жылдар бойы осы көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарлы орындарды Норвегия, Швеция, Австралия, Канада, АҚШ, Жапония мемлекеттері алып келеді.

Өмір сүру деңгейін анықтайтын басқа да көрсеткіштер бар. Мысалы, шетелдік әдебиет көздерінде *халықтың өмір сүру қабілетінің коэффициенті, жан басына шаққандағы адам капиталы, қоғамның интеллектуалдық әлеуетінің индексі* сияқты көрсеткіштер сипатталады.

Қазіргі нарықтық қатынастар еңбек ету құқығына, тұрақты табыс табуға, білім алуға кепілдік бермегендіктен және мүгедектерді, зейнеткерлерді және басқа да азаматтарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ете алмайтындықтан мемлекет әлеуметтік салаға, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін қалыптастыру-ға және табыстарды қайта бөлуге міндетті түрде араласады.

Елдегі табыстарды қайта бөлудің ең басты құралы мемлекеттік бюджет болып табылады, ол халықты әлеуметтік қорғау механизмін анықтайды.

Әлеуметтік саясатпен іске асырылатын халықты әлеуметтік қорғау жүйесі екі негізгі әдісті қолданады:

**Әлеуметтік қорғау** – қоғамның барлық мүшелерінің қажетті материалдық және әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің шаралары.

**Әлеуметтік кепілдемелер** – қоғамның оның әрбір мүшесінің алдында ең басты қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша міндеттемелері.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 405 б.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ө. Қ., Сағындықов Е. Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И.. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ө. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық/ Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.

12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Проспект, 2011. - 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное пособие/ Доғалов А. Н.. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
19. Гукасян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Қаржы жүйесінің мәні неде?
2. Мемлекеттік бюджеттің құрылымы қандай?
3. Бюджет тапшылығы қалай орын алады және оны жабудың жолдары қандай?
4. Мемлекеттік қарыздың түрлері қандай?
5. Трансферттік төлемдердің түрлері қандай?
6. Салықтардың экономикалық мәні неде?
7. Қазақстандағы салықтардың түрлері қандай?
8. Лаффер қисығы қалай сипатталады?
9. Ақша жүйесінің негізгі элементтері қандай?
10. Ақша массасының құрылымы қандай?
11. Ақша-несие саясаты дегеніміз не?
12. Несиенің түрлері қандай?
13. Банк жүйесінің құрылымы қандай?
14. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты дегеніміз не?
15. Лоренц қисығы дегеніміз не?

## **Тәжірибе сабағының жоспары:**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** мемлекеттің қаржы, салық және ақша жүйелерін талқылау, мемлекет саясатының түрлерін қарастыру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 14.1. Қаржы жүйесі және мемлекеттік бюджет құрылымы;
- 14.2. Салықтардың экономикалық мәні, қызметтері, элементтері. Лаффер қисығы;
- 14.3. Ақша жүйесінің элементтері және ақша агрегаттары;
- 14.4. Несиенің мәні мен формалары. Қазақстандағы банк жүйесі;
- 14.5. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Лоренц қисығы.

## **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

- 1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (гlossарий).**
- 2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**
- 3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстандағы бюджет жүйесі және бюджеттік қатынастар;  
Мемлекеттік бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарыз мәселелері;

Қазақстанның Ұлттық қоры және оның мақсаттық бағыттылығы;  
Қазақстанның салық жүйесі және оның ерекшеліктері;  
Қазақстанда бағалы қағаздар нарығының дамуы;  
Қазақстанның банк жүйесі және несиелік қатынастар;  
Қазақстандағы халықты әлеуметтік қорғау жүйесі және мемлекеттік бағдарламалар.

- 4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

- 1) Қазақстандағы үш жылдық бюджет жағдайына талдау.
- 2) Ұлттық қор және оның экономиканы тұрақтандырудағы маңызы.
5. Жаттығулар мен есептер:



1. Жалпы ұлттық өнім толық жұмысбастылық жағдайында 20 млрд. долларды, ал жалпы ұлттық өнімнің нақты деңгейі 16 млрд. долларды құрайды. Салықтардың сомасы ЖҰӨ шамасының 10%-ын құрайды. Тауарлар мен қызметтерге деген мемлекеттік шығындар 1,8 млрд. долларға тең.

А) Мемлекеттік бюджеттің тапшылықпен немесе артықшылықпен жабылатындығын анықтаңыз және оның мөлшерін табыңыз.

Ә) Толық жұмысбастылық жағдайында мемлекеттік бюджет сальдосының қалай өзгертіндігін анықтаңыз.

2. Мына кестенің мәліметтеріне қарап пайдаға салынатын салықтық мөлшерлеме мен мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдер арасындағы мүмкін болатын байланысқа көңіл аударыңыз:

Пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі	10	20	30	40	50	60
Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің жалпы сомасы, млрд. тг.	300	550	650	900	800	700

Келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып, Лаффер қисығын салыңыз. Салықтық мөлшерлеме белгілі бір деңгейден көтерілгеннен кейін жиналатын салық түсімдерінің өспейтіндігін және оның не үшін төмендейтіндігін түсіндіріңіз. Салықтық мөлшерлеменің қандай деңгейінде салық түсімдерінің жалпы сомасы максималды деңгейге жетеді?

3. Мына келтірілген мәліметтер негізінде коммерциялық банктің балансын құрыңыз: талап етілгенге дейінгі депозиттер – 30 000; жинақ депозиттері – 25 000; ссудалар – 90 000; жедел салымдар – 70 000; үкіметтің құнды қағаздары – 4 000; вексельдер, облигациялар, корпорацияның акциялары – 6 000; кассалық қолма-қол ақшалар – 1 000; орталық банктің шоттарындағы салымдар – 5 000; басқа да активтер – 3 000; басқа да пассивтер – 18 000; капитал шоты – 20 000.

4. Айталық, міндетті резервтер нормасы 10%, А банкісі 10 000 доллар көлемінде қарыз беріп, оны қарыз алушы В банкінің шотына аударды. В банкінің артық резервтері қандай және оның осы операцияның нәтижесінде бере алатын жаңа қарызының көлемі қандай болады?

## 5. Мына мәліметтердің негізінде Лоренц қисығын салыңыз:

Отбасы топтары, 20% бойынша	Табыстар, %-бен
Төменгі топ	2
Екінші топ	8
Үшінші топ	10
Төртінші топ	15
Жоғарғы топ	65

Мемлекеттің әлеуметтік саладағы қандай шаралары Лоренц қисығын абсолютті теңдік сызығына жақындатады? Абсолютті теңсіздік сызығына қандай шаралары жақындатады?

## 6. Тест тапсырмалары:

- 1. Мыналардың қайсысы салық салудың негізгі қызметтері болып табылмайды?**  
А) Экономикалық В) Үнталандырушылық С) Бақылаушы  
D) Фискалдық Е) Тежеуші
- 2. Мемлекеттің қаржы жоспары қалай аталады?**  
А) Мемлекеттік жоспарлау В) Мемлекеттік қарыз  
С) Мемлекет бюджет D) Салық салу Е) Мемлекеттік бизнес-жоспар
- 3. Мемлекеттік бюджеттен төленетін трансферттік төлемдер:**  
А) Субсидиялар В) Дивидендтер С) Депозиттер  
D) Жалақылар Е) Несиелік төлемдер
- 4. Қаржы қатынастарының ақша қатынастарынан айырмашылығы:**  
А) Ол жеке тұтынушыларға қызмет етеді  
В) Ол жеке тұтынушыларға қызмет етпейді  
С) Қаржы мен ақшаның арасында ешқандай айырмашылық болмайды  
D) Ол тек мекемелерге және ұйымдарға қызмет етеді  
Е) Ол тек жергілікті аймақтарға ғана қызмет етеді
- 5. ҚР-да қандай институт ақша-несие жүйесі жағдайына жауапты?**  
А) Ұлттық банк В) Қаржы министрлігі С) Әділет министрлігі  
D) Федералды резерв жүйесі Е) Коммерциялық банктер
- 6. Қай кезде ақша ұсынысының графигі вертикальді түзу болады:**  
А) Ақша ұсынысы тұрақты болғанда

- B) Ақша ұсынысы қысқарғанда
  - C) Ақша ұсынысы өскенде
  - D) Ақшаға сұраныс тұрақты болғанда
  - E) Ақшаға сұраныс өскенде
- 7. Несие беру принциптері:**
- A) Мерзімділігі
  - B) Қайтарылымдылығы
  - C) Ақылы болуы
  - D) Бір мақсатқа бағытталуы
  - E) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 8. Коммерциялық банктің артық резервтері – ол:**
- A) Резерв нормасы + салымдар
  - B) Салымдар - резерв нормасы
  - C) Нақты резервтер + міндетті резервтер
  - D) Нақты резервтер-міндетті резервтер
  - E) Не резерв нормасының салымға қатынасы
- 9. Орталық банктің ақша-несие саясатының аралық мақсаттарына не жатады?**
- A) Толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету
  - B) Пайыз мөлшерлемесі мен ақша массасы
  - C) Экономикалық өсу
  - D) Валюта нарығының тұрақтылығы
  - E) Баға тұрақтылығы
- 10. Маржа дегеніміз не?**
- A) Несиелер мен салымдар бойынша пайыз мөлшерлемесі арасындағы айырма
  - B) Банктердің пайызсыз түрде беретін несиелері
  - C) Несиелер мен салымдар бойынша пайыз мөлшерлемелерінің қосындысы
  - D) Банктердегі бағалы қағаздардың бір түрі
  - E) Несиелер мен салымдар бойынша ақша сомаларының теңесуі
- 11. Мыналардың қайсысы жанама салықтарға жатады?**
- A) Табыс салығы, акциздер
  - B) Мүлік салығы, қосылған құнға салынған салық
  - C) Акциздер, қосымша құнға салынған салық
  - D) Көлік салығы, акциздер
  - E) Жер салығы, акциздер
- 12. Субвенция дегеніміз не?**
- A) Белгілі бір даму мақсаттарына жұмсалатын мемлекеттік ақша жәрдемақысы

- В) Мемлекеттік салық жеңілдіктері
- С) Кәсіпорындар мен мекемелерге ақша қаражаттарын беру
- Д) Шығындарды жабу үшін берілетін ақша қаражаттары
- Е) Бірлесіп шаруашылық жүргізетін жеке тұлғалардың қажеттіліктеріне жұмсалатын ақша қоры

**13. Қаржы дегеніміз – бұл:**

- А) Қолма-қол және қолма-қолсыз нысандағы ақша қаражаттарын бөлу және қайта бөлудегі қатынастар жүйесі
- В) Қолма-қол нысандағы ақша қаражаттарын бөлу және қайта бөлудегі қатынастар жүйес
- С) Тек қолма-қол нысандағы ақша қаражаттарын бөлу және қайта бөлу, пайдаланудағы қатынастар жүйесі
- Д) Саяси, экономикалық және сфераларда көптеген қызметтер атқаруға қажет ақша құралдарын мемлекеттің құруы және пайдалануы
- Е) Өндірістік тауарларды сатып алуға, таратуға қажет ақшалар

**14. Салық мөлшері мен салық түсімдерінің көлемі арасындағы байланысты қандай қисық сипаттайды?**

- А) Салықтарға деген сұраныс қисығы
- В) Лоренц қисық сызығы.
- С) Лаффердің қисық сызығы
- Д) Филлипс қисығы
- Е) Салықтарды анықтау қисығы

**15. Мемлекеттің нарықтық экономиканы реттеу құралдары:**

- А) Фискалдық саясат
- В) Әлеуметтік саясат
- С) Сыртқы экономикалық саясат
- Д) Ақша-несие саясаты
- Е) Аталғандардың барлығы дұрыс

**16.  $M_2$  ақша агрегатына не жатады:**

- А) Қолма-қол ақша сомасы, мерзімсіз (ағымды) салымдар
- В) Қолма-қол ақша сомасы, мерзімсіз (ағымды) салымдар, үлкен емес мерзімдік салымдар
- С) Қолма-қол ақша сомасы, мерзімсіз, мерзімдік салымдар, сертификаттар, мемлекеттік займдардың облигациялары
- Д) Мемлекеттік займдардың облигациялары, сертификаттары
- Е) Тек қана қолма-қол ақша сомасы

**17. Коммерциялық банктің артық резервтері – ол:**

- А) Резерв нормасы + салымдар
- В) Салымдар - резерв нормасы
- С) Нақты резервтер + міндетті резервтер
- Д) Нақты резервтер-міндетті резервтер
- Е) Резерв нормасының салымға қатынасы

- 18. Банк ай сайын 4 % алады. Сонда 1 жылда банкке қанша пайда түседі:**  
А) 48 % В) 64 % С) 10 % D) 50 % E) 14 %
- 19. Несиелер мен салым ақшалар бойынша пайыз мөлшерлемесі арасындағы айырма не деп аталады?**  
А) Сыйақы мөлшерлемесі В) Трансферт С) Міндетті қорлар  
D) Маржа E) Биржа
- 20. Қандай банктің ақша шығару құқығы болады?**  
А) Ұлттық банктің В) Коммерциялық банктің  
С) Халықаралық банктердің D) Арнайы мамандандырылған банктердің E) Жинақ банктерінің
- 21. Мыналардың қайсысы салық элементтеріне жатпайды?**  
А) Салық объектісі В) Салық субъектісі С) Салық мөлшерлемесі  
D) Салық ауыртпашылықтары E) Салық жеңілдіктері
- 22. Шығындарды жабуға арналған ақшалай қаржылық көмек:**  
А) Субсидиялар В) Субвенциялар С) Дотациялар  
D) Қаржы бөлу E) Пайызды несиелер
- 23. Мемлекеттік бюджет тапшылыққа ұшырайды. Егерде:**  
А) Мемлекеттік шығын табыстан өссе В) Салық өссе  
С) Мемлекеттік табыс өссе D) Мемлекеттік шығын қысқарса  
E) Салық қысқарса
- 24. Ақшаның сатып алу қабілеті:**  
А) Инфляция кезінде артады  
В) Инфляция кезінде төмендейді  
С) Инфляцияға әсер етпейді  
D) Дефляцияға әсер етпейді  
E) Дағдарыс кезеңінде артады
- 25. Ақша массасы дегеніміз – бұл:**  
А) Тарихи қалыптасқан ақша айналысын ұйымдастыру формасы  
В) Қолма қол формадағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы  
С) Айналыс және қор жинау құралы қызметін атқаратын қолма-қол және қолма-қолсыз формадағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы  
D) Берілген елдегі евро және американ доллары және өндірістік дамыған елдердің басқа да валюталары  
E) Ақшаның салмағы мен көлемі
- 26. Банктік жүйе қандай деңгейлерден тұрады:**  
А) Орталық банктен және сақтандыру компанияларынан

- В) Орталық банктен және қаржылық-несиелік мекемелерден
  - С) Коммерциялық банктерден және қаржылық-несиелік институттардан
  - Д) Орталық банк, коммерциялық банктерден және қаржылық-несиелік институттардан
  - Е) Жинақтау банктері және Орталық банктен
- 27. Мыналардың қайсысы  $M_1$  ақша агрегатына жатады?**
- А) Мемлекеттік заим облигациялары
  - В) Депозиттік сертификаттар
  - С) Қолма-қол ақшалар
  - Д) Қолма-қол ақшалар мен чектік салымдар
  - Е) Банктегі ағымдық шоттар
- 28. Ақша ұсынысын азайту туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық банк:**
- А) Міндетті резервтер мөлшерлемесін арттыруы мүмкін
  - В) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатып алуы мүмкін
  - С) Есептеу мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
  - Д) Кәсіпкерлік құрылымдарды қаржыландыруды арттыруы мүмкін
  - Е) Міндетті резервтер мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
- 29. Салықтар (алымдар, баждар, т.б) дегеніміз не?**
- А) Заң актілерімен белгіленген тәртіп және шарттар бойынша бюджетке және бюджеттік емес қорларға төленетін міндетті төлемдер
  - В) Мемлекеттік бюджетке және бюджеттік емес қорларға төленетін міндетті төлемдер
  - С) Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін төленетін
  - Д) Мемлекеттің халыққа төлейтін міндетті төлемдері
  - Е) Жергілікті тұрғындардың мемлекетке төлейтін міндетті төлемдері
- 30. Банктің міндетті резервтері – бұл:**
- А) Банктің салым ақшалары
  - В) Банктің несиеге беруге тиіс ақша қорлары
  - С) Әр коммерциялық банктің орталық банкте сақтайтын салым ақшасы
  - Д) Банктің несиеге беруге тиіс артық ақша сомалары
  - Е) Банктің бағалы қағаздарды сатып алуға тиіс ақша сомалары
- 31. Мыналардың қайсысы мемлекеттік қаржыға жатпайды?**
- А) Мемлекеттік бюджет

- B) Мемлекеттік несие
- C) Мемлекеттік қарыз
- D) Мемлекеттік мекемелердің қаржысы
- E) Үй шаруашылықтары мен фирмалардың қаржысы

**32. Субсидиялар дегеніміз не?**

- A) Мемлекеттік мекемелерді қаржыландыруға берілетін ақшалар
- B) Мемлекеттік бюджеттен төленетін ақшалай көмек түрі
- C) Мемлекеттік бюджеттен төленетін жоспарланбаған төлемдер
- D) Кәсіпорындардың шығындарын жабуға арналған қайтарымсыз қаржы
- E) Әртүрлі салықтық жеңілдіктер беру

**33. Лаффердің қисық сызығы нені сипаттайды?**

- A) Мемлекеттік бюджетке төленетін салықтық түсімдердің тұрақтылығын
- B) Салық мөлшері мен салық түсімдерінің көлемі арасындағы байланысты
- C) Жекелеген тұлғалардың мемлекетке нақты қанша көлемде ақша төлейтіндігін
- D) Фирмалардың мемлекетке салықтарды төлемейтіндігін
- E) Салықтың нақты көлемі мен мемлекеттік шығындар арасындағы байланысты

**34. Мемлекеттік борыш дегеніміз – бұл:**

- A) Мемлекеттің тек өз халқына беретін қарыздары
- B) Мемлекеттің өз халқына, шетел мемлекеттеріне, ұйымдарына, адамдарына қарызы
- C) Мемлекеттің тек сыртқы қарыздары
- D) Мемлекеттің басқа елдің халықтарына беретін қарыздары
- E) Мемлекеттің басқа елдердің банктеріне беретін қарыздары

**35. Ақша агрегаттарын  $M_1$ ,  $M_2$ ,  $M_3$  деп бөлудің ерекшелігі:**

- A) Олардың өтімділік дәрежесі
- B) Айналыс жылдамдығы
- C) Қор жинау функциясы
- D) Төлем қызметі
- E) Баламалық құнын анықтау

**36. Арзан ақша-несие саясатын жүргізу кезінде:**

- A) Инвестиция қысқарады
- B) Пайыз мөлшерлемесі өседі
- C) Ақша ұсынысы артады
- D) Ақша ұсынысы қысқарады
- E) Салықтар қысқарады

**37. Банктердің инвесторлардан айырмашылығы қалай көрінеді?  
Олар:**

- A) Бағалы қағаздарды сатады және сатып алады
- B) Капиталдың көзі болып табылады
- C) Депозиттерді тарту арқылы ақша ресурстарын шоғырландырады
- D) Тартылған ресурстарға ақша төлейді
- E) Тұрғындармен жұмыс істемейді

**38. Міндетті банктік қорлар дегеніміз – бұл:**

- A) Мемлекет қазынаның депозиттері
- B) Халықтың кез келген депозиттері
- C) Орталық банктегі коммерциялық банктердің міндетті түрде сақталуы керек депозиттері
- D) Коммерциялық банкте сақталатын ақша массасы
- E) Коммерциялық банктің Орталық банкке қарызы үшін төлейтін пайызы

**39. Үлкен жедел салымдар қандай ақша агрегатына кіреді:**

- A)  $M_0$  B)  $M_1$  C)  $M_2$  D)  $M_3$  E) L

**40. ҚР-да қандай салық түрі қолданылмайды:**

- A) Корпорациялық табыс салығы
- B) Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары
- C) Жер салығы
- D) Әлеуметтік салық
- E) Корпорацияның бөлінбеген пайдасына салынатын салық



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА. МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫ

**Мақсаты:** халықаралық сауданың негізгі теорияларына жалпы шолу жасау және мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының негізгі ерекшеліктеріне сипаттама беру. Сонымен қатар Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесін талқылау.

### Талқылау сұрақтары:

- 15.1. Халықаралық сауда және оның негізгі теориялары;
- 15.2. Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты;
- 15.3. Төлем балансы және валюта бағамы;
- 15.4. Қазақстанның әлемдік экономикадағы қазіргі орны мен рөлі;
- 15.5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі.

**Негізгі ұғымдар:** әлемдік нарық, халықаралық еңбек бөлінісі, абсолютті артықшылықтар, салыстырмалы артықшылықтар, Хекшер-Олин дәлелдемесі, жаһандану, сыртқы сауда, экспорт, импорт, сыртқы сауда балансы, протекционизм, еркін сауда саясаты, төлем балансы, валюта бағамы, девальвация, ревальвация,


### 15.1. Халықаралық сауда және оның негізгі теориялары

Қазіргі әлемдік нарық өзіндік күрделенген жүйе ретінде ұлттық шаруашылықтар арасындағы қалыптасқан сауда-саттық қарым-қатынастары-мен сипатталады. Бұл жерде тауарлар мен қызметтер, жұмыс күші, капиталдың түрлері, технология, валюталар сатылуы және сатып алынуы мүмкін.

Әлемдік нарықтың қалыптасуы мен дамуы: **халықаралық еңбек бөлінісімен (ХЭБ)** тығыз байланысты. ХЭБ бірнеше факторлармен анықталады. Ол әлем елдерінің өндірістік шарттарының алуан түрлілігі жағдайында дамиды. Әлем елдерінің табиғи ресурстарға, капиталға, еңбек ресурстарына, технологияға және тағы басқаларына әртүрлі иелік етуі (мысалы, бір ел пайдалы қазбаларға өте бай, ал басқа бір елде олар мүлдем тапшы болуы мүмкін) олардың өндірістік мүмкіндіктерінің бірдей болмайтындығына алып келеді. Адамдар өнімнің барлық түрін өндіргісі келеді, бірақ бұл кейбір жағдайларда тиімсіз және мүмкін емес болып табылады.

Осындай мәселелерге бірінші болып классиктер **Адам Смит** пен **Давид Рикардо** көңіл бөлді. А.Смит: «кез келген өнімді кез келген елде өндіруге болады, бірақ олардың шығындары өте жоғары және сапасы төмен болуы мүмкін, сол себепті, елдер өндірісі арзанға түсетін тауарлар мен қызметтердің түріне маманданғаны дұрыс», деп жазды. Олай болса, қазіргі әлемдік нарық сыртқы сауданың тиімділігімен түсіндіріледі. Смитше, әлемдік сауданың тиімділігі қандай да бір елдің өндіріс шығындары деңгейінде басқа бір елге қарағанда абсолютті артықшылыққа ие болуынан көрініс табады. Осылайша, А.Смит **абсолютті артықшылықтар теориясын** қалыптастырды. Ал Д.Рикардо болса, өзінің әйгілі **салыстырмалы артықшылықтар теориясын** дамытты. Айталық, Қазақстанға Қырғыз Республикасына қарағанда бидай мен мата өндірісі арзанға түседі. Егер бұлай болса, онда Қазақстанға Қырғыз Республикасымен саудаласудың мүлдем қажеті жоқ.

Алайда, салыстырмалы шығындар теориясына сәйкес екі ел арасындағы сауда тиімді болып табылады. Айталық, Қазақстанда бидайдың 1 бірлік құны матаның 1,5 бірлік құнына тең. Ал Қырғыз Республикасында бидайдың 1 бірлігі матаның 2 бірлігіне тең. Егер, Қырғыз Республикасына бидай шығарсақ, онда оның құнына матаның 2 бірлігін алуға болады. Олай болса, матаға қарағанда бидайды Қазақстанда өндірген аса тиімді болып табылады.



15.1-сурет. Салыстырмалы артықшылықтар

Суреттен көріп отырғанымыздай, Қазақстанның ішкі нарығында бидайдың 300 бірлігі 450 бірлік матаға айырбасталар еді (**ab** сызығы). Ал егер бидайды Қырғыз Республикасына шығарсақ, онда оған 600 бірлік мата алуға болады (**ac** сызығы).

Қырғыз Республикасы үшін ішкі нарықта 600 бірлік матаға 300 бірлік бидайды айырбастауға болады (**de** сызығы). Ал егер ол матаны Қазақстанға сатса, онда оған 450 бірлік бидай ала алады (**fe** сызығы).

Егер Қазақ Республикасы үшін сыртқы саудадан болатын ұтыс *ac* аралығын құраса, онда Қырғызстан үшін бұл ұтыс *df* аралығын қамтиды. Сонымен, екі елдің салыстырмалы шығындарын осылайша есептеу сыртқы сауданың дамуына мүмкіндік жасайды.

Швед экономистері **Эли Хекшер** мен **Бертиль Олин** Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясын әріқарай дамытты. Олардың ойын-ша, сыртқы саудаға түсетін өнімдердің шығындары өндіріс факторларының салыстырмалы бағаларымен, технологиямен және сұраныс пен ұсыныстың жағдайына байланысты анықталады. Әлем елдерінде еңбек, капитал, жер және ғылыми жетістіктер сияқты өндірістің негізгі факторларының әртүрлі үлестірілуіне байланысты өнімді экспорттаудың сипаты табиғи, еңбектік, капиталдық, және ғылымды қажет ететін болып бөлінуі мүмкін.

Осындай ерекшеліктерге қатысты, **Хекшер-Олин дәлелдемесі** қалыптас-ты: мәселен, капитал артықшылығына ие ел капитал сиымды тауарларды экспорттайды немесе сол елде жұмыс күші көп болса, онда еңбек сиымды тауарларды сыртқа шығарады. Демек, қандай да бір елде белгілі бір фактор тапшы болса, онда ол ел сол фактордың көмегімен өндірілген тауарларды импорттайды.

Қазіргі әлемдік шаруашылық ХЭБ және ұлттық экономикалардың ынтымақтастығы негізінде туындайтын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, әлемдік шаруашылықтың пайда болу шарты ең алдымен, ХЭБ-ке негізделеді. **ХЭБ** – бұл жекелеген елдерде өнімнің белгілі бір түрін өндіруге тұрақты түрде мамандану және шоғырлану. ХЭБ-ның аса маңызды алғышарты болып өндіріс факторларының халықаралық бөлінісі табылады. Өндірістің барлық факторлары былай бөлінеді:

1. Негізгі факторлар – бұл елге табиғаттың сыйы ретінде берілген және тарихи ұзақ жылдар бойы қолданылып келетін факторлар;
2. Дамыған факторлар – бұл интенсивті ізденістер мен капитал салымдарының нәтижесінде игерілген факторлар;
3. Жалпы факторлар – бұл әртүрлі салаларда қолданылатын факторлар;
4. Ерекше факторлар – бұл бір салаға арналған немесе өнімнің белгілі бір тар топтарын жасау үшін қажетті факторлар.

Қазіргі әлемдік шаруашылық үшін өндіріс факторларының халықаралық алмасуының дамуы, екі жақты және көп жақты жүйелер, көптеген мемлекеттер мен мемлекетаралық бірлестіктер шеңберіндегі ашық экономиканың пайда болуы тән.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) және Халықаралық Валюталық Қордың (ХВҚ) стандартты жіктемесі әлемнің 184 елін қамтиды және келесідей топтарды бөліп көрсетеді:

**1. Индустриалды елдер**, оларға әлемдік экспорттың 2/3-сі және әлемдік ЖІӨ-нің 50%-дан астамы келеді. Бұл – Солтүстік Американың, Батыс Еуропаның және Тынық мұхит бассейнінің 24 мемлекеті.

**2. Дамушы мемлекеттер** – бұл Азияның, Африканың және Латын Америкасының 132 елі.

**3. Өтпелі экономикалы елдер** – бұл Орталық және Шығыс Еуропаның, бұрынғы КСРО-ның 28 мемлекеті.

Дүниежүзілік банктің (ДБ) жіктемесіне байланысты әлемнің 209 мемлекеті табыстар деңгейі бойынша:

1. Табысы аса жоғары дамыған мемлекеттер;

2. Табысы жоғары мемлекеттер;

3. Табысы орташа дамушы мемлекеттер;

4. Табысы төмен дамушы мемлекеттер, болып негізгі төрт топқа бөлінеді.

Әлемнің барлық мемлекеттері экономикалық дамудың қандай деңгейінде тұрса да олар бүгінгі күні барлық адамзаттың мүдделеріне қайшы келіп отырған жаһандық мәселелермен соқтығысып отыр. Қазіргі уақытта жаһандық мәселелерге демографиялық, азық-түліктік, экологиялық мәселелерді және әлемдік ядролық соғыс қаупін жатқызуға болады. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық экономикалар ашықтылық дәрежесіне байланысты экономикалық дамудың әртүрлі деңгейін бастан кешіп отыр.

**Жаһандану** – бұл әлемдік экономикаға бірігуді күшейтудің үдерістері. Жаһанданудың пайда болу нысандары халықаралық экономикалық қатынастардың қазіргі түрлерімен тығыз байланысты болып табылады. Оларға тауарлар мен қызметтердің әлемдік саудасы, экономикалық интеграция, өндіріс факторларының әлемдік жылжуы, ғылым мен техника саласындағы айырбас, халықаралық валюталық-несиелік қатынастар жатады. Жаһанданудың арқасында әлемдік шаруашылық: фирма ішілік айналымның әлемдік саудадағы үлесінің өсуі, сияқты аса күрделі, әрі терең өзгерістерге ұшырады тікелей инвестициялардың, банктік операциялардың және қаржылық активтердің өсуі. Жаһанданудың қазіргі теориясы еркіндік моделіне, яғни мемлекет қызметін шектеуге, нарықты жан-жақты қолдауға және дамытуға, әлемдік бағалар негізінде ресурстарды тиімді бөлуге және қолдануға сүйенеді. Бұл жерде мұндай шаралар ұлттық саясаттың

мақсаттарына қайшы келмеуі тиіс. Алайда, жаһандану жағдайында осылай дамудың да өзіндік кемшіліктері бар. Соңғы 30 жылдың ішінде бай елдер мен кедей елдер арасындағы алшақтық көбейе түсті, жұмыссыздық әлемдік деңгейде өсе түсті, табыстағы пайданың үлесі артып жалақы деңгейі төмендеді, экономикалық өсудің қарқыны бәсеңдеді. Дегенмен, жаһанданудың артықшылықтары да бар: біріншіден, адамдар арасында – олар меншік иелері, табыс алушылар, біліктілігі бар жұмыскерлер; екіншіден, фирмалар арасында – олар ірі, халықаралық, жаһандық бизнес өкілдері, технологиядағы көшбасшылар; үшіншіден, мемлекеттер арасында – капитал мен технологияны экспорттаушылар, таза кредиторлар, инфрақұрылымы жақсы дамыған және тиімді экономикасын құра білген мемлекеттер.

Қазіргі жаһандану жағдайында халықаралық сауда мен әлемдік шаруашылықтың даму стратегиясының мақсаты болып әлем елдерінің ұлттық мүдделерін қорғаштау және даму мақсаттарына қол жеткізу үшін тиімді экономикалық кеңістікті жасау табылады.

## 15.2. Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты

Мемлекеттің сыртқы саудаға араласу ауқымына байланысты сыртқы сауда саясаты:

**1. Еркін сауда саясаты** (Фритредерлік). Ішкі нарықтарды шетелдік капитал мен қызметтерге ашуды көздейтін және экспорт пен импортты шектемейтін іс-әрекет;

**2. Протекционистік сауда саясаты** (қорғаныштық). Ішкі нарықтарды шетелдік тауарлардан қорғауға бағытталған және импортты шектейтін әрекеттер болып екіге бөлінеді.

Бұл екі саясаттың өзіне артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Еркін сауда саясатының *артықшылықтары*: бәсекелестікті ынталандырады; монополияны шектейді; өндірістің тиімділігі жоғарылайды; бағалар төмен дейді; тауар таңдау мүмкіндігі артады; халықаралық еңбек бөлінісі жақсара түседі; елдер бір-бірімен жақындасып, ынтымақтастығы артады. *Кемшіліктері*: ұлттық экономиканы шетелдік бизнестің теріс әсерінен қорғаудың болмауы; ішкі нарықтарды жаулап алу немесе демпингтің орын алуы; сапасыз өнімдердің өткізілуі және т.б.

Протекционизмнің *артықшылықтары*: сауда балансын тепе-теңдікке келтіреді; демпингтен қорғайды; ұлттық өндіріс салаларының өсуін ынталандырады; жас салаларды қорғайды.

*Кемшіліктері:* өндірістің тиімділігі төмендейді; бағалар өседі; тауарды таңдау мүмкіндіктері тарылады; халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтары қолданылмайды; экспорттық қатынастар үзіледі.

Сонымен, фритредерлік саясат сыртқы сауданың ешқандай кедергілерін-сіз елдер арасындағы тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалуын жақтаса, ал протекционистік саясат ұлттық өндірісті қолдау үшін елге шетелдік өнімнің келуін шектеуді қарастырады.

Сыртқы сауданы мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері *тарифтік* және *тарифтік емес әдістер* болып бөлінеді. Сыртқы сауданы реттеудің тарифтік құралдарына кедендік баж салығы мен тарифтік квота жатады. Тарифтік емес құралдарға квоталау, лицензиялау, еркін экспорттық шектеулер, жасырын және қаржылық әдістер, экономикалық емес әдістер жатады.

Мемлекеттер арасындағы сыртқы сауданы реттеуді және өндіріс факторларының өзара қозғалысын қазіргі уақытта Халықаралық валюталық қор, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Дүниежүзілік банк және Біріккен Ұлттар Ұйымы жүзеге асырады.

Сондай-ақ, сыртқы сауданың мемлекеттік реттеу бір жақты, екі жақты және көп жақты болуы мүмкін.

### **Қазақстанның сыртқы сауда саясаты**

Қазақстанның сыртқы сауда саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде сыртқы секторды реттеуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды қарастырады. Бұл жерде мемлекеттің сауда саясаты ішкі және сыртқы жағдайлардың өзгерісіне бейімделіп, жаһанданудың артықшылықтарын максималдау және одан болатын ықтимал қауіп-қатерлерді азайтып отыруы тиіс.

Қазіргі уақытта, сыртқы сауда саясатында екі негізгі міндет айқындалып отыр:

**1. Отандық тауарлардың бәсекелік қабілеттілігін көтеру және отандық өндірушілерді қорғау.**

**2. Тұтынушыларды қорғау және ұйымдастырылған сауданы дамыту үшін жағдайлар жасау.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі сыртқы сауда саясатын жүргізу кезінде келесідей құралдарды қолданады:

1. Кедендік-тарифтік құралдар, бұл импорттық және экспорттық кеден баждарын қолдануға негізделеді.

Қазақстандық кедендік-тарифтік саясатты құрудың тактикасы қандай да бір өнім нарығының жағдайын тұрақты түрде бақылап отыру, нарықтың жағдаятына жылдам бейімделу және тиімді протекционизмді қамтамасыз ету қажеттілігінен шығады.

Мұндай жағдайда, отандық өндірушілер үшін қолайлы бәсекелік ортаны жасау мақсатында кедендік баж салықтарының максималды мөлшерлемелері дайын бұйымдарға қойылады, орташа мөлшерлемелер жинақтаушы бұйымдарға, ал төменгі мөлшерлемелер шикізатқа және әлеуметтік маңызы бар тауарларға белгіленеді.

Кеден баждары мөлшерлемелерінің өзгеруі және бекітілуі сыртқы сауда тиімділігінің көрсеткіштеріне, әлемдік нарықтың жағдаятына және Кедендік Одақ пен Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықтың шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерге, сонымен қатар Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үдерісіне тәуелді болып табылады.

Көптеген жағдайларда импорттық кеден баждары мөлшерлемелерінің деңгейі отандық тауар өндірушілердің бастамасымен өзгеріп отыратындығын да айқан жөн.

Жалпы алғанда, Қазақстанның кедендік-тарифтік саясаты еркіндікке негізделген. Іс жүзіндегі импорттық кеден баждарының орташа деңгейі 10,6 %-ды құрайды.

Сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жекелеген жағдайларда жеңілдетілген кедендік-тарифтік тәртіпті қолданады.

ТМД шеңберінде келісілген еркін саудаға сәйкес осы елдерден Қазақстан аумағына кіретін тауарларға кедендік баждар салынбайды. Сондай-ақ республикада өндірілмейтін тауарларға және ұлттық жеңілдіктер жүйесін қолданатын дамуы төмен елдерде (47 мемлекет) жүретін бірқатар тауарларға кеден салықтары салынбайды. Дамушы елдерге (104 мемлекет) де 75%-ға дейін төмендейтін импорттық кеден баждарының мөлшерлемесі түрінде жеңілдікті тәртіптер қарастырылады. Бұдан басқа, экспортты ынталандыру мақсатында экспорттық кеден баждары мүлдем қолданылмайды десе де болады. Кеден салықтары салынатын экспорттық тауарлардың тізімі тым шектеулі, оларға тері, жүн, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері, кара және түсті металл өнімдері жатады.

2. Тарифтік емес құралдар, бұл антидемпингтік шаралар, қорғау шаралары, әртүрлі шектеулер мен тыйым салулар, сан жағынан шектеулер, квоталау, тауарларды сыртқа шығару мен оларды сырттан әкелу бойынша мемлекеттік монополия, лицензиялау, техникалық жағынан реттеу, т.б.

Реттеудің тарифтік емес шаралары Қазақстанның қазіргі жүргізіп отырған экономикалық саясатынан, Қазақстан Республикасы

тәуелсіздігінің экономикалық негіздерін қорғаудан, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттерді орындауынан, ішкі тұтынушылық нарықты қорғаудан қалыптасып туындайды.

### 15.3. Төлем балансы және валюта бағамы

**Валюта** – бұл халықаралық есептеулерде қолданылатын ақша құралдары.

Валюталық жүйе деп халықаралық есептесу құралдарын қолданудың саясаты мен тәжірибесін айтады. Адамзат баласының даму тарихында валюта жүйесінің бірнеше түрлері орын алды. Соларға тоқталып өтейік.

**1. Алтын стандарт (1879-1934 ж.).** Валютаның бұл жүйесі үшін алтын монеталарды еркін басып шығару және оларды айналымға жіберу, банкнота-ларды алтынға (құймаларға және монеталарға) айырбастау құбылыстары тән болды. Алтынды сыртқа шығаруға және оны сырттан әкелуге рұқсат етілді. Айналымдағы ақшаның саны ресми алтын қорымен анықталып отырды. Ал алтынның бағасы тіркелген болып табылды. Алтын стандарт жүйесі ақша айналымының тұрақтылығын қамтамасыз етеді, төлем балансының жағдайын автоматты түрде реттейді.

Алтын стандарт жүйесінің қалай жұмыс істейтіндігін түсіндіру үшін біз мынадай мысал келтіреміз. Айталық, АҚШ пен Англияның төлем балансында тапшылық орын алды. Американдықтар Англиядан тауарларды көп импорттады, ал өзі сол елге тауарларды аз экспорттады. Бұл жағдайда төлем балансының тапшылығы алтынмен жабылады. АҚШ елінен алтын сыртқа ағылады. Бұл елде ақшаның саны азаяды. Төлем қабілеттілігі бар сұраныс азайып бағалар да төмендейді. Бұл дұрыс па, әлде дұрыс емес пе? Дұрыс, өйткені АҚШ төмен бағамен өз тауарларын экспорттау қабілеттілігін жақсартады. Ал шетелден тауарларды импорттау шектеледі, себебі алтынның Англияға көптеп келуі сол елде ақшаның санын көбейтеді. Англияда бағалар өседі, тауарларды экспорттау қиындатылады. Алтын стандарт жүйесі төлем балансының жағдайын осылайша автоматты түрде реттейді.

Алтын стандарт жүйесінің осындай артықшылығы бола тұра, оның кемшілігі ретінде мемлекеттің араласуын шектеу қарастырылады. Ішкі экономикалық даму төлем балансы жағдайына толық бағынышты, яғни сыртқы экономикалық байланыстарға тәуелді болып табылады.



Бұл жүйе тек алтын бар болғанда ғана жұмыс істейді. Егер қандай да бір ел алтынды өндірмесе немесе оны сыртқа жіберіп алса, онда сол ел алтын стандарт жүйесіне қатысудан шет қалады.

Сонымен, алтын стандарт жүйесі бір жағынан, ақша айналысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді және инфляциялық құбылысты болдырмайды, ал екінші жағынан, экономиканы әлемдік нарыққа тәуелді етеді, ішкі экономикалық саясатта таңдау еркіндігін шектейді.

Бұл жүйенің жағымды жақтарын қалдырып, теріс жақтарын жою үшін алтын девиздік жүйе немесе бреттон-вудтық валюта жүйесі пайда болды.

2. Бреттон-вудтық валюта жүйесі (1944-1971 ж.). Алтын девиздік деген атаудың қалыптасуы қағаз ақшалар-девиздердің әлемдік валюталар қызметін атқара бастауынан орын алды. Бұл жүйе кезінде ішкі экономикалық саясат әлі де болса төлем балансының жағдайына тәуелді болды. Алтын жүйенің негізі ретінде жұмыс істей берді. Бірақ алтындық мазмұны бар бір ғана валютаның рөлін АҚШ-тың доллары атқарды. Ал қалған валюталар долларға, содан соң доллар арқылы алтынға теңестіріліп отырды. АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесі (ФРЖ) басқа елдердің орталық банктерімен келісім жүргізуде 1 троя унциясына<sup>4</sup> 35 доллар болып бекітілген баға бойынша алтынды сатып алуды және сатуды жүзеге асырды.

Валюталық бағамдар тіркелген болды. Валюталық қатынастар Халықаралық валюталық қормен (ХВҚ)<sup>5</sup> бақыланып отырды. ХВҚ-ның міндеттеріне: валюта бағамдарын тұрақтандыру үшін несиелер беру, қаржы жүйесін сауықтыру бойынша ұсыныстар жасау, валюталық паритеттерді бақылау кірді. Алтын девиздік жүйенің пайда болуы мемлекеттердің ішкі экономикалық саясатының тәуелсіздігін күшейте түсті.

Алтынды, ХВҚ-ның несиелерін пайдалану арқылы валюта бағамын ұстап тұруға болды. Бірақ ең бастысы, төлем балансының жағдайын ұлттық валюта бағамын өзгерту есебінен ғана жақсартуға болады. Алтын стандарт бұл құралды қолданбады. Ал алтын девиздік жүйе ұлттық мемлекетке валюта бағамын 10%-дық паритет аралығында өзгертуге мүмкіндік берді.

---

<sup>4</sup> **Халықаралық валюталық қор** – 1944 жылы АҚШ-та Бреттон-вуд конференциясы аясында құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы мекемесі болып табылады. Қор қысқа мерзімді және орта мерзімді несиелер береді.

<sup>5</sup> **Халықаралық валюталық қор** – 1944 жылы АҚШ-та Бреттон-вуд конференциясы аясында құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы мекемесі болып табылады. Қор қысқа мерзімді және орта мерзімді несиелер береді.

XX ғасырдың 70-жылдары басында бреттон-вудтық жүйе дағдарысқа ұшырады. Валюталардың тіркелген айырбас бағамдарын ұстап тұру ХВҚ-ға мүше-елдердің бірыңғай экономикалық саясатты жүргізіп отыруын талап етті. Алайда, бұл мүмкін болмады. Өртүрлі елдерде инфляция қарқыны шарықтап мәселелер көбейе түсті. Жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін алтынның ұсынысы жеткіліксіз болды.

Алтын девиздік жүйенің қарама-қайшылықтары оны жаңа валюталық жүйеге – басқарылатын құбылмалы валюта бағамдары жүйесіне ауысу қажетті-лігіне алып келді.

**3. Басқарылатын құбылмалы валюта бағамдары жүйесі** (Ямайкалық валюталық жүйе) (1971 ж.). Жаңа валюталық жүйеде оның алтынмен байланысы заң жүзінде жойылды. Ешқандай да валютаның алтындық мазмұны болмайтын болды және алтынға айырбасталмайтын болды.

Валюта жүйесін реформалау долларды резервтік валюта ретінде шеттетуге бағытталды. Ұлттық валютаны ұжымдық валютамен ауыстырудың қажеттілігі туындады. Қазіргі заманғы әлемде екі ұжымдық валюта: арнаулы өзара қарыз құқықтары (SDR – Special Drawing Right) және еуропалық валюта бірлігі (еуро) орын алып отыр.

**SDR** – бұл Халықаралық валюталық қорға қатысушы елдердің өзара есеп айырысуы үшін осы қор 1969 жылы ұйымдастырған материалдық формасы жоқ ұжымдық валюта өлшемі. СДР-ды бағалау құрамында доллар – 42%-дан, батыс еуропалық ақша бірліктері (стерлинг фунты, франк, марка, олар қазіргі уақытта еуро) – 45%-дан, йена – 13%-дан құралатын валюта «қоржыны»<sup>6</sup> негізінде жүзеге асырылады.

**Еуро** – бұл Экономикалық және валюталық одаққа мүше болып санала-тын 12 елдің ұжымдық валютасы. Еуроның теориялық негіздерін Нобель сыйлығының иегері, оңтайлы валюта зонасы үлгісін құрушы Роберт Манделл қалаған. Еуроның әрекет ету тәртібі Еуропалық Одақтың Орталық банкімен анықталады. Басқа елдердің еуровалюталық одаққа қосылуы үшін бірқатар шарттарды орындауы қажет. Біріншіден, мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 3%-нан, екіншіден, мемлекеттік қарыз көлемі ЖІӨ-нің 60%-нан аспауы керек. Үшіншіден, инфляция деңгейі өзінің минималды деңгейінен тек 1,5% аралығында ғана аса алады.

---

<sup>6</sup> **Валюта «қоржыны»** – орташа бағамы есеп айырысатын валюта өлшемін белгілеу кезінде негізге алынатын валюталар жиыны.

Сонымен, жаңа валюталық жүйе құбылмалы валюта бағамдарын енгізеді. Ұлттық экономиканың сыртқы экономикалық байланыстарға бейімделуі валюта бағамын өзгерту арқылы жүріп отырды. Аталмыш валюта жүйесінде валюта бағамдары нарықтық күштер арқылы құбылып қана қоймай, мемлекет арқылы да олар басқарылып отырады.

Сондықтан валюта бағамдарының тұрақтылығы ұлттық экономиканы бірлесіп реттеу шараларына жүгінуге тиіс. Ал валютаның тұрақсыздығы экономикалық құрылымның бұзылуының көрінісі болып табылады.

### **Төлем балансының құрылымы**

**Төлем балансы** белгілі бір уақыт аралығында шетелдік мемлекеттерге төленген жалпы төлемдер мен шетелдік мемлекеттерден алынған жалпы төлемдер арасындағы айырманы білдіреді. Төлемдерге алтын, тауарлар мен қызметтердің құны, туризмнен келген табыстар мен шығындар, капиталдың түрлері мен инвестициялар, пайыздарды, дивидендтерді және несиелерді төлеу жатады. Егер түсімдер төлемдерден асып кетсе, онда төлем балансының жағдайы активті болады немесе төлемдер түсімдерден асып кетсе, онда төлем балансы пассивті болып соңында оның тапшылығы орын алады.

Төлем балансының жағдайын валюта бағамы анықтайды.

Төлем балансының құрылымына келетін болсақ, ол ағымдық операциялар балансынан және капитал қозғалысы балансынан құралады. Ағымдық операциялар балансы өз кезегінде сауда балансынан, қызметтер балансынан және трансферттік төлемдер балансынан құралады. Ал капитал қозғалысы балансы ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік капитал салымдарының келуі мен кетуін білдіреді.

Төлем балансының жағдайы ұлттық экономиканың әрекет ету сапасының аса маңызды көрсеткіші ретінде көрінеді. Мемлекет оның жағдайын мұқият қадағалап отырады. Шығындардың табыстардан артып кетуі ұлттық валютаның беделіне нұсқан келтіріп, оны құнсыздандырады. Ел қарызға тап болады, кейін оған қызмет көрсетіп қайтару керек болады. Ал табыстардың шығындардан жүйелі түрде артып кетуі ел үшін қолайлы болғанымен, ол басқа әріптес-елдердің төлем баланстарының тапшылығына алып келеді.

Егер төлем балансы капиталды шетелден тарту есебінен жақсартылса, онда бұл болашақта бірқатар келеңсіз жағдайларға алып келуі мүмкін (қарыз, шетел инвестицияларына табыстарды қайтару).

Сондықтан табыстар мен төлемдерді теңестіруді ең тиімді бағыт деп санайды.

Валюта бағамы оның ревальвациясы және девальвациясы арқылы төлем балансының жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады. **Ревальвация** – бұл валюта бағамының басқа валютаға қарағанда көтерілуі. **Девальвация** – бұл валюта бағамының басқа валютамен салыстырғанда төмендеуі.

**15.1-кесте.** Ревальвация мен девальвацияның төлем балансының жағдайына әсер етуі

	Сауда балансына әсері	Капитал балансына әсері	Төлем балансына әсері
Валютаның ревальвациясы	Экспорт ↓ Импорт ↑ Қорытынды: нашарлайды	Экспорт ↑ Импорт ↓ Қорытынды: нашарлайды	Нашарлайды
Валютаның девальвациясы	Экспорт ↑ Импорт ↓ Қорытынды: жақсарады	Экспорт ↓ Импорт ↑ Қорытынды: жақсарады	Жақсарады

Егер валютаның ревальвациясы төлем балансын нашарлататын болса, онда ол не үшін жүргізіледі деген заңды сұрақ туындайды. Бұл мәжбүрлі шара болып табылады. Ревальвацияны жүргізудің қажеттілігі экспорты импорттың асып кеткен елдерде туындайды. Мұндай асып кету басқа әріптес-елдерде сауда балансы тапшылығының орын алуын білдіреді.

Валютаның девальвациясын төлем балансының тапшылығын (импорттың экспорттан артып кетуі) көріп отырған елдер жүргізуге мәжбүр болады.

#### **15.4. Қазақстанның әлемдік экономикадағы қазіргі орны мен рөлі**

Қазақстан бірқатар тауарларды өндіру, ең алдымен, шикізаттар мен жартылай фабрикаттарды, қуат көздерін өндіру бойынша әлемде алдыңғы қатарлы орындарды иеленеді. Бұл бір жағынан, Қазақстанның табиғи ресурстарға бай екендігін, ал екінші жағынан, еңбек пен капиталдың экспортқа бағытталған және пайдасы мол салаларда шоғырланудың өте үлкен дәрежесі бар екендігін көрсетеді. Қазақстанның әлемдік экономикадағы бет-бейнесін:

1. Мұнай, көгілдір отын, электроэнергия;
2. Қара металлургия, минералды тыңайтқыштар, мақта-мата кездемесі, ағаш өнімдері;
3. Астық өнімдері, сүт, әртүрлі жемістер анықтайды.

Көптеген өнімдер бойынша, соның ішінде жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жеңіл автокөліктер өнімдері бойынша Қазақстанның әлемдік экономикадағы орны әлі де болса төмен. Өкінішке орай, Қазақстанның машина жасау кешеніндегі орны өзінің тиісті деңгейінен қалып қойып отыр. Оған бірқатар факторлар жауап береді: инвестициялық сұраныс төмен, бәсекелік қабілеттілігі мардымсыз, көптеген машина жасау фирмаларының экспорттық белсенділігі төмен, т.б.

Қазақстанның әлемдік экономикадағы орны мен рөлін сипаттайтын көрсеткіштердің қарқынын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді үдерістер, жалпы әлемдік экономикамен салыстырғанда елдің экономикалық даму қарқынын арттыратын және оны тежейтін факторлар анықтайды. Кеңес Одағы ыдырап, егеменді ел болғаннан кейін Қазақстан 90-жылдардағы өндірістің терең құлдырауын бастан кешіріп, әлемдік экономиканың даму көшінен тым артта қалды.

Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан өзінің жағдайын әлі де болса жақсарта алмаса да, республикада соңғы жылдары тұрақты экономикалық өсу байқалып отыр (бұл әрине, 2008 жылы орын алған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстан кейін). Қазақстан ЖІӨ үлесі мен экономикалық даму бойынша 90-жылдары жоғалтып алған деңгейін қайта қалпына келтіре алды. Жыл сайын ЖІӨ өндірісі орта есеппен 7,0-7,5%-ға өсіп келеді.

Осы уақытқа дейін, Қазақстанның экономикалық өсу қарқынының жылдамдауына салыстырмалы түрде қысқа және ұзақ мерзімді факторлар әсер етті.

Қысқа мерзімді факторлар:

1) 1998 жылы болған Азиялық дағдарыс нәтижесінде теңгенің құбылмалы бағамын енгізу, бұл экспорттық өндірістің барлық түрлерін ынталандырды;

2) мұнай мен газға, көптеген шикізат түрлеріне және жартылай фабрикаттарға әлемдік бағалардың көтерілуі;

3) жақын шет мемлекеттерден еңбек ресурстарының ағылуы.

Ұзақ мерзімді факторлар:

1) біліктілігі жоғары жұмыс күші әлеуетінің бар болуы;

2) алдыңғы қатарлы озық технологияларды қолданудың кең мүмкіндіктері;

3) Қазақстан территориясында Еуропа мен Азияны байланыстыратын трансұлттық көлік жолдарының дамуы;

4) жеке және мемлекеттік секторларда жинақталған ірі қаржы ресурстарының болуы.

Қуат көздерін, шикізат пен жартылай фабрикаттарды экспорттауды әріқарай дамыту ұзақ мерзімді жоспарда Қазақстанның экономикалық өсу қарқынының факторы ретінде қарастырыла алмайтындығын атап өткен жөн. Өйткені ЖІӨ-ді арттыруда энергия мен материалды көп қажетсіну ұзақ мерзімде төмендейтін үрдіс болып табылады, олай болса, шикізат көздеріне әлемдік сұраныстың өсу қарқыны келешекте әлемдік ЖІӨ-нің өсу қарқынынан қалып отырады.

Ұзақ мерзімді басымдықтарда Қазақстанның үдемелі экономикалық өсуі тиімділігі жоғары ғылымды көп қажет ететін өндірістерді және қызметтер көрсету салаларын дамыту негізінде ғана мүмкін болады. Осындай негізде ғана әлемдік технологияларды игеру, экономиканың тиімділігі мен халықтың табыстарын тұрақты түрде көтере алу мүмкін болады.

Сыртқы сауданың қазіргі тауарлық құрылымы Қазақстанның ЖІӨ-ін өсірудің факторы бола алмайды. Енді өндірістің барлық секторларын жаңғыртуда инвестицияларды маңызды түрде арттыру және жалпы алғанда, ұлттық экономиканың бәсекелік қабілеттілігін көтеру қажет.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік ұғымы кең мағынада халықтың денсаулығы, білім беру мен ғылым, инфрақұрылым жүйелерінің дамуы, қаржы-несие саласының жағдайы, қоғамдық тәртіп және басқалары сияқты жиынтық факторлардан құралады.

**Ұлттық бәсекеге қабілеттілік** ашық экономика мен жаһандану жағдайында ұлттық шаруашылықтың әлемдік нарықта бәсекелік күрестің негізгі субъектісі ретінде сапалы тауарлар мен қызметтерді өндіруін және оларды әлемдік бағамен сатуын, шетел капиталы мен еңбек ресурстарын тарта алуын, өзгеретін сұранысқа тез бейімделе алуын білдіреді.

Бірқатар халықаралық ұйымдар ұлттық шаруашылықтардың бәсекелік қабілеттілік рейтингісін анықтайды. Солардың ең негізгісі ретінде, бәсекелік қабілеттілік бойынша әлем елдерінің рейтингісін бағалау қазіргі уақытта, жыл сайын Швейцарияның Давос қаласында өтетін «**Дүниежүзілік экономикалық форум**» (ДЭФ) ұйымының баяндамаларында жүргізіледі. ДЭФ-тің экономикалық бағалау көрсеткіштері 200-ге жуық. Олар негізгі 8 топқа бөлінеді: 1)

ашықтылық; 2) мемлекет; 3) қаржы; 4) инфрақұрылым; 5) технология; 6) басқару; 7) еңбек; 8) институттар. Әр топтың өзіндік үлес салмағы бар: мысалы, «ашықтылық», «мемлекет», «қаржы» 16,7%, ал «басқару» мен «институттар» - 5,5%. Сегіз факторлық индекстің (оның ішінде көптеген субиндекстер бар) негізінде елдің бәсекелік қабілеттілік рейтингісі анықталады.

ДЭФ-тің бәсекеге қабілеттілік рейтингісінің мәліметтері бойынша Қазақстан 1999 жылы 74-, 2000 жылы 68-, 2001 жылы 65-, 2002 жылы 71-, 2004 жылы 76-, 2005 жылы 68- орындарда болса, 2011-2012 жылдары 51-ші орыннан бір-ақ көрінді.

Осыларға қарап, халықаралық айырбастың қатысушысы ретінде Қазақстан экономикасының *салыстырмалы артықшылықтарын* және *әлсіз жақтарын* қарастырып өту қажет. Біз білетініміздей, экономиканың салыстырмалы артықшылықтары сыртқы саудада ұлттық шаруашылықтың нақты бір саласының, аясының және қызмет түрінің әлемдік орташа деңгеймен салыстырғанда жоғары болғанда ғана соларға маманданудың тиімділігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта, әлемнің барлық елдері дамудың әртүрлі деңгейінде тұрса да және табиғи ресурстармен әртүрлі қамтамасыз етілгеніне қарамастан, ең алдымен, өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің экспортын дамытуға тырысады. Мәселен, Қазақстанның қазіргі экспорттық құрылымының 75%-ын минералды-шикізаттық өнімдер алып отыр, ал қалған үлеске металлдар, химиялық тауарлар, азық-түлік өнімдері, машина жасау өнімдері ие. Қазақстан импортының құрылымында машиналар мен құрал-жабдықтардың үлесі 45%, минералдық өнімдер 14%, химиялық тауарлар 11% және тамақ өнімдері 7% болып табылады. Қазақстан тауарларын басты импорттаушылар болып Батыс Еуропа елдері, соның ішінде, Италия, Швейцария, Франция, Германия, Англия, сондай-ақ, Ресей, Қытай, АҚШ және Украина табылады.

Осыған байланысты, мүмкіндігінше, машиналар, құрал-жабдықтар, дайын тауарлар экспортына өтіп, Қазақстанның сыртқы сауда құрылымын өзгерту қажет.

Жоғары білікті мамандар Қазақстанның отын-энергетикалық және шикізаттық өнімдерді өндіретін салаларында салыстырмалы артықшылықтар тудыратын аса маңызды факторларға:

- бірқатар түрлері бойынша әлемдік маңызы бар ірі және кешенді минералды-шикізат қорларының болуын;
- отын-энергетика кешенінде әлемдік деңгейдегі өнеркәсіп қуаттарының болуын;

– сәйкес көліктік және энергетикалық инфрақұрылымның бар болуы;

– біліктілігі жоғары маман кадрлардың және ғылыми-техникалық жетістіктердің бар болуын жатқызады. Жалпы өңдеуші өнеркәсіп және машина жасау экспортында әлсіз жақтарды тудыратын факторларға:

– өндірісті ұйымдастырудың тиімсіз технологияларына және әдістеріне ие болуы, оның ресурсты көп қажет ететіндігі, ал бұл өнеркәсіп өнімін әлемдік нарықтарда бәсекеге қабілетсіз етеді;

– негізгі қорлардың өте жоғары дәрежеде тозуы және оларды жанартудың шектеулі мүмкіндіктері;

– алдыңғы қатарлы озық индустрияны дамыту бойынша нақты мемлекеттік бағдарламалардың болмауы;

– өндірісті орналастырудың тиімсіздігі және жоғары көліктік шығындар;

– бизнес пен маркетингте тәжірибенің жетіспеушілігі, бірегей инфрақұрылымның болмауы жатқызылады.

Бірқатар сарапшылар Қазақстан экономикасының және оның бәсекелік қабілеттілігінің әлемдік шаруашылықтағы қазіргі және болашақтағы орнын анықтауға талпыныстар жасауда. Мұндай болжамдық бағалаулар негізгі үш талапқа жауап беруі тиіс: елдің ішкі мүмкіндіктерін нақты бағалай алудан; жалпы әлемдік үрдістерді нақты бағалай алудан; қолданыстағы көрсеткіштер мемлекеттік реттеудің объектісі бола алуы үшін ішкі мүмкіндіктерді бағалаудың әдістемесін жеткілікті түрде анықтай алудан тұруы қажет.

Қазіргі әлемде болып жатқан экономикалық дағдарысқа қарамастан, сарапшылар 2030 жылдан 2050 жылға дейін әлемдік экономиканың белсенді түрде өсуі байқалады деп болжайды. Мұндай экономикалық өсу ең алдымен, жоғары технологиялы салалар мен қызметтер аясы есебінен қол жеткізіледі және өндіруші мен өңдеуші өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларында өсу бәсеңсиді және олардағы жұмысбастылық қысқарады деген пікірлер көп айтылады.

Мұндай құбылыстар бір топ дамыған елдер үшін қазірдің өзінде шынайылыққа айналып отыр. Дамыған елдерде әлемдік халықтың 20%-ы тіршілік етеді. Қалған 80%-ы халқы бар дамушы мемлекеттерде азық-түлікке, дәрі-дәрмекке, ұзақ пайдаланылатын заттарға, машиналар мен құрал-жабдықтарға қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейі төмен. Сәйкесінше, ұзақ мерзімді басымдықтарда өнімнің осындай түрлерін жедел қарқынмен арттырудың әлеуетті мүмкіндіктері пайда болып отыр. Бірақ осындай мүмкіндіктерді іске асыру мәселесі



әлі де болса дамыған елдер тұрғындарының төлем қабілеттілігі бар сұраныстарына келіп тіреледі. Егер келешек уақыттарда дамушы мемлекеттер өздерінің төлем қабілеттілігі бар сұраныстарын дамыған елдерге қарағанда тез қарқынмен кеңейте алса, онда әлемдік деңгейде өңдеуші өнеркәсіп пен құрылыс саласы жоғары технологиялар мен қызметтер көрсету салаларының өсу қарқынынан қалмайтын болады.

Қазір **БРИКС** деп аталатын ұйымға мүше, өте тез қарқынмен дамып келе жатқан Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка Республикасы сияқты бес мемлекеттің жиынтық ЖІӨ көлемі 2050 жылға қарай АҚШ, Германия, Англия, Франция, Италия, Канада және Жапония сияқты «**Үлкен жетілік**» елдерінің ЖІӨ көлемінен асып түсетін болады. 2050 жылға қарай болжамға сүйенетін болсақ, ЖІӨ көлемі бойынша елдер былайша жайғасатын болады: 1) Қытай; 2) АҚШ; 3) Үндістан; 4) Жапония; 5-6) Ресей және (немесе) Бразилия.

Қазақстан Республикасы болса өзінің ұлттық бәсекелік қабілеттілігін әріқарай нығайта беретін болады және үдемелі құрылымдық алға жылжулар мен инфрақұрылымдық қайта құрулар негізінде экономикалық тиімділікті көтеруге бағытталған саналы іс-шараларды жүзеге асыра отырып, бәсекелік күрес жағдайында әлемдік экономикада өзінің лайықты орнын табатын болады.

### **15.5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі**

**Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)** бастапқыда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім (ГАТТ)<sup>7</sup> ұйымы ретінде құрылып, кейіннен 1995 жылы өз атауын осылай өзгерткен. Қазір ДСҰ-ның құрамында 153 мемлекет мүше болып саналады. ДСҰ-ға мүше-елдердің үлесіне әлемдік жиынтық сауда айналымының 95%-ы тиесілі.

ДСҰ өзін оған мүше-елдер арасындағы өзара сауда-экономикалық қарым-қатынастарды ұйымдастыру, кеңестер мен келіссөздер жүргізу арқылы ерікті түрде сауда-саттық рұқсаттарын беру үшін қажетті халықаралық форум ретінде жұмыс істейтін ұйым деп таниды. ДСҰ-ға мүше-елдер өзара сауда тарифтерін және импорттық кеден баждарын қысқартуға, тауарлар мен қызметтерді саудалау бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде тарифтік емес шектеулерді

<sup>7</sup> ГАТТ – General Agreement on Tariffs and Trade.

колданбауға міндетті. Бұл іс-әрекеттер оларға артықшылық береді, өйткені сауда кедергілерін қысқарту тауарлар мен қызметтердің арзандауына және сол арқылы ДСҰ-ға қатысушы елдер халқының әлауқатын көтеруге жағдай жасайды, сонымен қатар ұйымның ережелері инвестицияларға деген қолжетімділікті де арттырады. ДСҰ қызметінің негізінде жатқан тың идеялардың тартымдылығы, ондағы елдердің халықаралық саудадан ұтыс көру қалаулары соңғы уақытта, бірқатар елдердің осы ұйымға мүше болып қабылдану кезегінде тұрғандығын нақты айғақтайды. Ол кезекте әрине Қазақстан да бар. Ресей болса, 2011 жылдың аяғында осы ұйымға мүше болып үлгерді.

Қазақстан қазіргі уақытта ДСҰ-ға кіру үшін екі жақты келіссөздерді белсенді түрде жүргізіп келеді. Келіссөздер негізгі төрт бағыт бойынша жүргізіліп жатыр:

1. Тауарлар нарығына жол ашудың келіссөздері ДСҰ-ға мүше-елдермен импорттық кеден баждарын шектеудің максималды деңгейін анықтауды және мақұлдауды қарастырады;

2. Қызметтер нарығына қол жеткізу бойынша келіссөздер, олардың мақсаты болып қазақстандық нарыққа қызметтерді шетелдер тарапынан жеткізу шарттарын келісу табылады;

3. Ауыл шаруашылығы бойынша көп жақты арнайы келіссөздер. Бұл жөнінде ауыл шаруашылығын іштей қолдау көлемін, тарифтік қорғаудың деңгейін және экспорттық субсидиялардың шамасын қамтамасыз ету шарттарын қарастырады.

4. Жүйелі мәселелер бойынша келіссөздер. Бұлар арқылы ДСҰ-ға мүше мемлекеттермен валюта жүйесі, төлемдер, инвестициялық тәртіп, мемлекеттік меншік және жекешелендіру, баға саясаты, бәсекелестік сияқты экономикалық саясаттың күрделі мәселелерін шешу қарастырылады.

Қазақстан үшін ДСҰ-ға кіру шығындарды да, пайданы да алып келеді, сондай-ақ оның мәселесімен қатар келешегі де зор болып табылады. Әлемдік шаруашылыққа, соның ішінде ДСҰ-ға әріқарай кірігу кезінде мүмкін болатын ықтимал тәуекелдерді төмендетуге қол жеткізу қажет. ДСҰ қызметінде неолибералдық жаһанданудың идеялары көлемді түрде жүргізіледі. Бұдан басқа, ДСҰ – бұл әлемді біртұтас нарыққа айналдырудың, кедендік тосқауыл-дарды төмендетудің және әртүрлі елдерде экономикалық заңдарды біріздендірудің аса маңызды құралы. ДСҰ капиталдың, тауарлар мен еңбек ресурстарының еркін қозғалысын білдіретін жалпы қабылданған бірыңғай қағидалары мен ережелері бар жаһандық

экономикалық интеграцияны камтамасыз етуге қабілетті бүкіләлемдік еркін сауда аймағын құруға бағытталады.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 ж. 17 қаңтар.
2. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012 ж. 14 желтоқсан.
3. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.
4. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012. – 405 б.
5. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Шеденов Ә. Қ., Сағындықов Е.Н., Жүнісов Б. А., Байжомартов Ү. С., Комягин Б. И. /Жалпы редакциясын басқарған Шеденов Ә. Қ. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 455 бет.
6. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Ескалиев және т.б.- Алматы: Эверо, 2011.- 478 б.
7. Макконнелл, К.Р. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: учебник / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю; пер. с англ.- 14-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2002.- 972 с.
8. Курс экономической теории: учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: АСА, 2010. – 888 с.
9. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 с.
10. Экономическая теория: учебник / под ред. В.Д.Камаева.- 13-е изд., перераб. и доп.- М.: ВЛАДОС, 2007.- 591с.
11. Экономическая теория: учебник для студентов вузов / под ред. И.П. Николаевой, Г.М. Казиахмедова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.- 544с.
12. Борисов, Е.Ф. Экономическая теория: учебник / Е.Ф. Борисов.- 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Проспект, 2011.- 544с.
13. Доғалов А. Н. Использование научных трудов видных казахских мыслителей при изучении экономической теории. Учебное

- пособие/ Доғалов А. Н. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2013., – 211 с.
14. Әкімбеков С., Баймұхаметова А. С., Жанайдаров У. А. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған С. Әкімбеков. – Астана, 2002. – 464 б.
  15. Ғабит Ж. Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана, 2006. – 248 б.
  16. Нарматов С. Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы (Оқу құралы). – Алматы: Эверо, 2009. – 516 бет.
  17. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы / А.Б. Темірбекова.- Алматы: Эверо, 2012.- 194 б.
  18. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
  19. Гукасьян, Г.М. Экономическая теория. Введение в экономическую теорию. Микроэкономика. Макроэкономика: учеб. пособие / Г.М. Гукасьян, Г.А. Маховикова, В.В. Амосова.- 6-е изд.- СПб.: Питер, 2006.- 234с.
  20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары**

1. Халықаралық сауда қатынастары қалай пайда болды және оның теорияларын кім жасады?
2. Қазіргі халықаралық экономикалық қатынастардың түрлері қандай?
3. Қазіргі сыртқы сауданың құрылымы қандай?
4. Сыртқы сауданы мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері қандай?
5. Төлем балансы қандай баптардан тұрады және оның мәні неде?
6. Валюта бағамының түрлері қандай?
7. Жаһандық экономикалық мәселелер дегеніміз не және олар қалай пайда болды?
8. Әлемдік экономиканың қазіргі даму беталысы қандай?
9. Әлемдік экономиканың дамуындағы Қазақстанның рөлі қандай?
10. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің нәтижелері қандай болмақ?

### **Тәжірибе сабағының жоспары**

Тәжірибе сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап

беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

**Мақсаты:** экономикалық теорияның халықаралық аспектілерін, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатын зерттеу, сонымен қатар, Қазақстанның әлемдік экономикадағы қазіргі орны мен рөліне баға беру. Ол үшін тәжірибе сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

- 15.1. Халықаралық сауда және оның негізгі теориялары;
- 15.2. Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты;
- 15.3. Төлем балансы және валюта бағамы;
- 15.4. Қазақстанның әлемдік экономикадағы қазіргі орны мен рөлі;
- 15.5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі.

### **Студенттің өзіндік жұмыстары**

**Мақсаты:** тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін төмендегідей ұсынылатын тапсырмаларды орындау.

**1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік жасау (глоссарий).**

**2. Тақырып бойынша логикалық сызбалар құрастыру.**

**3. Мәнжазба, эссе, баяндама тақырыптары:**

Қазақстанның ұлттық экономикалық қауіпсіздігі;

Жаһандану және халықаралық экономикалық интеграция;

Қазақстанда ашық экономиканы қалыптастырудың негізгі мәселелері;

Арнайы экономикалық аймақтар;

Қазақстанның экспорттық әлеуеті;

Қазақстанның төлем балансы және қазіргі сыртқы экономикалық қызметі.

**4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (конспект):**

1) Қазақстанның қазіргі экспорттық құрылымы.

2) Қазақстанның қазіргі импорттық құрылымы.

**5. Тест тапсырмалары:**

**1. Еркін сауданың (фритредерство) артықшылықтарына не жатады?**

А) Еркін бәсекелестік

В) Өндіріс тиімділігінің артуы

- C) Тұтынушылар үшін тауарлардың үлкен таңдауы  
D) Елдер арасындағы ынтымақтастықтың ұлғаюы  
E) Аталғандардың барлығы дұрыс
- 2. Төменде аталған шаралардың қайсысы ұлттық валютаға айырбасталынатын шетел валютасының ұсынысын көбейтеді:**
- A) Тауарлар экспорты  
B) Капитал импорты  
C) Қызметтер импорты  
D) Капитал экспорты  
E) Игіліктер экспорты және капитал импорты
- 3. Тарифтік емес шектеулердің түрлері:**
- A) Кеден бажы  
B) Лицензиялар мен шетелдік квоталар  
C) Кеден бажы мен еркін импорттық шектеулер  
D) Шетелдік квоталар, лицензиялар және еркін экспорттық шектеулер  
E) Эмбарго мен кеден бажы
- 4. Доллар бағасының түсуі АҚШ-тың экспорттық-импорттық көлемге қалай әсер етеді:**
- A) Экспорт пен импорт өседі  
B) Экспорт өседі, импорт қысқарады  
C) Экспорт пен импорт түседі  
D) Экспорт азайып, импорт өседі  
E) Экспорт пен импортқа әсер ете қоймайды
- 5. А мемлекеті бір бірлік ресурсты пайдалана отырып 1 тонна бидай немесе 4 тонна көмір өндіре алады. Б мемлекеті бір бірлік ресурсты пайдалана пайдалана отырып 2 тонна бидай немесе 5 тонна көмір өндіре алады. Олай болса:**
- A) А мемлекеті бидай экспорттайды және көмірді импорттайды  
B) А мемлекеті бидайды экспорттамайды және импорттамайды  
C) Ә мемлекеті бидайды да, көмірді де экспорттайды  
D) Ә мемлекеті көмірді экспорттамайды және импорттамайды  
E) Ә мемлекеті тек көмірді ғана экспорттайды
- 6. Валюта бағамы қалай анықталады?**
- A) Ақша бірлігінің сатып алушылық қабілетімен  
B) Инфляцияның қарқынымен  
C) Пайыз мөлшерлемесінің деңгейімен  
D) Әлемдік нарықтарда сол валютаға деген сенімнің дәрежесімен  
E) Аталғандардың барлығы дұрыс

7. **Мыналардың қайсысы ғаламдық әлеуметтік-экономикалық проблемаларға жатпайды?**
- A) Қаладағы қылмыстың өсуі
  - B) Экономикалық артта қалушылық
  - C) Демографиялық мәселелер
  - D) Экологиялық мәселелер
  - E) Азық-түлік мәселелері
8. **Бреттон-Вудтық жүйе – бұл қандай жүйе:**
- A) Алтын стандарты жүйесі
  - B) Күміс стандарты жүйесі
  - C) Тіркелген валюта бағамдарының жүйесі
  - D) Қалқымалы валюта бағамдарының жүйесі
  - E) Тіркелмеген валюта бағамдарының жүйесі
9. **Доллардың теңгеге шаққандағы бағамының төмендеуі:**
- A) Экспорт көлемін ұлғайтады
  - B) Импорт көлемін ұлғайтады
  - C) Шикізат экспорты мен импортының арақатынасын тұрақтандырады
  - D) Мұнай экспорты мен импортының арақатынасын тұрақтандырады
  - E) Азық-түлік экспорты мен импортының арақатынасын тұрақтандырады
10. **Баж дегеніміз не?**
- A) Импорттық квота
  - B) Тарифтік емес тосқауылдар
  - C) Импорттық субсидиялар
  - D) Импортталатын тауарларға қойылатын акциздік салық
  - E) Жеке табыс салығы
11. **Егер АҚШ-та компьютердің бағасы 1000 долл. болса, онда Қазақстандағы бағасы қандай болады, егер айырбас бағамы 1 доллар 150 теңгеге тең болса:**
- A) 150 000 теңге
  - B) 1500 теңге
  - C) 15 000 теңге
  - D) 50 000 теңге
  - E) 45 000 теңге
12. **Абсолютті артықшылықтар теориясының авторы кім?**
- A) Д. Рикардо
  - B) А. Смит

- C) Д.С. Милль
- D) В. Леонтьев
- E) Э. Хекшер.

**13. Девальвация дегеніміз - бұл:**

- A) Номиналды валюта бағамының төмендеуі
- B) Валютаның құнсыздануы
- C) Валюта бірлігінің өзгеруі
- D) Сатып алу қабілетінің өсуі
- E) Валютаға деген сұраныстың артуы

**14. Протекционизм дегеніміз – бұл:**

- A) Ұлттық экономиканы қорғауға бағытталған мемлекеттің экономикалық саясаты
- B) Халықаралық саудадағы қосымша шектеулер
- C) Елге алдын-ала импортталған тауарларды басқа елдерге қайта сату мақсаты
- D) Тауарларды шет елдерге төмендетілген бағамен сату
- E) Экспорт пен импортың еркіндігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің экономикалық саясаты

**15. Сауда балансының оң сальдосы кезінде:**

- A) ЖҰӨ ЖІӨ-нен кіші болады
- B) ЖҰӨ мен ЖІӨ бір-біріне тең болады
- C) ЖҰӨ ЖІӨ-нен үлкен болады
- D) ЖҰӨ ҰТ-тан үлкен болады
- E) ЖІӨ жалпы сыртқы өнімге тең болады

**16. Демпинг дегеніміз – бұл:**

- A) Тауарларды шетелде ішкі рыноктікінен төмен бағамен сату
- B) Экспорттаушыларға мемлекеттің жеңілдеткен несиелері
- C) Қорғаныс өнеркәсібі салаларын қорғау құралы
- D) Отандық өндірушілерге мемлекеттік субсидиялар беру
- E) Саяси жағдайға байланысты белгілі бір елдің тауарын импорттаудан бас тарту

**17. Егер елдің ішінде бағалар өссе, онда:**

- A) Экспорт ұлғаяды, импорт өзгермейді
- B) Экспорт азаяды, импорт өседі
- C) Импорт төмендейді, экспорт өседі
- D) Экспорт пен импорт қатар өседі
- E) Тек импорт төмендейді

**18. Берілген елдің экспортының өсуі, басқа жағдай тұрақты болғанда:**



- A) Жиынтықты сұранысты көбейтеді, бірақ ұлттық табысты азайтады
- B) Жиынтықты сұранысты азайтады, ұлттық табысты көбейтеді.
- C) Таза сұранысты азайтады
- D) Жиынтық сұраныс пен ұлттық табысты көбейтеді
- E) Жиынтық сұранысты азайтады

**19. Егер мемлекет белгілі бір тауарды өндіргенде салыстырмалы артықшылыққа ие болса, онда:**

- A) Басқа елдерге қарағанда сол тауарды көп мөлшерде өндіреді
- B) Сол тауарды аз шығынмен өндіреді
- C) Сол тауарды өндіру арзанырақ түседі
- D) Сол тауарды өндіру мемлекет үшін қымбат
- E) Ол сол тауарды аз мөлшерде өндіреді

**20. Нақты валюта бағамы дегеніміз:**

- A) Екі ел тауарларының бағаларының қатынасы
- B) Валюта сатылған күнгі Ұлттық банктің бағамы
- C) Алтын бағасы
- D) Алмастыру орындарындағы баға
- E) Шетел валютасымен есептелген ұлттық валютаның мөлшері

**21. Егер АҚШ долларының нақты айырбас бағамы өсетін болса, онда:**

- A) Отандық тауарлар қымбаттайды
- B) АҚШ азаматтары үшін импортты тауарлар арзандайды
- C) АҚШ-тың таза экспорты азаяды
- D) Ағымдағы операциялар бюджетінің жетіспеушілігі артады
- E) Отандық тауарлар арзандайды

**22. Кедендік баж дегеніміз – бұл:**

- A) Прогрессивті салық
- B) Тарифтік емес құрал
- C) Елдің шекарасынан өтетін тауарларға мемлекетпен салық салу немесе алым
- D) Сауда эмбаргосы
- E) Демпинг.

**23. Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны қандай?**

- A) Жаңа технологиялармен мамандануы
- B) Тамақ өнімдерін өндіруге мамандануы
- C) Мұнай, газ және басқа да пайдалы қазбаларды жеткізуге мамандануы

- D) Компьютерлер шығарумен мамандануы  
E) Жаңа синтетикалық материалдарды шығарумен мамандануы
- 24. Протекционизмнің артықшылықтарына төмендегілердің қайсысын жатқыза алмаймыз:**
- A) Бағалардың өсуі, тауарды таңдаудың аз болуы  
B) Демпингтен қорғау  
C) Жаңа салаларды қорғау  
D) Сауда балансының теңдігі  
E) Өндірістің ұлғаюын ынталандыру
- 25. Қазақстанның әлемдік беделін арттыруға мынадай факторлар мүмкіндік береді:**
- A) Тәуелсіздікті нығайту  
B) Саяси тұрақтылық  
C) Территориялық тұтастықты сақтау  
D) Экономикалық даму үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету  
E) Осы аталғандардың барлығы дұрыс
- 26. Егер белгілі бір елдің валютасы кез келген шетелдік валютаға шексіз айырбасталатын болса, онда бұл:**
- A) Еркін айырбасталу  
B) Белшектеліп айырбасталу  
C) Ішкі айырбасталу  
D) Сыртқы айырбасталу  
E) Қатаң айырбасталу.
- 27. Сингапур:**
- A) Дамыған индустриалды елге жатады  
B) Жаңа индустриалды елге жатады  
C) Мұнай экспорттаушы ел болып табылады  
D) Өтпелі экономикалық ел болып табылады  
E) Экономикалық жағынан артта қалған ел болып табылады
- 28. Халықаралық еңбек бөлінісі:**
- A) Салыстырмалы артықшылықтар теориясымен байланысты  
B) Абсолютті артықшылықтар теориясымен байланысты  
C) Жұмыс күшінің миграциясымен байланысты  
D) Капитал миграциясымен байланысты  
E) Тауар өндірушілердің шарттарымен байланысты
- 29. Егер экспорттық кеден бажын енгізу орын алса, онда:**
- A) Ел ішінде сол тауарды тұтыну көлемі артады  
B) Ішкі баға деңгейі әлемдік баға деңгейіне қарағанда жоғарылайды

- C) Сол тауардың өндірісі ұлғаяды
  - D) Таза экспорт көлемі артады
  - E) Сол тауардың өндірісі қысқарады
- 30. Салыстырмалы артықшылықтар теориясын алғаш рет кім ұсынды?**
- A) А. Смит
  - B) Д. Рикардо
  - C) В. Леонтьев
  - D) А. Маршалл
  - E) М. Портер.
- 31. Егер нақты валюта бағамы өссе, онда таза экспорт:**
- A) Азаяды
  - B) Өседі
  - C) Өзгермейді
  - D) Нөлге тең болады
  - E) Теріс болады.
- 32. Мемлекеттің сыртқы сауда саясатын жүргізудің екі түрі бар, олар қандай?**
- A) Фискалдық және монетарлық саясат
  - B) Протекционистік және инновациялық саясат
  - C) Валюталық және фритредерстік саясат
  - D) Протекционизм және еркін сауда саясаты
  - E) Экспорттық және импорттық сауда саясаты
- 33. Девальвация дегеніміз не?**
- A) Тағайындалған айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде жоғарылауы
  - B) Қалқымалы айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде тұрақтануы
  - C) Әртүрлі елдердің валюталарының арақатынастары
  - D) Халықаралық нарықтарға бекітілген ортақ бағалар туралы заң
  - E) Тағайындалған айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде төмендеуі
- 34. Сауда тосқауылдарының түрлері:**
- A) Тарифтік шектеулер
  - B) Тарифтік емес және валюталық шектеулер
  - C) Эмбарго және валюталық шектеулер
  - D) Кеден бажы және тарифтік емес тосқауылдар
  - E) Квоталық емес және еркін экспорттық шектеулер
- 35. Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың мақсаты:**
- A) Сол аймақты дамыту
  - B) Әлемдік тәжірибені игеру

- С) Сыртқы экономикалық байланыстарды арттыру
- Д) Жаңалықтар мен жаңа енгізілімдерді қолданып сынақтан өткізу
- Е) Осы аталғандардың барлығы дұрыс.

**36. Еркін сауда саясатының артықшылықтары:**

- А) Ұлттық экономиканы шетелдік бизнестің теріс әсерінен қорғаудың болмауы
- В) Ішкі нарықтарды жаулап алу
- С) Демпингтің орын алуы
- Д) Сапасыз өнімдердің өткізілуі
- Е) Бәсекелестікті ынталандырады

**37. Протекционизмнің артықшылықтары:**

- А) Ұлттық өндіріс салаларының өсуін ынталандырады, жас салаларды қорғайды
- В) тауарды таңдау мүмкіндіктері тарылады
- С) халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтары қолданылмайды
- Д) экспорттық қатынастар үзіледі
- Е) Ұлттық өндіріс салаларының өсуін тежейді

**38. Еркін сауда саясатының кемшіліктері:**

- А) Монополияны шектейді
- В) Өндірістің тиімділігі жоғарылайды
- С) Бағалар төмен дейді
- Д) Халықаралық еңбек бөлінісі жақсара түседі
- Е) Ұлттық экономиканы шетелдік бизнестің теріс әсерінен қорғаудың болмауы

**39. Протекционизмнің артықшылықтары:**

- А) Сауда балансын тепе-теңдікке келтіреді
- В) Демпингтен қорғайды
- С) Ұлттық өндіріс салаларының өсуін ынталандырады
- Д) Жас салаларды қорғайды
- Е) Өндірістің тиімділігі төмендейді, бағалар өседі

**40. БРИКС ұйымына мүше болып кіретін елдер:**

- А) Албания, Словакия, Чехия, Хорватия
- В) Бельгия, Нидерланды, Люксембург
- С) Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан
- Д) Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы
- Е) АҚШ, Канада, Мексика

## ГЛОССАРИЙ

**Абстракция** – экономикалық талдаудан іске қатысы жоқ құбылыстарды және экономикалық емес жайттарды ескермеу.

**Агрегаттау** – жекелеген бірліктерді немесе мәліметтерді біртұтас көрсеткішке біріктіру. Мысалы, жекелеген тауарлар мен қызметтердің барлық бағалары *бағалар деңгейі* болып жалпы бір көрсеткішке бірігеді немесе өнімдердің барлық бірліктері нақты жалпы ішкі өнімге агрегатталады.

**Ағымдық операциялар есебі** – тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты, инвестициядан алынатын таза табыс және трансферттік төлемдердің таза көлемі тіркелетін елдің төлем балансының бір бөлімі.

**Адам капиталына инвестиция салу** – кәсіпорынның өз жұмысшыларының еңбек өнімділігін көтеру үшін (олардың біліктілігін көтеру және қабілеттіліктерін дамыту жолымен) жасайтын кез-келген іс-шаралары: жұмысшылардың білім деңгейін, денсаулығын жақсарту шығындары.

**Адам капиталы теориясы** – жалақыдағы айырмашылықтар адам капиталына, яғни адамның білімін жетілдіруге құйылатын инвестициялардың салдары деп түсіндіретін тұжырымдама.

**«Азия жолбарыстары»** - Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея және Тайвань сияқты Азияның жаңа тез қарқынмен дамып келе жатқан индустриалдық елдері.

**Актив** – фирманың немесе жекелеген тұлғалардың меншігіндегі ақшалай құны бар барлық заттардың жиынтығы.

**Акциз** – нақты бір тауарды немесе белгілі бір тауарлар көлемін сатып алуға жұмсалатын шығындарға салынатын салықтар.

**Ақша** – тауарлар мен қызметтердің өзара айырбасына қажетті қолданылатын абсолютті өтімділікке ие ерекше құрал немесе тауарлардың тауары.

**Ақша айналымының жылдамдығы** – тауарлар мен қызметтерді сатып алуға қажетті айналымдағы ақша массасының жылына қанша рет айналатындығын көрсететін сан.

**«Ақша тәріздес»** (квази-ақшалар) – қаржылық активтер, олардың ең маңыздылары болып қысқа мерзімді жинақ депозиттері, жедел салымдар, қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар, жинақ облигациялары табылады; айналым құралы болып табыла алмайтын, бірақ ақшаға тез айнала алатын құралдар.

**Ақша ұсынысы** – экономикада өндірілген жиынтық өнім көлемінің айналымы үшін қажетті ақша жиыны немесе айналыстағы қолма-қол ақшалар мен талап етілгенге дейінгі депозиттердің қосындысы.

**Ақшаға жалпы сұраныс** – келісімдер жасау және активтерге сұраныс білдіру үшін қажетті ақшаға сұраныстың сомасы.

**Ақшалай капитал** – инвестициялық тауарларды сатып алу үшін қажетті қолдағы бар ақшалар.

**Ақшалай нарық** – пайыз мөлшерлемесінің белгілі бір деңгейінде ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысының теңесуі орын алатын нарық.

**Ақшаның құны** – ақша бірлігіне айырбастауға болатын тауарлар мен қызметтердің жалпы көлемі; ақша бірлігінің сатып алушылық қабілеті; бағалар деңгейіне кері шама.

**«Ақылдың қашуы»** - көп пайда табу және ең жақсы жұмыс жайларын табу мақсатында білімі мен біліктілігі жоғары мамандар мен жұмыскерлердің елден кетуі.

**Алыпсатарлық** – пайда табуға бағытталған сатушының немесе сатып алушының қайта сату бойынша әрекеттері.

**Амортизация** – негізгі капиталды тұтыну.

**Аралық өнімдер** – қайта сату, алғашқы өңдеу немесе дайындау үшін сатып алынатын тауарлар.

**«Арзан» ақшалар саясаты** – экономикалық белсенділікті көтеру үшін айналымдағы ақша массасын ұлғайту саясаты.

**Артықшылық** – берілген бағалар (тепе-теңдік бағадан жоғары) кезінде тауардың ұсыныс көлемінің оған деген сұраныс көлемінен артып кетуін білдіретін шама.

**Асимметриялық ақпарат** – нарықта сатушының (сатып алушының) сатып алушыға (сатушыға) қарағанда тауарлар немесе қызметтер туралы аса маңызды ақпараттарға ие болу жағдайы.

**Атаулы жалақы** – жұмыскердің жұмыс уақытының бірлігіне (сағатына, күніне және т.б.) алатын ақшалай табысының көлемі.

**Атаулы пайыз мөлшерлемесі** – елдегі инфляция қарқынын ескермейтін банктің тағайындаған ағымдағы нарықтық пайыз қойылымы.

**Атаулы табыс** – жекелеген тұлғалардың және топтардың белгілі бір нақты уақыт аралығында тапқан табыстарының ақшалай көлемі.

**Ашық нарықтағы операциялар** – мемлекеттің орталық банк арқылы айналымдағы ақша массасын реттеу үшін бағалы қағаздарды сату және сатып алу әрекеттері.

**Ашық экономика** – тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импортын жүзеге асыратын елдің экономикасы.

**Әлеуетті бәсекелестік** – салада жұмыс істейтін фирмаларға жоғары экономикалық пайда алуды қамтамасыз ететін жаңа фирмалардың сол салаға кіру мүмкіндіктері.

**Әміршіл-әкімшіл экономика** – барлық материалдық ресурстар мемлекеттік меншікті құрайтын және экономикалық қызметтің бағыты орталықтандырылған экономикалық жоспарлау жолымен жүзеге асырылатын шаруашылықты ұйымдастырудың бір әдісі.

**Әріптестік** – екі немесе одан да көп тұлға иелік ететін және басқаратын корпоративтік (акционерлік емес) емес фирма.

**«Әртүрлі тең жағдайларда» болжамы** – қарастырылып отырған айналымыдан басқа барлық басқа айналымылардың өзгеріссіз қалуын болжау.

**Баға** – тауарлар мен қызметтер бірлігіне алынатын және төленетін ақша (немесе басқа тауарлар мен қызметтердің) саны.

**Бағалық емес бәсеке** – фирмалардың өнімнің сатылу көлемін ұлғайту мақсатында қолданатын әдістері. Оларға өнімді ерекшелендіру, жарнама және өткізуді ынталандыру бойынша шаралар жатады.

**Бағалық кемсітушілік** (дискриминация) – сапасы мен шығындары бір-дей тауарды әртүрлі бағамен әртүрлі тұтынушыларға сату тәжірибесі.

**Бағаның төменгі шегі** – тепе-теңдік бағадан жоғары үкіметтің бекіткен минималды бағасы.

**Баж** – импортталатын тауарларға салынатын салық.

**Базистік жыл** – бағалар индексін басқа жылдарда орын алған бағалармен салыстыру үшін негізге алынып қолданылатын жыл.

**Баламалы шығындар** – өнімдердің белгілі бір құнын өндіру үшін бас тартуға тура келетін басқа өнімдердің құны.

**Бартер, бартерлік сауда** – бір тауарды немесе қызметті басқа бір тауарға немесе қызметтің түріне табиғи айырбастау.

**Бәсеке** – нарықта пайда табу және пайдалылық көру мақсатында бақталастыққа түсетін тәуелсіз сатып алушылар мен сатушылардың үлкен санының орын алуы және олардың нарыққа еркін кіріп одан шығып кете алу мүмкіндіктері.

**Бірлік икемділік** – икемділік коэффициенті мәнінің 1-ге тең болу жағдайы; сұраныс немесе ұсыныс шамасының пайыздық өзгеруінің бағаның пайыздық өзгеруіне тең болуы.

**Бірін-бірі алмастырушы тауарлар** (субститут тауарлар) - бір тауардың бағасы мен екінші бір тауардың көлемі арасында тура

байланыс орын алатын тауарлар немесе қызметтер, яғни бір тауар бағасының төмендеуі немесе жоғарылауы екінші бір тауар көлемінің қысқаруына немесе жоғарылауына алып келуі.

**Бірін-бірі толықтырушы тауарлар** (комлементарлы тауарлар) – бір тауардың бағасы мен екінші бір тауардың көлемі арасындағы кері қатынасы бар тауарлар немесе қызметтер, яғни бір тауар бағасының төмендеуі немесе жоғарылауы екінші бір тауар көлемінің жоғарылауына немесе қысқаруына алып келуі.

**Бюджет тапшылығы** – белгілі уақыт аралығында мемлекеттік бюджет шығындарының оның кіріс көздерінен асып кету жағдайы.

**Валюта** – қағаз және металл ақшалар.

**Валюталық бағам** – бір ел валютасының екінші бір елдің валютасына шаққандағы құны.

**Валюталық бақылау** – үкіметтің ел азаматтары мен фирмалардың шетел валютасына деген сұраныстарын және төлем балансы тапшылығын жою үшін өздерінің сыртқы төлемдерін шектеу мақсатында валюталық бағамдарды қадағалап отыруы.

**Валютаның айырбас бағамы** – меншікті ұлттық валютаның шетел валютасының бірлігіне төленетін бағасы.

**Гиперинфляция** – бағалар деңгейінің өте жылдам қарқынмен шарықтап өсу құбылысы.

**ҒЗТҚЖ (НИОКР)** – ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-құрастырым жұмыстары.

**Дәстүрлі экономика** – шектелген экономикалық ресурстарды қолдану-дың тәжірибесі ғасырлар бойы жинақталған және атадан балаға қалған салт-дәстүрлермен анықталатын экономикалық жүйе.

**Девальвация** – валютаның заңдық тәртіппен бекітілген құнының төмендеуі.

**Дедукция** – жалпыдан жекеге қарай ой түйіндеу және қорытынды жасау.

**Дезинфляция** – инфляцияның өсу қарқынының бәсеңдеуі немесе оның толық тоқтатылуы.

**Демпинг** – тауарларды олардың өзіндік құнынан төмен қылып басқа елде сату.

**Дефляция** – экономикадағы бағалардың орташа деңгейінің төмендеуі.

**Дотация** (демеуқаржы) - өнімді өндіру мен өткізуге жұмсалған шығын алынған пайдамен, табыспен өтелмейтін залалды кәсіпорындарды қаржылай қолдау үшін бюджеттен бөлінетін ақшалай



қаражат; мемлекеттің зияндарды өтеу үшін не басқа да мақсаттарға арнап азаматтарға, жекелеген ұйымдарға қосымша төлем ретінде беретін ақшалай жәрдемі.

**Дүниежүзілік банк** – құрамына 151 мемлекет кіретін, дамушы елдерге олардың дамуын қамтамасыз ету үшін қарыздар беретін және кепілдемелер ұсынатын банк; Халықаралық қайта құру және даму банкі.

**Дүниежүзілік сауда ұйымы** – келіссөздердің Уругвайлық раунды үдерісінде 1944 жылы ГАТТ шеңберінде құрылған ұйым.

**Екі жақты монополия** – жалғыз сатушы-монополистке жалғыз ғана сатып алушы-монопсонистің бір-біріне қарсы тұра алуын сипаттайтын нарықтың ерекше жағдайы.

**Еңбек** – тауарлар мен қызметтер өндірісіне қолданылатын адамдардың физикалық және ой қабілеттіліктері.

**Еңбек өнімділігі** - өнімнің жалпы көлемінің соның өндірісіне жұмсалған еңбек санына қатынасы; еңбектің орташа өнімі немесе бір жұмысшының бір сағатта орындайтын еңбегінің нәтижесі.

**Еңбек сиымды тауар** – өндірісіне салыстырмалы түрде еңбек ресурсының көлемі көбірек жұмсалатын өнім.

**Ереуіл** – жұмысшылар тобының (кәсіподақтың) өзара ұйымдасып жұмысты тоқтатуы.

**Еуропалық одақ** – жұмыс күші мен капиталдың еркін қозғалуын қалыптастыру, жалпы экономикалық саясатты жүргізу, тауарлардың ағылуына салынатын жалпы кеден тарифтері мен импорттық квоталарды біртіндеп жою үшін 1958 жылы құрылған еуропалық мемлекеттер ассоциациясы.

**Жабық экономика** – тауарлар мен қызметтерді экспорттамайтын және импорттамайтын елдің экономикалық жүйесі.

**Жалақы** – уақыт (сағат, күн, т.б.) бірлігіне шаққандағы еңбек қызметінің қандай да бір түрін қолданғаны үшін төленетін бағасы немесе төлем.

**Жалпы жеке ішкі инвестициялар** – машиналар, құралдар, саймандар, ғимараттар сияқты өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге және тауарлы-материалдық қорларды толтыруға кететін шығындар.

**Жалпы ішкі өнім** – әдетте, бір жыл ішінде белгілі елдің территориясын-да қолданылатын ресурстардың көзіне (ішкі немесе сыртқы) қарамастан өндірілген барлық соңғы өнімдер мен қызметтердің жалпы нарықтық құны.

**Жалпы өнім** – фирманың өндірген нақты тауарының немесе қызметінің жалпы көлемі.

**Жалпы ішкі өнім дефляторы** – атаулы жалпы ішкі өнімнің нақты жалпы өнімге қатынасы; нақты жалпы ішкі өнімді өлшеу мақсатында ақшалай (атаулы) жалпы ішкі өнімді түзетіп отыру үшін қолданылатын барлық дайын тауарлар мен қызметтерге деген бағалар индексі.

**Жалпы ұлттық өнім** – әдетте, бір жыл ішінде белгілі елдің ұлттық ресурстарын қолданумен өндірілген дайын барлық тауарлар мен қызметтердің жалпы нарықтық құны.

**Жалпы шығындар** – тұрақты және өзгермелі шығындардың сомасы.

**Жаңа енгізілім** (инновация) - өндіріске жаңа өнімді енгізу, жаңа өндіріс-тік әдісті немесе бизнесті ұйымдастырудың жаңа нысанын қолдану.

**Жеке қызығушылық** – әрбір фирманың, әрбір меншік иесінің, жұмыскердің, тұтынушының өзі үшін қол жеткізілуі тиіс ең жақсы деп саналатын мақсаттарының орындалуы.

**Жеке меншік** – жеке тұлғалар мен фирмалардың жерді, капиталды және басқа активтің түрлерін иемденуге, пайдалануға, бақылауға, басқаруға, сатуға және мұраға қалдыруға деген құқығы.

**Жеке сектор** – елдегі үй шаруашылықтары мен фирмалардың жиынтығы.

**Жеке табыс** – жеке табыс салықтарын төлегенге дейінгі азаматтардың алатын жиынтық табыстары.

**Жеке фирма** – бір ғана тұлға иемденетін және басқаратын корпоративтік емес фирма.

**Жер** – тауарлар мен қызметтер өндірісі үшін қолданылатын табиғи ресурстар.

**Жетілмеген бәсеке** – нарықта монополия, монополистік бәсеке, олигополия, монопсония, олигопсония сияқты құрылымдардың орын алу жағдайы.

**«Жетпіс шамасы» (70) ережесі** – 70 санының инфляцияның жылдық қарқынына бөлінуі; бағалар деңгейінің екі еселенуіне қажетті жылдар санын анықтау үшін қолданылатын әдіс.

**Жинақтау** – салықтарды төлегеннен кейінгі тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсалмайтын табыстың бір бөлігі; қолда бар табыс пен тұтыну шығындары арасындағы айырма.

**Жинақтауға деген орташа бейімділік** – салықтарды төлеп болғаннан кейінгі үй шаруашылықтарының жинақтауға қалдырған табысының бір бөлігі; жинақтаудың қолда бар табысқа қатынасы.

**Жинақтауға деген шекті бейімділік** – қолда бар табыстың кез-келген өзгеруіндегі жинақтаудың үлесі; қолда бар табыс өзгерісінің жинақтау көлемінің өзгерісіне қатынасы.

**Жиынтық пайдалылық** – өнімнің жалпы көлемінің белгілі бір бөлігін тұтырудан алынатын жалпы пайдалылық.

**Жиынтық сұраныс** – экономикада әртүрлі бағалар деңгейінде өндірілген жиынтық өнім көлеміне экономикалық субъектілердің жұмсайтын жиынтық шығындары.

**Жиынтық ұсыныс** – бағалардың әрбір деңгейінде ұсынылуы (өндірілуі) тиіс тауарлар мен қызметтердің жалпы көлемі немесе экономикада өндірілген нақты жалпы ішкі өнім көлемі.

**Жұмыс күші** – он алты жастан бастап және одан жоғары жастағы жұмыс істейтін азаматтардың және жұмыссыздардың жалпы саны; еңбекке жарамды барлық экономикалық жағынан белсенді халық.

**Жұмысбастылық деңгейі** – жұмысы бар азаматтардың жұмыс күшінің жалпы санындағы үлесі.

**Жұмыссыздық** – еңбекке жарамды халықтың белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір себептермен жұмыс істемеуі немесе жұмыс таба алмау жағдайы.

**Жұмыссыздық деңгейі** – жұмыс күші құрамындағы жұмыссыз адамдардың үлесі; жұмыс күшінің жұмыссыздардың жалпы санына қатынасының жүз пайызға көбейтіндісі.

**Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі** – толық жұмысбастылық пен ресурстардың экономикаға толық тартылуы жағдайында орын алатын және инфляция қарқынын үдетпейтін жұмыссыздықтың қалыпты деңгейі.

**Икемділік коэффициенті** – сұраныс (немесе ұсыныс) көлемінің пайыздық өзгеруінің тауар бағасының пайыздық өзгеруіне қатынасының нәтижесі.

**Икемді сұраныс** – мәні 1-ден үлкен сұраныс икемділігінің коэффициенті; бағаның пайыздық өзгеруінің сұраныс көлемінің пайыздық өзгеруінен аз болу жағдайы.

**Икемсіз сұраныс** – мәні 1-ден кіші сұраныс икемділігінің коэффициенті; бағаның пайыздық өзгеруінің сұраныс көлемінің пайыздық өзгеруінен көп болу жағдайы.

**Икемді ұсыныс** – мәні 1-ден үлкен ұсыныс икемділігінің коэффициенті; бағаның пайыздық өзгеруінің ұсыныс көлемінің пайыздық өзгеруінен аз болу жағдайы.

**Икемсіз ұсыныс** – мәні 1-ден кіші ұсыныс икемділігінің коэффициенті; бағаның пайыздық өзгеруінің ұсыныс көлемінің пайыздық өзгеруінен көп болу жағдайы.

**Импорт** – берілген елдің жеке тұлғаларының, фирмалардың және үкіметтің басқа елдерде өндірілген тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсайтын шығындары.

**Импорттық квота** – белгілі бір уақыт аралығында елдің басқа елдерден келетін тауарлар көлеміне шектеу енгізуі.

**Инвестициялар** – өндіріске, өндіріс құрал-жабдықтарын жинақтауға және материал қорларын көбейтуге кететін шығындар.

**Инфляция** – экономикада бағалардың жалпы (орташа) деңгейінің көтерілуі.

**Инфляциялық күтім** – жұмысшылардың, фирмалардың және тұтыну-шылардың болашақта бағалар маңызды түрде өседі деп пайымдауы.

**Инфрақұрылым** – мемлекетпен қамтамасыз етілетін азаматтар мен фирмалардың қолданатын күрделі құрылыс түрлері (автомагистральдар, көпірлер, қалалық көлік жүйелері, сумен жабдықтаудың жергілікті жүйелері, әуежайлар, суды тазарту құрылғылары, т.б.).

**Индукция** – жекелеген нақты мәліметтерден жалпы қорытындыға келу.

**Капитал** – өндірістік қызметтің нәтижесінде жасалған және тауарлар мен қызметтер өндірісі үшін қолданылатын кез-келген ресурстар; инвестициялық тауарлар мен өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі адамдардың қажеттіліктерін тікелей қанағаттандырмайтын тауарлар.

**Капитал қозғалысының есебі** – капиталдың келуі мен кетуі тіркелетін елдің төлем балансының бір бөлімі.

**Капитал сиымды тауар** – өндірісінде капиталдың салыстыр-малы түрде едәуір көлемі қолданылатын өнім.

**Капиталдың келуі** – осы ел тұрғындарының қолындағы нақты және қаржылық капиталды иемденуі үшін басқа ел тұрғындарының жұмсайтын шығындарының сомасы.

**Капиталдың кетуі** – капиталдың жоғары салық салудан, инфляциядан қашу үшін немесе оның инвестициялаудың ең тиімді жолдарын қамтамасыз ету мақсатында дамушы елдерден өнеркәсібі дамыған елдерге ағылуы.

**Кәсіпкерлік қабілет** – адамның тауар өндіру үшін ресурстарды белгілі бір үйлесімділікпен қолдана алу, оңтайлы шешімдер қабылдау, өндіріске жаңалықтар енгізу және тәуекелге бару қабілеттілігі.

**Кәсіподақ** – өз мүдделерін қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту (жалақыны көтеру, жұмыс уақытын қысқарту, т.б.) үшін белгілі бір ұйымға біріккен жұмысшылар тобы.

**Кәсіпорын** – тауарлар мен қызметтер өндірісінде (оларды дайындауда және өткізуде) бір немесе бірнеше қызметтерді орындайтын фирма қарамағындағы нақты мекеме.

**Кедейшілік** – индивид немесе отбасы қажеттіліктерінің қолда бар құралдарынан асып кетуі жағдайы.

**Кейнстік экономикалық теория** – капиталистік экономиканың өздігінен ресурстардың толық қамтылуын қамтамасыз ете алмайтындығын және олардың толық қамтылуына қол жеткізу үшін бюджет-салық және ақша-несие саясаттарын қолдану керектігін түсіндіретін және экономикаға мемлекеттің араласу қажеттілігін жақтайтын көптеген экономистермен мойындалған макроэкономикалық бағыт.

**Классикалық экономикалық теория** – капиталистік экономиканың мемлекеттің араласуынсыз өздігінен ресурстарды толық қолдана алатындығын түсіндіретін ХХ-ғасырдың 30-шы жылдарына дейін көптеген экономистермен мойындалған макроэкономикалық бағыт.

**Коммерциялық банктер** – халықтың уақытша бос ақша-қаражаттарын тартып несие берумен айналысатын және банктік операцияларды жүргізуге үкіметтен рұқсаты бар фирмалар.

**Коуз теоремасы** – сыртқы әсерлердің мәселесін мемлекеттің қатысуын-сыз өзара мүдделі жақтармен белгілі бір келісімдерге келу арқылы шешуге болатындығын дәлелдейтін теория.

**Көлденең кесінді** – өндіріс көлемінің өзгеруіне қарамастан бағалар деңгейінің тұрақтылығы сақталатын жиынтық ұсыныс қисығының көлденең бір бөлігі.

**«Үміт үзген» жұмысшылар** – жұмыс таба алмағаны үшін жұмыс күші құрамынан шыққан жұмысшылар.

**Көлденеңінен бірігу** – өндірістің белгілі бір кезеңін жүзеге асыратын және бір фирманың меншігі болып табылатын кәсіпорындар тобы.

**Көлденеңінен қосылу** – өнімнің белгілі бір түрін өндіретін бірнеше фирмалардың бір фирма болып толығыуы.

**«Көрінбейтін қол»** – қоғам мүдделерін ең жақсы жағынан қамтамасыз ету және қажеттіліктерді максималды түрде қанағат-

тандыру мақсатында фирмалардың және ресурс иелерінің бәсекелес нарықтарда мүмкіндігінше көбірек пайда табуларына итермелейтін ынталары мен күш-жігерлері.

**Қағаз ақшалар** – айналым құралы ретінде қолданылатын қағаз белгілері.

**Қалыпты пайда** – фирманың өзінің кәсіпкерлік қабілетін жүзеге асыруы-на және өз аумағында ұстанып қалуына мүмкіндік беретін кәсіпкерлік табыстың ең минималды көлемі; жасырын шығындар.

**Қалыпты тауарлар** – табыс өскенде (қысқарғанда) тұтынушының кез-келген бағамен үлкен (кіші) көлемде сатып алуға дайын тауарлары.

**Қоғамдық игіліктер** – нарық жағдайында өндіріле алмайтын және өндірісі мемлекетпен қамтамасыз етілетін қоғам үшін маңызды пайдалылықтар алып келетін тауарлар немесе қызметтер.

**Қолда бар табыс** – жеке табыс салықтарын төлегеннен кейінгі тұтыну мен жинақтауға арналған жеке табыстар.

**Қосарлы есептеу** – аралық өнімдер құнын жалпы ішкі өнім құрамында есепке алу.

**Қосылған құн** – фирманың сатуға тиіс тауар құны мен сол тауарды өндіруге қолданылған және сатып алынған ресурстар құны арасындағы айырмашылық; жалақы, пайыз, рента және пайда сияқты табыстардың теңдігі.

**Құнның еңбектік теориясы** – кез-келген тауар құны оның өндірісіне жұмсалған еңбектің шамасымен анықталатын дәлелдейтін маркстік тұжырымдама.

**Құрылымдық жұмыссыздық** – тұтыну тауарларына сұраныс құрылы-мының және өндірістегі технологиялардың өзгеруіне байланысты болатын жұмыссыздық; фирмалар тарапынан кейбір мамандықтарға сұраныстың қысқаруынан немесе мүлдем жоғалуынан сол мамандық иелерінің мәжбүрлі түрде ұзақ уақыт бойы жұмыссыз қалуы.

**Қызмет, қызмет көрсету** – тұтынушының, фирманың және мемлекеттің ақшаға айырбастай алатын қолға ұстап, көруге болмайтындардың барлығы.

**«Қымбат» ақшалар саясаты** – экономикалық белсенділікті тежеу үшін айналымдағы ақша массасын қысқарту саясаты.

**Күтімдер** – тұтынушылар мен фирмалардың болашақта қандай жағдайлар орын алатындығы туралы жеке пайымдаулары.

**Лаффер қисығы** – салық мөлшерлемелері мен салықтық түсімдер арасындағы байланысты көрсететін және салықтық түсімдерді

максимумға жеткізетін салық мөлшерлемесінің тиімді деңгейін (0-ден 100%-ға дейін) анықтайтын қисық сызық.

**Лоренц қисығы** – экономикада тұрғындар табыстарының бөлінуіндегі теңсіздіктерді анықтауға көмектесетін қисық сызық.

**Макроэкономика** – экономиканы біртұтас жүйе ретінде зерттейтін және жалпы экономикалық көрсеткіштерді қолданатын экономикалық ғылымның бір саласы.

**Мамандандыру** – индивидтің, фирманың, аймақтың немесе мемлекеттің тауарлар мен қызметтердің белгілі бір нақты түрлерін өндіру үшін ресурстарды мақсатты түрде қолдануы.

**Маржинализм** – шекті табыстар мен шекті шығындарды салыстыруды зерттейтін шешім қабылдау теориясы.

**Мемлекеттік қаржы** – мемлекеттік табыстар мен шығындарды зерттейтін экономикалық теорияның бір бөлімі.

**Мемлекеттік қарыз** – осы уақытқа дейін жинақталған бюджет тапшылықтарының жалпы сомасы; үкіметтік мемлекеттік бағалы қағаздар иелеріне деген қарыздарының жалпы көлемі.

**Мемлекеттік меншік** – орталықтандырылған мемлекетке немесе үкіметке тиесілі жер және капитал түріндегі меншіктің белгілі бір нысаны.

**Мемлекеттік сатып алымдар** – мемлекеттің соңғы тауарлар мен қызметтерді сатып алуына жұмсайтын ақшалай төлемдері.

**Мемлекеттік сектор** – мемлекетпен және үкіметпен бақыланатын ел экономикасының бір бөлігі.

**Мемлекеттің дәрменсіздігі** – мемлекеттік сектордың (үкіметтің) өз міндеттері мен қызметтерін экономикалық жағынан тиімсіз әдістер арқылы орындау салдарынан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шеше алмауы.

**Меншікті капитал** – фирманың жиынтық активтері мен жиынтық пассивтері арасындағы айырма; фирма иегерлерінің активтердің жалпы көлеміндегі үлесі.

**Микроэкономика** – жекелеген экономикалық субъектілердің нарықтағы мінез-құлықтары мен тәртіптерін зерттейтін және нақты бағаларды, нақты тауарлар мен қызметтерді, жекелеген нарықтарды қарастыратын экономикалық ғылымның бір саласы.

**Монетаризм** – кейнстік бағытқа қарсы сын айтушы балама теория; жиынтық өнім көлемі мен бағалар деңгейінің өзгеруі ақша ұсынысының өзгеруіне байланысты екендігін көрсететін бағыт.

**Монополистік бәсеке** – нарықта көптеген фирмалар бір-бірінен ерекше-ленген өнімдер шығаратын, бәсекелестіктің бағалық емес

әдістерін кеңінен қолданатын, өнімнің сатылу бағасына шектеулі түрде бақылау жасай алатын жетілмеген бәсекенің бір типі.

**Монополия** – ұсыныстың жалпы көлеміне және өнімнің бағасына толық бақылау орната алатын нарықта бір ғана сатушының үстемдік жүргізуін сипаттайтын бәсекелестіктің ең шеткі үлгісі.

**Монопсония** – нарықта тауарды, қызметті немесе ресурсты жалғыз ғана сатып алушының орын алу жағдайы.

**Мультипликатор** – жиынтық сұраныс құрамындағы бір құрауыштың (тұтыну шығындарының, инвестициялардың, мемлекеттік шығындардың және таза экспорттың) бір мәрте өзгеруінен тепе-теңдік жалпы ішкі өнім көлемінің бірнеше есе өсуін көрсететін сандық коэффициент.

**Нақты жалақы** – жұмысшының өзінің атаулы жалақысына сатып ала алатын тауарлары мен қызметтерінің саны; атаулы жалақының сатып алушылық қабілеті; бағалар деңгейінің өзгеруін есепке алатын атаулы жалақы.

**Нақты пайыз мөлшерлемесі** – инфляция қарқынын есепке алатын ақшалай нысандағы пайыздық қойылым.

**Нарық** – нақты тауарды немесе қызметті сатушы мен сатып алушыны келістіретін тетік немесе институт.

**Нарықтық жүйе** – экономиканы құрайтын өнімдер нарығы мен ресурс-тар нарығы және олардың арасындағы байланыстар; шектелген экономикалық ресурстарды осы нарықтарда қалыптасқан бағалармен тиімді бөлуге мүмкіндік беретін, тұтынушылардың, фирмалардың және ресурстар иелерінің қабылдай-тын шешімдері және сол шешімдерді келісу туралы ақпараттарды қамтамасыз ететін тетік.

**Неоклассикалық экономикалық теория** – қысқа мерзімді кезеңде бағалар деңгейінің қатаңдығынан макроэкономикалық тұрақсыздықтың орын алатындығын түсіндіретін, ұзақ мерзімді кезеңде икемді бағалар мен жалақыға сәйкес ресурстардың толық қамтылуы қамтамасыз етілетін жалпы ішкі өнім өндірісі кезінде экономиканың тұрақтылығы сақталады деп дәріптейтін теория.

**Несие** – төлем мерзімі кейінге қалдырылған, үстеме пайызбен ақшалай немесе тауарлық нысанында берілетін қарыз.

**Нормативті экономика** – экономиканың қандай болу керектігін түсінді-ретін адамдардың субъективтік бағалауларына негізделетін экономикалық ғылымның бағыты; экономикалық мақсаттар мен экономикалық мәселелерді айқындайтын ғылым.



**Олигополия** – нарықта бірнеше ірі фирмалар стандартталған немесе ерекшеленген тауарлар өндірумен айналысатын, олардың әрқайсысы тауар бағасына айтарлықтай бақылау жасай және шешім қабылдауда бір-бірінің ықтимал реакцияларын ескеріп отыратын жетілмеген бәсекенің бір типі.

**Олигопсония** – бірнеше сатып алушыларға ғана әрекет ететін нарықтың жағдайы.

**ОПЭК** – мұнай экспорттаушы-елдер ұйымы; шикі мұнайды импортерлерге сату бойынша мұнай бағасы мен оның көлеміне бақылау жасап отыру үшін 1960 жылы құрылған, құрамында мұнай өндіруші 13 мемлекет бар халық-аралық картель; мұнайдың әлемдік экспорттының маңызды бөлігі тиесілі елдер картелі.

**Орталық банк** – ақша шығаруға құқығы бар және басты қызметі берілген елдегі айналымдағы ақша жиынына бақылау жасау болып табылатын эмиссиялық банк.

**Орташа жалпы шығындар** – фирманың жалпы шығындарының өндірілген өнім көлеміне қатынасы; орташа тұрақты және орташа өзгермелі шығындардың қосындысы.

**Орташа өзгермелі шығындар** – фирманың өзгермелі шығындарының өнім көлеміне қатынасы.

**Орташа өнім** – ресурстардың бір бірлігіне шаққандағы өндірілген өнімнің жалпы көлемі.

**Орташа табыс** – өнімді сатудан түскен жалпы түсімнің өнім көлеміне қатынасы; жетілген бәсеке жағдайында өндірілген өнімнің бағасына тең шама.

**Орташа тұрақты шығындар** – фирманың тұрақты шығындарының өнім көлеміне қатынасы.

**Оукен заңы** – жұмыссыздықтың нақты деңгейінің толық жұмысбастылық жағдайындағы табиғи деңгейінен 1%-ға асып кеткенде нақты ЖІӨ-нің әлеуетті ЖІӨ деңгейінен 2,5%-ға қалып отыруын сипаттайтын қорытынды.

**Өзара тәуелсіз тауарлар** – қандай да бір тауардың немесе қызметтің бағасы мен басқа бір тауардың немесе қызметтің сұраныс көлемі арасында ешқандай байланысты тудырмайтын игіліктер; мысалы, бір тауардың бағасы өскенде немесе төмендегенде екінші бір тауарға деген сұраныстың өзгеріссіз қалуы.

**Өзгермелі шығындар** - өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын шығындар, яғни олардың жалпы көлемі фирма өнім өндіруді арттырғанда (қысқартқанда) өсіп отырады (төмендейді).

**Өндіріс факторлары** – еңбек, капитал, жер және кәсіпкерлік қабілет сияқты экономикалық ресурстар.

**Өндірістік әлеует** – экономиканың қолда бар ресурстарды толық пайдалану кезінде өндіре алатын өнімінің (ЖІӨ-нің) нақты көлемі.

**Өндірістік мүмкіндіктер қисығы** – экономикада берілген технология бойынша қолда бар ресурстарды толығымен пайдалану және толық жұмысбастылық жағдайында өндіріле алатын екі тауардың немесе қызметтің әртүрлі үйлесімділіктерін көрсететін қисық сызық.

**Өнеркәсібі дамыған елдер** – озық технологиялы негізгі капиталдың үлкен көлемін жинақтауға негізделген және біліктілігі жоғары жұмыс күшін иемденген нарықтық экономикасы дамыған АҚШ, Канада, Жапония және Батыс Еуропа елдері сияқты мемлекеттер.

**Өнеркәсіптік саясат** – экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында өнеркәсіптің құрылымы мен ұйымдастырылуын қалыптастырудағы үкіметтің тікелей қатысуына және белсенді араласуына негізделген саясат.

**Өнімділік** – орташа өнім көлемінің немесе жұмсалған ресурстардың бірлігіне шаққандағы нақты өнімнің көрсеткіші. Мысалы, еңбек өнімділігі нақты өндірілген өнім шамасын жұмыс уақытына бөлу арқылы анықталады.

**Өспелі балама шығындар заңы** – өнім өндірісін ұлғайтқан сайын сол өнімнің әрбір жаңа бірлігін өндіруге кететін балама шығындардың және шекті шығындардың өсіп отыру үрдісі.

**Өте икемді сұраныс** – тауар бағасының өзгеруін талап етпейтін сұраныс көлемінің өзгеруі; тұтынушылардың нарықта өзгермейтін бағамен тауар көлемін сатып алуға деген дайындығын сипаттайтын жағдай.

**Өте икемді ұсыныс** – тауар бағасының өзгеруін талап етпейтін ұсыныс көлемінің өзгеруі; тұтынушылардың өзгермейтін бағамен сатып алғысы тауар көлемін сатушылардың сатуға деген дайындығын сипаттайтын жағдай.

**Өте икемсіз сұраныс** – тауар бағасының өзгеруі сұраныс көлемінің өзгеруіне алып келмейтін жағдай; кез-келген бағаларда сұраныс көлемінің тұрақты болып қалуы.

**Өте икемсіз ұсыныс** – тауар бағасының өзгеруі ұсыныс көлемінің өзгеруіне алып келмейтін жағдай; кез-келген бағаларда ұсыныс көлемінің тұрақты болып қалуы.

**Өтімділік** – ақшаның немесе тауардың өзінің сатып алушылық қабілетін жоғалтпай басқа бір ақшаның немесе активтің түріне жылдам, әрі оңай айнала алуы.

**Пайда** – табыстар мен шығындар арасындағы айырма; кәсіпкерлік қабілеттіліктерін экономикаға ұсынатындардың алатын таза табыстары.

**Пайдалылық** – тауарлардың немесе қызметтердің бір немесе бірнеше қажеттіліктерді қанағаттандыра алу қабілеті.

**Пайыз мөлшерлемесі** – ақшаны немесе капиталды пайдаланудың бағасы.

**Позитивтік экономика** – нақты деректер мен фактілерге негізделген экономиканың дәл қазіргі жай-күйі.

**Рейганомика** – ұсынысқа баса назар аударатын, инфляция мен жұмыссыздықты, яғни стагфляцияны төмендетуге бағытталған Рейган әкімшілігінің саясаты.

**Ренталық табыс** – экономиканы жер ресурстарымен қамтамасыз ететін тұлғалардың алатын табыстары.

**Ресурстар нарығы** – үй шаруашылықтары ресурстарды сататын және фирмалар сол ресурстарды сатып алатын нарық.

**Ресурстардың шектеулілігі** – адамдардың шексіз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жер, капитал, еңбек және кәсіпкерлік қабілет сияқты факторлардың жетіспеушілігі.

**Сала** – ұқсас тауарларды өндірумен айналысатын фирмалар тобы.

**Салық** – үй шаруашылықтары мен фирмалардың үкіметке заңдық тәртіппен төлейтін міндетті төлемдері.

**Салыстырмалы артықшылықтар** – қандай да бір тауарды өндіруде басқа өндірушіге қарағанда салыстырмалы түрде ең аз шығын жұмсау принципі.

**Сатып алушылық қабілетінің паритеті** – ұлттық валюталардың айырбас бағамдары олардың сатып алушылық қабілетіне тең болатынын сипаттайтын ереже; кез-келген екі валютаның айырбас бағамдарының нақты екі елдегі бағалар деңгейінің айырмашылықтарын көрсетуі.

**Саяси іскерлік цикл** – сайлау науқаны кезінде салықтарды төмендету және мемлекеттік шығындарды арттыру жолымен және сайлау аяқталғаннан кейін салықтарды көтеру мен мемлекеттік шығындарды қысқарту арқылы үкіметтің экономиканы тұрақсыздандыруға деген бейімділігі.

**Соңғы өнімдер** – белгілі бір жыл аралығында қайта сату, қайта өңдеу үшін емес, соңғы пайдалану үшін сатып алынған тауарлар.

**Стагфляция** – елде өндірістің құлдырауымен және жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен ұласатын инфляция; бағалар деңгейі мен жұмыссыздық деңгейінің бір уақытта көтерілуі.

**Субвенция** (жәрдемқаржы) – мемлекеттің жергілікті билік органдарына беретін ақшалай жәрдемі, яғни ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық ұйымдардың бюджеттерін мақсатты түрде қаржыландыру үшін тегін берілетін мемлекеттік қаражаттың тіркелген көлемі.

**Субсидия** (көмекқаржы) – мемлекет жергілікті үкімет органдарына, заңды және жеке тұлғаларға немесе басқа мемлекеттерге мемлекеттік бюджет есебінен беретін көбінесе ақшалай нысандағы көмекқаржылары.

**Сұраныс** – сатып алушының белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір бағамен тауардың немесе қызметтің белгілі бір көлемін нарықта сатып ала алу қабілеті; төлем қабілеттілігі бар қажеттілік.

**Сұраныс заңы** – тауардың бағасы мен оның сатып алу көлемі арасындағы кері байланысты сипаттайтын нарықтық ұстаным.

**Сұраныс қисығы** – сатып алушының белгілі бір уақыт аралығында әртүрлі бағамен тауардың немесе қызметтің қандай да бір көлемін сатып алуға деген дайындығын көрсететін қисық сызық.

**Сұраныс инфляциясы** – жиынтық сұраныстың өсуімен байланысты туындайтын инфляция.

**Сұраныс көлемі** – сатып алушының белгілі бір уақыт мезетінде белгілі бағамен сатып алғысы келетін тауарларының немесе қызметтерінің жалпы шамасы.

**Сұраныстың бағалық икемділігі** – тауарға сұраныстың пайыздық өзгеруінің оның бағасының пайыздық өзгеруіне қатынасы; тауар бағасының өзгеруіне сұраныс көлемінің өзгеру реакциясы.

**Сұраныстың қиылысқан икемділігі** – бір тауарға сұраныстың пайыздық өзгеруінің екінші бір тауар бағасының пайыздық өзгеруіне қатынасын білдіретін коэффициент. Коэффициенттің оң мәнді болуы тауарлардың өзара алмастырушылар, ал теріс мәнді болуы тауарлардың өзара толықтырушылар екендігін көрсетеді.

**Сұраныстың табыс бойынша икемділігі** – табыс көлемінің пайыздық өзгеруінің тауар бағасының пайыздық өзгеруіне қатынасы.

**Сыртқы қарыз** – мемлекеттің шетел азаматтарына, фирмаларына және мекемелеріне деген борышы.

**Сэй заңы** – тауарлар мен қызметтер өндірісі (жиынтық ұсыныс) соларға тең жиынтық сұранысты тудырып отырады деген макроэкономикалық қағида (шешімін таппаған теория).

**Табыстардың теңсіздігі** – елде өндірілген жиынтық табыстың жекелеген тұлғалар мен жанұяларға тең бөлінбеуі.

**Таза бәсеке** – стандартты тауарлар сататын фирмалар санының көп болуы, салаға еркін кіріп одан шыға алу мүмкіндіктерінің болуы, жеке сатушының сатылатын тауарының бағасына бақылау жасай алмауы, бағалық емес бәсекенің болмауы, сатып алушылар санының көп болуы сияқты шарттары орындалатын нарықтың жағдайы.

**Таза монополия** – фирманың жақын алмастырушысы жоқ ерекше тауарды сатуы, салаға кіру мүмкіндігі жоқтығы, сатылатын өнімінің бағасына толықтай бақылау жасай алуы сияқты шарттар орындалатын нарықтың жағдайы.

**Таза ішкі өнім** – жалпы ішкі өнім мен амортизациялық аударымдар арасындағы айырма.

**Таза экспорт** – экспорт пен импорттың айырмасы.

**Тарифтік емес тосқауылдар** – мемлекеттің елдер арасындағы сауда түрлеріне шек қоюды енгізетін кедергілері: импорттық квоталар, лицензиялар, стандарттар, еркін экспорттық шектеулер, т.б.

**Тапшылық** – берілген бағалар (тепе-теңдік бағадан төмен) кезінде өнімге деген сұраныс көлемінің оның ұсыныс көлемінен артып кетуін білдіретін шама.

**Тауарлар нарығы** – фирмалар өндірілген өнімдерін сататын және үй шаруашылықтары сол өнімдерді сатып алатын нарық.

**Тепе-теңдік баға** – бәсекелес нарықтарда сұраныс көлемі мен ұсыныс көлемін теңестіретін баға.

**Тепе-теңдік көлем** – бәсекелес нарықтарда тепе-теңдік баға кезіндегі сұраныс пен ұсыныс көлемі.

**Технология** – тауарлар мен қызметтер өндірісі үшін қолдануға болатын білімдер мен тәжірибелер жиынтығы.

**Толық жұмысбастылық** – тауарлар мен қызметтер өндірісі үшін қажетті барлық жарамды ресурстарды қолдану; циклдік жұмыссыздық нөлге тең болып, нақты жалпы ішкі өнім өзінің әлеуетті деңгейіне тең болғанда және жұмыссыздықтың табиғи деңгейі ғана сақталатын кездегі жұмысбастылықтың деңгейі.

**Толық емес жұмысбастылық** – экономиканың қолданылатын ресурстар арқылы тауарлар мен қызметтердің максималды көлемін өндіре алмауы.

**Төлем балансы** – белгілі бір уақыт аралығында шетелдік мемлекеттерге төленген жалпы төлемдер мен шетелдік мемлекеттерден алынған жалпы төлемдер арасындағы айырма.

**Төлем балансының тапшылығы** – ағымдық операциялар балансы мен капитал қозғалысы балансының теріс сальдосы.

**Тігінен бірігу** – дайын өнім өндірісінің әртүрлі сатыларын жүзеге асыра-тын бір фирманың меншігі болып табылатын кәсіпорындар тобы.

**Тігінен қосылу** – дайын өнімнің әртүрлі сатыларын жүзеге асыратын екі немесе одан да көп фирмалардың біртұтас фирма болып толығыуы.

**Тік кесінді** – толық жұмысбастылық жағдайында өндіріс көлемінің толық өндірілуін сипаттайтын жиынтық ұсыныс қисығының тік сегменті.

**Туынды сұраныс** – дайын игіліктердің сұранысына тәуелді болып табылатын ресурстарға деген сұраныс.

**Тұрақты шығындар** – фирманың өндіретін өнім көлеміне тәуелді болмайтын шығындар.

**Тұтынуға деген орташа бейімділік** – салықтарды төлеп болғаннан кейінгі үй шаруашылықтарының тұтыну тауарлары мен қызметтерін сатып алуға жұмсайтын табыстарының бір бөлігі; тұтыну шығындарының қолда бар табысқа қатынасы.

**Тұтынуға деген шекті бейімділік** – қолда бар табыстың кез-келген өзгеруіндегі тұтыну тауарларына кететін шығындардың үлесі; қолда бар табыс өзгерісінің тұтыну шығындарының өзгерісіне қатынасы.

**Тұтынушылық бағалар индексі** – тұтынушының статистикалық орташа есеппен сатып алатын құрамына 300-ден астам тұтыну тауарлары кіретін «тұтыну қоржынының» бағалар деңгейін өлшеу үшін қолданылатын индекс.

**Тұтынушының егемендігі** – шектеулі ресурстармен өндірілетін тауарлар мен қызметтердің түрлеріне тұтынушының еркін таңдауының болуы.

**Ұзақ мерзімді тренд** – көптеген жылдар аралығында экономикалық белсенділік деңгейінің көтеріліп немесе төмендеп отыруы.

**Ұлттық табыс** – ресурстардың жалпы ішкі өнім өндірісіне қосқан үлесі үшін сол ресурс иелерінің жалақы, пайыз, рента және пайда түрінде алатын жиынтық табыстары.

**Ұсыныс** – сатушының белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір бағамен тауардың немесе қызметтің белгілі бір көлемін нарықта сатуға деген дайындығы және сата алу қабілеті.

**Ұсыныс заңы** – тауардың бағасы мен оның сатылу көлемі арасындағы тура байланысты сипаттайтын нарықтық ұстаным.

**Ұсыныс қисығы** – сатушының белгілі бір уақыт аралығында әртүрлі бағамен тауардың немесе қызметтің қанша көлемін сата алатындығын көрсететін қисық сызық.

**Ұсыныс инфляциясы** – жалақының көтерілуі мен шикізат бағаларының өсуі салдарынан өндірістің нақты көлемі мен жұмысбастылықтың қысқаруына байланысты жиынтық ұсыныстың төмендеуі нәтижесінде туындайтын инфляция.

**Ұсыныс көлемі** – сатушының белгілі бір уақыт мезетінде белгілі бір бағамен сатуға ұсынатын тауарларының немесе қызметтерінің жалпы шамасы.

**Ұсыныс экономикасы теориясы** – инфляция мен жұмыссыздық мәселесін шешуде «шығындар» және «жиынтық ұсыныс» ұғымдарына көбірек көңіл бөлетін қазіргі макроэкономикалық теорияның бір бөлімі.

**Ұсыныстың бағалық икемділігі** – тауар ұсынысының пайыздық өзгеруінің оның бағасының пайыздық өзгеруіне қатынасы; тауар бағасының өзгеруіне ұсыныс көлемінің өзгеру реакциясы.

**Үй шаруашылығы** – экономиканы қажетті ресурстармен жабдықтайтын және сол үшін ақша алып өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тауарлар мен қызметтерді сатып алатын бір немесе одан да көп тұлғалардан тұратын экономикалық бірлік.

**Үкіметтің трансферттік төлемдері** – үкіметтің біржақты жұмсайтын ақшалай көмек шығындары.

**«Үлкен сегіздік»** – экономикалық мәселелерді шешу және экономикалық саясатты үйлестіруге талпыныстар жасау үшін басшылары үнемі бас қосып отыратын өнеркәсібі дамыған елдер (АҚШ, Жапония, Алмания, Ұлыбритания, Франция, Италия, Канада және Ресей) тобы.

**Ішкі қарыз** – мемлекеттің өз елі ішіндегі азаматтарына, фирмаларына және мекемелеріне деген борышы.

**Филлипс қисығы** – жұмыссыздық деңгейі мен бағалар деңгейінің өсуінің жылдық қарқыны (инфляция) арасындағы байланысты сипаттайтын қисық сызық.

**Фискалдық саясат** (бюджет-салық) – толық жұмысбастылықты және инфляциясыз ұлттық өнім өндірісін қамтамасыз етуге

бағытталған үкіметтің мемлекеттік шығындар мен салық салу тәртібіне заңдық тұрғыдан саналы түрде өзгерістер енгізу шаралары.

**Фрикциондық жұмыссыздық** – жұмысшылардың бір жұмыс орнынан екінші бір жұмыс орнына еркін ауысуынан орын алатын қысқа мерзімді жұмыссыздық.

**Халықаралық алтын стандарт** – XIX-ғасыр мен XX-ғасырдың басы аралығында орын алған халықаралық валюталық жүйе, бұл жүйеге сәйкес әрбір ел өздерінің ақша бірліктерінің құнын алтынның белгілі бір шамасымен өлшеп отырды, өздерінің алтын қоры мен айналымдағы ақша массасының тұрақты арақатынасын қолдап отырды және алтынды еркін түрде сырттан әкелуге және оны сыртқа шығаруды қолдады.

**Халықаралық валюта қоры** – төлем балансының уақытша тапшылығын көріп отырған елдерге шетел валютасымен қарыз беру үшін және валюта бағамдарын қолдау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін екінші дүние-жүзілік соғыстан кейін құрылған мемлекеттердің халықаралық ассоциациясы.

**Циклдік жұмыссыздық** – жиынтық сұраныстың және шығындардың жеткіліксіздігінен экономикалық дағдарыс жағдайында адамдардың барлық мамандық түрлері бойынша жаппай жұмыссыз қалуы.

**Шекті өнім** – ресурстың келесі бір бірлігін (басқа барлық ресурстардың көлемі тұрақты болғанда) қолдану кезінде өндірілген қосымша өнім; жалпы өнім көлемінің өзгеруінің қолданылатын ресурс көлемінің өзгеруіне қатынасы.

**Шекті пайдалылықтың төмендеу заңы** – тұтынушының тауарлар мен қызметтерді тұтынуы барысында әрбір қосымша тұтынылатын тауар немесе қызметтің шекті пайдалылығының төмендей беруі.

**Шекті пайдалылық** – тұтынушының тауардың келесі бір бірлігін тұтынудан алатын қосымша пайдалылығы; жалпы пайдалылық өзгерісінің тұтынылатын өнім көлемінің өзгерісіне қатынасы.

**Шекті табыс** – фирманың өнімнің қосымша бір бірлігін сату нәтижесінде жалпы табыс көлемінің өзгеруі; жалпы табыстың өзгеруінің сатылатын өнім көлемінің өзгерісіне қатынасы.

**Шекті шығын** – өнімнің келесі бір бірлігін өндіруге кететін қосымша шығындар; жалпы шығындар немесе өзгермелі шығындар өзгерісінің өнім көлемінің өзгерісіне қатынасы.

**Ынталандырушы фискалдық саясат** – мемлекеттік шығындарды арт-тыру және салықтарды қысқарту есебінен үкіметтің жиынтық



сұранысты көтеруге және экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталған саналы іс-шаралары.

**Экономикадан «жылыстау»** - «табыстар-шығындар» ағынынан немесе экономикалық айналымнан жинақтар, салықтар және импорт түріндегі қаржылардың кетуі.

**Экономикаға «қуат беру»** – «табыстар-шығындар» ағынына немесе экономикалық айналымға инвестициялар, мемлекеттік шығындар, экспорт түрінде құйылатын қосымша қаржылар.

**Экономикалық интеграция** – елдер арасындағы сауда тосқауылдарын жою, жалпыға ортақ үлкен нарықты құру үшін әлемнің әртүрлі елдерінің ұлттық шаруашылықтарының бірігуі және ынтымақтас-тығы.

**Экономикалық өсу** – нақты жалпы ішкі өнім көлемінің сан жағынан көбеюі мен сапалық жетілдірілуі немесе өндірілген нақты өнім көлемінің жан басына шаққанда өсуі; экономикада қолданылатын өндіріс факторларын ұлғайтудың және техника мен технологияны жетілдірудің нәтижесінде өндірістік қуаттылықтың артуы.

**Экономикалық пайда** – фирманың жалпы табыстары мен экономикалық шығындары арасындағы айырма; «таза пайда» және «үстеме пайда» ұғымдарының синонимдері.

**Экономикалық рента** – ұсынысы тұрақты және абсолютті икемсіз болып табылатын жерді және басқа да табиғи ресурстарды қолдан-ғаны үшін төленетін баға.

**Экономикалық саясат** – экономикада қажетті нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етіп қоятын және жағымсыз құбылыстардың орын алуын болдырмауға қатысты саясатты қалыптастыру.

**Экономикалық талдау** – экономикалық ақиқаттылықтың нақты деректерінен экономикалық заңдылықтарды анықтау.

**Экономикалық тиімділік** – ресурстардың ең аз шығынымен тауарлар мен қызметтер өндірісінің ең үлкен көлеміне қол жеткізу; өнім өндіру барысында алынатын нәтижелердің сол өнімді өндіруге кететін шығындарға қатынасы.

**Экономикалық цикл** (іскерлік ауытқымалы кезең) – экономика-лық белсенділіктің көтерілуінің және төмендеуінің бірқатар жылдар бойы қайталанып отыруы.

**Экономикалық шығындар** – айқын және айқын емес шығын-дардың, қалыпты пайданың қосындысы.

**Экономикалық теория** (экономикс) – қоғамның шексіз материал-дық қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыру мақсатында

шектеулі экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануды зерттейтін қоғамдық ғылым.

**Экономиканың іргелі сұрақтары** – не өндіру керек, қалай өндіру керек, кім үшін өндіру керек сияқты кез келген экономикалық жүйенің шешуі тиіс негізгі экономикалық мәселелері.

**Экспорт** – ел ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтерді басқа елдердің жекелеген индивидтерінің, фирмаларының және үкіметтерінің сатып алу шығындары.

## МАЗМҰНЫ

### 1-тақырып

<b>Қазіргі экономикалық теорияның пәні және әдісі</b> .....	5
1.1. Экономикалық теорияның зерттеу пәні мен әдістері .....	5
1.2. Экономикалық заңдар және экономикалық категориялар .....	10
1.3. Экономикалық теорияның қалыптасуы мен тарихи даму кезеңдері ...	11
1.4. Экономикалық теорияның құрылымы және атқаратын қызметтері ....	18
Әдебиеттер тізімі.....	20
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	22
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	22
Студенттің өзіндік жұмыстары .....	23

### 2-тақырып

<b>Экономиканы ұйымдастырудың жалпы негіздері</b> .....	32
2.1. Қоғамдық өндіріс, оның қазіргі экономикалық жүйедегі орны мен рөлі .....	32
2.2. Негізгі экономикалық түсініктер: қажеттіліктер, ресурстар, игіліктер. Маслоу пирамидасы .....	35
2.3. Шектеулілік және экономикалық таңдау мәселесі. Үнемділік .....	38
2.4. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы және оның экономикалық мәні .....	39
Әдебиеттер тізімі.....	41
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	42
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	42
Студенттің өзіндік жұмыстары .....	43

### 3-тақырып

<b>Экономикалық жүйелердің типтері. Меншік қатынастары</b> .....	51
3.1. Экономикалық жүйелердің мәні, әртүрлі жіктелу өлшемдері, түрлері және ұйымдастыру үлгілері .....	51
3.2. Меншіктің мәні мен мазмұны, түрлері мен нысандары, объектілері мен субъектілері .....	53
3.3. Қазақстандағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағыттары.....	56
Әдебиеттер тізімі.....	59
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	60
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	60
Студенттің өзіндік жұмыстары .....	61

### 4-тақырып

<b>Нарықтық шаруашылықтың қалыптасу алғышарттары.</b>	
<b>Тауар-ақша қатынастары</b> .....	68
4.1. Нарықтық шаруашылықтың негізгі белгілері. Натуралды және тауарлы шаруашылық .....	68

4.2. Тауардың мәні, қасиеттері, формалары және әртүрлі теориялары .....	70
4.3. Ақшаның мәні, болу тарихы, түрлері, қызметтері және әртүрлі теориялары .....	71
Әдебиеттер тізімі.....	74
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	75
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	76
Студенттің өзіндік жұмыстары .....	76
<b>5 - тақырып</b>	
<b>Нарықтық механизм. Сұраныс пен ұсыныс теориялары .....</b>	<b>83</b>
5.1. Нарықтың мәні, негізгі элементтері және әртүрлі жіктелу өлшемдеріне байланысты түрлері .....	83
5.2. Нарықтың атқаратын қызметтері мен принциптері.....	85
5.3. Инфрақұрылым және нарықтық инфрақұрылым .....	86
5.4. Сұраныс пен ұсыныс: мәні, әсер ететін факторлары, заңдары, қисықтары. Нарықтық тепе-теңдік.....	87
5.5. Икемділік ұғымы. Сұраныс пен ұсыныс икемділігі .....	93
Әдебиеттер тізімі.....	97
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	98
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	98
Студенттің өзіндік жұмыстары .....	99
<b>6 - тақырып</b>	
<b>Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайындағы нарықтық құрылымдар және олардың қызметтері .....</b>	<b>107</b>
6.1. Нарықтық құрылымдар және олардың сипатты белгілері.....	107
6.2. Жетілген бәсеке және оның орындалу шарттары .....	108
6.3. Жетілмеген бәсекенің формалары: монополия, монополистік бәсеке, олигополия, т.б.....	109
6.4. Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайында баға мен өндіріс көлемін таңдау .....	115
6.5. Монополияға қарсы саясат.....	117
Әдебиеттер тізімі.....	119
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	121
Тәжірибе сабағының жоспары:.....	121
Студенттің өзіндік жұмыстары .....	121
<b>7 - тақырып</b>	
<b>Фирма теориясы. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру негіздері .....</b>	<b>130</b>
7.1. Фирма немесе кәсіпорын: мәні және теориялық бағыттары .....	130
7.2. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі формалары .....	132
7.3. Кәсіпкерлік капитал. Толық айналым және ауыспалы айналым. Инвестициялар .....	135
7.4. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы.....	140

Әдебиеттер тізімі.....	142
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	143
Тәжірибе сабағының жоспары:.....	143
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	144
<b>8 - тақырып</b>	
<b>Фирманың өндіріс шығындары мен табыстары .....</b>	<b>151</b>
8.1. Өндіріс шығындарының теориясы. Трансакциондық шығындар.....	151
8.2. Шығындардың түрлері. Фирманың шығындарын барынша азайту мәселесі.....	153
8.3. Фирманың табыстары және оның түрлері.....	156
8.4. Пайда туралы теориялық көзқарастар. Фирманың пайдасын барынша арттыру мәселесі .....	157
Әдебиеттер тізімі.....	160
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	161
Тәжірибе сабағының жоспары.....	161
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	162
<b>9 - тақырып</b>	
<b>Өндіріс факторларының нарықтары және факторлық табыстар ....</b>	<b>169</b>
9.1 Өндіріс факторларына деген сұраныс пен ұсыныс, оның ерекшеліктері.....	169
9.2. Еңбек нарығы және жалақы.....	170
9.3. Капитал нарығы және пайыз.....	175
9.4. Жер нарығы және рента.....	177
Әдебиеттер тізімі.....	180
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	182
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	182
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	182
<b>10 - тақырып</b>	
<b>Макроэкономика. Ұлттық экономика жүйе ретінде.....</b>	<b>191</b>
10.1. Макроэкономика (ұлттық экономика): анықтамасы, мақсаттары, құралдары, талдау ерекшеліктері.....	191
10.2. Ұлттық экономика деңгейіндегі табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы.....	193
10.3. Ұлттық шоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер және оларды есептеу әдістері .....	195
10.4 Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім. Бағалар индексі.....	198
Әдебиеттер тізімі .....	200
Өзін-өзі тексеру сұрақтары.....	201
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	202
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	202

11-тақырып	
<b>Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері</b> .....	211
11.1. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс .....	211
11.2. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері. ....	214
11.3. Тұтыну және жинақтау функциясы. Инвестициялар.....	216
11.4. Мультипликатор теориясы .....	219
Әдебиеттер тізімі .....	220
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	221
Тәжірибе сабағының жоспары:.....	221
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	222
12-тақырып	
<b>Экономиканың циклдік дамуы және экономикалық өсу</b> .....	231
12.1. Циклдік толқулардың мәні мен себептері, фазалары мен түрлері .....	231
12.2. Экономикалық өсу: түсінігі, түрлері, факторлары, негізгі үлгілері.....	238
Әдебиеттер тізімі .....	241
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	242
Тәжірибе сабағының жоспары:.....	243
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	243
13-тақырып	
<b>Жұмыссыздық пен инфляция мәселелері макроэкономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде</b> .....	252
13.1. Жұмыссыздық: мәні, пайда болу себептері, түрлері, зардаптары, оған қарсы күрес шаралары. Оукен заңы.....	252
13.2. Инфляция: мәні, пайда болу себептері, түрлері, әлеуметтік- экономикалық салдарлары. Филлипс қисық сызығы. Инфляцияға қарсы саясат.....	257
Әдебиеттер тізімі .....	263
Өзін-өзі тексеру сұрақтары .....	264
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	265
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	265
14-тақырып	
<b>Мемлекеттің қаржы және ақша-несие жүйесі. Әлеуметтік саясат</b> ....	274
14.1. Қаржы жүйесі және мемлекеттік бюджет құрылымы .....	274
14.2. Салықтардың экономикалық мәні, қызметтері, элементтері. Лаффер қисығы .....	279
14.3. Ақша жүйесінің элементтері және ақша агрегаттары .....	283
14.4. Несиенің мәні мен формалары. Қазақстандағы банк жүйесі .....	284
14.5. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Лоренц қисығы .....	289
Әдебиеттер тізімі .....	294

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.....	295
Тәжірибе сабағының жоспары: .....	296
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	296
<b>15-тақырып</b>	
<b>Халықаралық экономика. Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты.....</b>	<b>305</b>
15.1. Халықаралық сауда және оның негізгі теориялары.....	305
15.2. Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты.....	309
15.3. Төлем балансы және валюта бағамы.....	312
15.4. Қазақстанның әлемдік экономикадағы қазіргі орны мен рөлі.....	316
15.5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі .....	321
Әдебиеттер тізімі .....	323
Өзін-өзі тексеру сұрақтары.....	324
Тәжірибе сабағының жоспары.....	324
Студенттің өзіндік жұмыстары.....	325
<b>ГЛОССАРИЙ .....</b>	<b>333</b>

.....

**АМАНГЕЛДІ НӘЖМИДЕНҰЛЫ ДОҒАЛОВ  
НҰРЛАН СЕРІКҰЛЫ ДОСМАҒАНБЕТОВ**

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ**

*Оқулық*